



ЖАҚЫПОВ ОҚУЛАРЫ * ДЖАКУПОВСКИЕ ЧТЕНИЯ *
DZHAKUPOV READINGS

Профессор С.М. Жақыповты еске алу және
туғанына 75 жыл толуына арналған
«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМДЕГІ ПСИХОЛОГИЯ:
ТӘЖІРИБЕСІ, ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ, КЕЛЕШЕГІ»
атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции
«ПСИХОЛОГИЯ В КАЗАХСТАНЕ И МИРЕ:
ОПЫТ, ТЕНДЕНЦИИ, ПЕРСПЕКТИВЫ»,
посвященной памяти и 75-летию
со дня рождения профессора С.М. Джakupova

The International Scientific and Practical Conference
«PSYCHOLOGY IN KAZAKHSTAN AND THE WORLD:
EXPERIENCE, TRENDS, PROSPECTS»,
Dedicated to the Memory and 75th Anniversary
of the Birth of Professor S.M. Dzhakupov

ЖАҚЫПОВ ОҚУЛАРЫ * DZHAUKPOV READINGS *
ДЖАКУПОВСКИЕ ЧТЕНИЯ

Профессор С.М. Жақыповты еске алу және
туғанына 75 жыл толуына арналған
**«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМДЕГІ ПСИХОЛОГИЯ:
ТӘЖІРИБЕСІ, ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ, КЕЛЕШЕГІ»**
атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ
Международной научно-практической конференции
**«ПСИХОЛОГИЯ В КАЗАХСТАНЕ И МИРЕ:
ОПЫТ, ТЕНДЕНЦИИ, ПЕРСПЕКТИВЫ»**,
посвященной памяти и 75-летию
со дня рождения профессора С.М. Джакупова

The International Scientific and Practical Conference
**«PSYCHOLOGY IN KAZAKHSTAN AND THE WORLD:
EXPERIENCE, TRENDS, PROSPECTS»**,
Dedicated to the Memory and 75th Anniversary
of the Birth of Professor S.M. Dzhakupov

Бас редакторы:

Түймебаев Ж.Қ. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма төрағасы – Ректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор;

Төраға орынбасарлары:

Дүйсенов Е.Ә. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма төрағасының орынбасары – Бірінші проректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор;

Мейрбаев Б.Б. – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, философия және саясаттану факультетінің деканы, философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Мыңбаева А.К. – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, жалпы және қолданбалы психология кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

Ұйымдастыру алқасының мүшелері:

Осербаев Е.Н., Садвакасова З.М., Мадалиева З.Б., Бердібаева С.Қ., Тоқсанбаева Н.Қ., Жубаназарова Н.С., Кабакова М.П., Сейітнұр Ж., Баймолдина Л.О., Жолдасова М.К., Адилова Э.Т., Закарьянова Ш.Н., Лиясова А.А., Джакупов М.С.

Қ 18 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМДЕГІ ПСИХОЛОГИЯ: ТӘЖІРИБЕСІ, ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ, КЕЛЕШЕГІ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ. С.М. Джакупов оқулары – 2025: ПСИХОЛОГИЯ В КАЗАХСТАНЕ И МИРЕ: ОПЫТ, ТЕНДЕНЦИИ, ПЕРСПЕКТИВЫ материалы международной научно-практической конференции. Джакуповские чтения – 2025. – Алматы: Қазақ университеті, 2025. – 668 б.

ISBN 978-601-04-7228-0

Жинақта Қазақстандағы және әлемдегі психологияның дамуына қатысты өзекті мәселелер, Сатыбалды Мұқатайұлы Жақыповтың қосқан үлесі, психологиялық ғылымның дамуындағы ғалымның ғылыми мектептері қарастырылған. Жақыпов оқулары келесі секциялар бойынша жүрді: 1) Әлемдік және отандық психологияның даму тарихы мен үрдістері. Профессор С.М. Жақыповтың ғылыми ойлары мен психологиялық іс-әрекеті. 2) Әлеуметтік-психологиялық ғылымдағы жаңашылдықтар: тұрақты дамудың заманауи мәселелері, уақыт қиындықтары мен шешімдер. 3) Заманауи қатерлер алдындағы қолданбалы психология. 4) Заманауи психологиялық-педагогикалық ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер. Басылым психологтарға, оқытушыларға, білім беру саласындағы мамандарға және психология мен педагогиканың дамуындағы заманауи мәселелерге қызығушылық танытқан барлық адамдарға арналған.

В сборнике рассмотрены актуальные вопросы развития психологии в Казахстане и мире, вклад профессора Сатыбалды Мукатаевича Джакупова, его научные школы в развитие психологической науки. Джакуповские чтения проходили по секциям: 1) История и тенденции развития мировой и отечественной психологии. Научные идеи и психологическая деятельность профессора С.М. Джакупова; 2) Инновации в социально-психологической науке: современные вопросы устойчивого развития, вызовы времени и решения; 3) Практическая психология перед вызовами современности; 4) Современные психолого-педагогические научные исследования и разработки. Издание адресовано психологам, преподавателям, специалистам в области образования, и всем тем, кто интересуется современными проблемами развития психологии и педагогики.

ӘОЖ 159.9 (574)

КБЖ 88.3 (5Қаз)

ISBN 978-601-04-7228-0

Конференция материалдары авторлық редакциямен шығарылды.
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2025

АЛҒЫ СӨЗ

ПРИВЕТСТВЕННОЕ СЛОВО

Құрметті әріптестер! Уважаемые коллеги!

Приветствую участников Международной научно-практической конференции **«Психология в Казахстане и мире: опыт, тенденции и перспективы»**, посвященной памяти и 75-летию со дня рождения профессора Сатыбалды Мукатаевича Джакупова.

Сегодняшняя конференция посвящена изучению научного наследия видного ученого, психолога Казахстана, психолога-выпускника Московского государственного университета им. М. Ломоносова, бывшего заведующего кафедрой общей и этнической психологии Казахского национального университета – профессора Джакупова С.М.

Он прожил недолгую по нынешним меркам жизнь – 64 года (**С.М. Джакупов (1950-2014))**. Стал доктором психологических наук, профессором и заведующим кафедрой общей и этнической психологии КазНУ имени аль-Фараби; ранее занимал должность заведующего кафедрой психологии Карагандинского университета им. Е.Букетова; также был почетным профессором МГУ имени М.В. Ломоносова, академиком Национальной академии естественных наук РК, Почетным работником образования РК.

Сатыбалды Мукатаевич Джакупов - автор более 500 научных трудов, 40 учебников, учебных пособий и 3 монографий. Активно печатался в ведущих российских журналах «Вопросы психологии», «Экспериментальная психология», «Теоретическая и экспериментальная психология», журналах академических НИИ России.

В области психологии образования он разработал концептуальную модель – психологическую структуру процесса обучения как многоуровневую систему, для эффективности которой важно развитие совместно-диалогической познавательной деятельности учителя и учащихся, студентов и преподавателей. Помимо психологии образования и общей психологии, ученый внес вклад в развитие этнопсихологии и начальное становление социальной психологии в Казахстане.

Как говорил Абай: «Достойный трудится для человечества». Сатыбалды Мукатаевич Джакупов был ученым с активной личностной позицией. Он был истинным ученым, преданным науке. Внес вклад в развитие отечественной психологии, психологии стран СНГ, основал в Казахстане свою научную школу.

Джакупов С.М. основал научную школу по психологии Казахстана. Под его руководством защищено 58 кандидатских, 7 докторских диссертаций и 5 диссертаций PhD.

В 2002 г. в КазНУ им. аль-Фараби усилиями кафедры этнической и педагогической психологии создается впервые в истории Казахстана специализированный диссертационный совет по защите докторских диссертаций по психологии Д 14 А.02.32. Первым председателем этого диссовета становится профессор С.М. Джакупов, который два созыва подряд возглавлял его работу. За этот период работы диссовета было защищено 3 докторских диссертаций преподавателями КазНУ А.М. Ким, К.Б. Жарикбаевым и С.К. Бердибаевой и около 40 кандидатских диссертаций соискателями из разных уголков страны по специальности 19.00.01 – общая психология, психология личности, история психологии и этнопсихология и по специальности 19.00.07 – педагогическая психология. В номенклатуру специальностей по психологическим наукам, по ходатайству председателя единственного в Республике докторского совета по психологии, была введена, впервые в истории науки, новая специальность этнопсихология с присвоением шифра 19.00.01. В дальнейшем этот факт послужил одним из важнейших факторов возникновения на территории Казахстана, впервые в мире экспериментальной этнопсихологии.

Сатыбалды Мукатаевич Джакупов – был основателем и президентом Казахской ассоциации психологов.

Направления работы сегодняшней конференции:

1. С.М. Джакупов как методолог психологии образования в Казахстане. Психология образования в XXI веке: вызовы, тренды, решения.

2.§Цифровизация общества, искусственный интеллект и нейросети в психологии: новые горизонты и возможности исследований.

3.§Психическое здоровье и благополучие личности: современные вызовы и решения

4.§Психологические факторы и условия качественной подготовки кадров рабочих профессий и профессионального образования.

Приветствуем ученых из Казахстана, зарубежных стран: Германии, Нидерландов, Киргизии, Узбекистана, России, других стран.

Желаю участникам международной конференции хороших дискуссий, обмена опытом на благо процветания психологической науки, рождения новых идей и открытий в науке!

Дуйсенов Е.Э. –
заместитель председателя Правления –
Первый проректор КазНУим.аль-Фараби,
доктор юридических наук,
профессор

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС БАЯНДАМАЛАРЫ ДОКЛАДЫ ПЛЕНАРНОГО ЗАСЕДАНИЯ PLENARY SESSION REPORTS

АКАДЕМИК С.М. ЖАҚЫПОВТЫҢ ПСИХОЛОГИЯДАҒЫ ЖАҢАШЫЛ БАСТАМАЛАРЫ

Перленбетов М.А.

«Қазақ психологиялық қоғамының» Президенті
Алматы, Қазақстан

Мақалада проф. С.М.Жақыповтың Қазақстандағы психология ғылымы мен практикасының дамуына қосқан жаңашыл идеялары туралы және ол бастамалардың қазіргі кездегі маңыздылығы айтылады.

Түйін сөздер: Қазақстандағы психология ғылымы мен практикасы, проф. С.М.Жақыповтың жаңа идеялары.

В статье рассматривается вклад передовых идей проф. С.М.Джакупова в развитие Казахстанской психологической науки и практики и их важность в современном мире.

Ключевые слова: казахстанская психологическая наука и практика, новые идеи проф. С.М.Джакупова.

The contribution of the advanced ideas of professor S.M. Dzhakupov into development of Kazakhstani psychological science and practice and their importance in the modern world are considered in the article.

Keywords: Kazakhstani psychological science and practice, new ideas of professor. S. M. Dzhakupov.

Қазіргі таңда психология ғылымы адам өмірінің барлық саласына араласып, адамның іс-әрекетін, тұлғалық қасиеттерін анықтауда, тіпті аурудың себеп салдарын айқындауға қолданылатын ілім және адамның жан дүниесін түсінуге бағытталған негізгі дүниетанымдық құралға айналып отыр.

Қазақ этногензінде жантану туралы арнайы ілім болмағандықтан ол психология деп аталмады, бірақ қазақ халқының тылсым дүние мен тіршілік иелерінің, оның ішінде адамның жан дүниесін түсінуде өзіндік философиясы болғанын мойындауымыз керек.

Егемен, тәуелсіз Қазақ елі жағдайында қазір жалпы адамзаттық құндылықтарға қол жеткізіп, біртұтас мәдени жүйе қалыптастыру үшін өткен жолымызды, шыққан тегіміз бен биігімізді бағалай білуіміз қажет. Өйткені, өткенін бағалай білмейтін ел келешегін де болжай алмайды.

Ғылымның тарихын, соның ішінде психология ғылымының даму тарихын зерттеу осы міндеттер үдесінен шығады.

Қазақстанның психология ғылымы тарихында орны айырықша байқалып тұратын тұлғаларымыз бар. Соның бірі әрі бірегейі – профессор, психология ғылымдарының докторы Сатыбалды Мұқатайұлы Жақыпов (1950-2014). Қазақстандағы психология ғылымының дамуына зор үлес қосқан С.М. Жақыповтың ғылыми-психологиялық мұрасын және оның ғалым ретінде тұлғалық қалыптасуы мен дамуын зерттеуге арналған іргелі зерттеулер, ізденістер қолға алынып жатыр. Бүгінгі таңда С.М. Жақыповтың ғылыми мұрасы туралы бакалавр және магистрлік деңгейде жұмыстар жазылып жатыр.

Академик С.М.Жақыпов Қазақстандағы белгілі ғалымдардың басын біріктіре отырып психологияның дамуына ерекше, өзіндік серпін берді. Психологиялық терең білім, қазақи тәрбие, ілгері дүниетанымдық талант өзінің жемісін берді деуге болады. «Өзің психолог бола тұрып өзгенің жан дүниесін түсіне алмасаң, оның рухани, адами дамуына әсер ете алмасаң, онда алған білімнің қажеті қанша?». Сондықтан профессор С.М.Жақыпов өмірді осындай көзқараспен тани білді. Ресейлік және әлемдік психологиялық ілімдерден сусындай отырып, оны ұлы дала жан ілімімен біріктіре бойына сіңіре білді. Мұның өзі оның жан дүниесінің көпшіл және зерек екенін көрсететін қасиет.

Профессор С.М.Жақыповтың **жаңашыл бастамалары** өте көп және әлі де болса біз білмейтін жақтары да бар екенін мойындай отырып, негізгілеріне тоқталуды жөн көрдік.

Біріншіден, алғашқылардың бірі болып қазақ арасынан шыққан ғалымның Кеңес одағының астанасы Мәскеуде психологиядан кандидаттық және докторлық диссертация қорғағаны;

Екіншіден, отанына келе сала Қазақстанда бірнеше оқу орындарында психология кафедрасының меңгерушісі қызметін атқара отырып көптеген пәндерге жаңа типтік бағдарламалар даярлап, академиялық психологияның аяққа тік тұрып кетуіне ат салысуы;

Үшіншіден, заман талабына сай жаңа кафедралардың ашылуына ат салысты. Мысалы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де екі дербес «Этникалық және педагогикалық психология» мен «Жалпы психология» кафедралары ашылды. Қайнар университетінде «Жалпы және қолданбалы психология кафедрасы да профессордың басқаруымен ашылды.

Төртіншіден, ұлттық ғылыми кадрларды даярлаудағы бағасы жетпес еңбегі, бұл психология ғылымдарының кандидаты және докторлары ғылыми дәрежесін алу үшін қорғалатын психологиялық жаңа диссертациялық кеңесті ашуы және өзінің ғылыми мектебін қалыптастыруы;

Бесіншіден, Қазақстандағы психологтар қауымдастығын құруы және оны ұлттық деген дәрежеге көтеруі;

Алтыншыдан, Қазақстандық психологтар қауымдастығының Хабаршысы (Вестник НАПК) журналын шығарып, алғашқы психологиялық басылым ретінде таратылды;

Жетіншіден, психологтардың кәсіби шыңдалуына арналған біліктілікті жетілдіретін Қазақстандық психологиялық ИНТЕНСИВті алғашқы болып өткізді;

Сегізіншіден, Қазақстандағы «Психологтар күнін» белгілеп (25 желтоқсан) осы датаны шегелеп, жаңа дәстүрге айландырып кетті.

Қазақстандық жоғары білікті мамандары, ғалымдарды даярлау Батыстық жүйеге көшкенімен қазақстандық контент (мазмұн) назардан тыс қалмау керек екендігін профессор С.М.Жақыпов жақсы түсінді. Сондықтан қазақ тілінде психологиядан кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғауға мүмкіндік беретін **диссертациялық кеңес ашты**. Нәтижесінде ұлттық психология тарихында болмаған, ана тілімізде диссертациялар қорғала бастады. Психология саласында ғылым докторлары жетіспегендіктен көрші елдерден, әсіресе Өзбекстаннан көптеген ғалымдар диссертациялық кеңеске мүше болып, диссертациялар қорғала бастады. Нәтижесінде қазақ тілді психологиялық ғылыми орта қалыптасып профессордың ғылыми мектебі бой көтерді. [1].

С.М. Жақыпов өзінің ғылыми-педагогикалық қызметін 1977 ж. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде педагогика және психология кафедрасында оқытушылықтан бастады. Қазақстанның екінші университеті болған ҚарМУ-дің педагогика және психология кафедрасында Салкен Балаубаев, Теміртай Қамзабаев, Бахи Хамзин сияқты елімізге белгілі ғалымдар қызмет істеді. С.М. Жақыпов кафедраға жұмысқа келген кезде оның меңгерушісі Т.Қ. Қамзабаев (1929- 1984) болатын. Ол кездері аталмыш кафедра аймақтағы педагогикалық-психологиялық білім берудің ғылыми -әдістемелік орталығы еді. С.М. Жақыпов университет қабырғасында жүргенде әлеуметтік психология құбылыстардың негізінде жатқан психологиялық механизмдерді зерттеуге үлкен ден қойды.

1980 жылы С.М. Жақыпов Мәскеуге КСРО Педагогикалық ғылым академиясы жанындағы біліктілікті жетілдіру Институына жіберіледі. Онда Профессор О.К. Тихомировтың ғылыми жетекшілігімен «Бірлескен іс- әрекеттегі мақсаттың құрылуы» («Целеобразование в совместной деятельности») тақырыбы бойынша жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болады. 1985 жылы 18 қазанда аталмыш тақырыпта **психология ғылымы бойынша кандидаттық диссертация** қорғайды.

С.М. Жақыпов 1990 жылы сәуірде Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің биология факультеті құрамында ашылған «Жалпы психология» кафедрасына меңгерушісі болып тағайындалады. 1990-1993 жылдар аралығында осы кафедраның меңгерушісі қызметін табысты атқарады. Ол кездері кафедраның жұмысын жолға қою барысында ғалымды үлкен қиындықтар күтіп тұрды: арнайы білімі бар психолог мамандар, психология салалары бойынша оқулықтар, ғылыми әдебиеттер жоқтың қасы еді. Сол кездегі Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дің ректоры академик А.Б. Бегалиевтің қолдауымен «психология» мамандығы бірден екі тілде ашылды. Алматылық педагогтар мен психологтар психолог мамандығын қазақша даярлау мен оқыту жайлы мәселе де өзара келісе алмай айтысып-тартысып

жүргенде (әсіресе, сол кездегі Киров атындағы ҚазМУ-дің жалпы психология кафедрасы 1988-1991 жылдары орын алған жағдайлар) Қарағандыда С.М. Жақыпов бастаған ұжым тұңғыш рет қазақ тілінде психологтарды әзірлей бастайды. Мұның саяси-мәдени маңызы зор болды. Отаршылдық салдарынан ана тілінен айырыла бастаған қазақтар үшін өз тілінде сирек кездесетін мамандарды даярлау мүмкіндігінің пайда болуы ұлттың болашағына деген сенімді оятты.

С.М. Жақыпов 1994 жылы Алматы қаласына көшіп келеді. 1994-1997 жылдар аралығында ҚР ҰҚК институтының психология кафедрасында профессор болып жұмыс істейді. Ал 1997 жылы шілде айында Алматы қаласындағы қазіргі Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің «Теориялық және қолданбалы психология» кафедрасының меңгерушісі қызметіне алынады. Ол жерде 2000 жылға дейін жұмыс істеді.

Еліміздің психология ғылымының институционалдық дамуындағы маңызды бір оқиға 2000-жылы орын алды. Сол жылдың 22 ақпанында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің Ғылыми Кеңесі бұрынғы психология кафедрасын екі дербес кафедраға – «Этникалық және педагогикалық психология» кафедрасы мен «Жалпы психология» кафедрасына бөлу жөнінде қаулы қабылдайды. Сөйтіп университетте психология бойынша екі кафедра жұмыс істей бастады. 2000 жылдың 14 сәуір айында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің ректоры К. Нәрібаевтың №3-512 Бұйрығына сәйкес құрылған этникалық және педагогикалық психология кафедрасының меңгерушісі болып психология ғылымдарының докторы, профессор С.М. Жақыпов тағайындалады. Кафедраның меңгерушісі ретінде профессор С.М. Жақыповтың ұйымдастырушылық қабілеті мен ғылыми беделі этнопсихология және педагогикалық психология кафедрасын философия және саясаттану факультетінде жетекші орынға шығарды.

Сонымен, профессор С.М. Жақыпов он жылдан астам уақыт (2000-2011 жылдар аралығында) әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жалпы және этникалық психология кафедрасын басқарды. Ал 2011 жылдан бастап өмірінің соңына дейін (2 қаңтар, 2014) жалпы және этникалық психология кафедрасының профессоры болды.

Қазақстандық психолог ғалымдар арасынан, әсіресе, отандық және таяу шетелдік зерттеушілер тарапынан жиі сілтеме жасалынатын С.М. Жақыповтың екі іргелі ғылыми шығармасын ерекше айтып кетуге болады. Мысалға, ғалымдар жиі дәйексөз келтірілетін еңбектердің қатарына Жақыповтың **«Бірлескен іс-әрекеттегі мақсаттың құрылуы»** деп аталатын тақырыпта қорғалған психология ғылымы бойынша кандидаттық диссертациясы мен авторефератын және **«Оқыту процесінің психологиялық құрылымы»** атты докторлық диссертациясын жатқызуға болады. Бұл ізденістердің негізінде автордың бірқатар монографиялары жарық көрді: «Танымдық іс - әрекет психологиясы», «Оқыту процесінің психологиялық құрылымы». Дәйексөздер индексі жоғары боп келетін бұл жұмыстар С.М. Жақыповтың зерттеулерінің құндылығын, оның Қазақстаннан тыс жерлерде де мойындалғанын көрсетеді.

С.М. Жақыпов субъектілерінің қарым- қатынасы процесінде қалыптасатын **«мағыналық құрылымның жалпы қоры»** ұғымы эксперименттік түрде негізделді. Психологиялық шынайылық ретіндегі бірлескен іс-әрекет диаданың қарым- қатынас барысында жүзеге асатын мағына құрылуы ортақ мақсат пен ортақ мотивті қалыптастыратын болса ғана мүмкін болады. Іс-әрекеттің бірлескендігінің белгісі боп қатысушылардың ортақ мотивтерінің болуы саналады. Бұл мотив бірден пайда болмайды, қайта бірте- бірте қалыптасады. Сондай- ақ мағыналық құрылымдар мақсат құрылу процесінің сапалы өзгерістеріне әкелетіні, қалыптасатын мақсаттардың тиімділігін арттыратыны дәлелденді. Ортақ мағыналық құрылым өзара түсіністікке, команда құруға мүмкіндік береді. Түсінбеген не жансақ түсінілген жерде ойдағыдай нәтиже шықпайды.

Жалпы психология ғылымында мақсаттың құрылуы адам ойлауындағы маңызды процесс ретінде қарастырылады. Тұлға іс- әрекетіндегі жаңа мақсаттардың пайда болуын зерттеуде бірқатар механизмдер бар. Олардың кейбіреуін атап өтсек: *талаптың жеке дара мақсатқа айналуы, бар талаптарың біреуін таңдау, мотивтің саналы ұғынғанда мотив- мақсатқа айналуы*, әрекеттің жанама нәтижелерінің мақсатқа айналуы, санасыз алдын ала сезудің мақсатқа айналуы, аралық мақсаттардың болуы, мақсаттың иерерхиясы мен уақыттық дәйектілігі. Мақсат құрылудағы *эмоция мен мотивтердің рөлі*, нәтижеге жетуді бағалаудың әсерін бірлескен іс- әрекеттерде зерттеудің теориялық және практикалық маңызы үлкен.

М.В. Ломоносов атындағы МГУ -дің құрметті профессоры, психология ғылымдарының докторы С.М. Жақыповтың ғылыми жұршылыққа кеңінен танымал тағы бір еңбегі - **«Оқыту**

процесінің психологиялық құрылымы» атты монографиясы мен диссертациясы. Бұл зерттеу оқыту процесінің тиімділік проблемасына арналады. С.М. Жақыповтың пікірінше, оқыту процесінің тиімділігі көрсеткіші оқытушы мен оқушының арасында қалыптасатын бірлескен диалогтық танымдық іс-әрекет болмақ.

Профессор С.М. Жақыповтың «Оқыту процесінің психологиялық құрылымы» атты зерттеу еңбегінің өзектілігі оқыту процесінің тиімділігін психологиялық қамтамасыз етумен байланысты еді. Зерттеуші алғаш рет оқыту процесін көп деңгейлі психологиялық жүйе ретінде қарастырады. Оның тиімділігінің негізі оқытушы мен оқушының бірлескен диалогтық танымдық іс-әрекетінің қалыптасуы және дамуы боп табылады екен.

С.М. Жақыповтың докторлық диссертациясы мазмұны 2004 жылы Алматы қаласыдағы «Қазақ университеті» баспасында «Оқыту процесінің психологиялық құрылымы» деген атпен жарық көрді. Бұл кітап білім беру психологиясы саласындағы мамандар үшін өте қажетті құрал болды.

М.Жақыпов «Оқыту процесінде студенттердің танымдық іс-әрекетін басқару» деген келесі бір кітабында оқыту процесіндегі студенттердің танымдық іс -әрекетінің қалыптасуы мен дамуының психологиялық механизмдері ашып көрсетеді. Профессор С.М.Жақыпов бұл еңбегінде студент тұлғасының қалыптасу мәселесіне ерекше тоқталып, оны оқушының танымдық іс-әрекетімен ұштастыра көрсетті. Оқу үрдісінде оқытушыға да, оқушыға да «жеке адам» деп қарау міндетті түрде қажет.

Кітапта оқыту процесіндегі танымдық іс-әрекеттің тиімділігінің *элеуметтік- психологиялық шарттары мен тетіктері* зерттелінген. Оқыту процесінің тиімділігін анықтайтын факторлардың бірі оқытушы мен оқушының арасындағы бірлескен диалогтық танымдық іс-әрекет екендігі негізделеді. Сондай-ақ бұл жұмыста белсенді оқыту әдістерінің де мазмұны толық ашылады.

С.М. Жақыпов есімі алыс және жақын шетелдік ғылыми ортада бірлескен-диалогтық танымдық іс-әрекет концепциясының авторы, психолог- экспериментатор ретінде кеңінен танымал. Ол 2010 жылдан М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу университетінің құрметті профессоры атағына ие болды. С.М. Жақыпов ҚР білім саласында құрметті қызметкері. Ол 2007 ж. «ЖОО үздік оқытушысы» грантының иегері болды. С.М. Жақыпов 2008-2010 жж. ғылымдағы жетістіктері үшін мемлекеттік стипендияның иегері ретінде мойындалды.

С.М. Жақыпов 500-ден астам ғылыми еңбектің, соның ішінде 3 монография, 40 астам оқу және оқу әдістемелік құралдары мен оқулықтардың, 30 астам импакт-факторы бар ғылыми мақалалардың авторы. Ол кісінің жетекшілігімен 58-кандидаттық, 8 докторлық диссертациясы және 4 PhD диссертациясы қорғалды. Мұндай көрсеткішке жеткен психолог ғалым Қазақстан тарихында бұрын-сонды кездеспеген еді.

Қазақ психологы Сатыбалды Мұқатайұлы Жақыпов (1950-2014) Қазақстандағы психология ғылымының әр түрлі салалары дамуына елеулі үлес қосты деп санаймыз. С.М. Жақыповтың психологиялық мұралары оны жалпы психология, педагогикалық психология мен эксперименттік этнопсихология сияқты салаларға әдіснамалық және әдістемелік жаңалықтар енгізген автор ретінде сипаттауға негіз береді. С.М. Жақыпов Қазақстандағы психология ғылымының институционалдануы үшін де айтарлықтай еңбек сіңірді. Ол сондай-ақ қолданбалы психологияны елімізде кең қанат жаюына үлкен ықпал етті. С.М. Жақыпов ірі методолог- жүйелеуші, терең теорияшыл және практик - психолог, экспериментатор- ғалым. Ол отандық психологияның түрлі салалары бойынша көптеген еңбектердің авторы. Мәселен, С.М. Жақыпов - бірегей психологиялық концепцияның авторы, оны талдау және шынайы бағалау отандық психология тарихын толық сипаттауға, әзірлеуге өте қажет; оның психологиялық мұрасы отандық және әлемдік тарихи психологиялық білім қорына сөзсіз қосылуы тиіс.

С.М. Жақыповтың еліміздегі психология ғылымы үшін ерекше сіңірген тағы бір қызметі Қазақстан үшін жоғары білікті кадрлар даярлауға зор үлес қосқаны. Оның жетекшілігімен қорғаған психолог кадрлар қазір еліміздің әр түпкірінде жемісті қызмет етуде.

С.М. Жақыпов еліміздегі этнопсихология саласын эксперименттік деңгейге көтеруге өзіндік үлкен үлес қосты. Ол виртуалды тәуелсіз айнаымалыны қолдану негізінде этнопсихологиялық эксперименттің жаңа технологиясын жасап шығарды. Этнопсихологиялық құбылыстарды зерттеуде виртуалды моноэтностық топтарды эксперименттік-диагностикалық модельдеу әдісі эксперименттік психология мен сипаттаушы этнопсихологияны қарсы қойған вундттік

түсінікті жеңуге мүмкіндік берді. Этносаралық қарым- қатынаста көрінетін этностық жаңсақ наным ерекше мағыналық бөгеуілдің (барьер) нәтижесі екендігі эксперименттік түрде дәлелденді. С.М. Жақыпов эксперименттік этнопсихологияның ұғымдық қорына жаңа аталымды қосты. Ғылыми айналымға қазақша «этностық жансақ наным» деп аударылып жүрген орыс тіліндегі «этническое предубеждение» деген терминді енгізді. Бұл ұғым психологиялық мазмұны жағынан «құндылық бағдар» мен «этностық таптаурын» ұғымдары арқылы сипатталатын құбылыстар арасында жатыр [2].

С.М.Жақыпов еліміздегі іргелі академиялық психологияның дамуына ғана емес, сондай-ақ практикалық психологияның дамуына да өлшеусіз зор үлес қосты. Ол Қазақстандағы практикалық психологтардың кәсіби деңгейін шыңдап, жетілдіру үшін **Қазақстандық психологтар қауымдастығын** (ҚПА) құрды және алғашқы болып практикалық маңызы зор **«Психологиялық Интенсивтер»** өткізіп, осы үрдісті дәстүрге айналдырды.

2007 жылға дейін Қазақстан психологтарының Ұлттық ассоциациясы (ҚПҰА) болып аталып келген қоғамдық ұйымның алғашқы президенті ретінде үлкен жұмыстар атқарды. Қазақ психологтар қауымдастығының Астана, Шымкент, Ақтөбе, Тараз қалаларында бөлімшелері жұмыс істеді. Оның бес жүзден астам мүшелері болды.

Жалпы қазақ психологтар қауымдастығының негізгі мақсаты еліміздегі практикалық психологияны халықаралық деңгейге көтеру болатын. Ол үшін келесі міндеттері алдына қойды: халыққа білікті психологиялық және психотерапиялық көмек беру; әр түрлі әлеуметтік жобаларға психологиялық қолдау көрсету; мемлекеттік, қоғамдық, кәсіпкерлік, коммерциялық және т.б. құрылымдарға практикалық міндеттерді шешуде психологиялық факторларды тиімді қолдануға жәрдемдесу; мемлекеттік тапсырыстарды және әр түрлі психологиялық зерттеулерді орындау; психологтарды кәсіби оқыту, тренингтер, семинарлар мен дәрістер арқылы үйрету, мамандандыру; қазақстандық психологтардың озық тәжірибелерін кеңінен тарату, жинақтар, монографиялар шығару, баспагерлік қызметпен айналысу; әр түрлі институттар мен халықаралық психологиялық ұйымдармен ынтымақтастықта болу; Қазақстанда практикалық психология институтын құру; ұлттық ерекшеліктерді ескеретін психотерапия мен психотүзетудің қазақстандық үлгісін жасау.

Қазақ психологтар қауымдастығының дербес журналы болды: «ҚПҰА Хабаршысы» («Вестник НАПК») журналы. Оның бас редакторы профессор С.М. Жақыпов болды. Біз зерттеу барысында психология ғылымдарының докторы, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, «Жоғары оқу орнындарының үздік оқытушысы» номинациясының жеңімпазы, М.В. Ломоносов атындағы МГУ-дің құрметті профессоры, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жалпы және этникалық психология кафедрасының профессоры С.М. Жақыповтың еліміздің психология ғылымының дамуына өлшеусіз зор үлес қосқаны жайлы әңгіме қозғап жаңашыл идеяларына көз жүгірттік.

Ұстазымыз жайлы айтатын деректер өте көп болғандықтан, солардың жаңаша бастама ретінде басталып, ғылыми дәстүрге айналғандарына тоқталдық. «Егер тарихта қалғың келсе, дәстүр қалдыр» деген нақыл сөз аты мәңгі өшпейтін Сатыбалды ағайымыз туралы айтылғанына көзіміз жетіп отыр.

Әдебиеттер

1. Перленбетов М.Ә. С.М.Жақыпов идеяларының нейропсихологиялық аспектілері. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ның 90 жылдығына арналған «Отандық және әлемдік психологияның дамуы: тәжірибесі, үрдістері мен болашағы» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция МАТЕРИАЛДАРЫ. ЖАҚЫПОВ ОҚУЛАРЫ. Б. 34-38. Алматы қ. 2024.

2. Сейітнұр Ж.С., Журшыман Н.О. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында С.М.Жақыповтың (1940-2014) ғылыми мұрасын зерттеу. «Қазіргі этнопсихологияның даму тенденциялары: тарихы, жағдайы және болашағы» тақырыбындағы ҚазҰЖА академигі, пс.ғ.д., проф. С.М.Жақыповтың туған күніне орай ұйымдастырылған Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция МАТЕРИАЛДАРЫ. 15.05.2019. Б.14-18. Алматы қ.

3. Кабакова М.П. С.М. Джакупов и психологическая наука в Казахстане //Психология в школе, 2014. - № 4 (70). - С. 17-20.

С.М. ЖАҚЫПОВТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Токсанбаева Н.К., Сейітнұр Ж.С.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан

Мақалада Жақыпов Сатыбалды Мұқатайұлының Қазақстандағы психология ғылымына қосқан үлесі, еңбек жолы мен шәкірттері туралы баяндалады. Ғалымның психологиялық мұраларын зерттеу оның жалпы психология, педагогикалық психология мен эксперименттік, этнопсихология сияқты салаларға әдіснамалық және әдістемелік жаңалықтар енгізген автор ретінде сипаттауға негіз береді. С.М. Жақыпов Қазақстандағы психология ғылымының институционалдануы мен жоғары білікті психолог кадрларды даярлауда айтарлықтай еңбек сіңірді. Оның жетекшілігімен 58-кандидаттық, 7 докторлық диссертация және 4 PhD диссертациясы қорғалды.

Түйін сөздер: Ғалым, психология, тұлға, ғылым.

В статье раскрывается вклад Джакупова Сатыбалды Мукатаевича в психологическую науку Казахстана, о его творческом пути и его учениках. Изучение психологического наследия ученого дает основание характеризовать его как автора, внесшего методологические и методические новшества в такие области, как общая психология, педагогическая психология, экспериментальная психология, этнопсихология. С.М. Джакупов внес значительный вклад в институционализацию психологической науки в Казахстане и подготовку высококвалифицированных психологических кадров. Под его руководством защищено 58 кандидатских, 7 докторских и 4 PhD диссертации.

Ключевые слова: Ученый, психология, личность, наука.

The article tells about the contribution of Dzhakupov Satybaldy Mukataevich to the psychological science of Kazakhstan, his creative path and students. The study of the psychological heritage of the scientist gives grounds to characterize him as an author who introduced methodological and methodical innovations in such areas as general psychology, educational psychology, experimental psychology, ethnopsychology. S.M. Dzhakupov made a significant contribution to the institutionalization of psychological science in Kazakhstan and the training of highly qualified psychological personnel. Under his supervision, 58 candidates, 7 doctoral and 4 PhD dissertations were defended.

Key words: Scientist, psychology, personality, science.

Қазақ дүниетанымында «ғибратты ғұмыр» кешкен тұлға туралы сөз қозғағанда «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» дейді. Кеше ғана арамызда жайрандап, жарқылдап жүрген, бүгін көңіл төрінде азаматтық келбеті сақталған, жүрегімізде жылы жүзі мен ісі, сөзі жатталған, жанына жақын тартып, ағалық ақылын айтып шапағатын тигізген тұлғасы асқақ, мәдениеті биік ғалым, ұстаз, жайсан азамат, танымал психолог, психология ғылымдарының докторы, профессор Жақыпов Сатыбалды Мұқатайұлы бейнесі еске түседі. Ғылым жолын құған адамдардың өмірінде ұмытылмас із қалдыратын, бүкіл болмыс-бітімімен, кісілік келбетімен, ақыл - парасатымен өнеге тұтатын жандар көп. Ақыл, қайрат, жүрекке төрелік айтып, жөнге салатын ғылыммен айналысу ізгі ниетті, асыл мұратты, қажырлы қайратты қажет етері хақ. Тереңіне бойлаған сайын жаныңды нұrlандырып байыта түсер ғылымның берері де зор. “Дүние үлкен көл, замана соққан жел” уақыт парақтарын сусылдата жауып, жалынды, жалаулы жылдар жылыстап артта қалды. Өмір белестерінің сол бір көкжиегіне көз жүгіртсем сағым жылдар сағынышпен елестейді. Ғылым жолында ағай бізді нақтылыққа, ғылыми тұжырым, түйін жасауға, көпсөзділіктен аулақ болуға, зерттеген тақырыбыңды дендеп игеруге үйретті. Диссертациямыздың алғашқы тарауын жазып алып барғанымда құр сөздер мен болжам түрінде айтылған пікір, жорамалдарды сызып тастады. «Сенің зерттеп жүрген тақырыбыңды сеннен артық кім біледі, ғылыми пікірлерің, қорытынды тұжырымдарың дәлелді нақты болу керек, ғылымда «ақсақал айтты, шал айтты» деген болмайды» деді. Осы сөзді барлық шәкіртті естіген шығармыз.

Қандай да бір ғылым саласының қалыпты дамуы оның өткен тарихын зерттеуге қаншалықты көңіл бөлуіне байланысты болып келеді. Себебі, психология ғылымының қалыптасу және даму тарихын зерттеген кезде оның дамуына зор үлес қосқан жеке ғылымдардың еңбегінен тыс тарихты қарастыруға болмайды. Қазақстандағы психология тарихын зерттеуде есімі мен еңбегі еш даусыз мойындалған тұлғаның бірі - қазақ психологы Сатыбалды Мұқатайұлы Жақыпов (1950-2014). 1968 жылы мектепті бітірген соң, Алматы мақта-мата комбинатында жұмыс істеп жүргенде, әскери-теңіз флотына шақырылды. Осылайша, Қызыл ту орденді Қара теңіз флотында болды. 1972 жылдың жазында М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің дайындық бөліміне қабылдау емтиханын тапсырып, қарашада психология факультетінде әңгімелесуден өтіп, психология факультетінің бірінші курс студенттері атанды. 4 курста дипломды қорғау барасында “Әлеуметтік психологиялық тренингке бағытталған нәтижелерді қолданылатын әдіс ретінде” тақырыбы алынған, мұнда, М. Матюшкин мемлекеттік емтиханның төрағасы болған, зерттеуінде нәтижелерден тренингтің когнитивтік аспектісі қаралмағаны жайлы сұрақ қойылды. Профессордың оны түсінбегеніне қатты налыған. Сол кезде ол жұмысының ең басты мақсаты тренингтің практикалық мүмкіндіктерін ашып көрсету еді. Ғылыми жетекшісі аса беделді психолог Нина Николаевна Богомоллова болды. Біраз жылдар өткеннен кейін, осы ойды маңызын түсініп, когнитивті психологияны зерттеуге бет бұрды, және оны үлкен ғылымға алып келгенін ұқты. Сондықтан Сатыбалды Мұқатайұлы өзіне жақын тақырып ойлаудың психологиялық аспектісін тереңірек зерттеуге кірісті. Профессор О. К. Тихомировтың ғылыми зерттеулерін толық қарап шығып, ол кісінің жетекшілігімен психологиялық ойлаудан жаңа нәтижелер ғана емес, алғаш болып мағыналық оқуды зерттеудің тәжірибелік әдістерін талдады, 1992 жылы «Оқыту процесіндегі танымдық іс-әрекеттің құрылымы» монографиясы аяқталып, жарыққа шыға салысымен Мәскеуге кандидаттық диссертацияны қорғау үшін алты жылдан кейін барады. Одан кейін 1998 жылы «Психологическая структура процесса обучения» (Оқыту процесінің психологиялық құрылымы) атты докторлық диссертациясын қорғады.

Ғалым өз еңбек жолын Қарағандыда 1977 жылы мұғалім болып қызмет атқарудан бастады. Ол Қазақстандағы психология ғылымының бірнеше салаларының дамуына айтарлықтай үлес қосты. С.М. Жақыповтың психологиялық мұраларын зерттеу оның жалпы психология, педагогикалық психология мен эксперименттік психология және этнопсихология сияқты салаларға әдіснамалық және әдістемелік жаңалықтар енгізген автор ретінде сипаттауға негіз береді.

С.М. Жақыповтың ғылыми идеялары қазіргі психология үшін өзінің өзектілігі мен қажеттілігін жоғалтқан жоқ. Ғалымның өмір жолы, кәсіби қызметімен байланысты шығармашылық кезеңдері, тұлғаралық қарым- қатынастары, өзіндік тұлғалық ерекшеліктері, күллі психологиялық мұрасы біздің қазіргі зерттеу жұмысымызға арқау болып отыр. [1, 6 б.].

XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғ. басында Қазақстанда өмір сүрген бірегей, көрнекті ғалым С.М. Жақыповтың психологиялық мұрасы отандық психологияның маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Оның шығармалары еліміздің тарихи- психологиялық білімнің жалпы қорына қосылуы тиіс. Бүгінде С.М. Жақыповтың психологиялық идеялары, көзқарастары мен концепциялары ғалымдар тарапынан толыққанды зерттелінген жоқ. С.М. Жақыповтың шығармашылығына, мұраларына назар аударып арнайы зерттеу, біріншіден, ғалымның отандық психология тарихындағы орнын анықтауға және еліміздегі психология ғылымының қалыптасуы мен дамуына оның қосқан үлесін ашуға мүмкіндік береді; екіншіден, психология ғылымының ақпараттық қорын байытады, психика табиғатын жаңа тұрғыда түсінуге жол ашады, үшіншіден психологияның деректік базасын ұлғайтады, сөйтіп XX ғасырдың аяғы мен XXI ғ. басындағы отандық психология дамуының толық көрінісін жасауға мүмкіндік береді.

С.М. Жақыпов ғылыми өмірінің қарағандылық кезеңінде 65 ғылыми еңбек жазыпты, соның ішінде ең көлемділері: “Психология бойынша практикум. Әдістемелік құрал.” (1986), “Мектептегі психологиялық қызмет” (Н.К. Кажитаевамен бірлесіп, 1989) және 1992 жылы аяқталған докторлық диссертациясының монографиясы “Танымдық іс-әрекеттің психологиясы” атты еңбегі.

С.М. Жақыпов 1994 жылы Алматы қаласына көшіп келеді. 1994-1997 жылдар аралығында ҚР ҰҚК институтының психология кафедрасында профессор болып жұмыс істейді. Ал 1997 жылы шілде айында Алматы қаласындағы қазіргі Абай атындағы Қазақтың Ұлттық педагогикалық университетінің «теориялық және қолданбалы психология» кафедрасының меңгерушісі қызметіне алынады. Ол жерде 2000 жылға дейін жұмыс істеді.

Сол кездерде Қазақстанда психология саласында небәрі 2 ғылым докторы және он шақты ғылым кандидаттары болатын. Психология ғылымы саласында ғылыми зерттеу ісімен айналысқысы келетін жандар үшін ғылыми жетекшілік ететін адам табудың өзі мұң еді. Жоғары білікті психолог кадрларға деген тапшылық өте күшті білінді. Оның үстіне Қазақстанның психология ғылымы көп жылдар бойы лайықты көшбасшы болмауынан үлкен зардап шекті. Міне, осындай жағдайда С.М.Жақыповтың Алматыға ауысуы отандық психология ғылымы үшін үлкен жетістік болды.

С.М. Жақыпов 1999 жылы 12 қаңтарда елімізде докторлық кеңестің болмауы себепті, егемен Қазақстанның алғашқы өкілі ретінде көрші Ресейдің РБА Психология институтында «Оқыту процесінің психологиялық құрылымы» атты тақырыпта докторлық диссертациясын қорғайды [2]. Бұл жұмыс бір мезгілде екі мамандық : 19.00.01.- жалпы психология және 19.00.07. - педагогикалық психология бойынша қорғалды. Соның арқасында Қазақстанда психология ғылымы бойынша диссертациялық кеңестер ашуға мүмкіндік туды.

Еліміздің психология ғылымының институционалдық дамуындағы маңызды бір оқиға 2000-жылы орын алды. Сол жылдың 22 ақпанында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің Ғылыми Кеңесі бұрынғы психология кафедрасын екі дербес кафедраға – «этникалық және педагогикалық психология» кафедрасы мен «жалпы психология» кафедрасына бөлу жөнінде қаулы қабылдайды. Сөйтіп университетте психология бойынша екі кафедра жұмыс істей бастады. 2000 жылдың 14 сәуір айында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің ректоры К. Нәрібаевтың №3-512 Бұйрығына сәйкес құрылған этникалық және педагогикалық психология кафедрасының меңгерушісі болып психология ғылымдарының докторы, профессор С.М. Жақыпов тағайындалады. Кафедраның ашылу кезінде оның құрамында 12 оқытушы жұмыс істеген еді. Қысқа мерзім ішінде аталмыш кафедраның сандық әрі сапалық тұрғыда биік деңгейге шығуы персоналдық-тұлғалық факторларға байланысты екендігіне көз жеткізуге болады. Кафедраның меңгерушісі ретінде профессор С.М. Жақыповтың ұйымдастырушылық қабілеті мен ғылыми беделі этнопсихология және педагогикалық психология кафедрасын философия және саясаттану факультетінде жетекші орынға шығарды.

Ғалымның алматылық кезеңіндегі негізгі еңбектері қатарына «Оқыту процесіндегі студенттердің танымдық іс-әрекетін басқару» (2002), «Оқыту процесінің психологиялық құрылымы» монографиясы (2004), «Жалпы психологияға кіріспе» және «Білім беру жүйесінде қолданылатын психокоррекциялық жаттығулар» атты оқу құралдарын (2007) және «Психология» оқулығын жатқызуға болады. Университеттің студенттер мен магистранттар арасында әсіресе, профессор С.М. Жақыповтың алғашқы екі еңбегі кеңінен танымал. Бұл кітаптар оқу процесінде қолдан түспейтін оқулықтарға айналды. Жалпы бұл еңбектер тек университеттік студенттер ғана емес, сондай-ақ еліміздегі оқытушылар мен аспиранттар, ізденушілер үшін де құнды дүние. Аталмыш еңбектер олардың психологиялық ойлау жүйесін әдекайда биік деңгейге көтерді.

Жалпы этнопсихология проблемаларын ғылыми тұрғыда зерттеу тәуелсіздігін жаңадан алған мемлекеттер үшін өте өзекті әрі маңызды тақырып еді. Өйткені, отарлауға ұшыраған халықтарға тән ортақ тағдырды қазақтар да басынан кешірді. Кеңес империясы құрамындағы автохтон халық – қазақтардың этностенуінің күллі элементтері деформацияға ұшыраған еді. Ана тілін білмейтін қазақтар тобы пайда болды. Лингвистикалық сәйкестіліктің болмауы тұлғадағы мәдени-психологиялық айырмашылыққа әкелетіні байқалды («маргинал тұлға» мәселелері туындады). Тәуелсіздік алған соң ғана қазақтардың этностену процесі жүре бастады. Мұның өзі этнопсихологиялық зерттеулерге қатысты үлкен қоғамдық сұраныс тудырды. Кафедра сол сұраныстарды қанағаттандыруға тырысты.

Көрнекті ғалым С.М. Жақыпов еліміздегі этнопсихология саласын эксперименттік деңгейге көтеруге үлкен үлес қосты. Этносаралық қарым- қатынаста көрінетін этностық жаңсақ наным ерекше мағыналық бөгеуілдің (барьер) нәтижесі екендігі эксперименттік түрде дәлелденді. С.М. Жақыпов эксперименттік этнопсихологияның ұғымдық қорына жаңа аталымды қосты. Ғылыми айналымға қазақша «этностық жансақ наным» деп аударылып жүрген орыс тіліндегі «этническое предубеждение» деген терминді енгізді (біздің ойымызша, оны «этностық ілкі наным» деп аударған жөн сияқты). Бұл ұғым психологиялық мазмұны жағынан «құндылық бағдар» мен «этностық таптаурын» ұғымдары арқылы сипатталатын құбылыстардың арасында жатыр.

Педагогикалық психология саласында С.М. Жақыпов оқыту процесіне байланысты өзіндік психологиялық ерекшелігі бар концепция ұсынды. С.М. Жақыповтың пікірінше, оқыту

процесінің тиімділігі көрсеткіші оқытушы мен оқушының арасында қалыптасатын бірлескен диалогтық танымдық іс-әрекет болмақ. Ал оның дамуындағы жоғарғы деңгей қатысушы субъектілердің бірлескен ойлау іс-әрекетке жету болып табылады. Ұсынылып отырған оқыту процесін талдаудың тұжырымдамалық үлгісі бұрын белгілі болған технологиялардан экологиялық сәйкестілігі жағынан тиімді ерекшеленеді және оқытудың жаңа ақпараттық технологиясын жасауға мүмкіндік беріп отыр.

С.М. Жақыпов Қазақстандағы психология ғылымының институционалдануы мен жоғары білікті психолог кадрларды даярлауда айтарлықтай еңбек сіңірді. Оның жетекшілігімен 58-кандидаттық, 7 докторлық диссертация және 4 PhD диссертациясы қорғалды. Сондай-ақ, ғалым қолданбалы психологияны елімізде кең қанат жаюына үлкен ықпал етті. Ол отандық психологияның түрлі салалары бойынша көптеген еңбектің авторы (тек көлемді еңбектерінің ішінен 3 монография, 4 оқулық, 18 оқу құралы, отызға жуық оқу-әдістемелік құралдарын атап өтуге болады). С.М. Жақыповтың еңбектерінде психология ғылымының қазіргі өмірдің алдына қойған күрделі міндеттерін шешуге бағытталған жауаптар барын айтып кету керек, бұл оның ғылыми-психологиялық мұраларының өзектілігін көрсетеді.

Мақаланы қорыта келсек, психология ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасының ҰҒА академигі, «Жоғары оқу орнындарының үздік оқытушысы» номинациясының жеңімпазы, М.В. Ломоносов атындағы МГУ-дің құрметті профессоры, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жалпы және этникалық психология кафедрасының профессоры болған С.М. Жақыповтың еліміздегі психология ғылымының дамуына қосқан үлесі аса зор. Ғалым есімі мен тұлғасын оның замандас әріптестері мен шәкірттері, қол астында бірге қызмет еткен жандар ешқашан ұмытпақ емес.

Әдебиеттер

1. Ломов Б.Ф. Методологические и теоретические проблемы психологии. – М., 1984. – 444 с.
2. Джакупов Сатыбалды Мукатаевич. Психологическая структура процесса обучения: Дисс...доктора психологических наук.- М., 1998.- 356 с.

ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ СТИЛЬ И ДОМИНАНТНОСТЬ ПОЛУШАРИЙ МОЗГА

Кадыров Б.Р.

Ташкент қаласындағы М.В. Ломоносов атындағы
Мәскеу мемлекеттік университеті филиалы
Ташкент, Узбекистан

Термез қаласының (Өзбекстан) мектеп оқушыларымен жүргізілген зерттеуде Равен тапсырмаларын шешудің сәттілігі мен аналитикалық көрсеткіштері арасында байланыс анықталды.

Түйін сөздер: мектеп оқушыларының танымдық қабілеттері, ми, Равен тапсырмалары.

В исследовании со школьниками г.Термеза (Узбекистан) была выявлена зависимость между успешностью решения задач Равена и показателями аналитичности.

Ключевые слова: познавательные способности школьников, мозг, задачи Равена.

In a study with schoolchildren from Termez (Uzbekistan), a relationship was found between the success of solving Raven's problems and indicators of analytical skills.

Keywords: cognitive abilities of schoolchildren, brain, Raven's problems.

С именем И.П. Павлова справедливо связывают открытие учения о двух сигнальных системах у человека. Он пытался связать физиологические механизмы сигнальных систем с функционированием больших полушарий головного мозга.

В последние годы изучение физиологических механизмов сигнальных систем человека, их психологических проявлений поднялись на новый уровень. Это было достигнуто благодаря более современным электрофизиологическим, психологическим, клиническим исследованиям.

В настоящем экспериментальном исследовании была поставлена задача дальнейшего исследования дифференциально-психофизиологических механизмов одного из параметров сигнальных систем, а именно, аналитичности и синтетичности стилей познания у школьников-старшеклассников.

Известно, что взаимодействие сигнальных систем может выражаться в ряде устойчивых индивидуально-психологических качеств человека. В частности, параметр аналитичности-синтетичности является достаточно четким показателем индивидуальной характеристики особенностей сигнальных систем. Еще И.П.Павлов физиологически обосновал эти понятия в своих исследованиях, посвященных изучению высшей нервной деятельности. Рефлекторная отражательная деятельность в целом им понималась как аналитико-синтетическая деятельность мозга. Благодаря трудам советских ученых и в первую очередь С.Л.Рубинштейна (1947), эти понятия стали распространяться на все уровни процесса познания.

В последние годы анализ и синтез стали рассматривать как преобладающий стиль в познании. Например, Колга В.А. (1976) показал, что каждый из этих стилей имеет свой симптомокомплекс, проявляющийся в характере восприятия, в мышлении, в памяти и др. Американский исследователь Г.Уткин (G.Уitkin) отмечает, что аналитичность и синтетичность являются полюсами устойчивых проявлений индивида в процессе познания, между которыми находятся многочисленные промежуточные типы, не имеющие четкой границы. Только в крайних случаях можно говорить о преобладании аналитичности над синтетичностью или наоборот.

Для разрешения поставленной задачи мы использовали три методики:

1. Методика дихотического прослушивания (D.Kimura, 1961). Суть методики заключается в том, что испытуемому предлагается два разных стимула на каждое ухо одновременно. Предлагались слоги, слова через стереонаушники. Стимулы шли партиями по восемь слогов (по четыре на каждое ухо) с интервалом между партиями в 20 секунд. За этот срок испытуемый успевал записывать услышанные слова или слоги на специально подготовленный бланк. Всего было предложено 16 таких партий, включающих 128 слогов и слов. Для нейтрализации возможных внешних причин, влияющих на успешность восприятия и предпочтения испытуемым одного уха – вся эта процедура проводилась дважды со сменой наушников.

Результаты снимались простым подсчетом количества воспроизведенных слогов, предъявленным отдельно на правое и левое ухо. Другим вариантом подсчета результатов являлся выявление коэффициента правого уха по формуле:

Коэффициент правого уха: $K_{пу} = 100 \times \frac{п+л}{п-л}$, где «п» есть количество воспроизведенных слов, предъявленных в правое ухо, а «л» есть такой же показатель для левого уха. Выраженность этого показателя указывает на доминантность левого полушария по анализу вербальной информации.

2. Методика «классификация». Использован набор карточек с изображением 39 рисунков знакомых предметов обихода (стол, лампа, тетрадь и др.). Испытуемому предлагается разложить картинки на сколько угодно групп по каким-нибудь признакам. Данные многих авторов (Ю.Ф. Поляков, 1974) и наши прежние данные (1980) показали, что аналитическому стилю подхода свойственно деление карточек на более мелкие группы. В крайне выраженных случаях, синтетики, наоборот, создают большие группы с многочисленными предметами в каждой группе – т.е. демонстрируют высокую степень обобщенности представлений.

3. Методика Равена. Известно, что прогрессивные матрицы Равена ориентированы на выявление наглядного уровня мышления. Некоторыми исследователями было показано, что задачи Равена для своего успешного решения требуют преимущественно «образной логики» (Л.Л.Гурова, 1976).

В экспериментах участвовали 35 учеников одного 8 класса средней школы г. Термеза. Всего было снято 593 показателей. Полученные количественные данные обрабатывались по формуле t-Стьюдента и на компьютере по формуле Спирмена – вычислены коэффициенты ранговой корреляции.

Выявлена достоверная зависимость левополушарной доминантности с одним из показателей методики «классификация», а именно, с признаком равномерности при делении карточек на отдельные группы. Это говорит о том, что левополушарная доминантность предполагает мелкий и равномерный шаг, малый разброс. И, наоборот, ряд других значимых

В наиболее общей форме современный салютогенез – научное направление, фокусирующее внимание на изучении происхождения здоровья и ресурсов здоровья вместо изучения истоков болезней и факторов риска. Оригинальная салютогенная модель А. Антоновского начинается с социокультурного и исторического контекстов, включает различные источники обобщённых ресурсов сопротивления (GRR) и главные психосоциальные GRR, а завершается мерами публичного и частного здоровья, патогенами и «слабыми звеньями». Практическое применение модель А.Антоновского нашла, например, в разработке шкалы чувства связности (SOC), состоящей из 29 пунктов

и измеряющей три компонента чувства связности (постижимость, управляемость и осмысленность).

Ключевые слова: салютогенез, патогенез, континуум здоровье-болезнь, чувство связности.

In its most general form, modern salutogenesis is a scientific direction that focuses on studying the origins of health and health resources instead of studying the origins of diseases and risk factors. The original salutogenic model of A. Antonovsky begins with socio-cultural and historical contexts, includes various sources of generalized resistance resources (GRR) and the main psychosocial GRR, and ends with measures of public and private health, pathogens and "weak links". Practical application of A. Antonovsky's model has found, for example, in the development of the Sense of Coherence (SOC) scale, consisting of 29 items and measuring three components of the sense of coherence (comprehensibility, controllability and meaningfulness).

Keywords: salutogenesis, pathogenesis, health-disease continuum, sense of coherence.

Для понимания нового подхода Аарона Антоновского, а именно салютогенетического подхода в психологии, социологии и медицине, который позволил уйти от патогенетического подхода, обратимся сначала к биографии Антоновского, которая во многом является примером биографии человека, ученого, который сумел поставить положительный, ресурсно-ориентированный вопрос, в отличие от ранее задаваемых вопросов в медицине, психологии и социологии вопросов, ориентированных на выявление негативных причин тех или иных нарушений социального характера, физических и психических заболеваний.

За несколько лет до рождения отца салютогенеза, американско-израильского социолога Аарона Антоновского, его родители и старшая сестра сначала бежали из России, затем приехали в Канаду, успели съездить в Англию, вернулись назад в Канаду и в итоге осели в Бруклине, в Нью-Йорке, в США, где и появился на свет Аарон Антоновский. Семья жила в окружении бедных еврейских и итальянских эмигрантов. Отец Аарона, Исаак, владел прачечной, в которой трудилась вся семья, что и помогло им выжить в тяжелые годы Великой депрессии. Родители смогли отправить Аарона в престижную школу, а затем в Бруклинский колледж, из которого он был призван в армию в годы Второй мировой войны. В юности Аарон принимал активное участие в еврейском молодежном движении, где и познакомился с социалистической идеологией. После провозглашения государства Израиль в 1948 году, отправился туда в 26 лет и стал одним из основателей киббуца. Вернувшись в США, защитил докторскую диссертацию по социологии в Йельском университете и затем окончательно эмигрировал в Израиль в 1960 году.

Некоторое время Аарон работал в Израильском институте прикладных социальных исследований и департаменте медицинской социологии Еврейского университета в Иерусалиме, анализировал социальные различия в заболеваемости и смертности. В 1972 году стал одним из основателей медицинской школы в университете Бен Гуриона в Негеве и заведующим кафедрой Кунина-Луненфельда в департаменте медицинской социологии. В оставшиеся двадцать лет (Антоновский умер после непродолжительной болезни в Беэр-Шеве, Израиль) разработал теорию здоровья и болезни, названную им салютогенезом.

В 1970 году произошло событие, сыгравшее решающую, поворотную роль в научной жизни 47-летнего Антоновского. Он изучал адаптацию к климаксу у женщин различных этнических групп. Одна из групп состояла из женщин, родившихся в Центральной Европе между 1914 и 1923 годами, которым в 1939 году было от 16 до 25 лет. Среди прочего, их спросили, прошли ли они через концентрационный лагерь. Оказалось, что среди прошедших концентрационный лагерь эмоциональное и физическое здоровье сохранили 29% респондентов, в то время как для женщин, избежавших это испытание, процент был равен 51 (то есть почти в 2 раза выше) по I. Garber [1, с. 27].

В этом месте добросовестный исследователь (или, например, исследователь, работающий в рамках патогенетического подхода) проверил бы статистическую значимость полученного результата, зафиксировал бы его и пошёл дальше. А. Антоновский остановился на этом месте и задал положительный, ресурсно-ориентированный вопрос: «Почему люди находятся на положительном конце континуума здоровье/болезнь (ease/disease), или почему они стремятся к этому положительному концу, где бы они ни находились в данный момент?»

С годами этот подход превратился в мантру Антоновского «задай правильный вопрос», которой он обучал своих слушателей и сотрудников.

Новый подход заменил дискретную, бинарную, аристотелевскую модель «здоровье – болезнь» на континуальную, галилеевскую в терминологии Курта Левина и сместил внимание исследователей с механизма зарождения и развития болезни – патогенеза (от греч. πάθος – страдание, болезнь) на источники физического, душевного и духовного здоровья – салютогенез (от лат. salus, salutis – здоровье, исцеление), происхождение здоровья.

То есть А. Антоновски говорит о психологическом здоровье человека как о положении последнего в некоторой точке *континуума*, находящегося между психическим расстройством и психологическим благополучием. Это позволяет от вопроса о том, как бороться с тем или иным конкретным заболеванием, перейти к вопросу о факторах, благодаря которым человек, вне зависимости от того, в какой точке континуума он находится, движется к полюсу здоровья (см. рис. 1).



Рис. 1 – „Health Ease/Dis-ease“– Континуум (HEDE-Континуум)

При этом последний понимается не как отсутствие болезни, а как психологическое благополучие, в качестве характеристик которого автор называет работу осознаваемых стратегий совладания (копинга) вместо неосознаваемых защитных механизмов, способность к постоянному творческому приспособлению и росту, продуктивное использование эмоциональной энергии вместо ее растраты, чувство радости вместо чувства страдания, самоотдачу вместо нарциссизма, взаимодействие вместо эксплуатации других людей и др. [2].

Следовательно, поиск ответа на этот вопрос привёл А. Антоновски к изучению связи между стрессом, здоровьем и благополучием. Вначале он ввёл понятие обобщённых ресурсов сопротивления (generalized resistance resources, GRR). Ими могут выступать деньги, сила «Я», социальная поддержка и т.д. Позднее, однако, он выделил единственный фактор, объединяющий все GRR и объясняющий феноменологию – sense of coherence (чувство согласованности, связности, когерентности).

Авторское определение гласит, что это глобальная ориентация, выражающая степень, в которой человек имеет всепроникающее, устойчивое, хотя и динамичное, чувство уверенности в том, что его внутренняя и внешняя среда предсказуемы и что существует высокая вероятность того, что всё будет происходить так, как можно разумно предположить. В оформлении новых идей решающую роль сыграл sabbatical («субботний» год, предоставленный для научной работы в университете Беркли) в 1977 и 1978 годах [1].

Говоря более подробно, чувство связности А. Антоновски определяет как «общую ориентацию личности, связанную с тем, в какой степени человек испытывает проникающее во все сферы жизни, устойчивое, но динамическое чувство, что: стимулы, поступающие из внешних и внутренних источников опыта в процессе жизни, являются структурированными, предсказуемыми и поддаются толкованию (постижимость); имеются ресурсы, необходимые для того, чтобы соответствовать требованиям, которые вызваны этими стимулами (управляемость); эти требования являются вызовами, которые стоят того, чтобы вкладывать в них ресурсы и самого себя» (осмысленность).

А. Антоновски говорит о трех путях влияния чувства связности на здоровье [3]: во-первых, он предполагает положительное влияние чувства связности посредством психосоматических механизмов на работу эндокринной и иммунной систем, способствующее поддержанию гомеостаза в организме; во-вторых, по его мнению, люди с высоким чувством связности более мотивированы к тому, чтобы избегать ситуаций или видов деятельности, угрожающих их здоровью, и активно включаться в виды деятельности, способствующие поддержанию здоровья (например, заниматься физическими упражнениями или вовремя обращаться к врачу); в-третьих, по мнению А. Антоновски, чувство связности влияет на процессы когнитивной оценки стресса.

Взгляды Аарона Антоновски, современника Ричарда Лазаруса, компактно представлены в двух его монографиях Antonovsky A. Health, Stress, and Coping. New Perspectives on Mental and Physical Well-Being; Antonovsky A. Unraveling the Mystery of Health [4, 5].

Многочисленные последователи Антоновски из разных стран подвели итоги проделанной работы после его ухода в руководстве по салютогенезу (среди соавторов – сын Антоновски): The Handbook of Salutogenesis. M.B. Mittelmark [et al.] [6].

В наиболее общей форме современный салютогенез – научное направление, фокусирующее внимание на изучении происхождения здоровья и ресурсов здоровья вместо изучения истоков болезней и факторов риска. Оригинальная салютогенная модель А. Антоновски начинается с социокультурного и исторического контекстов, включает различные источники GRR и главные психосоциальные GRR, а завершается мерами публичного и частного здоровья, патогенами и «слабыми звеньями». В отличие от простой линейной модели Лазаруса, эта модель является громоздкой и не всегда применимой для практических целей (см., например, страницы 9 и 33 упомянутого выше [6]).

Ниже представлена крайне упрощённая схема модели (см. Рис. 2), принадлежащей Bauer и Jenny, основанной на работе Brauchli, Jenny, Füllemann и Bauer 2015 года, иллюстрирующей возможности салютогенеза в трудовых условиях ([6], с. 201). В этой модели трудовые ресурсы (job resources) и требования работы (job demands) порождают два возможных пути: салютогенный, сопряженный с ростом и развитием, ведущий к положительному здоровью, и патогенный, сопряженный с утратами и ухудшением состояния, приводящий к негативному здоровью. В ядре модели находятся когерентный опыт работы (coherent work experiences) и чувство когерентности (sense of coherence).




Рис. 2. Модель «трудовые ресурсы – требования работы»

Ключевую проблему для практики в рамках этой модели можно сформулировать так: как операционализировать, измерить и оценить чувство когерентности? На русском языке она решена, например, в статье Е. Н. Осина «Чувство связности как показатель психологического здоровья и его диагностика» [7, с. 22-40].

Е.Н. Осин на основе перевода на русский язык М.Н. Дымшица раскрывает содержание шкалы чувства связности (SOC) А. Антоновски, состоящей из 29 пунктов и измеряющей три компонента чувства связности (постижимость, управляемость и осмысленность).

Анализ русскоязычной шкалы чувства связности продемонстрировал её хорошую внутреннюю согласованность и внешнюю валидность относительно таких конструктов, как осмысленность жизни, жизнестойкость и психологическое благополучие [7, с. 22-40].

В практической консультативной работе психолога может применяться не только шкала связности, но и психотерапевтический ресурсно-ориентированный метод «чаша весов», отражающий модель салютогенеза А. Антоновского (см. Рис.3).

Психотерапевт предлагает модель салютогенеза в виде весов, в одной чаше которых находятся факторы, поддерживающие здоровье, на другой чаше, факторы, вредящие здоровью. Задачей пациентов является первоначально «заполнение» чаши весов сначала самостоятельно, затем с помощью психотерапевта. При «заполнении» весов ключевой вопрос, который многократно задавался А. Антоновским в разных группах слушателей, задается клиенту: «Что находится в Вашей чаше весов «здоровье», что помогает Вам оставаться здоровым/ наполнять чашу весов здоровья/ двигаться в сторону здорового поля

континуума «болезнь-здоровье»? То есть ключевой вопрос А.Антоновского применим как в теоретическом, так и практическом планах.




Рис 3. Модель А. Антоновского «Защитные факторы и факторы риска здоровья»

Таким образом, концепции салютогенеза (от лат. *salus* – благополучие, здоровье), разработанная в 70-х гг. 20-го века американско-израильским медицинским социологом, исследователем стресса Аароном Антоновски, является до сих пор одной из центральных в Германии по психологии здоровья, разработке программ по стрессменеджменту и психотерапии, психологическому консультированию. А. Антоновский в своей концепции салютогенеза попытался ответить на вопрос, благодаря чему человек способен оставаться соматически и психологически здоровым, несмотря на воздействие стресса [8].

А. Антоновски, в противовес главенствующей в то время патогенетической парадигме, ориентированной на нахождение ответа на вопрос, каким образом воздействие стрессоров приводит к нежелательным болезненным последствиям, ([9], цит. по [10]) предложил салютогенетическую парадигму исследований. В рамках салютогенетической модели внимание исследователя сосредоточено, прежде всего, на случаях успешного преодоления людьми стрессогенных ситуаций, даже если эти случаи идут вразрез с общей тенденцией, и на поиске факторов, способствующих устойчивости к стрессам.

Литература

1. Garber, A., Karapetyan, L. & Reschke, K. (2018). *Optimistisch den Stress meistern* (russ.) Göttingen: Cuvillier Verlag. 192p.
2. Scheier, M. F. & Carver, C. S. (1985). Optimism, coping, and health: assessment and implications of generalized outcome expectancies. *Health psychology*, 4, 219.
3. Glaesmer, H., Grande, G., Braehler, E. & Roth, M. (2011). The German version of the Satisfaction with Life Scale (SWLS): Psychometric properties, validity, and population-based norms. *European Journal of Psychological Assessment*, 27, 127-132.
4. Antonovsky A. (1979). *Health, Stress, and Coping*. New Perspectives on Mental and Physical Well-Being. Jossey-Bass Publishers. 255 p.
5. Antonovsky A. (1987). *Unraveling the Mystery of Health. How People Manage Stress and Stay Well*. Jossey-Bass Publishers. 218 p.
6. Mittelmark M.B. [et al.] (Eds.) (2017). *The Handbook of Salutogenesis*. Springer.
7. Осин Е. Н. (2007). «Чувство связности как показатель психологического здоровья и его диагностика»// Психологическая диагностика. № 3. С. 22–40.
8. Schulz, P., Schlotz, W. & Becker, P. (2004). *Trierer Inventar zum chronischen Stress*. Göttingen, Deutschland, Hogrefe.
9. Glaesmer, H., Hoyer, J., Klotsche, J. & Herzberg, P. Y. (2008). Die deutsche Version des Life-Orientations-Tests (LOT-R) zum dispositionellen Optimismus und Pessimismus. *Zeitschrift für Gesundheitspsychologie*, 16, 26-31.
10. Jerusalem, M. & Schwarzer, R. (1999). *Skala zur Allgemeinen Selbstwirksamkeitserwartung*. Berlin: Freie Universität Berlin.

I-СЕКЦИЯ * SECTION I

**С.М. ЖАҚЫПОВ – ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ
ПСИХОЛОГИЯСЫНЫҢ КЛАССИК-МЕТОДОЛОГЫ.**

**XXI ҒАСЫРДАҒЫ БІЛІМ ПСИХОЛОГИЯСЫ: ҚИЫНДЫҚТАРЫ,
ТРЕНДТЕР, ШЕШІМДЕР**

**С.М. ДЖАКУПОВ – МЕТОДОЛОГ-КЛАССИК ПСИХОЛОГИИ
ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ. ПСИХОЛОГИЯ ОБРАЗОВАНИЯ В
XXI ВЕКЕ: ВЫЗОВЫ, ТРЕНДЫ, РЕШЕНИЯ**

**S.M. DZHAKUPOV – A CLASSICAL METHODOLOGIST OF
EDUCATIONAL PSYCHOLOGY IN KAZAKHSTAN. EDUCATIONAL
PSYCHOLOGY IN THE XXI CENTURY: CHALLENGES, TRENDS,
SOLUTIONS**

**ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ – ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ:
ҚАЗІРГІ КОНТЕКСТЕГІ С.М.ЖАҚЫПОВТЫҢ ИДЕЯЛАРЫ**

Тұрғынбаева Б.А.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан

*Білім беру процесінің тиімділігін арттыруда оқытудағы өзара әрекеттесудің рөлін түсіну педагогика ғылымындағы маңызды мәселе. **Мақала** оқу процесінде **білімалушылардың бірлесе әрекеттесуін** ұйымдастыру **олардың** қарым-қатынас, командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға ықпалына арналады.*

***Түйін сөздер:** ғалым, қарым-қатынас, оқу процесі, коммуникативті дағдылар.*

Понимание роли взаимодействия в обучении в повышении эффективности образовательного процесса является важной проблемой педагогической науки. Статья посвящена влиянию организации в учебном процессе совместной деятельности обучающихся на развитие их коммуникативных и навыков работы в команде.

***Ключевые слова:** ученый, общение, процесс обучения, коммуникативные навыки.*

Understanding the role of interaction in learning in improving the effectiveness of the educational process is an important problem of pedagogical science. The article is devoted to the influence of the organization of students' joint activities in the educational process on the development of their communication and teamwork skills.

***Keywords:** scientist, communication, learning process, communication skills.*

Кіріспе. Қазіргі білім беру кеңістігінде өзара әрекеттесу тиімді оқытудың негізгі элементіне айналды. Ақпаратты пассивті қабылдауға негізделген дәстүрлі модельдер біртіндеп білімді терең игеруге және сыни ойлауды дамытуға ықпал ететін белсенді, коммуникативті және бірлескен тәсілдерге жол беруде. Білім беру үдерісіндегі өзара іс – қимыл - оның

қатысушылары: мұғалімдер мен оқушылар, оқытушылар мен студенттер арасында, сондай-ақ білім алушылардың өздері арасында білім, идеялар мен тәжірибе алмасуды білдіреді. Бұл тәсіл оқу қауымдастығын құруға ықпал ете отырып, үрдістің әр қатысушысының ақпаратты алып қана қоймай, оны белсенді түрде өңдеу, талқылау және іс жүзінде қолдану дағдыларын қалыптастырады.

Негізгі бөлім. Оқытудағы әлеуметтік өзара әрекеттесудің маңыздылығын көрсететін мәдени-тарихи теорияның негізін қалаушы Л.С. Выготскийдің дамудың жақын аймағы туралы тұжырымдамасында оқыту қатысушылардың өзара әрекеттесу контекстінде тиімді жүретініне назар аударған [1]. Ал И.А. Зимняя өз еңбектерінде білімдік үрдістегі топтық жұмыс пен бірлескен оқытудың маңыздылығын [2], Е.В. Бондаревская оқытудың диалогтық әдістерін және белсенді өзара әрекеттесу арқылы оқушылардың сыни ойлауы мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға әсерін қарастырады [3].

Бұл ретте қазақстандық психология ғылымының көрнекті өкілі ойлаудың семантикалық теориясының қалыптасуы, ойлау іс әрекетіндегі мақсат қою мәселелерін зерттеуші С.М. Жақыповтың тұжырымдамасы бүгінгі күні өте маңызды [4]. Ғалым өз еңбектерінде мазмұнды құрылымдарда, бірлескен диалогтық ойлауда, сөйлеудегі эмоциялар бірлігінің көрінісін талдай келе, өзара әрекеттесу нәтижесінде пайда болатын қабілеттер жеке тұлғалардың дамуын қарастырады. Бұл әсіресе тұлғаның ынтымақтастық пен бейімделу қабілеті, әмбебап құзыреттіліктері тез өзгеретін әлемде өте маңызды мәселе қатарына жатады.

Көрнекті ғалым С.М. Жақыповтың тұжырымдамасының негізгі өзегі болып табылатын бірлескен диалогтық ойлау, өзара әрекеттесудің нәтижесінде тұлғаның дамуының бүгінгі күндегі басты тетігі оқыту технологиялары деп санаймыз. Себебі технологиялар: оқыту тиімділігін арттыру, оқушылардың сыни ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамыту, ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады.

Әлемдік психологияда кооперативті оқытуды өзара әрекеттесуге және оқу нәтижелерін жақсартуға ықпал ететін әдіс ретінде қарастыратын еңбектер бар. Олардың кейбіріне тоқталар болсақ, Diana Laurillard (2012) оқытуда технологияны қолдануды қарастырады және оқушылар арасындағы өзара әрекеттесуді жобалауға баса назар аударады [5]. Johnson, D.W., Johnson, R.T., & Smith, K.A. (2014) сияқты авторлар кооперативті оқытуды өзара әрекеттесуге және оқу нәтижелерін жақсартуға ықпал ететін әдіс ретінде зерттейді [6]. Келесі Мичиган мемлекеттік университетінің Punya Mishra, Matthew J. Koehler (2006) сияқты ғалымдары оқыту мазмұны мен әдістерін біріктіретін TRACK технологиясын ұсынып, оны қолдану арқылы оқытудағы өзара әрекеттесуді нәтижелі етуге болатынын дәйектейді [7].

Бірлескен іс-әрекет контекстінде білім беру технологиялары оқушылар мен мұғалімдер, студенттер мен оқытушылар арасындағы өзара әрекеттесу мен ынтымақтастықты жеңілдететін құралдар мен әдістер болып табылады. Білім беру технологиялары қоғамдағы, ғылымдағы және технологиядағы өзгерістерге жауап ретінде үнемі дамып отырады. Олар заманауи білім беруде шешуші рөл атқарады, бұл оқу процесін оқушылардың қажеттіліктері мен уақыт талаптарына бейімдеуге мүмкіндік береді, нәтижесінде пайда болатын қабілеттер жеке тұлғалардың дамуын нәтижелі етеді.

Педагогикалық, ақпараттық технологиялар өзара әрекеттесу құралы ретінде оқытудағы бірлескен әрекеттің тиімділігін арттырып, оқушылардың ортақ мақсаттарға жету, білім мен тәжірибе алмасу, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларын дамытады.

Қазіргі кездегі цифрлық технологиялардың дамуы оқытудағы өзара әрекеттесуді ұйымдастыру мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтті. Онлайн платформалар, бейнеконференциялар, интерактивті тақталар және әлеуметтік медиа студенттердің географиялық орналасуына қарамастан байланыса және ынтымақтаса алатын икемді білім беру орталарын құруға мүмкіндік береді. Мұндай құралдар қашықтықтан және аралас оқыту принциптерін жүзеге асыруға ықпал етіп, бұл процестің қол жетімділігін және жекеленуін арттырады. Виртуалды сыныптар мен форумдар талқылау мен алмасуды ынталандырады, бұл өз кезегінде оқу материалын түсінуді күшейтеді және сыни ойлауды дамытады. Цифрлық білім беру жағдайында бірлесе оқыту әдістерін тиімді қолдану мүмкіндігі зор кейбіріне тоқталып кеткен жөн деп ойлаймыз.

Кооперативті оқыту: Бұл студенттердің тапсырмаларды немесе жобаларды орындау үшін шағын топтарда жұмыс жасауда қолданылатын әдіс. Бұл процесті бірлескен платформалар

арқылы қолдауға болады. (мысалы, Google Docs, Microsoft Teams). Мұнда студенттер құжаттарды бір уақытта өңдей алады және идеялармен бөлісе алады.

Интерактивті платформалар: Moodle, Edmodo сияқты онлайн платформаларды пайдалану қарастырылып жатқан мәселе бойынша талқылауларды, форумдарды және чаттарды ұйымдастыруда студенттердің уақыт пен орынға қарамастан бір-бірімен әрекеттесе алуына мүмкіндік береді.

Жобалық оқыту: бұл технологияда студенттер топтарда нақты тапсырмалармен жұмыс істеуге жағдай жасалады, сол арқылы олардың жобалық әрекеттері қолданады. Бұл жобаны басқару бағдарламалық құралын (мысалы, Trello) немесе нәтижелерді ұсыну платформаларын (мысалы, Prezi) пайдалануды қамтуы мүмкін.

Виртуалды сабақтар мен бейнеконференциялар: Олар әсіресе қашықтықтан оқытуға қатысты бейне байланыс технологиялары: Zoom, Microsoft Teams т.б. нақты уақыттағы бірлескен сабақтар мен талқылауларды ұйымдастыруда өте қолайлы.

Әлеуметтік медиа және қауымдастықтар: Әлеуметтік медиа платформаларын студенттер ресурстармен бөлісе алатын, сұрақтар қоя алатын және құрдастарынан қолдау алатын оқу қауымдастықтарын құру үшін пайдалануға болады.

Кері байланыс және бағалау: Бірлескен іс-шаралар үнемі кері байланысты қажет етеді. Білім беру технологиялары оқытушыларға студенттердің үлгерімін онлайн тесттер мен сауалнамалар арқылы оңай бақылауға мүмкіндік береді (мысалы, Kahoot!, Google Forms), сондай-ақ сын ойлауды дамытады. Себебі ұжымдық әрекет, ұжым боп талқылау, білімалушылардың әртүрлі көзқарастарын талқылау және өз ұстанымдарын дәлелдеуге машықтандырады.

Бірлескен қызметте білім беру технологияларын қолданудың артықшылықтары: Қатысуды арттыру: технология оқытуды интерактивті және қызықты етеді. Ынтымақтастық дағдыларын дамыту: оқушылар командада жұмыс істеуді үйренеді, бұл қазіргі әлемде маңызды дағды.

Әр түрлі ресурстарға қол жетімділік: технология көптеген оқу материалдары мен ресурстарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Оқу икемділігі: оқушылар кез келген уақытта және кез келген жерден бір-бірімен әрекеттесе алады. Осылайша, білім беру технологиялары оқудағы бірлескен қызметті ұйымдастыруда шешуші рөл атқарады, бұл материалды тереңірек түсінуге және студенттердің қажетті дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Оқу үрдісіне өзара әрекеттесуді сәтті енгізу үшін ескерілетін мәселелер:

1. Қолайлы атмосфераны құру – әркім өз ойын білдірген кезде өзін жайлы сезінуі үшін оқуға қатысушылар арасында сенімді қарым-қатынас орнату.

2. Өзара әрекеттесудің әртүрлі формалары-топтық жобаларды, пікірталастарды, рөлдік ойындарды және басқа да белсенді әдістерді қолдануда барлық білімалушылардың қатысуына ықпал ету.

3. Оқытушының фасилитатор ретіндегі рөлі-мұғалім білімді жеткізіп қана қоймай, пікірталастарды бағыттауы, білімалушылардың бастамаларын қолдау.

4. Өзара әрекеттесу нәтижелерін бағалау-жеке жетістіктерді ғана емес, бағалау критерийлерін алын ала әзірлеу қажет.

Қорытынды. Өзара іс-қимыл білім беруді ғана емес, сонымен бірге қоғамда табысты өмір сүру үшін қажетті әлеуметтік құзыреттіліктерді дамытуды қамтамасыз ететін заманауи оқытудың негізі болып табылады. Интерактивті әдістер мен цифрлық технологияларды біріктіру білім берудің жаңа көкжиектерін ашады, бұл оны динамикалық, қолжетімді және әрбір білімалушының қажеттіліктеріне бағытталған етеді. Тұрақты өзгерістер жағдайында тиімді өзара әрекеттесу қабілеті табысты оқыту мен кәсіби өсудің кепіліне айналады.

Әдебиеттер

1. Выготский Л. С. *Педагогическая психология* §/Л.С. §Выготский. – Москва: АСТ: Астрель: Люкс, 2005. – 671 с. §
2. Зимняя И. А. Педагогическая психология. Ростов-на-Дону., М., 2000. часть 4, гл. 1, С.191-216
3. Бондаревская Е. В. Теория и практика личностно-ориентированного образования: Монограф. Ростов н/Д, 2000. -352 с. 44. §
4. Джакупов С.М. Психологическая структура процесса обучения [Текст] / С.М. Джакупов. – А.: Қазақ университеті, 2004. – 312 с.

5. Diana Laurillard - "Teaching as a Design Science: Building Pedagogical Patterns for Learning and Technology" (2012) Taylor & Francis/Routledge, Нью-Йорк. ISBN: 978-0-415-80387-8 DOI:10.4324/9780203125083.

6. Johnson, D. W., Johnson, R. T., & Smith, K. A. (2014). Cooperative learning: Improving university instruction by basing practice on validated theory. Journal on Excellence in College Teaching, 25 (3&4), 85-118.

7. P. Mishra, Matthew J. Koehler - "Technological Pedagogical Content Knowledge: A Framework for Teacher Knowledge" (2006) Teachers College Record 108 (6), 1017-1054.

САТЫБАЛДЫ ЖАҚЫПОВ МЕКТЕБІ

Ғайыпов З.С., Исаева М.Т.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясының Басқару институты,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан

Бұл мақалада көрнекті ғалым, психология ғылымдарының докторы, профессор Сатыбалды Мұқатайұлы Жақыповтың өмір жолы мен ғылыми-педагогикалық қызметі жан-жақты баяндалады. Автор ғалымның балалық шағынан бастап, Кеңес әскери-теңіз флотындағы тәжірибесі мен Мәскеу мемлекеттік университетіндегі білім алу кезеңдерін сипаттайды. Жақыповтың ғылыми зерттеулері, әсіресе бірлескен-диалогтық танымдық іс-әрекет концепциясы, Қазақстан және ТМД елдері психология ғылымының дамуына елеулі үлес қосқаны айтылады. Сонымен қатар, оның жетекшілігімен қорғалған диссертациялық жұмыстар, жарық көрген ғылыми еңбектер, оқулықтар мен оқу құралдарына тоқталады. Ғалымның ұйымдастырушылық қызметі мен Қазақстан психологтар қауымдастығын құрудағы рөлі де мақалада ерекше атап өтіледі. Бұл еңбек С.М. Жақыповтың өмірі мен ғылыми мұрасын зерделеуге арналған құнды материал болып табылады.

Түйін сөздер: ғылыми мектеп, студенттер, ғылыми жетекшілік.

В статье подробно рассматривается жизненный путь и научно-педагогическая деятельность выдающегося ученого, доктора психологических наук, профессора Сатыбалды Мукатайұлы Джакупова. Автор описывает его детство, опыт службы во флоте и обучение на факультете психологии МГУ имени М.В. Ломоносова. Особое внимание уделяется научным исследованиям Джакупова, в частности концепции совместно-диалогической познавательной деятельности, которая внесла значительный вклад в развитие психологической науки в Казахстане и странах СНГ. Также в статье отмечаются защищенные под его руководством диссертации, изданные научные труды, учебники и методические пособия. Подчеркивается его организаторская роль, в том числе в создании Ассоциации психологов Казахстана. Данный материал представляет собой ценный обзор жизни и научного наследия С.М. Джакупова.

Ключевые слова: научная школа, ученики, научное руководство.

This article provides a detailed overview of the life and academic career of the prominent scholar, Doctor of Psychological Sciences, and Professor Satybaldy Mukatayuly Zhakupov. The author traces his early years, military service in the Soviet Navy, and education at the Faculty of Psychology of Lomonosov Moscow State University. Particular attention is given to Zhakupov's scientific contributions, especially his concept of joint-dialogical cognitive activity, which made a significant impact on the development of psychology in Kazakhstan and across the CIS. The article also highlights the dissertations defended under his supervision, his numerous scholarly publications, textbooks, and teaching aids. Zhakupov's role as an organizer, including his founding of the Kazakhstan Psychologists Association, is emphasized. This work stands as a valuable tribute to the life and scientific legacy of S.M. Zhakupov.

Keywords: scientific school, students, scientific guidance.

Сатыбалды Мұқатайұлы Жақыпов 1950 жылы 29 сәуірде Алматы облысы, Қаскелең ауданына қарасты Ұмтыл ауылында (ҚазКСР-ге қарасты Х жыл ұжымшары) дүниеге келген. Жастайынан елгезек әрі зерек Сатыбалды ағаны қоршаған ортада болып жатқан құбылыстар ерекше қызықтыратын. Абайша айтқанда, «білсем», «көрсем», «танысам» деген қасиеттері басым, танымға құштар бала болып өсті. Осындай жан дүниесіндегі ізденімпаздықтың нәтижесі болар, ол көп қазақтың баласы бара бермейтін Кеңес әскери-теңіз флотында қызмет етті.

Әскери борышын өтеп келген соң, 1971 жылдың 1 қарашасында М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің психология факультетінде әңгімелесуден сәтті өтіп, дайындық бөліміне тыңдаушы ретінде қабылданды. Мен Сөкеңмен көп жылдар бойы қызметтес әрі сырлас болдым. Сол кездері байқағаным – оның психологияны тандауы әскери-теңіз флотында жинаған өмірлік тәжірибесімен тікелей байланысты болды. Себебі қырда өскен қазақ баласының теңізде, мүлде жаңа ортада жинаған ой-толғаныстары терең әрі күрделі еді.

Дайындық бөлімін табысты аяқтаған соң, 1972 жылы Сатыбалды Жақыпов М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің психология факультетіне 1-курс студенті қатарына қабылданды. 1973 жылы 2-курста курстық жұмыс тақырыбы мен болашақ мамандығын таңдау барысында жаңадан ашылған әлеуметтік психология кафедрасына келді. Ғылыми жетекшісі ретінде белгілі кеңестік ғалым Нина Николаевна Богомолова бекітілді. 1977 жылы С.М. Жақыпов әлеуметтік-психологиялық тренинг тақырыбындағы диплом жұмысын сәтті қорғап, психология маманы атанды.

Университетті тәмамдаған соң, елге оралып, Сатыбалды Мұқатайұлы өзінің ғылыми-педагогикалық қызметін 1977 жылы Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің педагогика және психология кафедрасында оқытушы болып бастады.

1985 жылы 18 қазанда ол Мәскеуде, өзінің альма-матерінде, профессор О.К. Тихомировтың ғылыми жетекшілігімен «Бірлескен іс-әрекеттегі мақсаттың құрылуы» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. Бұл кезеңде Қазақстанда психология ғылымы әлі де даму үстіндегі жас ғылым болатын.

1990 жылы сәуірде Сатыбалды Мұқатайұлы Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің биология факультеті құрамында жаңадан ашылған «Жалпы психология» кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалды. Ол бұл қызметті 1993 жылға дейін абыроймен атқарды.

1994–1997 жылдары Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті институтының психология кафедрасында профессор ретінде қызмет етті. Ал 1997 жылы шілде айында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Теориялық және қолданбалы психология» кафедрасының меңгерушісі қызметіне тағайындалды. Бұл лауазымды 2000 жылға дейін атқарды.

Ғалым өзінің ғылыми ізденісін тоқтатпай, докторлық диссертациясын да қатар алып жүрді. 1999 жылы 12 қаңтарда, Қазақстанда докторлық кеңестің болмауына байланысты, Ресей Ғылым академиясы Психология институтында «Оқыту процесінің психологиялық құрылымы» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғады. Бұл еңбек екі мамандық бойынша: 19.00.01 – жалпы психология және 19.00.07 – педагогикалық психология бойынша қорғалды.

2000 жылы 14 сәуірде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Қ. Нәрібаевтың бұйрығымен жаңадан ашылған Этникалық және педагогикалық психология кафедрасының меңгерушісі қызметіне психология ғылымдарының докторы, профессор Сатыбалды Мұқатайұлы Жақыпов тағайындалды.

Осы кезеңнен бастап біздің ұстаздық және ғылыми қызметіміз қатар өрбіді. Сатыбалды Мұқатайұлы өте ізденімпаз әрі талапшыл ғалым болатын. Оның бастамасымен кафедрада психология пәні бойынша мемлекеттік тілде бірқатар оқулықтар жарық көре бастады. Ұйымдастырушылық қабілеті жоғары ұстаз ретінде ол кафедраға талантты түлектерді тартып, олардың ғылыми бағытын айқындап, жаңа буын психологтар мектебінің қалыптасуына ықпал етті.

Профессор С.М. Жақыпов 2000–2011 жылдар аралығында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Жалпы және этникалық психология кафедрасын басқарды. Ал 2011 жылдан бастап өмірінің соңына дейін (2014 жылғы 2 қаңтар) аталған кафедраның профессоры ретінде еңбек етті.

Сатыбалды Мұқатайұлы Жақыповтың есімі ғылыми ортада бірлескен-диалогтық танымдық іс-әрекет концепциясының авторы ретінде кеңінен танымал болды. ТМД мемлекеттері

аумағында ол – тәжірибелік психология саласында мойындалған экспериментатор еді. 2010 жылдан бастап М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Құрметті профессоры атанды. Сондай-ақ, Сатыбалды Мұқатайұлының ғылыми еңбектері Үкімет тарапынан жоғары бағаланып, Қазақстан Республикасы білім беру саласының Құрметті қызметкері, 2007 жылғы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантының иегері, 2008–2010 жылдардағы Мемлекеттік ғылыми стипендия иегері атанды.

Сатыбалды Мұқатайұлы өте шығармашыл, креативті ғалым болды. Оның дәлелі Сәкең - 500-ден астам ғылыми еңбектің авторы, оның ішінде 3 монография, 40-тан астам оқулық пен оқу-әдістемелік құралдар, сондай-ақ 30-дан астам импакт-факторы жоғары мақалалар бар. Оның жетекшілігімен 58 кандидаттық, 7 докторлық және 4 PhD диссертациясы қорғалды.

Сонымен қатар, ол – «ҚПҰА хабаршысы» (НАПК) ғылыми-психологиялық журналының бас редакторы, «ҚазҰУ хабаршысы» (психология және социология сериясы) журналының ғылыми редакторы және редакциялық алқасының тұрақты мүшесі болды. Қазақстан Психологтар Ассоциациясын құрып, оның ғылыми органы ретінде «НАПК хабаршысы» журналын қалыптастырды. Кейіннен бұл ұйым «Қазақстан психологтар қауымдастығы» (ҚПА) деп өзгертілді, ал оның президенті ретінде Сатыбалды Мұқатайұлы үлкен ұйымдастырушылық және ғылыми жұмыстар атқарды.

Осылайша, тәуелсіздік жылдарында елімізде психология ғылымы қарқынды дамып, Сатыбалды Мұқатайұлы Жақыпов мектебі де қалыптасты. Бүгінде бұл мектеп Орталық Азия кеңістігінде ең беделді ғылыми мектептердің біріне айналып отыр.

Мақаланың басын Һәкім Абайдың сөзімен бастаған едім, енді сол кісінің мына бір даналық сөзімен аяқтауды жөн көрдім: **«Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артында сөз қалдырған?»**.

Қарағайдай қалың орман шәкірттері тұрған шақта, Сатыбалды Мұқатайұлы Жақыповтың мектебі де мәңгі жасай беретініне сенімім кәміл.

С.М. ЖАҚЫПОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ ПЕН ОЙЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Жубаназарова Н.С., Сайлинова К.К.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан

Қазіргі заманғы психология ғылымында адамның танымдық қабілеттері мен ойлау жүйесін зерттеу бұл тұлғаның дамуы мен білім беру процесінің тиімділігін арттырудың негізгі бағыттарының бірі.

Ғалым, психология ғылымдарының докторы С.М. Жақыпов өз еңбектерінде танымдық іс-әрекетті тұлғаның шындықты игеруге бағытталған белсенді әрекеті ретінде сипаттай отырып, оның құрылымдық-компоненттік құрамын, даму сатыларын және оқу процесіндегі қызметін терең талдаған. Танымдық іс-әрекет пен ойлау – бір-бірімен тығыз байланысқан, тұлғаның саналы дамуы мен кәсіби жетілуінің негізі болатын күрделі психологиялық құбылыстар.

Кілт сөздер: танымдық іс-әрекет, ойлау жүйесі, жүйелілік тәсіл, бірлескен-диалогтік іс-әрекет, оқыту.

Изучение познавательных способностей и системы мышления человека в современной психологической науке это одно из основных направлений развития личности и повышения эффективности образовательного процесса. Ученый, доктор психологических наук С. М. Джакупов в своих работах глубоко проанализировал структурно-компонентный состав личности, этапы ее развития и ее деятельность в учебном процессе, охарактеризовав познавательную деятельность как активную деятельность, направленную на овладение реальностью. Познавательная деятельность и мышление – сложные психологические

явления, тесно связанные между собой, являющиеся основой сознательного развития и профессионального созревания личности.

Ключевые слова: познавательная деятельность, образ мышления, системный подход, совместная-диалогическая деятельность, обучение.

The study of cognitive abilities and the human thinking system in modern psychological science is one of the main directions of personality development and improving the effectiveness of the educational process. The scientist, Doctor of Psychological Sciences S. M. Zhakupov in his works deeply analyzed the structural and component composition of personality, the stages of its development and its activities in the educational process, describing cognitive activity as an active activity aimed at mastering reality. Cognitive activity and thinking are complex psychological phenomena, closely related to each other, which are the basis for the conscious development and professional maturation of a personality.

Keywords: cognitive activity, way of thinking, systematic approach, collaborative dialogic activity, learning.

Қазіргі кезеңдегі тұлғаны дамытудағы қуатты ресурс ол интеллектуализация процесі. Адамзатта интеллектуалдық потенциалдың жоғарылауы психологиялық және әлеуметтік өзгерістерге әкелді. Қоғамдағы болып жатқан өзгерістерге тұлғаның заман талабына сәйкес қалыптасуына әсер ететін ойлау іс-әрекетінің ерекшелігі өте маңызды. Қазіргі психология ғылымында интеллектуалды дамудың қажеттілігі әлеуметтік факторлармен байланысты, екіншіден, психологиялық-әлеуметтік қажеттілік ойлау іс-әрекетін дамыту арқылы қоғамдағы технологиялық және ақпараттандыру тұлғаның танымдық әрекетімен байланысты. Ойлау формалары мен құрылымдары тұлғаның түрлі мәселелерді шешуде, қоршаған ортаға бейімделу, коммуникативтілік, интеллект пен когнитивті дамуы әлеуметтік қатынастарды басқаруға ықпал етеді[1].

Тұлғаның оқшауланған эмоциялық және интеллектуалдық факторлардан жоғары болу үшін қазіргі ойлау теорияларынан да жоғары өрлеу қажет, себебі олардың ешқайсысы бұл факторлардың өзара байланысын қазіргі даму деңгейінде түсіндіре алмайды. Мұндағы «өрлеу» дегеніміз – жалпы әрекет теориясын әрі қарай дамыту қажеттілігін білдіреді. Жасалған жұмыстың құндылығы да осында – зерттеушілер теорияның әдіснамалық негізін пайдалана отырып, оның өзінен жоғары өрлеуі, оны әрі қарай дамытудың бір болашағы бар жолын белгілейді.

«Жүйелік тәсілді» «әрекеттік тәсілге» қарсы қоюды талдай отырып, Ключко В.Е., Жақыпов С.М. еңбектерінде нақты психологиялық жүйелік тәсіл қандай болуы тиіс деген мәселені көтереді. «Психологияны жалпы жүйе теориясын жай қолдану арқылы құруға болмайды». Мұнда біз жалпы бір мәселемен бетпе-бет келеміз: ойлауды психологиялық тұрғыдан зерттеу деген не болуы керек? Бұл мәселе зерттеушілер алдында «жасанды интеллект» мәселесін талдау аясында орынды түрде көтерілді. Бұл мәселемен қатар психологияға кибернетика мен жүйе теориясының идеялары мен әдістері қолданыла бастады. Бұл өз кезегінде психологияда жаңа терминологияның пайда болуына алып келді[2].

Ойлаудың мағыналық теориясының қалыптасуы адамның ойлау іс-әрекетіндегі мақсат қою мәселелерін зерттеу барысында жүрді, оның бастамасы О.К. Тихомировтың еңбектерінде зерттелінген. Мұнда бірлескен ойлау іс-әрекетіндегі мақсат қоюды зерттеу нәтижесінде пайда болған ғылыми бағыт сипатталады. Бірлескен ойлау іс-әрекетін кешенді зерттеу ортақ мағыналық құрылымдар қорын анықтауға алып келді. Бұл құрылымдар псевдобірлескен және псевдоиндивидуалды ойлау іс-әрекеттерінің қалыптасуы мен дамуын жанама түрде қамтамасыз етеді[3].

С.М. Жақыповтың бірлескен-диалогтік іс-әрекет тұжырымдамасында одан әрі дамытылған. Мұндай өзара әрекеттестіктің қағидаттары С.М. Жақыповтың бірлескен-диалогтік танымдық іс-әрекет тұжырымдамасында жан-жақты сипатталған. Автор оқыту үдерісінің құрылымын дидактикалық және психологиялық жүйелер ретінде қарастырады, олардың аясында «оқытушы – оқушы» диадасының бірлескен-диалогтік танымдық іс-әрекеттегі даму барысы сипатталады. Бұл үдерісте оқу үдерісінің субъектілері = тұлғалар = оқу іс-әрекетінің субъектілері ретінде көрініс табады [4]. Диалогтік ойлау идеясында оқытушының студенттермен ынтымақтастық диалогы, олардың сәтті және бұрыс ойына, мейірімді де мұқият қарым-

қатынасына, белсенділігін қолдауына, оқу мәселесіне, ойлау қабілетінің дамуын міндеттердің шешімін іздеуді қамтамасыз етеді[5].

С.М. Жақыповтың пікірінше, оқыту процесінің тиімділігі көрсеткіші оқытушы мен оқушының арасында қалыптасатын бірлескен диалогтық танымдық іс-әрекет болмақ. Ал оның дамуындағы жоғарғы деңгей қатысушы субъектілердің бірлескен ойлау іс-әрекетке ие болуы. Бірлескен диалогтық танымдық іс-әрекетті эксперименттік зерттеуге арналады. Бірлескен ойлау іс-әрекетінің қалыптасу процесін зерттеудің қорытындылары сөз болады. Ал төртінші тарау әртүрлі қарым-қатынас жағдайындағы бірлескен ойлау іс-әрекетін зерттеу нәтижелерін талдауға арналған. Вербалды және бейвербалды қарым-қатынас барысындағы бірлескен ойлау іс-әрекетінің құрылымдануы қадағаланады. Эксперименттік зерттеу нәтижелеріне сүйене отыра оқу процесін тиімді басқару мәселесіне арналады. Бірлескен диалогтық танымдық іс-әрекет концепциясының жаңа түсіндіру мүмкіндіктеріне арналады. Зерттеудің ғылыми жаңалығы, алғаш рет оқыту процесі көп деңгейлі психологиялық жүйе ретінде қарастырылады және оның тиімділігін оқытушы мен оқушының бірлескен танымдық іс-әрекеті қалыптасуы мен дамуы анықтайды.

С.М. Жақыповтың «Оқыту процесінің психологиялық құрылымы» атты зерттеу еңбегінің өзектілігі оқыту процесінің тиімділігін психологиялық қамтамасыз етумен байланысты. Зерттеуші алғаш рет оқыту процесін көп деңгейлі психологиялық жүйе ретінде қарастырады. Оның тиімділігінің негізі оқытушы мен оқушының бірлескен диалогтық танымдық іс-әрекетінің қалыптасуы және дамуы боп табылады. Ұсынылып отырған оқыту процесін талдаудың тұжырымдамалық үлгісі бұрын белгілі болған технологиялардан экологиялық сәйкестілігі жағынан тиімді ерекшеленеді және оқытудың жаңа ақпараттық технологиясын жасауға мүмкіндік беріп отыр.

Зерттеуші бірлескен ойлау іс-әрекетінің мотивтері, мақсаттары мен мағыналарының қалыптасуы мен дамуының психологиялық механизмдері табиғатын қатаң бақыланатын лабораториялық эксперимент жағдайында, тек белгілі күрделілік дәрежесі бар интерактивтік міндеттер сериясын көрсетіп қана қоймай, сондай-ақ сананың вербалдық және бейвербалдық деңгейінде оларды шешу процесі мен нәтижесін тіркеуге мүмкіндік беретін арнайы құрастырылған құрылғы көмегімен ашып көрсетті. Зерттеуде алынған нәтижелер авторға бірлескен диалогтық танымдық іс-әрекет концепциясын тұжырымдауға мүмкіндік берді. Оның негізінде оқыту процесінің психологиялық құрылымын зерттеу циклдері жүргізілді. Осы зерттеулер нәтижесінде оқыту процесіндегі оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің мейлінше жоғары тиімділігіне жету үшін қажет әрі жеткілікті психологиялық-дидактикалық шарттар анықталынды. Оқыту процесінің тиімділігін психологиялық қамтамасыз ететін бірнеше бөліктерден тұратын жүйе жасалынды: 1) проблемалық, депривациялық, микро-жағдаяттық, ретроспективтік және үзілмелі диалогтар әдістемелері кешені; 2) танымдық іс-әрекетті диагностика жасауға мүмкіндік беретін экспресс әдістеме; 3) оқыту процесін басқарудың ақпараттық жүйесін; 4) оқытудың автоматтыңдырылған тиімді технологиясы. Зерттеушінің арнайы бөліп көрсеткен бірлескен танымдық іс-әрекеті, яғни жаңа психологиялық болмыс танымдық іс-әрекеттің психологиялық табиғатына өзгеше тұрғыдан қарауға мүмкіндік берді[6]. Ғалымның жасаған зерттеу тұжырымдамалары оқытудың психологиялық құрылымын, теориялық-әдіснамалық негіздерін жете дәйектеп, бірегей ғылыми ұстанымды көрсетеді.

С.М. Жақыповтың теориялық-эксперименттік зерттеулерінде, біріншіден, танымдық іс-әрекетте адамның шындықты тануға бағытталған белсенді, мақсатты және жүйелі қызметі. Ол таным процесін бірнеше кезеңдерге бөледі: қабылдау, зейін, есте сақтау, елестету, ойлау және қиял. Бұл құрылымдық тәсіл арқылы ол танымдық процестердің өзара байланысын және олардың оқу-танымдық іс-әрекеттегі рөлін ашады. Екіншіден, ойлау жүйесін зерттеуде, ойлауды тұлғаның мәселелік ситуацияларға жауап беру қабілеті деп, ойлауды іс-әрекеттік тұрғыдан, логикалық, интуитивті, шығармашылық ойлау түрлерін саралай отырып, білім алуда, мәселені шешу және жаңа білімді игерудегі маңызын дәлелдейді, үшіншіден, іс-әрекет пен танымның байланысында, танымдық процестердің тұлғаның мотивациялық саласымен байланысын көрсете, іс-әрекетті психологиялық құрылым ретінде қарастырып, оны білім беру жүйесінде қолдану жолдарын ұсынады. Төртіншіден, білім беру және танымдық белсенділікте студенттердің танымдық белсенділігін арттыратын ынталандыру, рефлексия және оқытудың субъектілік тәсілінің тиімділігін дәлелдейді.

С.М. Жақыпов еңбектері танымдық іс-әрекет пен ойлау жүйесін терең теориялық әрі тәжірибелік негізде қарастырып, Қазақстандағы психологиялық білім мен білім беру әдістемесінің дамуына зор үлес қосты. Оның идеялары қазіргі педагогика мен психологияда кеңінен қолданылады, әсіресе тұлғаға бағытталған білім беру, студенттердің өзіндік ойлау қабілетін дамыту, және кәсіби қалыптасу процесінде маңызды орын алады.

Әдебиеттер

1. Сайлинова К.К., Жұбаназарова Н.С., Бейсенбаева А.К. Ойлау іс-әрекетінде студенттердің әлеуметтік интеллектіндегі ерекшеліктерін зерттеу Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы. №2(147)/2024. - Б. 647-659
2. Ключко В.Е., Джакупов С.М. Мыслительная деятельность и эмоции // Вопросы психологии. 1981. №3. С. 169-173
3. С.М. Джакупов Развитие смысловой теории мышления в концепции совместно-диалогической познавательной деятельности Журнал «Вестник Московского университета. Серия 14. Психология. 2008. №2, С. 180-188
4. Джакупов С.М. Психологическая структура процесса обучения. - Алматы: Қазақ университеті, 2004. С- 312.
5. С.М. Жақыпов, Н.Қ. Тоқсанбаева Психологияны оқыту әдістемесі. - Оқу құралы Алматы «Қазақ университеті», 2013. Б-162
6. Джакупов С.М. Психология познавательной деятельности. - Алма-Ата, 1992. - 193 с.

ТЕХНОЛОГИЯ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ СУБЪЕКТОВ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА ВУЗА ЧЕРЕЗ ПРИЗМУ КОНЦЕПЦИИ СОВМЕСТНО-ДИАЛОГИЧЕСКОЙ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ С.М. ДЖАКУПОВА

*Статья посвящается светлой памяти доктора психологических наук, профессора, Президента Казахской ассоциации психологов
Джакупова Сатыбалды Мукатаевича*

Қасен Г.А.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби
Алматы, Казахстан

Мақала Мұғалім, тәлімгер және диссертацияның ғылыми жетекшісі С.М. Жақыповты еске алуға арналған. Онда С.М. Жақыповтың бірлескен-диалогтық танымдық іс-әрекеті тұжырымдамасын ЖОО-ның білім беру процесі субъектілерінің өзара іс-қимыл технологиясын өзірлеу үшін негіз ретінде қолдануға талпыныс жасалды. Бұл технологияны өзірлеу және одан әрі енгізу идеясы өзара әрекеттесетін тұлғалардың ерекше психологиялық жағдайы ретінде танымдық қызметті қарастыру ұстанымынан туындайды. Бірлескен-диалогтық танымдық іс-әрекет тұжырымдамасына сәйкес заманауи зерттеулер де қамтылған.

Түйін сөздер: бірлескен-диалогтік танымдық іс-әрекет, өзара іс-қимыл, білім беру процесінің субъектілері, оқыту процесінің құрылымы, бірлескен-диалогтік кеңес беру.

Статья посвящена памяти Учителя, наставника и научного руководителя диссертационных исследований – С.М. Джакупова. В статье осуществлена попытка осветить приращение концепции совместно-диалогической познавательной деятельности С.М. Джакупова, как основы, для разработки технологии взаимодействия субъектов образовательного процесса вуза. Идея разработки и дальнейшего внедрения данной технологии исходит из позиции рассмотрения познавательной деятельности, как особого психологического состояния взаимодействующих личностей. Также освещены современные исследования в русле концепции совместно-диалогической познавательной деятельности.

Ключевые слова: совместно-диалогическая познавательная деятельность, взаимодействие, субъекты образовательного процесса, структура процесса обучения, совместно-диалогическое консультирование.

The article is dedicated to the memory of the Teacher, mentor and supervisor of the thesis S.M. Dzhakupov. It attempts to highlight the application of the concept of collaborative dialogic cognitive activity by S.M. Dzhakupov as a basis for the development of technology for the interaction of subjects of the educational process of the University. The idea of developing and further implementing this technology comes from the position of considering cognitive activity as a special psychological state of interacting individuals. Modern research in line with the concept of collaborative dialogic cognitive activity is also highlighted.

Keywords: co-dialogic cognitive activity, interaction, subjects of the educational process, structure of the learning process, co-dialogic counseling.

Введение

4. Low school motivation. These children do not want to go to school, they prefer to drop classes. In classes, they are often engaged in foreign affairs, games. To experience serious difficulties in educational activities. They are seriously adapting to school.

5. Mistreatment of school, school education. Such children have serious difficulties in learning: they do not engage in educational activities, have problems in communication with classmates, in relationships with a teacher.

The school is often perceived by them as a hostile environment, where staying is unbearable for them. In other cases, students may show aggression, refuse to complete assignments, adhere to certain norms and rules.

Often such schoolchildren may have neuropsychic disorders.

Causes of decreased school motivation:

1. Adolescents experience a "hormonal explosion" and an uncertain sense of the future.

2. The ratio of the student to the teacher.

3. The attitude of the teacher to the student.

4. Due to the intense biological process in puberty in girls aged 7-8 years with age, the predisposition to educational activities decreases.

5. Personal significance of the topic.

6. Mental development of the reader.

7. Effectiveness of educational activities.

8. Fear of the school process.

In essence, many modern studies have been carried out on the issue of important factors that significantly affect its quality, since decisions are considered to be related to all areas, functions of professional activity. Decisions are made mainly during the activity cycle, which is not the case when the person reacts to the appropriate way of thinking and necessary situations. To psychological approaches in accordance, decision-making is considered a socio-psychological phenomenon, which, on the one hand, has a cognitive, regulatory, communicative character, and on the other hand, is the basis for the further actions of the individual in the bior area.[7]

P.V.Terelyansky says that a decision-making phenomenon is a continuous system of developing decisions and implementing them in different conditions. That is, to solve some pressing problem, the process of choosing one of the many directions of action is considered.[6]

An important ijtmoi-psychological feature of management decisions is that they make it widely possible to assess the differences between the actual state of the system and the expected new state in emergency situations. V. V. According to Redko, the various decisions made by a person perform the following functions:[7]

- Referrer i.e., organizational decisions aim and objectives of the activity defines;
- Organizing and coordinating, decisions between participants determines the order of their relationship;
- The provider, that is, it is necessary to implement them in decisions the types and amount of resources are indicated.

- Motivating, that is, how decisions reward participants defining phenomenon.

According to H.G.Taloranda's dissertation, the following features will be made to the personality to develop decisions and ensure the maximum opportunity.

- Public;
- Persistence;
- professionalism;
- Openness;
- Result orientation;
- Self-confidence;
- Altruism (self-sacrifice).

These highly noted qualities are considered socio-psychological characteristics that ensure the success of decisions of different content, they are considered one of the structural components of the model of effective decision-making. To date, modern approaches to decision-making have been developed, in which many cognitive styles and types of thinking related to the process are embodied.[7]

For example, researcher K.M.Zakkar according to, the process of making inter-industry decisions is divided into the following stages:

- Identification of a problem situation and its elimination;
- Determination of the purpose of decision making;
- Analysis of the content of the problem situation;
- Choosing the most alternative option or case;
- Control over the implementation of the adopted decision, assessment of its effectiveness etc.

In conclusion, the psychological development of a person, his historical course and deepen conceptual issues related to the development of ontogeny in the study, the trigger of the motivational field is the backbone. Motivation the process of encouraging a person to perform certain behaviors, most often analysis and evaluation of alternative methods, selection and decision making demanding physical-psychologically harmonized essence complex being a process of action, this process becomes more complex and reaches its essence according to which the subject is directed to satisfy the arising base needs determines the process of selection of activities and its implementation.

References

- 1 Chemers M. (1997) An integrative theory of leadership. Lawrence Erlbaum Associates, Publishers. ISBN 978-0-8058-2679-1
- 2 G'oziyev E.G'. "Ontogenez psixologiyasi".-T.: Noshir. 2010
- 3 Yusupov E. Yoshlar o'rtasida vatanparvarlik tarbiyasini amalga oshirish yo'llari.- T.: O'qituvchi, 1996. – B. 187.
- 4 Маркова А. К. Психология труда учителя. М.: Просвещение, 1993.Талаба192 с.
- 5 Бермус А.Г. Проблемы и перспективы реализации компетентностного подхода в образовании. www.eidoc.ru. 2005, 09, 10.
- 6 Терелянский П. В. Теория и методы принятия решений : учеб. пособие / П. В. Терелянский; ВолгГТУ. – Волгоград, 2016. – С.34.
- 7 Редько В. В. Психологічні механізми прийняття рішень у побутовій діяльності: Автореф. дис. ... канд. психол. наук: 19.00.01 / В. В. Редько. – К., 2003. – С.58
- 8 Yo'ldoshev J.A. Levels of Effectiveness of Formation of Citizenship Position in Students Based on the Heritage of Repression Victims // International Journal of Advance Scientific Research (ISSN – 2750-1396) 30-34.
- 9 Norqulova N.T. Affiliatsiya motivi – talabalar ma'naviy qiyofasini shakllantiruvchi ijtimoiy-psixologik omil // Psixologiya fanlari bo'yicha falsafa doktori (PhD) ilmiy darajasini olish uchun tayyorlangan dissertatsiya. T.: 2017, - 144 b.

ПСИХОЛОГИЯ ОБРАЗОВАНИЯ В XXI ВЕКЕ: ПРОБЛЕМЫ И РЕШЕНИЯ

М.Б.Юлдашева

Ферганский государственный университет
Фергана, Узбекистан

Заманауи білім беру жүйесі цифрландыру, жаһандану және оқушылардың когнитивтік қажеттіліктерін өзгерту нәтижесінде жедел трансформациядан өтуде. Мақалада ХХІ ғасырдағы білім беру психологиясының негізгі мәселелері, соның ішінде когнитивті шамадан тыс жүктеме, мотивацияның төмендеуі, цифрлық тәуелділік, әлеуметтік оқшаулану және эмоционалдық интеллекттің жетіспеуі қарастырылады. Икемді ойлау, эмоциялық-бағдарланған оқыту және оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, цифрлық құралдарды біріктіру сияқты заманауи психологиялық тәсілдер негізінде ықтимал шешімдер ұсынылады.

Түйін сөздер: білім беру психологиясы, мотивация, цифрландыру, когнитивті жүктеме, эмоциялық интеллект, цифрлық педагогика.

Современная система образования переживает стремительную трансформацию, вызванную цифровизацией, глобализацией и изменением когнитивных потребностей обучающихся. В статье рассматриваются ключевые проблемы психологии образования в ХХІ веке, включая когнитивную перегрузку, снижение мотивации, цифровую зависимость, социальную изоляцию и недостаток эмоционального интеллекта. Предлагаются возможные решения на основе современных психологических подходов, таких как гибкое мышление, эмоционально-ориентированное обучение и интеграция цифровых инструментов с учётом возрастных и личностных особенностей обучающихся.

Ключевые слова: психология образования, мотивация, цифровизация, когнитивная нагрузка, эмоциональный интеллект, цифровая педагогика.

The modern education system is undergoing rapid transformation caused by digitalization, globalization and changing cognitive needs of students. The article examines key issues of educational psychology in the 21st century, including cognitive overload, decreased motivation, digital addiction, social isolation and lack of emotional intelligence. Possible solutions are proposed based on modern psychological approaches, such as flexible thinking, emotionally-oriented learning and integration of digital tools taking into account the age and personal characteristics of students.

Keywords: educational psychology, motivation, digitalization, cognitive load, emotional intelligence, digital pedagogy.

Психология образования в ХХІ веке находится на стыке традиционных подходов и новых вызовов, продиктованных эпохой цифровых технологий [3]. Изменения в способах получения информации, быстрая скорость современной коммуникации и разнообразие образовательных форматов требуют пересмотра психологических основ педагогического взаимодействия. Главный вопрос, стоящий перед современными учёными и практиками - как адаптировать образовательную среду к изменяющимся когнитивным и эмоциональным особенностям нового поколения? [1].

Актуальные проблемы психологии образования проявляются в следующих аспектах:

- Когнитивная перегрузка – информационная насыщенность приводит к снижению концентрации внимания, ухудшению памяти и трудностям в переработке знаний. Современные учащиеся часто сталкиваются с необходимостью обрабатывать большие объёмы разрозненной информации, что повышает уровень стресса и тревожности.

- Снижение мотивации к обучению - традиционные формы подачи материала теряют эффективность. Молодёжь требует интерактивности, персонализации и визуального контента. Без учета этих факторов у студентов и школьников снижается внутренняя мотивация, усиливаются прокрастинация и отстранённость от образовательного процесса.

- Цифровая зависимость – постоянное использование гаджетов и социальных сетей формирует зависимость, снижает способность к длительной концентрации и углублённому обучению. Также наблюдается рост тревожности, ухудшение сна и снижение общей эмоциональной устойчивости.

- Социальная изоляция - онлайн-обучение и цифровизация усилили проблему социальной отстранённости. Учащиеся испытывают дефицит живого общения, навыков командной работы и эмпатии.

- Низкий уровень эмоционального интеллекта - в условиях информационного общества недооценивается развитие эмоциональной сферы. Недостаток навыков саморегуляции, эмпатии и социального взаимодействия становится барьером в профессиональной и личной самореализации.

Для решения вышеперечисленных проблем психологии образования возможно достичь решение с помощью персонализированного обучения. Использование цифровых платформ и искусственного интеллекта позволяет адаптировать образовательный контент под индивидуальные когнитивные особенности и темп каждого учащегося. Это способствует повышению вовлечённости и снижению перегрузки. Также интеграция эмоционального интеллекта в образовательный процесс через программы SEL – социального и эмоционального обучения помогает развивать самосознание, эмпатию и коммуникативные навыки.

Психологическая устойчивость и способность к адаптации становятся ключевыми навыками XXI века. Образование должно включать формирование установок на рост, критического мышления и рефлексии. Включение в школьную и вузовскую систему психологов, тренингов по управлению стрессом, медитации и практик осознанности может снизить уровень тревожности и выгорания. Гибридное обучение, сочетающее технологии и живое общение, способствует формированию социальных связей и развитию эмоциональной сферы [2].

Также хотелось бы раскрыть развитие психологии образования в Узбекистане. В XXI веке Узбекистан переживает активные социальные, экономические и культурные трансформации, что неизбежно сказывается на системе образования. В центре этих изменений находится человек – ученик, студент, педагог, родитель. Психология образования становится ключевым направлением, которое позволяет глубже понять механизмы формирования личности, мотивации к обучению, психологического климата в образовательных учреждениях и внедрения инновационных подходов в педагогическую практику. Современная система образования требует не только знаний, но и формирования эмоционального интеллекта, устойчивости к стрессам, способности к сотрудничеству и критическому мышлению [4]. В этом контексте психология играет роль неотъемлемого элемента в формировании образовательной среды, соответствующей вызовам времени.

После обретения независимости в 1991 году Узбекистан начал реформировать все сферы, включая образование. Одним из важных направлений стала интеграция психологических знаний в педагогическую практику. В начале 2000-х годов в учебных заведениях начали вводиться должности школьных и вузовских психологов. В педагогических вузах стали преподаваться курсы по психологии образования, возрастной психологии, психодиагностике и коррекционной работе. Особое внимание уделяется научным исследованиям в области психологии образования. Национальные и региональные научные центры проводят исследования в области когнитивного развития, адаптации учащихся, мотивации к обучению, эмоционального благополучия и стрессоустойчивости в образовательной среде. В последние годы активизировались международные исследования в сотрудничестве с университетами Европы и Азии, что позволяет внедрять передовой опыт и адаптировать его к местным реалиям.

Современная психология подчеркивает важность учета возрастных и индивидуальных особенностей учеников. В Узбекистане практикуется возрастной подход к обучению: программы разрабатываются с учетом этапов психического развития ребенка, что позволяет оптимально подбирать методы обучения и воспитания. Психологи активно работают с младшими школьниками, помогая им адаптироваться к учебной деятельности, развивать навыки самоорганизации и сотрудничества. В средней школе внимание уделяется подростковым кризисам, формированию самооценки и построению здоровых социальных связей. В старших классах и вузах – работе с профессиональным самоопределением и стрессами, связанными с экзаменами и выбором жизненного пути.

Мотивация – один из важнейших факторов, определяющих успех обучения. В условиях Узбекистана, где наблюдается высокая конкуренция за места в вузах и активная миграция молодежи в поисках работы, тема мотивации приобретает особую значимость. Психологи проводят диагностику уровня учебной мотивации, выявляют внешние и внутренние факторы,

влияющие на нее. Всё чаще используются современные методы – проектные задания, групповые работы, кейс-методы – которые стимулируют познавательный интерес и активность учащихся [4].

Уровень психологической нагрузки на учеников и студентов возрастает: подготовка к экзаменам, конкуренция, семейные и социальные ожидания. В ответ на это образовательные учреждения начинают внедрять системы психологического сопровождения. Школьные и вузовские психологи проводят консультации, тренинги, семинары по управлению стрессом, развитию коммуникативных навыков, профилактике буллинга и агрессии. Также важной задачей является выявление детей с особыми образовательными потребностями и разработка индивидуальных программ обучения и поддержки.

Развитие цифровых технологий радикально изменило образовательный процесс. С одной стороны, технологии открывают новые возможности для обучения, делают его доступным и интерактивным. С другой стороны, порождают психологические риски: цифровую зависимость, дефицит живого общения, рассеянность внимания. Психологи разрабатывают рекомендации по здоровому использованию гаджетов, формированию цифровой гигиены и балансу между онлайн- и офлайн-обучением. В условиях пандемии COVID-19 и перехода на дистанционное обучение этот вопрос стал особенно актуальным.

Современный педагог становится не просто передатчик знаний, а он - наставник, психолог и лидер. В связи с этим в Узбекистане ведется работа по повышению психологической компетентности учителей. В рамках курсов повышения квалификации педагоги изучают основы конфликтологии, психологии общения, техники эмоциональной регуляции и методы работы с трудными детьми. Также внедряются элементы коучинга и менторства, позволяющие выстраивать более доверительные и эффективные отношения с учениками.

Несмотря на позитивные изменения, существует *ряд проблем*, требующих внимания:

- Нехватка квалифицированных школьных психологов в сельских регионах.
- Недостаточная информированность родителей о важности психологической поддержки.
- Формальный подход к психологической работе в некоторых учебных заведениях.
- Культурные стереотипы и табу, связанные с обращением к психологу.

Однако с каждым годом наблюдается рост интереса к психологии, особенно среди молодежи. Повышается престиж профессии психолога, расширяются возможности обучения, появляются частные психологические центры и онлайн-сервисы психологической помощи. В перспективе важными направлениями станут развитие инклюзивного образования, внедрение психолого-педагогического мониторинга и цифровых платформ в диагностике и сопровождении учащихся.

В заключении нужно отметить, что психология образования в XXI веке в целом сталкивается с комплексом новых задач, требующих мультидисциплинарного подхода. Актуальность развития эмоционального интеллекта, персонализации обучения и внедрения практик психологической поддержки возрастает на фоне глобальных изменений в обществе. Интеграция психологических знаний в педагогическую практику становится необходимым условием успешной адаптации образовательной системы к вызовам современности.

Психология образования в Узбекистане в XXI веке становится неотъемлемой частью процесса формирования гармоничной, устойчивой и успешной личности. Переосмысление роли психолога в образовательной системе, рост внимания к психоэмоциональному состоянию учащихся и педагогов, внедрение научных подходов – всё это говорит о переходе к более человечному, внимательному и индивидуализированному образованию. В условиях стремительного развития общества и технологий психология образования приобретает стратегическое значение, помогая сделать учебный процесс не только эффективным, но и здоровым, поддерживающим и развивающим.

Литература

1. Акулич М.М. Глобализация и образование // Безопасность Евразии. – 2006. - № 2. - с. 146-16
2. Мясников В.А. Образование сегодня: новые возможности, новые проблемы // Мир образования – образование в мире. - 2008. - № 1. - с. 41-53.
3. OECD (Organisation for Economic Co-operation and Development). Future of Education and Skills 2030 project.
4. Серия аналитических докладов об образовании будущего: <https://www.oecd.org/education/2030-project/>.

5. Yuldashev, F., & Yuldasheva, M. (2021). Prospects of the educational system in Uzbekistan. § Рецензенты сборника, 308.

ЖОО-ДАҒЫ БІРІНШІ КУРС СТУДЕНТТЕРІНІҢ БЕЙІМДЕЛУ ҚИЫНШЫЛЫҚТАРЫН ЖЕҢУДЕГІ МОТИВАЦИЯНЫҢ ӘСЕРІ

Болтаева А.М., Әсетова Ж.Ә.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан

Бұл мақалада жоғары оқу орнына енді ғана түскен 1-курс студенттерінің жаңа ортаға бейімделу барысында кездесетін психологиялық, әлеуметтік және оқу үдерісіне байланысты қиындықтары қарастырылады. Мектептен кейінгі ортадан мүлде өзгеше жаңа өмір салты, бейтаныс орта мен академиялық талаптар студентке үлкен жауапкершілік жүктейді. Осындай жағдайда мотивация – студенттің бұл қиындықтардан сүрінбей өтуіне көмектесетін негізгі күш. Мотивация адамның ішкі сенімін нығайтып, алға ұмтылуға итермелейді. Мақалада мотивацияның түрлері (ішкі және сыртқы) және оны арттырудың нақты жолдары, сондай-ақ мотивация мен бейімделу арасындағы байланыс жайлы жан-жақты баяндалады. Сонымен қатар, студенттерге көмектесу үшін университет тарапынан қандай қолдау түрлері тиімді болатыны жайлы ұсыныстар берілген.

Түйін сөздер: мотивация, бейімделу, студент, қиындық, психологиялық қолдау.

В статье рассматриваются психологические, социальные и учебные трудности, с которыми сталкиваются студенты первого курса при адаптации к новой среде. Переход от школьной системы к студенческой жизни требует от них самостоятельности, умения принимать решения и справляться с новыми требованиями. В статье подробно раскрываются виды мотивации (внутренняя и внешняя), стратегии по её укреплению, а также связь мотивации с успешной адаптацией. Также предложены эффективные формы поддержки со стороны вуза для улучшения адаптационного периода студентов.

Ключевые слова: мотивация, адаптация, студент, трудности, психологическая поддержка.

This article explores the psychological, social, and academic challenges faced by first-year students as they adapt to a new environment. Transitioning from school to university life requires students to develop independence, decision-making skills, and the ability to meet new expectations. The article examines the different types of motivation (intrinsic and extrinsic), strategies for enhancing it, and the relationship between motivation and successful adaptation. It also outlines effective forms of university support to ease students' transition into academic life.

Keywords: motivation, adaptation, student, difficulties, psychological support.

Жоғары оқу орнына жаңадан түскен студент үшін алғашқы жыл өте маңызды болады. Бұл өміріндегі үлкен өзгерістер кезеңі болып саналады. Бұрынғы мектеп, сыныптастар мен үйреншікті орта артта қалып, жаңа ортаға, жаңа адамдар, жаңа ережелер, жоғары талаптарға үйреніседі. Сонымен қатар, кейбір студенттер алғаш рет ата-анасынан жырақ өмір сүреді, жатақханаға немесе жалдамалы пәтерге көшеді. Мұның бәрі оған бұрын болмаған жауапкершіліктерді, сенімділікті жүктейді. Осы кезеңде көптеген студенттер жалғыздықты, қорқынышты немесе өзіне деген сенімсіздікті сезінуі мүмкін. Көп сабақтар, күрделі тапсырмалар мен уақыт тапшылығы да бейімделуді қиындатады. Бұл кезде студентке ең керегі – ішкі ынта, яғни мотивация және сыртқы қолдаудың болуы.

Ал мотивация – адамның әрекеттерін, таңдауларын бағыттайтын ішкі және сыртқы күш. Мотивация әрекеттердің ұйымдасқандығын және мақсатқа бағытталған іс-әрекеттің тұрақтылығын түсіндіреді. Бұл жерде мотивациядан бөлек ерекше ұғым - мотивті де айта кету керек. Мотив – адамның белгілі бір әрекеттер жасауына түрткі болатын ішкі себеп десек болады. Мотивті жүзеге асыруда қажеттілік ұғымы үлкен рөл атқарады. Қажеттілік организмді белсендіреді, мінез-құлықты ынталандырады және әрекетке итермелейді. Студенттерде

қажеттіліктер өте көп әрі алуан түрлі болып келеді. Олар көп нарсені қажетсінір тұрады. Мысалға, физиологиялық, органикалық қажеттіліктер, рухани, әлеуметтік және мәдени қажеттіліктерді де жатқызсақ болады [4,4656].

Е.П. Ильин мотивацияны адамның ішкі қажеттіліктері мен мақсаттарына жету жолындағы қозғаушы, итермелеуші күші деп түсіндіреді. Демек, мотивация студенттің жаңа ортаға тез және тиімді бейімделуіне ықпал ететін фактор. Осы мақалада біз 1-курс студенттері қандай қиындықтарға тап болатынын, сол қиындықтарды қалай жеңуге болатынын және бұл жерде мотивацияның қандай рөл атқаратынын қарастырамыз.

Бейімделу дегеніміз – адамның жаңа ортаға үйренуі және сол ортаға сәйкес болу процесі. Әлеуметтік бейімделу – бұл адамның жаңа әлеуметтік ортаға, жұмыс немесе оқу саласына психологиялық тұрғыдан бейімделуі, яғни адамның өз мақсаттары мен қажеттіліктерін сол ортада жүзеге асыра алуы.

Ф.В. Шарипов еңбегінде, жоғары оқу орнының қазіргі басты мәселелерінің бірі – студенттердің университетке алғаш келгендегі әлеуметтік бейімделу мәселелерін қарастырады. Бейімделу бірнеше түрге бөлінеді:

Дезадаптация – адам жаңа ортаға сәйкес келмей, мақсаттары мен іс-әрекеттері нақты болмай, қарым-қатынасы мен шешілетін мәселелері тарылып, жаңа ортадағы нормалар мен құндылықтарды қабылдамай, оларға қарсы тұруы мүмкін.

Пассивті бейімделу – адам жаңа ортадағы нормалар мен құндылықтарды қабылдап, бірақ оларды өзгертуге ұмтылмайды. Мұндай адам үшін мақсаттар қарапайым, іс-әрекеттер жеңіл, бірақ ол тек шектеулі мәселелерді шешеді.

Белсенді бейімделу – адам жаңа ортадағы нормалар мен құндылықтарды қабылдап, өзінің іс-әрекеті мен қарым-қатынасын сол негізде құрады. Мұндай адам өзін толық жүзеге асыру үшін әртүрлі жаңа мақсаттарды қалыптастырады және оның қызығушылықтары мен қарым-қатынас ауқымы кеңейеді.

Бірінші курс студенттерінің бейімделуіне әсер ететін бірнеше мәселелерді айтасақ болады:

- Мектепте алған білім деңгейінің жеткіліксіздігі: яғни, көптеген университеттерде студенттерді қабылдау бәсекесіз өтеді, бұл кейде оқу деңгейіне әсер етеді.
- Уақытты жоспарлай алмай: яғни, көптеген студенттер алғашқы курсқа келгенде күн тәртібін тиімді ұйымдастыра алмай, қиналады.
- Жаңа ақпаратты игеруге дайын болмай: студенттер жаңа білім көлемін меңгеруге психологиялық тұрғыдан дайын емес, үлгере алмай жатады.
- Оқытушылар тарапынан қойылатын жоғары талаптарға дайын болмау, жаңа ортаға, жаңа білімдерге дайын болмау.
- Кейбір студенттердің еңбексүйгіштігінің жоқтығы, ерік күші мен оқу ықыласының төмендігі, қызығушылықтың жоқ болуы

Сонымен қатар, бірінші курс студенттерінің төмен оқу үлгерімінің себептері мыналар болуы мүмкін.

- Мектеп пен университеттегі оқу ұйымдастыру әдістері мен формалары арасындағы айырмашылықтар.
- Дайындық жұмыстарына жүйелі бақылаудың болмауы.
- Дәрістерді үнемі өткізіп алу және оқуға салғырт қарау.

Бірінші курс студенттерінің бейімделуі өзіндік орнымен қалыптасу үшін олардың әлеуметтік, психологиялық және оқу қабілеттерін дамытуда арнайы жұмыс істеп, шешімін табу жолдарын анықтау керек. Бірінші курсқа дайындық және бейімделу кезінде көптеген қиындықтар туындап, шеттеліп қалатын студенттер көп. Студенттің әлеуметтік бейімделуіне көптеген факторлар әсер етеді, оның ішінде жеке тұлғаның психологиялық ерекшеліктері, мақсаттары, әдеттер мен дағдылар, оқу мотивациясы және денсаулық жағдайы кіреді және ішкі, сыртқы мотивациясы төмее болуы[1,3196].

С.И. Гессеннің теориясына сәйкес, университеттік білім тұлғаның дамуындағы үшінші сатыға сәйкес келеді. Яғни, бұл кезеңде адамның «Мен» тұжырымы жетіледі. Дүниетанымы қалыптасатын кезең болып саналады. Алайда тек осы сатыны тұлғаның дамуын анықтайтын жалғыз кезең деп есептеу дұрыс емес, себебі бұл кезеңнің нәтижелі болуы, оның шығуы, балалық шақтағы сапалы даму мен қоршаған ортаны, оның заңдылықтарын белсенді тану кезеңінсіз мүмкін емес. Демек, студенттің мектепке дейінгі және мектептегі кезеңдегі дамуы тұлғаның қалыптасуында үлкен рөл атқарады. Осы ерекшеліктерді ескермейінше, білім беру

үдерісінен лайықты нәтиже күту қиын. Жоғары оқу орнында оқу барысында бірінші курс студенттері бұрын мектепте кездеспеген жаңалықтарға тап болады. Мысалы, дәрістер 1-1,5 сағатқа созылады, оқу жылы тоқсан емес, семестрлерге бөлінеді, ал әр семестр сессиямен аяқталады. Оның өзі өте алмаса жаздық оқуға қалып оқитын болады.

Сондай-ақ мектептегі білім беруде оқу үдерісі «жекеден жалпыға», «қарапайымнан күрделіге», «жақыннан алыстауға», қағидаттары бойынша құрылған болса, ал жоғары оқу орнында керісінше: оқытушылар сабақта «жалпыдан жекеге», «алыстан жақынға», «тұтастан бөлшекке» бағытында оқыту жүргізеді.

Сонымен қатар, студенттерге жаңа ортаға, күн тәртібіне бейімделуге, ақпаратты тез талдауды үйренуге, стресске төтеп беруге, жауапкершілікті сезіну және өз бетінше жұмыс істеуді меңгеру қажет болады. Студент көп әрі жылдам жазуға үйренуі қажет, себебі көптеген мәліметтер тек дәріс барысында ғана беріледі жыне толық қамтылмай қалады[2, 3-б].

Студенттер арасында жетекші оқу мотивтері «кәсіби» және «жеке беделге» негізделген, ал «прагматикалық» және «танымдық» мотивтер аз маңызды болып табылады (А.Н. Печников, Г.А. Мухина, 1996). Бұл, әртүрлі курстарда жетекші мотивтердің рөлі өзгеріп отыратынын көрсетеді. Бірінші курста басты мотив – «кәсіби», екінші курста – «жеке бедел», үшінші және төртінші курстарда – екеуі де, төртінші курста тағы «прагматикалық» мотивация қосылады. Оқытудағы табысты болу көбіне «кәсіби» және «танымдық» мотивтерге байланысты болды. «Прагматикалық» мотивтер негізінен нашар үлгеретін студенттерде байқалды. Жақсы оқитын студенттерде «кәсіби», «танымдық» және «жалпы әлеуметтік» мотивтер көбірек байқалды.

А.И. Гебос студенттердің оқу мотивациясын қалыптастыруға ықпал ететін факторларды келесідей көрсетті:

- оқу мақсаттарының жақын және түпкілікті мақсаттарын түсіну;
- игерілетін білімдердің теориялық және практикалық маңызын түсіну;
- оқу материалының эмоционалды түрде баяндалуы;
- ғылыми ұғымдардың дамуы бойынша «перспективалық бағыттарды» көрсету;
- оқу іс-әрекетінің кәсіби бағыттылығы;
- оқу іс-әрекетінде проблемалық жағдайлар туғызатын тапсырмаларды таңдау;
- оқу тобында қызығушылық пен «танымдық психологиялық климаттың» болуы[3, 264-б].

П.М. Якобсон оқу іс-әрекетінің мотивтеріне қатысты өз классификациясының 3 түрін ұсынған:

Оның айтуынша, оқу мотивтерінің бірінші түрі «теріс» мотивтер деп көрсетті. Бұл мотивтер студенттің қандай да бір қиындықтар мен қолайсыздықтардан туындайтын мотив. Мысалға: сөгіс алу, ата-анасының қатты ескертулері және ортамен келісе алмау, апайлармен конфликт болу т. б. Мұндай мотивацияда оқуға ешқандай қызығушылықсыз, білім алуға деген ынта жоқ, тек оқу орнына бару қажеттілігі ғана туындайды. Екінші түрі мотивтер П.М. Якобсонның пікірінше, оқу іс-әрекетінің сыртқы жағдайларымен байланысы, бірақ ол оқу процесіне оң әсерін тигізеді. Қоғам тарапынан ықпал ету студентте білім алу міндетін сезінуін қалыптастырады, бұл білім алу студентті толыққанды азамат болып қалыптасуға міндеттейді. Үшінші типтегі мотивация, оқу процесінің өзімен байланысты. Яғни, оқуға деген ынталандыру білімге деген қажеттілік, қызығушылық, жаңаны үйренуге деген ұмтылыс болып табылады. Студент жаңа материалды меңгеру барысында өз білімінің өсуінен қанағаттану алады; оқу мотивациясы тұрақты танымдық қызығушылықтарды көрсетеді[3,266-б].

Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді студенттердің типологиясына қатысты бірнеше көзқарас бар. Алайда ерекше қызығушылық тудыратын жіктеу, бұл студенттерді үш топқа бөлуге негізделген типология:

- Білім алуды кәсіби жол ретінде қарастыратын студенттер;
- Білімді жеке бизнесін дамыту құралы ретінде қарайтын студенттер;
- «Өзін анықтамаған» студенттер, яғни ағынмен жүзіп келе жатқан, білім мен мамандыққа қызығушылығы жоқ студенттер. Мүмкін олар кейінірек өз жолын табар, ал мүмкін мүлдем таба алмауы да ықтимал болып табылады.

Бұл ретте студенттің психологиялық дайындығы мен мотивациясы басты рөл атқарады. Себебі, жаңа ортаға үйрену, өз орнын табу және академиялық міндеттерді орындау үшін тек білім мен қабілет жеткіліксіз – ішкі сенім, өзін-өзі басқару қабілеті мен табандылық қажет болып табылады[2, 5-б].

Бейімделу кезеңінде студент түрлі психологиялық қысымға ұшырайды: өзіне сенбеу, жалғыздық, ортадан бөлектену, эмоционалдық тұрақсыздық. Бұл жағдайларға әсіресе үйінен жыраққа алғаш рет шыққан жастар жиі тап болады. Мұндай жағдайларда мотивация – студентке алға жылжуға көмектесетін ішкі қуат көзі ретінде әрекет етеді. Мақсаты айқын, оқуға қызығушылығы жоғары студент мұндай қиындықтарды уақытша өткел деп қабылдайды және оларды жеңу жолдарын іздейді. Ал мотивациясы төмен студент үшін бұл кедергілер үлкен проблемаға айналуы мүмкін. Сондықтан студенттердің ішкі сенімін, мақсатқа деген ұмтылысын қалыптастыру – бейімделу кезеңін табысты өткізуге негіз болады[4, 96-6].

Қорытындылай келе, студенттің академиялық және тұлғалық дамуы үшін мотивацияны қолдау – оқу орны мен оқытушылардың ортақ міндеті. Ал студенттің өзі үшін бұл – өмірге деген дұрыс көзқарас қалыптастыру жолындағы алғашқы маңызды қадам. Бірінші курс студенттері үшін университетке алғаш қадам басу – өмірлеріндегі үлкен әрі жауапты кезеңнің басталуы. Бұл уақытта олар тек білім ғана емес, жаңа ортада өмір сүруді, дербес шешім қабылдауды және психологиялық тұрақтылықты меңгереді. Жаңа ортаға бейімделу барысында кездесетін қиындықтар – жалғыздық, оқу жүктемесінің ауырлығы, уақыт тапшылығы, әлеуметтік байланыстар орната алмау – әрбір студенттің психологиялық жай-күйіне әсер етеді. Осындай жағдайда мотивация – студенттің бұл кезеңнен сүрінбей өтуіне көмектесетін маңызды фактор. Ішкі мотивациясы жоғары студент оқу үдерісіне қызығушылықпен қарап, мақсатқа жетуге талпынады. Ал сыртқы мотивация (баға, ата-ана үміті, стипендия т.б.) уақытша ынталандыру болғанымен, ол ұзақ мерзімді нәтиже бермеуі мүмкін. Сондықтан білім беру мекемелері студенттердің ішкі мотивациясын оятуға, қолдауға және дамытуға жағдай жасауы тиіс.

Әдебиеттер

1. Педагогика и психология высшей школы: учеб. пособие / Ф.В. Шарипов. – М.: Логос, 2012. – 448 с. – (Новая университетская библиотека).
2. 10 трудностей с которыми сталкиваются первокурсники. Скорая помощь для зеленых студентов [Электронный ресурс] URL: <https://adukar.com/ru/news/abiturientu/10-trudnostej-s-kotorymi-stalkivayutsya-pervokursniki>. С-2-5.
3. Ильин Е. П. И 46 Мотивация и мотивы. - СПб.: Питер, 2002 - 512 с: ил. – (Серия «Мастера психологии»)
4. Немов Р.С. Психология: Учеб. для студ. высш. пед. учеб. заведений: ТВ 3 кн. – 4-е изд. – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2003. - Кн. 1: Общие основы психологии. – 688 с.

СТУДЕНТТЕРДІҢ МОТИВАЦИЯЛЫҚ – ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫ МЕН ОҚУ ҮЛГЕРІМІНІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Жубаназарова Н. С.¹, Қабылғажы Е.¹, Жұмағали А.А.²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
²207 Мектеп-Лицей
Алматы, Қазақстан

Бұл мақалада кәсіби мотивация ұғымының теориялық негіздері, студенттердің оқу іс-әрекетіндегі танымдық қажеттіліктер мен мотивтердің құрылымы қарастырылады. Сонымен қатар оқытушы мен студенттің өзара іс-әрекеті негізінде кәсіби мотивацияны қалыптастыру ерекшеліктері сипатталады. Қазіргі кезеңдегі зерттеулерге сүйене отырып, кәсіби іс-әрекетті ынталандырудың полимотивациялық табиғаты мен мотивациялық құрылымының көпқырлылығы талданады. Мамандық таңдаудағы ішкі және сыртқы факторлардың әсері, кәсіби мотивацияның қалыптасуына ықпал ететін негізгі психологиялық механизмдер де ғылыми тұрғыда негізделеді.

Түйін сөздер: кәсіби мотивация, оқу іс-әрекеті, студент, мотив, мамандық таңдау.

В статье рассматриваются теоретические основы понятия профессиональной мотивации, структура познавательных потребностей и мотивов в учебной деятельности студентов. Также описываются особенности формирования профессиональной мотивации на основе взаимодействия преподавателя и студента. Опираясь на современные исследования, анализируется полимотивационная природа профессиональной деятельности и многогранность мотивационной структуры. Рассматривается влияние внутренних и внешних факторов при выборе профессии, а также основные психологические механизмы, способствующие формированию профессиональной мотивации.

Ключевые слова: профессиональная мотивация, учебная деятельность, студент, мотив, выбор профессии.

This article examines the theoretical foundations of the concept of professional motivation, the structure of cognitive needs and motives in students' academic activities. It also describes the features of professional motivation formation based on the interaction between the teacher and the student. Based on current research, the poly-motivational nature of professional activity and the multidimensionality of motivational structure are analyzed. The influence of internal and external factors in career choice, as well as the main psychological mechanisms influencing the formation of professional motivation, are scientifically substantiated.

Keywords: professional motivation, academic activity, student, motive, career choice.

Кіріспе. Адамның мотивациялық саласының негізгі компоненттері ретінде келесі мотивациялық формаларға бөлінеді: диспозициялар (мотивтер), қажеттіліктер мен мақсаттар. Барлық мүмкін диспозициялардың ішіндегі ең маңыздысы, Р.С. Немовтың пікірінше, қажеттілік болып табылады. Қажеттіліктердің әрқайсысы көптеген жағдайларда жүзеге асырылуы мүмкін немесе әртүрлі заттардың көмегімен қанағаттандырылған), сондай-ақ мотивтердің әрқайсысы дәйекті түрде алға қойылған мақсаттардың әртүрлі қатынастарымен қанағаттандырылуы мүмкін. Сол сияқты, қызығушылық кез-келген салада бағдарлауға, жаңа фактілермен танысуға, шындықты толық және терең көрсетуге ықпал ететін мотив ретінде әрекет ете алады. Қызығушылық танымның қозғаушы механизмі ретінде тұрақты әрекет етеді [1, 496 б.]. Таным қажеттіліктерін, өз кезегінде, келесідей бөлуге болады:

- білімгерлерді жаңа ақпаратты іздеу және меңгеруге бағыттайтын танымдық мотивтерге;

- білімгерді білім алудың оқу-танымдық әдістерін меңгеруге бағыттайтын мотивтер (бұл жерде студенттің өз бетінше білім алып, оқу қызметін өз бетінше реттей алатын және оқу еңбегінің процесін ақылға қонымды ұйымдастыра алатын тәсілдерді қолдануға деген жеке қызығушылығын білдіреді);

- білімгердің білім іздеу әдістемелерін жақсартуға бағыттайтын өздігінен білім алу мотивтері [2, 161 б.]. Қазіргі кезде ғалымдар студенттердің кәсіби мотивациялық құрылымымен қатар білім беруді жүзеге асырушы педагогтың жеке тұлғасын, мотивациясын психологиялық зерттеудің қажеттілігін бірауыздан мақұлдайды. Бұл бағыттағы зерттеудің маңыздылығы білім беру мен тәрбиелеудің мақсаты мен мотивін анықтаудан тұрады. Студенттердің кәсіби мотивациясы оның тікелей айналысатын күнделікті іс-әрекеті барысында қалыптасатындықтан оқыту мен тәрбиелеу жағдайындағы кәсіби мотивтердің маңызы зор.

Негізгі бөлім: Оқу мазмұнын және студенттерге білім беруде қолданылатын әдіс- тәсілдерді анықтау тікелей оқытушы іс-әрекетіне байланысты. Оқытушының іс- әрекеті тұлғалық өсуге дайындық жасау кезінен басталады. Мұндағы ең маңыздысы - студенттер игеруге тиіс білім қорының құрылуы мен жүйеленуі, яғни оқытушы даярлаған білім қоры сабақ кезінде психологиялық тұрғыдан танымдық іс-әрекеттің тұлғалық өсуге әсер етуші мотиві болады. С.М. Жақыпов, Н.Қ. Тоқсанбаеваның зерттеулерінің нәтижесінде: «Топтық оқыту жағдайында студенттердің бірлескен ойлау іс-әрекетінің табиғатын қалыптастырудың маңызды алғышарты – олардың мотивациялық мағыналық құрылымын қалыптастыру... Мұның басты шарты оқыту үрдісінде тек білім ғана емес, сонымен бірге білімдердің мағынасын жеткізе білу», - деген тұжырым жасайды. Оқытушы мен студенттердің бірлескен іс-әрекетінің «мета немесе формальды», «макро немесе жеке адамдық», «микро немесе іс-әрекеттік» деңгейлерінде бастапқыда әр индивидке тән жеке мотив, қажеттілік, ұмтылыстар мен талпыныстардың мазмұны жағынан танымдық, формасы бойынша ірлескен- диалогтық іс-әрекетке айналуы

өтеді [3]. Біздің ойымызша ғалымдардың бұл пікірі жоғары оқу орындарындағы болашақ мамандарды кәсіби даярлау жүйесінің маңызды жағдаяты болып табылады.

Болашақ мамандардың оқу іс-әрекетінің мағыналылығына олардың өмір сүру образдары ықпалын зерттеуші Ф.С. Ташимованың пікірінше, кәсіби оқыту аясы болашақ маманның өміріндегі маңызды кезең. Сондықтан да, кәсіби даярлық студенттік қажеттіліктер жүйесін неғұрлым жоғары қанағаттандыру арқылы жоғарғы маңыздылыққа ие болады. Ол үшін студенттерге қажеттіліктердің қандай жүйесі тән екендігін білу қажет. Ф.С. Ташимова өзінің осы салада жүргізген ғылыми зерттеулерінің нәтижесінде төмендегідей тұжырымдарға келеді:

оқу іс-әрекетінің мағынасы студенттің өмір сүру образымен себептендіріледі;

оқу іс-әрекетінің бір мағынасы студенттің өмірлік бағыттылығы мен өзін-өзі жүзеге асыру ерекшеліктерінің арақатынасын қамтамасыз ететін қажеттіліктер жүйесі арқылы анықталады [4, 64 б.].

Кәсіби білім беру жүйесіндегі мазмұндық әрі уақыттық өлшемі жағынан алғанда ең маңыздысы – оқу іс-әрекеті болғандықтан, автор өз зерттеулерінде болашақ маман өміріндегі оқу іс-әрекетінің қаншалықты мәнділігін, оның қандай қажеттіліктер жүйесін қанағаттандыратынын, яғни студенттер үшін оқудың тұлғалық мағынасын олардың механизмдері мен детерминанттарын анықтауды басты мақсаттардың бірі ретінде қарастырады.

Зерттеу мәселеміздің мақсатына сәйкес еліміздегі кәсіби мотивация мәселесіне арналған маңызды әрі соңғы зерттеулердің қатарында Г.М. Карибаеваның «Кәсіби іс-әрекеттің мотивациялық құрылымының ерекшеліктері» тақырыбында қорғалған ғылыми жұмысын атауға болады. Бұл жұмысты кәсіби мотивация саласында мемлекеттік тілде жазылған ғылыми зерттеулердің алғашқысы деп бағалауға болады. Автор өзінің жүргізген ғылыми зерттеу жұмыстарының негізінде қандай да бір кәсіби іс-әрекеттің мотивациялық құрылымының ерекшеліктерін анықтау арқылы олардың өз кәсібіне қатысты қажеттіліктерінің қанағаттану дәрежесін анықтауға болады деген тұжырымға келеді. Сонымен қатар, тұлғаның мотивациялық құрылымының бағыттылығында кәсіби іс-әрекеттің сыртқы және ішкі мотивацияларының басымдылығымен сипатталады [5, 40 б.].

Автор пікірінше, қызметкерлердің кәсіби іс-әрекетінің жетекші мотивтерін басшылыққа ала отырып, әрбір кәсіби мотивациялық іс-әрекеттің өзіне тән ерекшеліктерін анықтауға қол жеткізуге болады. Автор бұл орайдағы тұжырымдарын әртүрлі салада еңбек ететін мамандық иелеріне (экономист, заңгер, оқытушы, дәрігер) жүргізілген ғылыми зерттеу жұмыстары барысында алған мәліметтерінің салыстырмалы талдауы арқылы бекітіп отырады.

ЖОО-да оқу барысында кәсіби қызметтің мотивациясын қалыптастырудың негізгі мәселесі: студенттің оқу іс-әрекетінің өзі игеретін кәсіби қызметке қатысты өзектілігі бір қызметтің түрі түбегейлі өзгеше болуы керек [6, 73 б.]. Кәсіби іс-әрекеттің мотиві мен мақсатын тану бірқатар танымдық ерекшеліктерге ие және оның объективті себептерін тану жолымен сәйкес келмейді. Кәсіби іс-әрекет ретіндегі мақсат пен мотивке тән сипат. Сонымен бірге мотив және мақсат қайталанбайды, тексеру барысында оны қайтадан еске түсіру мүмкін емес.

Ю.М. Орлов мотивация мәселелерінің жеткіліксіз дамуына байланысты, сондай-ақ, белгілі бір қажеттілікке байланысты мотивтердің жиынтығын белгілеу үшін «мотивациялық синдром» термин енгізді. Мотивацияны зерттеумен айналысып, ол жетістікке жету, қосылу, үстемдік мотивтерімен таным қажеттілігінің мотивтерін «кәсіп өту» фактісін атап өтеді. Бұл, оның пікірінше, бір мотивті басқалардың мотивтеріне әсер етуге ынталандыру арқылы мүмкіндік береді [7, 282 б.]. Сонымен, кәсіби қызмет атқарушы тұлғаның кәсіпкерлік құрылымындағы мотивациялық аймағының бірнеше маңызды және ерекше қызметтері бар. Кез келген адамның өмірінде мамандық таңдауына мүмкіншілік береді, белгілі бір кәсіп түріне тұрақты түрдегі қызығушылықты қалыптастырады; екіншіден, кәсіби тұлғаның ерекше маңызды қасиеттерінің дамуына мүмкіндік береді және қамтамасыз етеді; үшіншіден, кәсіби тұлғаның өз кәсібі саласында кәсіпқойлық деңгейіне өсуіне байланысты ынталандырушы қызмет атқарады.

Е.П. Ильин кәсіби қызметтің мотивациясы үш бағытта зерттелетінін атап өткен. Олар, еңбек мотивтері, мамандық таңдау мотивтері және жұмыс орнын таңдау мотивтері. Еңбек мотивтері - бұл адамды еңбекпен айналысуға мәжбүр ететін себептер (жұмыс қажеттілігі туралы, әлеуметтік көзқарас; табыс материалдық және рухани қанағаттану құралы ретінде қажеттіліктерін қанағаттандыру; шығармашылықта, беделде, өзін-өзі көрсету, қоғамдық мойындау және құрметтеу). Отбасындағы және мектептегі еңбек тәрбиесі еңбек қызметінің

мотивтерін қалыптастыру мен дамытудан тұруы керек, олар мамандық таңдау мотивтерінің қалыптасуына әкеледі [8, 373 б.].

Э.С. Чугунова мамандық пен жұмыс орнын таңдау мотивтерін талдау негізінде кәсіби мотивацияның типологиясын атады. Ол кәсіби мотивацияның басым түрін анықтайды: инженерлік қызметке тұрақты қызығушылық кәсіби мотивацияның ситуациялық түрі (мамандықты таңдаған адамның мүдделеріне әрдайым сәйкес келмейтін өмірлік жағдайлар мен кездейсоқ жағдайлардың әсері); кәсіби мотивацияның конформистік (немесе ұсыныс) түрі (жақын адамнан мамандық таңдау кезінде әлеуметтік орта - туыстар, достар, таныстар адамға қысым жасау).

Кәсіби мотивтерді қалыптастыру мәселесі оның полимотивациясына байланысты өте күрделі. Сондықтан жеке кәсіби мотивтің «таза мәдениетін» бөліп көрсету немесе оны басқаларға тәуелсіз қалыптастыру мүмкін емес. Кәсіби іс-әрекетті ынталандырудың интегративті моделін құру қажет, бұл «кәсіби мотивтер» ұғымының анықтамасын нақтылауға, жалпы идеяны құруға оны жүйелі тұрғыдан қалыптастыру және зерттеу мәселесін одан әрі қарастыруға көшуге мүмкіндік береді. [9, 136 б.].

Мамандық таңдау – өте күрделі және кейде ұзақ мотивациялық процесс, себебі мамандықты дұрыс таңдаудан адамның өз өмірімен қанағаттануы байланысты.

Кәсіптің саналы таңдауы адамның әлеуметтік құндылықтарға бағдарлануымен жүреді. Егер адам үшін ең бастысы қоғамдық бедел болса, онда мамандық қазіргі сұранысқа, қоғамдағы мамандықтың беделіне сүйене отырып таңдалады. Көптеген адамдар олардың материалдық әл-ауқатын қандай дәрежеде қамтамасыз ете алатынына байланысты мамандықты таңдайды.

Көптеген адамдар қызығушылық танытуына байланысты мамандықты таңдайды және бұл қызығушылықтың романтикалық сипаты бар. Таза сыртқы әсерге негізделген немесе ата-аналардың, достардың кеңестерінің негізінде таңдалған мұндай таңдау сәтті болады. Бірақ көп жағдайда, таңдалған мамандыққа адам моральдық, физиологиялық, психикалық жағынан дайын емес болып шығады, жұмыс адам үшін азапқа айналады және мамандықты өзгертуге мәжбүр етеді.

Өзінің «Жеке адам психологиясы: Жалпы психологиялық талдау принциптері» монографиясында А.Г. Асмолов Марк Аврелийдің тұжырымдамаларына сүйене отырып: «Әрбір адамның бағасы, оның қаншалықты бағаға әрекет жасайтынына тең», – деп тұлға құрылымындағы құндылықтардың рөліне баса назар аударады. Атап айтқанда, ол адам өмір сүретін құндылықтар, ұмтылатын мақсаттар шын мәнінде жеке адам психологиясы феномендерінің кеңістігіне кіретінін атап өтті, алайда олар да тұлғаны тірілтетін күш болып келмейді.

Ол ежелгі грек философы Сократ қашып, Афинадан кету мүмкіндігін пайдаланбай, неге қарауылда қалып, улы тамақ ішуді жөн көрді деген сұрақ қояды. Содан ол сұраққа өзі жауап береді, – Сократ тұтқында қалды, өйткені олай болмаған жағдайда оның алдындағы өмірінің бәрі құнсызданып, мағынасын жоғалтар еді. Егер Сократ қашып кетсе, онда бұл әрекеттің артында өзгеше, бірақ оның өмір сүруіне мән беретін құндылық болмас па еді? Құндылық жеке адамның әрекет таңдауын анықтайды, бірақ құндылықты таңдауды не анықтайды? Мақсаттар мен құндылықтарды талдау, олардың адам өміріне әсері осы сұрақты да жауапсыз қалдырады [10].

Осылайша, «тұлға» ұғымының қазіргі анықтамаларының әртүрлілігіне қарамастан, бүгінгі күні біз психологияда тұлға мәселесі ондай өзекті емес екенін көріп отырмыз, алайда қазіргі кезеңде оның осы әлеуметтің басқа өкілдерімен өзара байланыс жасай отырып, ол басшылыққа алатын құндылықтармен өзара байланысын зерттеу үлкен маңызға ие болады.

Демек, бұл жерде ең алдымен тұлға құрылымындағы құндылықтардың орны туралы сөз болады, яғни бұл ретте әлеуметтік табиғаты бар тұлғалық құндылықтар туралы.

Қазіргі заманғы психологияда мұндай тұлғалық құндылықтардың үш түрі беріледі:

- рухани құндылықтар;
- материалданған құндылықтар;
- интериоризацияланған құндылықтар («қайталама»).

Тұлға құрылымындағы құндылықтардың рөлін зерттеу және растау тұрғысынан ең үлкен қызығушылық интериоризацияланған («қайталама») құндылықтар болып табылады. Д.В. Каширский атап өткендей - қайталама құндылықтар пайда болады, социумда «болады» және субъект оларды «тауып», «иемденеді», «бөледі», «оларға қатысты анықталады», олар

«қайталама», «бейнеленген», тұлғалық құбылыстарға айналады және осы жағдайда ғана психологиялық зерттеу пәні ретінде қарастырылуы тиіс.

Қорытынды: Қазіргі заманғы жоғары білім беру жүйесінде студенттердің кәсіби мотивациясын қалыптастыру – олардың тұлғалық және кәсіби дамуының негізгі факторларының бірі болып табылады. Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, кәсіби мотивация тек оқу процесіне қызығушылықты арттырып қана қоймай, болашақ маманның кәсіби өзін-өзі анықтауы мен жетілуіне тікелей ықпал етеді. Студенттердің мотивациялық құрылымы олардың құндылық бағдарларымен, кәсіби ниет-себептерімен, ішкі және сыртқы стимулдарымен шартталады. Мотивацияның қалыптасуына оқу ордасының білім беру ортасы, оқытушының тұлғалық-кәсіби үлгісі, оқу мазмұнының маңыздылығы мен болашақ мамандыққа сәйкестігі де зор әсер етеді. Осыған байланысты, кәсіби мотивацияны мақсатты түрде дамыту білім беру процесінің стратегиялық міндеттерінің бірі ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттырып қана қоймай, олардың еңбек нарығында табысты бейімделуіне және тұрақты кәсіби дамуына негіз болады.

Әдебиеттер

1. Климов Е.А. Психология удобств профессионала/ первой Е.А. Климов. – М.: Издательство разделни «Институтспроа практической информации психологии»,установлеи Воронеж, НПО закупочный «МО-ДЭК»,факторв 1996. – 400 с
2. Асеев В.Г. Формирование личности и структурный уровень мотивов [Текст] / В. Г. Асеев // Проблемы личности: Материалы симпоз. – М.: Всесоюз. об-во невропатологов и психиатров, 1970. – С. 334–343.)
3. Жақыпов С.М., Тоқсанбаева Н.Қ. Психологияны оқыту әдістемесі. – Алматы, Қазақ университеті, 2016, - 215 б.
4. Ташимова Ф.С. Некоторые когнитивно-эффективные теории в объяснении профессиональных и дифференциально- психологических аспектов внутренней мотивации //Познавательные процессы: теория, эксперимент, практика. -Алматы, 2000.- С. 63-82.
5. Деркач А.А. Акмеологические основы становления психологической и профессиональной зрелости. -М., 1998. -136с.
6. Ильин, Е. П. Мотивация и мотивы [Текст] / Е. П. Ильин. – СПб. : Питер, 2000. – 512 с. – (Серия «Мастера психологии».
7. Чугунова, Э. С. Социально-психологические особенности профессиональной мотивации в инженерной деятельности и проблемы творческой активности [Текст] / Э. С. Чугунова // Психол. журн. – 1985. – № 4. – С. 73–8. Чугунова Э. С. Связь профессиональной мотивации и творческой активности инженеров [Текст] / Э. С. Чугунова // Вопр. психол. – 1986. – № 4. – С. 136–142
9. Асеев, В. Г. Формирование личности и структурный уровень мотивов [Текст] / В. Г. Асеев // Проблемы личности: Материалы симпоз. – М.: Всесоюз. об-во невропатологов и психиатров, 1970. – С. 334–343.)
10. Асмолов А.Г. Жеке адам психологиясы: Жалпы психологиялық талдау принциптері. – М.: Смысл, 2010. – 368 б.

ЖЕҢІЛ ЗЕРДЕ БҰЗЫЛЫСЫ БАР ОҚУШЫЛАРДЫҢ АРИФМЕТИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ: ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛДЕР МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Төлеуғазиева Ж.Ә.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Ақтөбе, Қазақстан

Бұл мақалада жеңіл зерде бұзылысы бар оқушылардың арифметикалық есептерді шешу қабілетін дамыту процесі зерттеледі. Зерттеу барысында жеңіл және орташа деңгейдегі зерде бұзылысы бар балалардың оқу әрекеттерінің ерекшеліктері мен оқу дағдыларын қалыптастыру әдістері қарастырылады. Мәтіндік арифметикалық есептерді шешу мысалында оқушылардың есеп шығару барысында кездесетін қиындықтары мен бұл қиындықтарды жеңуге арналған тиімді әдістемелер талданады.

Түйін сөздер: жеңіл зерде бұзылысы, арифметикалық есептер, оқу әрекеттері, оқу дағдылары, әдістемелік тәсілдер, мәтіндік есептер

В статье рассматривается процесс развития способности решать арифметические задачи у учащихся с лёгкими интеллектуальными нарушениями. В ходе исследования рассматриваются особенности учебной деятельности и методы формирования учебных навыков у детей с лёгкой и умеренной степенью интеллектуальных нарушений. На примере текстовых арифметических задач анализируются трудности, с которыми сталкиваются учащиеся при решении задач, а также эффективные методики, направленные на преодоление этих трудностей.

Ключевые слова: лёгкая умственная отсталость, арифметические задачи, учебная деятельность, учебные навыки, методические подходы, текстовые задачи.

This article explores the process of developing the ability to solve arithmetic problems in students with mild intellectual disabilities. The study examines the characteristics of learning activities and methods for developing academic skills in children with mild to moderate intellectual impairments. Using word problems as an example, the article analyzes the difficulties students encounter while solving problems and discusses effective methodologies aimed at overcoming these challenges.

Keywords: mild intellectual disability, arithmetic problems, learning activities, academic skills, methodological approaches, word problems.

Еліміздегі білім беруді жақсарту жағдайында ерекше қажеттілігі бар балаларға сапалы білім беру негізгі бағыттардың бірі болып отыр. Осыған байланысты білімді қалыптастырудың жаңа, ұтымды жолдарын іздеу, сондай-ақ оқушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың құралдары мен әдістерін жетілдіру арқылы оқу процесінің маңызы артады.

Жалпы жеңіл зерде бұзылысы бар балаларды оқыту мен қарапайым математикалық қабілеттерін дамытудың бірқатар ерекшеліктерін атап өтуге болады. И.М. Бгажнокова, В.В. Воронкова, А.Н. Граборов, Т.В. Егоров, И.Г. Еременко, Ю.Т. Матасов, Б.Н. Пинский, И.М. Соловьев және басқалардың еңбектерінде оқу дағдыларын қалыптастырудың, сонымен қатар жеңіл зерде бұзылысы бар оқушылардың алған білімдерін өмірлік жағдайларды шешуде пайдаланудың рөлі атап көрсетілген. Бұл туралы А. Бинет өз еңбектерінде жазды. Бұл, ең алдымен, оқушыларда талдау, салыстыру, жалпылау процестерін дамытады (сатып алу құны, жол жүру уақыты, қашықтық және т.б.) [1, 15бет].

Осы бағытта математика оқу пәні ретінде, соның ішінде арифметикалық есептерді шешуге үйретуде маңызды рөл атқарады. Арнайы педагог балаларға өмірдің өзі күнделікті міндеттер қоятынын және мұндай міндеттерді шеше білуі - өзін қоршаған әлемде бағдарлауға дайындау екенін көрсетеді. Есептерді шеше отырып, балалар көптеген математикалық ұғымдардың нақты өмірде, адамдардың тәжірибесінде маңызды екеніне көз жеткізеді. Арифметикалық есептерді шешу оқу әрекеттерін нақтылауға және түсінуге көмектеседі. Сондай-ақ, арифметикалық есептер ойлау қабілетін кеңейтіп, оларды қоршаған орта туралы жаңа мәліметтермен таныстырады.

Жеңіл зерде бұзылысы бар оқушылардың ерекшеліктерін зерттеу саласындағы мамандар жүргізген зерттеулердің нәтижелеріне сүйене отырып, оларға тән келесі белгілерін көре аламыз:

- жүйке-психикалық функциялардың дамымауы кезінде абстрактілі ойлау формаларының тұрақты жеткіліксіздігі орын алады;
- интеллектуалды ақаудың, моториканың, сөйлеудің, қабылдаудың, есте сақтаудың, зейіннің, эмоционалдық саланың, ерікті мінез-құлықтың бұзылуымен үйлесуі;
- танымдық іс-әрекеттің дамымауы логикалық ойлаудың жеткіліксіздігінде көрінеді, көрнекі-тиімді ойлау, психикалық процестердің қозғалғыштығының бұзылуы; [2, 44-бет]

Сондай-ақ, әртүрлі пәндік жиындармен әрекет ету тәжірибесінің жеткіліксіздігі арифметикалық есептерді шешу дағдыларын игеруде айтарлықтай қиындықтар туғызады. Жеңіл зерде бұзылысы бар балалардың күнделікті өмірде және болашақ мамандықта қажетті қол жетімді математикалық білім, дағдылар жүйесін игеруіне қол жеткізу, олар өмір бойы оқушылардың меншігіне айналатындай берік, математиканы оқытудың негізгі жалпы білім

беру міндеті. Мектептегі оқу кезеңінде оқушылар келесі математикалық білім мен практикалық дағдыларды алуы керек:

- натурал сан, нөл, натурал сандар қатары, жай және ондық бөлшектер туралы идеялар;
- негізгі шамалар (кесіндінің ұзындығы, құны, заттардың массасы, фигуралардың ауданы, денелердің сыйымдылығы мен көлемі, уақыты), шамалардың өлшем бірліктері және олардың арақатынасы туралы түсінік;
- өлшемдердің, уақыт өлшемдерінің метрикалық жүйесін білу және оларды іс жүзінде қолдана білу;
- қарапайым өлшеу дағдылары, құралдарды қолдана білу (сызғыш, өлшеуіш кружка, таразы, сағат және т. б.);
- көп таңбалы сандар мен бөлшектермен төрт негізгі арифметикалық әрекетті шығара білу;
- қарапайым және күрделі (3-4 әрекетте) арифметикалық есептерді шеше білу;
- жазықтықтар мен көлемді геометриялық фигуралар туралы түсінік, олардың қасиеттерін білу, осы фигураларды сызу құралдарының көмегімен салу (сызғыш, циркуль, сызба квадраты, транспортер). [3, 56-бет]

Математиканы оқыту барысында балалар сөйлеуі дамиды, нақты математикалық терминдермен және олардың сөздік өрнектерімен байытылады. Олар өз іс-әрекеттеріне түсініктеме беруді, есепті шешу, арифметикалық әрекеттерді орындау немесе геометрия бойынша тапсырмалар туралы толық ауызша есеп беруді үйренеді. Мұның бәрі жеңіл зерде бұзылысы бар балалардың өз іс-әрекеттері туралы көбірек хабардар болуды талап етеді, олардың іс-әрекеттері жалпыланған сипатқа ие болады. Бұл жеңіл зерде бұзылысы бар мектеп оқушыларының ойлау қабілетінің кемшіліктерін түзету үшін үлкен маңызға ие.

Жеңіл зерде бұзылысы бар оқушылардың есептерді шешуге байланысты пайда болатын қиындықтар туралы зерттеуге және оны қалыптастыруды оңтайландыратын тәсілдерді әзірлеуде А.П. Антропов, И.В. Зыгманова, Р.А. Исенбаева, Н.Ф. Кузьмина, М.Н. Перова секілді бірқатар кеңестік ғалымдардың жұмыстары маңызды орын алды [4, 105-бет].

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, нақты мәселе арифметикалық есептерді шешуді оқытудың ерекшеліктерін зерттеу және әдістемелік әдебиеттерді талдау негізінде зерде бұзылысы бар оқушылардың арифметикалық есептерді шешу қабілетінің қалыптасу деңгейін зерттеу болып табылады.

Осы мәселе бойынша жеңіл зерде бұзылысы бар оқушыларға арналған бағдарлама аясындағы арифметикалық есептерді оқыту тәсілдерін қарастыра аламыз. М.Н. Перова және В.В. Эк 1-ден 4-ке дейінгі дайындық сыныптарындағы даму ерекшеліктері бар балаларға арналған бағдарламалар жинағына енгізілген. [5, 221-бет]

Бағдарламада:

- арифметикалық есептерді оқытудың мақсаттары, айырмашылықты, туындыны, бөлікті табуға байланысты міндеттерді, сондай-ақ қалдықты табуға, сандық деректерді жазуға, тапсырманың шарты мен мәселесін бөлуге байланысты міндеттерді шешу әдістері қарастырылды;

- оқу жылдары бойынша математика жоспары, бірінші сыныпта тапсырманың құрылымын талдау көрсетілген. Тапсырманың шарты қандай, тапсырма мәселесі қандай. Екінші сыныпта балалар күрделі тапсырмалармен танысады. Олар "көп", "аз" сияқты өрнектерді, сонымен қатар "қосу" және "азайту" орындауды қажет ететін күрделі есептерді қолдана отырып шеше бастайды. Үшінші сыныпта балалар "көбейту" мен "бөлуге" мысалы, тең бөліктерге бөлу, көбейту және бөлуді қамтитын күрделі есептерді шешуді жалғастырады. Төртінші сыныпта оқушылар санның бірнеше есе өсуіне немесе азаюына байланысты есептерді шешеді, мысалы, "2 есе көп", "3 есе аз".

Арифметикалық есепті шешу әдістемесінде келесі кезеңдерді бөліп көрсетуге болады:

1) есептің мазмұнымен жұмыс, оқушылар есептің мазмұнын, тапсырманың деректері мен сұрақ арасындағы байланысты түсінеді;

2) есептің шешу жолын табу- мұнда оқушылар тапсырма бойынша сұрақтарға жауап береді, қажетті арифметикалық әрекетті таңдайды;

3) оқушылар нақты тапсырманы орындап, есептің шешімін жазады, яғни, тапсырманы шешу процесі жазбаша түрде жүзеге асырылады.

4) қысқа немесе толық болуы мүмкін жауапты тұжырымдау;

5) шешімін тексеру, яғни жауаптың шынайылығын жауаптың тапсырманың шарты мен сұрағына сәйкестігін тексереді;

6) шешілген тапсырма бойынша кері байланыс, шешілген есеп бойынша қосымша сұрақтар қояды, оларды шешімнің барлық қадамдарын ауызша қайталауға шақырады.

Жеңіл зерде бұзылысы бар балаларды арифметикалық есептерді шешуге үйрету кезінде қолдануға болатын көптеген әдістер бар. Оларға:

- Екі тапсырманың мәтіндерін салыстыру әдісі: Бұл әдіс оқушыларға тапсырмаларды мұқият оқуға және олардың құрылымын түсінуге үйретеді. Тапсырмалардың мәтіндерін салыстыру кезінде оқушыларға келесі сұрақты қою ұсынылады: «Тапсырмалар қалай ұқсас және қалай ерекшеленеді?». Мысалы, егер екі тапсырмада да есептер мен сандық деректер ұқсас болса, оқушылар олардың айырмашылықтарын тауып, сәйкес шешімдерді шығарады. Бұл әдіс оқушылардың салыстыру және талдау қабілеттерін дамытып, оларды математикалық ойлауға үйретеді.

- Сұрақтардан тапсырмаларды қабылдау: бұл әдіс оқушыларға тапсырманы екі бөлікте қарастыруға көмектеседі: алдымен тапсырманың шартын түсініп, кейін сұраққа жауап береді, яғни оқушыларға тапсырманың құрылымын түсінуді жеңілдетеді және логикалық ойлау дағдыларын дамытады.

- Есепті шешу бойынша тапсырманың шарттарын толықтыруды қабылдау. Бұл әдісте педагог есептің шешімін сандарсыз немесе тек мәтін түрінде ұсынады. Оқушылар мәтіннен жетіспейтін сандық деректерді тауып, тапсырмаға сәйкес толықтырады. Оқушылардың әртүрлі қажеттіліктеріне және даму деңгейіне байланысты тапсырмаларды жеке түрде ұйымдастыруды талап етеді:

- Репродуктивті тапсырмалар. Бұл тапсырмалардың шешімі оқушылардан белгілі бір әдістерді немесе үлгілерді қолдануды талап етеді. Олар көбінесе таныс есептер түрінде болады, мысалы, бұрын үйренген амалдар мен формулаларды пайдалану. Бұл тапсырмалар оқушыларға білімін қайталап, оларды қарапайым жағдайларда қолдануды үйретеді, шығармашылықты және күрделі ойлау қабілеттерін талап етеді. Мұнда стандартты есептерден тыс тапсырмалар беріледі, мысалы, қосымша мәліметтермен жұмыс істеу немесе бірнеше тәсілмен есепті шешу.

- Қиындық деңгейі бойынша саралау. Бұл тәсілде оқушылардың дайындық деңгейіне қарай тапсырмаларды қиындау немесе жеңілдеу етіп бөлу қажет.

- Көлемі бойынша саралау. Оқушылардың жұмыс қарқыны әртүрлі болады, сондықтан оларға тапсырмалардың көлемін саралау маңызды. Көп жұмыс істей алмайтын оқушыларға қосымша уақыт пен жеңіл тапсырмалар беріледі. Бұл тапсырмалар шығармашылық немесе ойын сипатында болуы мүмкін.

- Тәуелсіздік дәрежесі бойынша саралау. Оқушылардың өзіндік жұмыс жасау дәрежесі әртүрлі болуы мүмкін. Кейбір балалар тапсырманы өздігінен орындай алса, басқалары мұғалімнің басшылығымен жұмыс істейді. Тәуелсіз жұмыс: балалар тапсырманы толықтай өздігінен орындайды. Бақылау және көмек: оқушылар тапсырмаларды орындау барысында мұғалімнің көмегіне жүгінеді.

- Оқу іс-әрекетінің нысаны бойынша саралау. Оқушыларға материалдық немесе символдық құралдарды пайдаланып тапсырмаларды орындауға мүмкіндік беру. Бұл әрекеттер нақты материалмен (санау құралдары) немесе символдық материалмен (модельдер, әріптер) жүзеге асуы мүмкін.

Ойын әдістері оқушыларға арифметика және басқа да оқу әрекеттерінде ынталандыруға және қолдау көрсетуге бағытталған шығармашылық тәсілдер.

“Сандарды тамшылар түрінде көрсету және салыстыру” әдісі. Бұл көбінесе бастауыш мектеп жасындағы балаларға арналған, атап айтқанда, 6-9 жастағы оқушыларға тиімді. Бұл әдіс балаларға сандардың тәртібін және олардың мәнін түсінуге көмектесетін көрнекі құрал ретінде қолданылатыны үшін, әсіресе жеңіл деңгейдегі зерде бұзылысы бар балалар үшін пайдалы болуы мүмкін. Бұл әдіс әсіресе балалардың кеңістік және сандық есте сақтау қабілеттерін дамытуға бағытталған, сондықтан балалардың санды визуалды түрде қабылдау, салыстыру және реттілікті меңгеру қажеттілігі бар оқушыларға тиімді. Жеңіл зерде бұзылысы бар балалар үшін көрнекі және практикалық тәсілдер арқылы ойлау қабілетін дамытуға, баланың санау, сандық мәнді түсіну және олардың арасында байланыс орнату дағдыларын нығайтуға ықпал етеді.

Әдістің алғашқы кезеңінде балалардың алдына өсу ретімен сандар пайда болады - мысалы, "1"-ден бастап "10"-ға дейін. Бұл әдіс баланың сандарды дұрыс тәртіппен реттеп, олардың арасындағы сәйкестікті түсінуіне көмектеседі. Сандық салыстыру: балалар тамшылардың өлшемін салыстырып, оларды ретімен орналастырады. Әр тамшының өлшемі санға сәйкес келеді, яғни үлкен сандар үлкен тамшылармен көрсетіледі. Бұл балаларға санның көлемін көру арқылы оны санамен байланыстыруға мүмкіндік береді. Балалар әрбір тамшының орнын және ретін есте сақтап, сандардың тәртібін меңгереді. Бұл жұмыс баланың кеңістік және сандық есте сақтау қабілетін дамытады. Тамшылардағы сандар: бұл кезеңде әр тамшының үстінде сандар мен кішігірім нүктелер көрсетіледі. Мысалы, "3" саны бар тамшыда "үш нүкте" болады. Бұл балаларға санды және санның мәнін визуалды түрде салыстыруға мүмкіндік береді. Нүктелерді санмен байланыстыру: балалар санды көргенде, оның мәнін көрсету үшін салынған нүктелерді санауға үйренеді. Мысалы, "3" саны бар тамшыда үш нүкте бар екенін көріп, балалар 3 санын сандық мәнімен байланыстыра алады.

Математикалық тапсырмаларды шешу кезінде қолданылатын әдістер. Бұл әдісте әңгімелеу, визуалды құралдар мен кезең-кезеңмен сұрақ қою арқылы оқушыларға тапсырманы түсінікті етіп жеткізу мақсатында әртүрлі әдістер қолданылады. Төменде берілген мысалдағы әдіс-тәсілдерді талдап көрейік:

Мақсаты: Мұғалім тапсырманы шешу үшін оқушылардың назарын аудару үшін қызықты және таныс әңгіме қолданады. Мысалы тапсырма аю, қасқыр мен түлкінің қатысуымен баяндалады. Оқушыларға қызықты болатын ертегі кейіпкерлері пайдаланылады. Мұғалім ертегінің қысқаша үзіндісін көрсетеді, онда қасқыр мен түлкі аюды қалай ояту туралы таласады. Тапсырманы оқып болған соң, мұғалім оқушыларға сұрақтар қойып, олардың тапсырманы қалай дұрыс түсіну керектігін көрсетеді. Қойылатын сұрақтар:

Бұл тапсырма не туралы? Қасқыр қанша рет үреді? Түлкі қанша рет үреді? Түлкі туралы не білеміз? Ол қасқырдан 9 есе көп үреді. Қасқыр мен түлкі қанша рет бірге үрді?

Оқушылар тапсырманың негізгі бөліктерін бөліп алады: Қасқыр: 5 рет үреді. Түлкі: қасқырдан 9 есе көп үреді, яғни $5 \times 9 = 45$ Барлығы: қасқыр мен түлкінің жалпы қанша рет үретінін есептейміз: $5 + 45 = 50$ рет. Оқушылар тапсырманы оқып, талқылап, бірге шешім шығарады. Бір оқушы тақтаға шығып, шешімді жазып, мұғалімнің нұсқауымен есепті шығарады. Оқушы тақтаға тапсырманың шартын және шешімін жазып шығады. Мұғалім бұл жазуда дұрыс амалдар мен есептеу жолдарын көрсетеді. Бұл әдіс оқушыларға тапсырмаларды шешуде нақты қадамдарды орындауды үйретеді және математикаға деген қызығушылықтарын арттырады. [6, 45-бет]

Жеңіл зерде бұзылысы бар оқушылардың арифметикалық есептерді шешу дағдыларын берік қалыптастыруға ықпал ететін осы дағдыны дамытуда әртүрлі әдістемелік әдістерді қолданған дұрыс. Оқушыларды оқуда ілгерілету және олардың қабілеттерін дамыту үшін көп деңгейлі тапсырмаларды қолданған жөн. Бұл жағдайда олар өздерінің мүмкіндіктеріне, сенімділікке ие болады, бұл олардың ақыл-ой белсенділігін арттыруға және оқуға мотивация жасауға ықпал етеді.

Әдебиеттер

1. Афанасьева, Ю.А. Анализ контингента обучающихся специальных (коррекционных) учреждений VIII вида / Ю.А. Афанасьева, И.М. Яковлева // Коррекционная педагогика: теория и практика. - 2014. - № 1. - С. 19 - 24.
2. Скира Е.В. Новые подходы к обучению умственно отсталых школьников решению арифметических задач // Сборники конференций НИЦ Социосфера. 2014. № 40. С. 57-66
3. Зыгманова, И.В. Умение учащихся вспомогательной школы решать арифметические задачи с опорой на предметные действия // Дефектология. - 1993. - №3. - С. 65 - 76.
4. Яковлева И.М. Состояние умений младших школьников с интеллектуальными нарушениями решать простые арифметические задачи \ И.М. Яковлева, Е.В. Скира \ Проблемы современного педагогического образования. Сер.: Педагогика и психология. – Сборник научных трудов: - Ялта: РИО ГПА, 2018. – Вып. 58. – Ч. 4. - С. 296–299.
5. Белошистая А. В. Формирование и развитие математических способностей дошкольников: Вопросы теории и практики: Курс лекций. М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2003. 400с
6. Эк В.В. Обучение математике учащихся младших классов специальных (коррекционных) образовательных. Учреждений VIII вида: пособие для учителя / В.В. Эк. - 2-е изд., перераб. М.: Просвещение, 2005. 221 с.

ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ БІЛІМ БАҒЫТЫНДАҒЫ СТУДЕНТТЕР ТҰЛҒАСЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ-МАҒЫНАЛЫҚ СФЕРАСЫНЫҢ ЕРЕКСЕЛІКТЕРІ

Амирсейтова А.Ж., Садықова Н.М.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан

Мақалада гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдары студенттерінің құндылық-мағыналық бағдарлары тұлға психологиясы тұрғысынан қарастырылады. Өртүрлі бейіндегі студенттердің құндылық бағдарлары (өмірлік құндылықтар) мен өмірлік-мағыналық бағдарлары (өмірлік мәндері) салыстырылатын зерттеулерді қамтитын ғылыми әдебиеттерге теориялық талдау жасалды. Гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдары студенттерінің құндылық-мағыналық сферасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар туралы деректер жинақталған.

Түйін сөздер: құндылық-мағыналық сала, құндылық бағдарлар, өмірлік-мағыналық бағдарлар, гуманитарлық және жаратылыстану мамандықтары, студенттік кезең.

В статье рассмотрены ценностно-смысловые ориентации студентов гуманитарных и естественно-научных направлений обучения с позиций психологии личности. Проведен теоретический анализ научной литературы, в том числе исследований, сравнивающих ценностные ориентации (жизненные ценности) и смысловые ориентации (жизненные смыслы) студентов разных профилей. Обобщены данные о сходствах и различиях в ценностно-смысловой сфере гуманитариев и студентов естественно-научного профиля.

Ключевые слова: ценностно-смысловая сфера, ценностные ориентации, смысловые ориентации, гуманитарные и естественно-научные специальности, студенчество.

This article examines the value-semantic orientations of students majoring in the humanities and natural sciences from the standpoint of personality psychology. A theoretical analysis of scientific literature is conducted, including studies comparing value orientations (life values) and life-semantic orientations (life meanings) of students in different profiles. Data on similarities and differences in the value-semantic sphere of humanities and natural science students are summarized.

Keywords: value-semantic sphere, value orientations, life-meaning orientations, humanitarian and natural science specialties, students.

Өртүрлі бейіндегі студенттердің құндылық-мағыналық саласын зерттеудің өзектілігі бірнеше факторларға байланысты. Біріншіден, қазіргі қоғамда әлеуметтік-мәдени өзгерістердің әсерінен жастардың құндылықтарының трансформациясы жүруде. Мысалы, 2010-жылдар кезеңінде жастардың басымдықтарында жеке ләззат пен махаббат құндылықтарын жоғары бағаланып, кейіннен отбасы және денсаулық алдыңғы орынға шықты. Бұл жалпы үрдістер өртүрлі студенттік топтарда (гуманитарлық немесе жаратылыстану мамандықтар) көрініс табады, сондықтан заманауи студенттің бейнесін дәлірек сипаттау үшін бұл мәселе өзекті. Екіншіден, құндылық-мағыналық сала оқу мотивациясына, үлгерімге және кәсіби қалыптасуға әсер етеді. Студенттің жеке құндылықтары мен таңдаған мамандығының мазмұны арасындағы сәйкессіздік оқу үлгерімінің төмендеуіне, тіпті мамандық ауыстыруға алып келуі мүмкін. Үшіншіден, түрлі мамандықтағы студенттердің құндылықтары мен өмірлік мағыналарының айырмашылықтары туралы білімдер жоғары оқу орындарында тәрбиелік бағдарламаларды әзірлеу, бейіндік психологиялық қолдау және мансаптық кеңес беру үшін аса қажет. Осылайша, аталған тақырыпты зерттеу білім беру үдерісінің психологиялық қамтамасыз етілуі контекстінде теориялық және қолданбалы маңызға ие.

Психологиялық ғылымда тұлғаның құндылық-мағыналық саласы оның негізгі ішкі жүйесі ретінде қарастырылады, оған адамның құндылықтық бағдарлары және өмірлік мағыналары (мақсаттары, сенімдері, идеалдары) кіреді. Д.А. Леонтьевтің пікірінше, өмірдің мәні – тұлғаның мағыналық бағдарлар иерархиясында құндылықтардың интеграциялануын көрсететін, жеке

сананың жүйеқұраушы компоненті. Басқаша айтқанда, құндылық-мағыналық сала адам үшін ненің маңызды екенін (құндылықтар) және оның не үшін өмір сүретінін (өмір мәні) біріктіреді [1]. Құндылық бағдарлары жиі терминалдық (ақырғы мақсаттар – мысалы, бақыт, махаббат, мансап) және инструменталдық (мақсатқа жетуге көмектесетін қасиеттер мен әрекет тәсілдері – мысалы, еңбекқорлық, адалдық) болып бөлінеді. Рокич, Шварц және басқа авторлардың әдістемелеріне негізделген зерттеулер қазіргі жастардың типтік өмірлік құндылықтарын анықтауға мүмкіндік берді.

Студенттердің өмірлік-мағыналық бағдарлары өмірдің мағыналылық деңгейінде, мақсаттардың айқын болуында және өзін-өзі іске асыру процесіне қанағаттанушылықта көрінеді. Экзистенциалды-гуманистік дәстүр (В. Франкл, А. Маслоу және т.б.) аясында өмірдің мәнінің болуы психикалық амандық пен тұлғалық дамуға ерекше маңызды екендігі танылды. Айқын мағыналы мақсаттардың болмауы экзистенциалды вакуум, бейімсіздену, аддиктивті мінез-құлық түрлерінің дамуына әкелуі мүмкін. Сондықтан студенттік жылдарда, жастар өмірлік жолды таңдау алдында тұрған кезде, конструктивті өмірлік мағыналарды іздеуде қолдау көрсету ерекше маңыздылыққа ие.

Заманауи ресейлік психологтар (Д.А. Леонтьев, Е.Ю. Фанталова, И.В. Соколова және т.б.) өмірлік-мағыналық бағдарларды диагностикалаудың әдістерін әзірледі. Кең қолданыс тапқан Леонтьевтің өмірлік-мағыналық бағдарлар тесті (ӨМБ), өмірдің мағыналылығының жалпы деңгейін және оның жеке компоненттерін сандық бағалауға мүмкіндік береді: «Өмірдің мақсаты», «Өмір процесі» (өмірдің қызықтылығы мен эмоционалдық қанықтығы), «Нәтиже (өзін-өзі іске асыруға қанағаттану)», «Бақылаудың локусы – Мен» (өз өміріне қожалық етудегі сенімділік) және «Бақылаудың локусы – Өмір» (өмір ағымын бақылауға деген сенім). Осы шкалалар бойынша алынған көрсеткіштер және олардың үйлесімі студенттің өмірлік-мағыналық бағдарларының жеке «профилін» сипаттайды.

Д.А. Леонтьевтің еңбектерінде кеңестік психологиядағы мағыналық мәселелерді зерттеу үш негізгі кезең бойынша жүйеленеді:

1. мағына ұғымының ғылыми категория ретінде қалыптасуы (Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, А.Р. Лурия);
2. теориялық ұғымдарды нақтылау арқылы мағынаның феноменологиялық мазмұнын ашу (А.Г. Асмолов, Б.С. Братусь, В.К. Вилюнас, В.В. Столин, О.К. Тихомиров және т.б.);
3. құндылық пен мағына туралы идеяларды біріктіру негізінде мағыналық саланың құрылымдық компоненттерін жіктеу (А.Г. Асмолов, Б.С. Братусь, Ф.Е. Василюк және т.б.) [1].

Осылайша, құндылық-мағыналық сала тұлғаның бағыттылығын анықтайтын интегралды сипатқа ие (А.Д. Леонтьевтің терминологиясында). Бағыттылыққа мотивтер-құндылықтар да, дүниетанымдық мағыналар да кіреді, олар белсенділікке итермелеп, жас адамның оқуға, кәсібіне және қоршаған әлемге деген қатынасын айқындайды. Әрі қарай біз әртүрлі мамандық студенттерінің құндылықтары мен мағыналарының ерекшеліктері туралы мәліметтерге тоқталамыз.

Құндылық категориясы отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде маңызды теориялық-әдіснамалық орын алады. Атап айтқанда, Г.Е. Залесский мен М. Рокич құндылықтарды жеке тұлғаның өмірлік бағдарлары мен тұрақты наным-сенімдерінің көрінісі ретінде сипаттайды. Авторлар құндылықтарға тән бірқатар белгілерді бөліп көрсетеді, олардың қатарына:

- құндылықтардың мәдениет пен әлеуметтік ортаның ықпалымен қалыптасуы;
- әлеуметтік құбылыстарға әсер ету қабілеті;
- жалпыадамзаттық мәнге ие құндылықтардың кең ауқымы;
- иерархиялық ұйымдасқан құрылымда болуы;
- мағынасы мен деңгейі әртүрлі құндылықтық жүйелердің болуы жатады [2].

Психология ғылымында құндылықтық бағдарлар тұлғаның мінез-құлқы мен саналы іс-әрекетінің реттеушісі ретінде қарастырылады. Бұл тұрғыда В.Э. Дильтей адамның өмірлік тәжірибесі, ішкі жан дүниесі – эмоциялық күйлері, қатынастар жүйесі мен құндылықтық бағдарлары – оның тұлғалық дамуының негізін құрайтынын атап көрсетеді. Ғалымның пайымдауынша, адамның мінез-құлқы мен әрекеттері ішкі эмоционалдық күйзелістер мен субъективті мағыналармен бағытталады. Сонымен қатар, ол құндылықтар мен эмоционалдық тәжірибенің өзара тығыз байланысын баса көрсетеді. Өсіресе, тұлғаның өміріндегі маңызды құндылықтар жағымды эмоциялар мен жоғары сезімдер арқылы көрініс табады [3, 336–344 б.].

Э. Шпрангердің пайымдауынша, құндылықтар тек қана жеке субъективті сезімдер мен эмоциялық реттеулердің нәтижесі емес, сонымен қатар олар қоғам өмірінің мазмұнын, мәдени-тарихи болмысын бейнелейтін объективті құрылымдар болып табылады. Зерттеуші құндылықтар адамзаттың тарихи тәжірибесінің негізінде қалыптасып, әрбір жеке тұлғаның рухани әлемінде өз көрінісін табатынын атап өтеді. Осыған орай, құндылықтар екіжақты сипатқа ие: субъективтік (жеке санамен және тұлғалық мағыналармен байланысты) және объективтік (қоғамдық нормалар, түсініктер мен мәдени құндылықтар жүйесінде орныққан) [4, 355–356 б.].

Құндылық категориясын тек біржақты қарастыру мүмкін емес, себебі ол адам болмысының тек субъективті қырын ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік ортадағы ережелер мен талаптар жүйесімен де сабақтасып жатады. Австриялық психологиялық мектеп өкілдері құндылықты көбіне тұлғаның ішкі әлемінде пайда болатын субъективті феномен ретінде қарастырады. Мәселен, Х. Эренфельс құндылықты индивидтің тілектерін қанағаттандыру үдерісімен байланыстырып, оны белгілі бір объектімен әрекеттесу нәтижесінде айқындалады деп түсіндіреді. Осы тұрғыда құндылықтар иерархиясы адамның қанағаттану мүмкіндігіне тәуелді болатыны байқалады.

А. Мейнонтің көзқарасы бойынша, құндылықтар адамның сезімдік тәжірибесі арқылы танылады және бұл таным процесі ішкі субъективті күйлер негізінде жүзеге асады. Ал К. Левин құндылықтардың мазмұны мен құрылымын саналы рефлексия арқылы қалыптастыруға болатынын атап өтеді. Оның пайымдауынша, құндылықтар – тұлғаның ішкі әлемін бейнелейтін психологиялық феномендер. Сонымен қатар, К. Левин құндылықтарды психологиялық зерттеудің негізін қалаушылардың бірі ретінде танылып, бұл мәселені теориялық жағынан тереңірек талдаған. Оның идеяларын Х. Эренфельс те қолдап, құндылықтардың тұлғаның адамгершілік және этикалық қасиеттерімен тығыз байланыста болатынына ерекше назар аударады [5].

Мағына феномені жеке тұлғаның өмірлік бағдарлары мен өзіндік болмысын айқындайтын негізгі психологиялық құрылым ретінде сипатталады. Тұлғаның санасы оның құндылықтарды жүзеге асыруға деген бағыттылығымен тығыз байланысты, ал оның психологиялық мазмұны – индивидтің психоәлеуметтік және әлеуметтік-мәдени детерминанттарының бірегейлігімен анықталады. Жеке және қоғамдық құндылықтардың өзара әрекеттесуі тұлғаның құндылықтары мәдениетпен, әлеуметтік институттармен және қоғамдық өмір тәжірибесімен шартталатынын көрсетеді. Бұл өз кезегінде әлеуметтік-мәдени құбылыстардың тұлғаның субъективті құндылықтық ерекшеліктері арқылы психологиялық делдалдануына әкеледі.

Тұлғаның түрлі өмірлік контексттерге тартылуы құндылық-мағыналық құрылымдардың детерминациялық үдерістерінің көпқырлылығы мен өзгермелілігіне байланысты болады. Мұндай жағдайда тұлғаның өміріндегі басым бағыттарды – яғни құндылықтарға негізделген мағыналық құрылымдарды – анықтау аса өзекті мәселеге айналады, себебі олар тұлғалық дамудың негізін құрайды.

Тұлғаның құндылық-мағыналық саласы оның ішкі психологиялық құрылымының өзегі ретінде қарастырылады және ол әлеуметтік мінез-құлықтың, тұлғалық бағдардың, өмірлік мақсаттар мен таңдаулардың бағыт-бағдарын анықтайды. Әсіресе гуманитарлық мамандықтарда білім алатын студенттер үшін бұл сала гуманистік, тұлғаға бағдарланған және әлеуметтік-мәдени маңызға ие құндылықтармен ерекшеленеді. С.Л. Рубинштейннің зерттеулеріне сәйкес, гуманитарлық сала студенттеріне жоғары деңгейдегі рефлексия, терең эмпатия, әлеуметтік жауапкершіліктің айқындығы мен өзін-өзі шығармашылық және қоғамдық қызмет арқылы іске асыруға ұмтылыс тән [6]. Мұндай сипаттар олардың білім беру жүйесінің мазмұнына – адам, оның психикалық процестері, мінез-құлқы мен мәдени-әлеуметтік болмысы жайлы білімге бағытталғанымен түсіндіріледі.

Л.С. Выготскийдің зерттеулері жеке тұлғаның мәдени-тарихи дамуы туралы жүйелі-динамикалық тұжырымдамаға негізделеді. Оның көзқарасында мағына – бұл белсенділікті реттейтін күрделі динамикалық құрылым. Тұлғаның мағыналық санасын ол «жағдай – ой – мағына – әрекет» тізбегіндегі өзара байланыстар жүйесінде қарастырып, бұл арқылы «динамикалық мағыналық жүйе», «мағынаның қалыптасуы» және «мағыналық өріс» сынды негізгі ұғымдарды анықтайды. Белгілі бір әрекет тәжірибесіне ену мағыналық өрісті әрекеттің саналы жағдаяты ретінде сипаттайды. Мағынаның қалыптасу үдерісі мағыналық құрылымдардың ішкі деңгейлері арқылы біртұтас қозғалыс ретінде қарастырылады [7, 117 б.]. Сондай-ақ,

Выготский мағынаның дамуында эмоционалды және интеллектуалдық үдерістердің бірігуін ерекше атап өтеді. Бұл үдеріс «әрбір идея шындыққа деген тұлғаның аффективті қатынасын өңделген түрде қамтиды» деген тұжырымға негізделеді [7, 114 б.]. Мұндай динамикалық семантикалық жүйе сана, мағына, белсенділік және тұлғаның даму тұтастығын қамтамасыз етеді.

Егер тұлғаның санасын оның белсенді әрекеті тұрғысынан қарастырсақ, онда құндылыққа бағытталған белсенділік оның ішкі мотивациясының деңгейін айқындайды. Бұл белсенділік адамның рухани әлеуетін ашуға және өзінің өмірлік мақсаттарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мұндай даму тек тұлғалық жетілу процесі ғана емес, сонымен қатар оның қоғамдағы әлеуметтік рөлдерін жүзеге асырумен де тығыз байланысты. Осыған байланысты Л.С. Выготский тұлғаның дамуы мен қалыптасуын әлеуметтік ортаның ықпалымен түсіндіре отырып, ғылымға «дамудың әлеуметтік шарттылығы» ұғымын енгізді.

Мәдени құндылықтар адамға әлеуметтік өзара әрекет арқылы меңгеріледі, яғни тұлға бұл құндылықтарды басқа адамдармен және қоғаммен қарым-қатынас барысында игереді. Жеке тұлғаның ішкі мазмұны мен өмірлік мәні әлеуметтік байланыстар негізінде қалыптасады, әсіресе балалық шақтағы қарым-қатынастардың интериоризациясы бұл үдерісте шешуші рөл атқарады. Осы ішкілендіру нәтижесінде адамның санасында қоғамға тән нормалар мен құндылықтар орнығып, олар іс-әрекет арқылы жүзеге асырылады. Бұл процесс тұлғаның дамуына ықпал етіп, оның әлеуметтік ортамен өзара байланыс негізінде қалыптасуына және жетілуіне себепші болады.

Гуманитарлық мамандық студенттері әлеуметтік және тұлғалық мәселелерге ерекше сезімталдықпен қарайды, оларды жиі өз проблемаларындай қабылдайды. Бұл жастар әділеттілікке, тұлғааралық түсіністікке, эмоциялық айқындыққа, мәдениетаралық коммуникацияға ұмтылып, өз кезегінде еріктілік қозғалыстарына және әлеуметтік маңызы бар жобаларға белсенді араласуына түрткі болады. Сонымен, гуманитарлық бағыттағы студенттердің құндылық-мағыналық кеңістігі жоғары әлеуметтік және эмоциялық қабылдағыштықпен, гуманистік бағдармен, сондай-ақ өмірлік мақсаттар мен тұлғалық миссияны терең түсінуге бағытталғандығымен сипатталады.

Жаратылыстану бағыты бойынша білім алатын студенттердің мағыналық бағдарлары гуманитарлық сала өкілдерінен едәуір ерекшеленеді. Бұл топтағы жастар көбінесе рационалдылыққа, прагматикалық ойлауға және объективті дүниетанымға бейім болады. Олардың дүниені тануы нақты өлшемдер мен логикалық құрылымдар арқылы жүзеге асады.

Э. Фромм бұл құбылысты табиғи-ғылыми бағыттағы студенттердің құндылық-мағыналық кеңістігі жоғары бәсекелестік пен кәсіби нәтижелерге бағдарлану арқылы қалыптасатынымен түсіндіреді [8]. Бұл студенттердің жетістікке жету мен нақты нәтижелерге қол жеткізуді өзін-өзі тану мен тұлғалық мағына құрудың басты құрамдас бөлігі ретінде қабылдайтынын көрсетеді. Олар, әдетте, мақсат қою мен оны жүзеге асыруда нақты әрі саналы тәсілдерге сүйенеді, ал рефлексия мен эмоциялық көріністер екінші орында тұрады. Жаратылыстану бағытындағы студенттердің мағыналық құрылымдары ғылымилыққа, инновацияларға және білімді тәжірибеде қолдануға негізделген.

Алайда, бұл екі бағыт өкілдерінің арасында айқын айырмашылықтар болғанымен, құндылық-мағыналық салада кейбір ортақ сипаттар да байқалады. В. Франклдің пікірінше, студенттердің қай салада білім алуына қарамастан, олар тұлғалық даму мен өзін-өзі жүзеге асыруға, кәсіби мақсаттарына қол жеткізуге ұмтылады. Бұл ұмтылыс – тұлғаның мағыналық кеңістігінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Қорытындылай келе, тұлғаның құндылық-мағыналық саласын зерттеу барысында оның жеке өмір мен әлеуметтік қатынастардағы шешуші рөлі айқындалды. Құндылық-мағыналық құрылым – тұлғаның ішкі дүниесінің өзегі ретінде әрекет етіп, оның мінез-құлқын, іс-әрекетінің бағытын, өмірлік таңдауларын және мақсаттарын айқындайтын маңызды психологиялық жүйе болып табылады.

Теориялық тұрғыдан алғанда, бұл салада айрықша үлес қосқан ғалымдар қатарында Д.А. Леонтьев, В. Франкл, А. Маслоу және Э. Фроммның еңбектері ерекше атап өтуге тұрарлық. Аталған авторлардың концептуалдық көзқарастары негізінде тұлғаның құндылықтары мен өмірлік мағыналарының қалыптасу механизмдері, сондай-ақ олардың тұлғалық даму үдерісіндегі рөлі жан-жақты сипатталды.

Зерттеу шеңберінде гуманитарлық және жаратылыстану бағыттарында білім алып жатқан студенттердің құндылық-мағыналық ерекшеліктері сарапталды. Нәтижесінде, гуманитарлық мамандықтағы студенттердің мағыналық құрылымы гуманистік көзқарас, әлеуметтік жауапкершілік, эмоционалдық қабылдағыштық пен рефлексивтілік секілді сипаттармен ерекшеленетіні анықталды. Бұл студенттердің дүниетанымы тұлғааралық өзара әрекет пен әлеуметтік қарым-қатынастар негізінде қалыптасады, ал өмірлік мағыналарын олар көбіне қоғамдық және шығармашылық қызмет арқылы іске асырады.

Әдебиеттер

1. Леонтьев Д.А. Психология смысла: природа, строение и динамика смысловой реальности. 3-е изд., доп. М.: Смысл, 2007. 511 с.
2. Залесский Г.Е. Психология мировоззрения и убеждений личности. – М., 1994. – 142 с.
3. Дильтей В. Описательная психология. – М.: Изд-во МГУ, 1992. – С. 319-346.
4. Шпрангер Э. Два вида психологии. – М.: Изд-во МГУ, 1992. – С. 347-361.
5. Левин К. Конфликт между аристотелевским и галилеевским способами мышления в современной психологии. – М.: Изд-во МГУ, 1992. – С. 47-7
6. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – СПб.: Питер, 2000. – 705 с.
7. Выготский Л.С. Лекции по психологии. М.: Союз, 2006. 555 с.
8. Фромм Э. Бегство от свободы. – М.: АСТ, 2016. – 384 с.

ИЗОТЕРАПИЯ АРҚЫЛЫ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

Рапих Н.Е.

М. Нарықбаев университеті
Астана, Қазақстан

Мақалада 4–5 жас аралығындағы мектепке дейінгі жастағы балалардың креативтілігін дамытуға бағытталған зерттеу нәтижелері ұсынылған. Балалардың креативтілігін дамытуға арналған изотерапия әдістері және олардың жеке және топтық жұмыс барысында тиімділігі қарастырылады. Жұмыс психологиялық-педагогикалық тәжірибені талдау және Джозеф С. Рензуллидің «Шығармашылықтағы жаңа бағыттар» атты кітабында баяндалған изотерапия әдістерін қолдану арқылы алынған эмпирикалық деректерге негізделген. Зерттеу нәтижелері сапалық және сандық көрсеткіштер бойынша оң өзгерістерді көрсетеді: негізгі сұрақтарға кең көлемде жауап беруде балалардың заттарды бейнелеу қабілеті артып, сурет салу үдерісі туралы түсініктемелері мен бейнеленген заттардың функционалдық мүмкіндіктері кеңейе түсті. Жүргізілген сабақтардан кейін мектепке дейінгі балалардың креативтілік деңгейінің даму динамикасы оң нәтиже көрсеткені анықталды, демек, біздің жұмысымыз тиімді болды. Бұл зерттеу нәтижелері мектепке дейінгі балалармен жұмыс істейтін психологтар мен педагогтар үшін, сондай-ақ педагогикалық мамандықтар бойынша өндірістік практикадан өтетін студенттер үшін пайдалы болуы мүмкін.

Кілт сөздер: арт-терапия; изо-терапия; қиял; арт-терапия әдістері; даму психологиясы, шығармашылық, мектепке дейінгі жас.

В статье представлены результаты исследования, направленного на изучение развития креативности у детей дошкольного возраста (4–5 лет). Рассматриваются методы изотерапии, применяемые для стимулирования творческих способностей, а также их эффективность в индивидуальной и групповой работе. Исследование основано на анализе психолого-педагогического опыта и эмпирических данных, собранных в процессе использования изотерапевтических методов, предложенных Джозефом С. Рензулли в книге «Новые направления в творчестве». Полученные результаты демонстрируют положительные изменения в развитии креативности, выражающиеся в качественных и количественных показателях, а также в расширенных ответах, включающих изображения с глубоким смысловым контекстом и комментариями о процессе

создания и функциях объектов. Выводы подтверждают, что применение изотерапевтических методов способствует положительной динамике уровня креативности у дошкольников, что делает проведённую работу эффективной. Результаты исследования могут быть полезны для психологов, педагогов дошкольных образовательных учреждений и студентов педагогических направлений в рамках профессиональной подготовки.

Ключевые слова: арт-терапия, изо-терапия, воображение, методы арт-терапии, возрастная психология, творчество, дошкольный возраст.

This article highlights the results of a study focused on fostering creativity in preschool children aged 4 to 5 years. It explores the application of art therapy techniques aimed at enhancing creative abilities and assesses their effectiveness in both individual and group settings. The study draws on an analysis of psychological and pedagogical practices, supported by empirical data obtained through the implementation of art therapy methods outlined in Joseph S. Renzulli's work, "New Directions in Creativity." The findings reveal positive qualitative and quantitative outcomes, evidenced by detailed responses to key prompts. These responses included drawings of objects with broad semantic interpretations, reflections on the drawing process, and explanations of the potential functions of the depicted items. The study concludes that art therapy sessions contributed to significant improvements in the level of creativity among preschool children, confirming the effectiveness of the methods used. These findings can serve as a valuable resource for psychologists, preschool educators, and students in pedagogical fields during their practical training.

Keywords: art therapy, isotherapy, imagination, art therapy techniques, developmental psychology, creativity, preschool children.

Қазіргі білім беру үдерісінің басты басымдығы – балалар мен ересектердің жеке тұлғалық ерекшеліктерін дамытуға бағытталуы. Жеке тұлғаның ерекшелігін айқындайтын маңызды көрсеткіштердің бірі – креативтілік. «Креативтілік» ұғымы психология ғылымына жақында ғана енді және әлі де нақты, тұрақты анықтамаға ие болған жоқ. Қазіргі таңда психологияда креативтілікті түсінудің үш негізгі бағытын бөліп көрсетуге болады: біріншіден- жаңа, бұрын-соңды жасалмаған, ерекше нысан, әрекет немесе шығармашылық өнім жасауға бағытталған іс-әрекет; екіншіден - адамның әлемді қабылдаудағы және өзіндік ерекшелігін көрсететін, қоршаған мен бейнелеуіндегі даралығы; үшіншіден-жеке тұлғаның ерекше қасиеттерін дамытуға ықпал ететін үдеріс немесе әрекеттер жиынтығы [1, 183 б.]. Креативтіліктің барлық анықтамаларын біріктіре отырып, оны адамның қоршаған ортаны өзіндік әдістер мен тәсілдер арқылы, бұрынғы үлгілерге сүйенбей, дербес өзгерту қабілеті деп сипаттауға болады.

Креативтілікті дамыту білім беру үдерісінің барлық деңгейлерінде белсенді қолданылады. Э. Эриксонның кезеңдеуіне сәйкес, тұлғаның белсенді даму кезеңдерінің бірі – мектепке дейінгі жас, яғни 4-5 жас аралығы. Бұл кезең баланың бастамашылдығының қалыптасуымен ерекшеленеді, ал бұл қасиет өз кезегінде креативтіліктің дамуымен тығыз байланысты. Осыған орай, мектепке дейінгі білім беру – баланың жеке тұлғасы мен өздігінен білім алу қабілетін дамытудағы ең маңызды кезеңдердің бірі болып табылады. Бұл кезеңде қолданылатын әдістер мен тәсілдер баланың мәселелерді шешу дағдыларын қалыптастыруға негізделген. Мектепке дейінгі жастағы балалардың креативтілігін дамыту үдерісі олардың жеке ерекшеліктерін қолдауға, эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз етуге және ойлау қабілеттерін кеңейтуге бағытталған инновациялық әдістерді қамтиды. Бұл әдістер стандартты емес шешімдер қабылдауға және түрлі жағдайлар мен мәселелерді шешуде шығармашылық тәсілдерді қолдануға ықпал етеді. Мектепке дейінгі балалармен жұмыс істеуде қолданылатын инновациялық әдістердің бірі – арт-терапия, оның ішінде изо-терапия (бейнелеу терапиясы).

Изо-терапияның креативтілікті дамытудағы маңыздылығы жалпы мойындалғанымен, ол әлі де жеткілікті зерттелмеген. Көбінесе, бұл әдіс гиперактивтілігі бар, дамуында ауытқулары бар немесе қарым-қатынас жасауда қиындықтары бар балалардың эмоционалдық жағдайын тұрақтандыру құралы ретінде ғана қолданылады [2], [3, 131-138 б.]. Біздің зерттеуіміздің мақсаты – мектепке дейінгі жастағы балалардың креативтілігін дамытуда изо-терапияны қолдану. Зерттеуіміздің басты зерттеу сұрағы – изо-терапия мектепке дейінгі балалардың креативтілігін дамытуда қаншалықты тиімді?

Изо-терапия – арт-терапияның әдістемесі, бейнелеу өнерін қолдана отырып психологиялық диагностика және коррекция мақсатына негізделеді. Изо-терапия батыс психологиясы

мәдениетінде пайда болды, психотерапиялық және психиатриялық сессияларда қолданылды. Изо-терапия әлеуметтік өзара әрекеттесуде психологиялық -эмоционалды қиындықтары бар жандарға денсаулығын қолдау мақсатында әдістерді жүргізіп дамуының бастамасын алған болатын. Кейіннен изо-терапия әр түрлі жастағы балалармен жұмыс жасайтын таптырмас құрал болды [4, 304 б.]. Изо-терапиядағы сурет – өзіндік «Менді» шығармашылық көрсетудің ең көне түрі. Суретте көрсетілген бейненің қырлары, символдар, сызықтар және манипуляцияның ерекшеліктері, бұл суретшінің қоршаған әлеммен қарым-қатынасындағы тұлғалық ерекшеліктерді көрсететін ақпарат, сонымен қатар сурет өзі және әлем туралы жаңа көзқарас, айнала қоршаған ортаны қабылдаудағы креативтілікті дамытады [5]. Изо-терапияны қолдану бұл арнайы оқыту әрекеті емес, ол мүмкіндік, яғни ойын арқылы бала өзінің перспективаларын таниды, көзқарасын дамытады, қоғаммен байланыстағы потенциалын ашады. Изо-терапия дәстүрлі сурет салу әдістеріне негізделмегендіктен, бала ойын арқылы шығармашылығын дамытады. Ойында дамудың бұл ерекшелігі жетекші қызмет негізінде жүзеге асады, сәйкесінше А.Н. Леонтьевтің баланың әрекетке негізделген теориясы бойынша әлеуметтік және тұлғааралық қарым-қатынас құру жүйесінде, ойын формасында мотив және мән, қоғамдағы әрекеттер, әлеуметтік нормалар, ереже, стандарттарды үйренеді [6, 882 б.]. Баланың дамуындағы әрекеті, тұлғаның психикалық процестер және психологиялық ерекшеліктердегі маңызды өзгерістердің дамуы оның жетекші қызметі барысында меңгеріледі. Демек бала мектепке дейінгі кезеңде сондай қатал стандарттар мен шекараларда дамыса оның әлемді қабылдауында креативтілік пен критикалық ойлауы әлсіз дамиды және шетке ысырылуы мүмкін. Осыған байланысты мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының мамандарына маңызды сұрақ туындайды, стандартты емес сұрақтарды шешуде креативтілік және критикалық ойлауды дамытып баланың потенциалын қалай ашуға болады. Бұл сұраққа жауап арт-терапия саласындағы зерттеулер болып табылады. [7].

Соңғы бірнеше онжылдықта зерттеушілерден тұлғаның өзгеру және дамуы үшін арт-терапия соның ішінде изо-терапия әдістерін қолдануда бірнеше үлгілер ұсынылды. 1980 жылы Рудольф Арнхейм өзіне сұрақ қойды: «Тұлғаның дамуының күші мен ойлауды дамытудың мүмкіндіктерінің айырмашылығы қандай?». Зерттеу жүргізіп, дамуға әсер ететін бірнеше себепкерлерді көрсетті: гедонизм, ләззат алу, символикалық қарым-қатынас, жаңа идеялар, сурет салу барысында тұтастықты сақтау және ерекше техникаларды қолдану.[8, 247–251 б.]. А. Блатнер 1992, он жыл өткеннен кейін ұйғарды, изо-терапияны даму құралы ретінде қолданатын тұлғалар өзінің эмоциялары мен жаңа идеяларын шығармашылық ортаға бейнелейді, оның функциясы өткізуші объект, қоғамның стандарттарына сәйкес келмейтін қабылдау мүмкіндіктерінің шекарасынан шығатын жаңа объект. Сонымен қатар символизация, креативтілік, кенеттік, ойнақылық, рөлдік кеңейту және бейнелеу изо-терапияның теңдессіз элементтері болып табылады. Олар түсінудің күрделі құрылымдарын болдырмай, үйлесімде дамуға көмектеседі. [9, 405–409 б.]. Д.Р.Джонсон (1998) изотерапияның терапиялық әсерін жан-жақты қарастырды және психодинамикалық модельді ұсынды. Бұл модель экстернализация, трансформация және реинтеграция үдерістерінің өзара байланысын қамтиды. Бейнелеу өнерінің классикалық, стандартты емес сурет салу техникалары креативтіліктің мүмкіндіктерін ашып шығармашылық әлеуетті кеңейтеді. [10, 85–99 б.]. В. Каркоу және П. Сандерсон 2006, өнер изо-терапияда шығармашылық сапаға шарт қоймай немесе шығармашылық өнімді қажет етпей бірлескен қызмет ретінде көрініс табады, олар креативтілік, бейнелеу, символизм, метафора және вербалды емес қарым-қатынасты изо-терапиядағы тұлғалық өзгерістің маңызды агенттері ретінде қарастырды, ол өз кезегінде изо-терапия техникаларын қолдану барысында пайда болды. [11, 303 б.]. Джонс 2021, арт-терапиядағы келесі негізгі процестерді ұсынды: шығармашылық проекция, тұлғааралық қарым-қатынас, перспектива, іске асыру, вербалды емес тәжірибе, ойын алаңы және ақпараттандырылған мүмкіндіктер ойлаудың жаңа категориялары, қабылдаудың және тұлға потенциалын ашудың дамуына көмектеседі.[12, 390 б.]. Осылайша арт-терапия саласындағы зерттеулер изо-терапия техникаларын қолдану арқылы креативтілікті дамыту мүмкіндіктерін дәлелдейді.

Баланың тұлғасының және ойлауының дамуы жөніндегі жоғарыда тізбектелген зерттеулерге және жаңа педагогикалық теорияларға сүйене отырып сүйене отырып, біз С. Рензуллидің «Шығармашылықтағы жаңа бағыт» кітабында келтірілген изо-терапия әдістерін таңдадық [13, 262 б.]. 4 және 5 жас аралығындағы балалардың креативтілін дамыту бойынша дәл осы әдістерді таңдауымызға оның Еуропа және АҚШ елдеріндегі креативтілікті дамыту


әдістерінің жоғары сыналғандағы себеп болды, біз зерттеу жүргізген жас аралығындағы балаларға тапсырманы түсіндірудің қолжетімділігі, креативтілікті дамытушы сурет салу техникасының бірегей батареясы және дамытушы әдістердің жеке, топтық қолданылу мүмкіндігі.

Креативтілікті дамыту сурет салу техникасының бірегей батареясы 24 тапсырмадан тұрады, оған суреттің жақтауларын бояу бойынша техникалары, тапсырмаға сәйкес өз суретінді жасау, дайын суретті түрлендіру, толық емес суретті жалғастырып салу жатады.

Біздің зерттеу креативтілікті өлшеу және креативтілікті жеке және топтық түрде дамытудан тұрды.. Креативтіліктің дамуының өлшемін білу үшін біз жалпы білім беретін мектептің бірінші және нөлінші сыныпқа қабылдау кезіндегі психологиялық тестілеудің 2 стандартты тапсырмасын алдық. Тапсырмалар келесі сұрақтардың жауабына негізделген: 1. Не салқын болуы мүмкін? Не ыстық болуы мүмкін? Бірақ та біздің қойған сұрақтарымызға балалар жәй ғана жауап беріп қана қойған жоқ, олар жауаптарын арнайы бланкаларға сурет салу арқылы жеткізді. (сурет 1 және сурет 2 қарау), Себебі сурет арқылы жауапты толықтай ашу мүмкіндігі, ойлау қабілетін дамытады және тағы да жаңа жауаптар ойлап табуға уақыт береді.



1-сурет – Не нәрсе суық бола алады?



2-сурет – Не нәрсе ыстық бола алады?

«Мектепалды жасындағы балалардың креативті ойлауын дамытуда изо-терапияны қолдану» зерттеуіне Астана қаласы балаларды дамыту орталығынан 4-5 жас аралығындағы 30 бала қатысты. Зерттеу жүргізілген қатысушылар ата-анасының/қамқоршыларының рұқсатымен, медициналық есепте тұрмаған, психологиялық және психикалық ауытқулары жоқ балалар. Барлық қатысушылар 3-топқа бөлінді, әр топта 10-баладан болды. Бірінші топта зерттеулер және креативті ойлау тапсырмалары топтық форматта болды; екінші топта тапсырмалар әр қатысушымен жеке-жеке өткізілді; ал үшінші топ бақылау тобы қатысушыларымен креативті дамудың изо- терапия жұмысы жүргізілмеді.

Зерттеу 02.09.2024-25.02.2025 аралығында зерттеудің әр қатысушысына кем дегенде аптасына бір сабақтан кесте бойынша, топтық, сондай-ақ жеке форматта да өткізілді. Креативтілік бойынша алғашқы өлшеу 20-27.08.2024, екінші өлшеу 3-11.03.2025 аралығында болды. Зерттеу соңғы екі жылдықта балаларға білім беру орталығында жұмыс жасайтын дипломды психологтармен жүргізілді. Зерттеуші топ бес психологтан, жетекшіні қосқанда, екі психолог зерттеу жүргізген және ата-аналармен байланыс құрған, екі психолог нәтижелерді өңдеумен айналысқан.



Барлық материалдар қатысушыларға жеткілікті және бірдей санды берілді. Тапсырманы жасауға арналған материалдар қатты А4 қағазында дайын болды, 12 дана бояу қарындаштар, әр түрлі түсті, тапсырманы орындау уақыты 40 минуттан 50 минутқа дейін өзгерді.

Зерттеу жұмысында біз толықтай дәлелдедік, сурет балаға өзінің көзқарасын ашуға және дамушы қабылдаудың жаңа бейнелермен толығына бірегей мүмкіндік береді. Бұл мүмкіндік баланың тұлға ретінде дамуының негізгі факторына айналады, сонымен қатар эмоционалды



күйін бейнелеу қабілеті, таным процесстері, өңдеуде көрініс табатын жаңа бейнелер, сәйкестендіру, жаңа ақпаратты филтьрлеу [14, 262 б.]. Баланың суретті ойластыру, салу процесі үлкен терең ойлау процесстерімен сүйемелденеді. Қиялды қолдану креативтілікті дамытудағы негізгі факторларының бірі болып қалады. Қиялды қолдануды ынталандыру тікелей суретті ойлап табумен сүйемелденеді, сәйкесінше суреттің өзі қиялды қолдану мен креативтілікті дамытудың ынталандыру факторы болып табылады. Креативтілікті дамыту жұмысында қосымша факторлар дамиды баланың коммуникациясы сияқты, тәрбиешілердің пікірінше біздің зерттеуіміздің қатысушылары өз құрдастарымен жақсырақ коммуникация құра бастаған, құрдастарымен коммуникация барысында агрессивтілік төмендеген, тәрбиешілермен қарым-қатынас құру кезінде, сөйлеу тілі жақсарды, балалар көбірек қиялға беріле бастады және өз шығармалары жөнінде әңгімелер құрастырды, ертегілерге жаңа финалдар ойластырды.

Біздің зерттеуіміздің негізгі назары 4 және 5 жас аралығындағы балалардағы креативтілікті және креативтілікті дамытуды өлшеу болғандықтан, тәрбиешілердің процесс барысындағы атап өткен өлшеулері, балалардағы өзгерістер, біздің мақсат болмағандықтан оның дамуы туралы нақты сеніммен бекіте алмаймыз, бірақ тәрбиешілердің пікірлерін атап өтуді жөн көрдік, себебі олар балалардағы жағымды процесстердің дәлелдемесі.

Зерттеуіміздің мақсатына сәйкес зерттеу тобымен жұмыс барысында креативтілікті дамыту бойынша бірнеше ерекшеліктер анықталды: біріншіден, креативтіліктің дамуы бойынша нәтижелер жеке жұмыс тобымен және топтық форматтағы жұмыс кезіндегі белсенді қатысушылардың суреттері бойынша алынды; екінші, топтық формат жұмысының нәтижелері жеке жұмысқа қарағанда нәтижелер жоғары; үшіншіден, екіншілік өлшеудің процесінде зерттеуге қатысушылар сурет салу барысында өз пікірлерін білдіріп отырды, не салып жатыр, оны қай жерде кездестерді немесе кездестіруі мүмкін, ол нәрсені қалай қолдануға болады.





3-сурет – Креативтілікті тексеру біріншілік өлшем





4-сурет – Креативтілікті тексеру екіншілік өлшем

Нәтижелерді бейнелердің санына қарай және тапсырмада мағынасына қарай максималды шашырауына қарай бағаладық, суреттердің саны, түстерді қолдану, сызықтар әр түрлі қалыңдығына қарай, суреттердің ұқыптылығы, суреттерге ілеспе пікірлер (мысалдар 3 сурет, 4 сурет).

Көрсетілген жұмыстар бойынша тапсырмада бейнеленген заттардың саны 3-4 пәннен 6-7 пәнге өскенін көреміз, пәндердің арасындағы мәндік байланыс максималды әр түрлі, түс ауқымын қолдану бір түстен өзгерген 2-3 түске өскен, түстерді қолданудың минималды өзгерісін уақыт тапшылығымен ақтай аламыз, зерттеу қатысушылары ойлағандарын салып үлгері алмай қаламыз деп асықты, бірақ ауызша қандай түстерді қолданғылары келетінін айтып және ата-аналарымен демалыста үйде салып аяқтағылары келді, бірақ тапсырма қатаң түрде зерттеу аясында болғандықтан ұсынылған уақыттан және форматтан бөлек суреттерді толықтыру қарастырылмады.





5-сурет – Екіншілік өлшемдегі суреттер, жеке және топтық жұмыс форматында
(Не нәрсе суық бола алады?)





6-сурет – Екіншілік өлшемдегі суреттер, жеке және топтық жұмыс форматында
(Не нәрсе ыстық бола алады?)

Қатысушылардың әр түрлі зерттеу форматында өткен жұмыстарын салыстырып, келесідей қорытынды жасасақ болады, берілген суреттер бойынша (5 және 6-суреттер) бірінші сурет

жеке форматтағы сабақтарға қатысқан қатысушының жұмысы, екінші топтық форматта қатысқан қатысушының жұмысы, креативтіліктің дамуы топтық форматта тиімдірек болды, ол жерде балаларда топтық әңгімелесу болады және ойлау қабілеттерін тек жеке пайымдаулары емес топтық пайымдаулары негізінде дамытады. Мысалы, «Не нәрсе салқын болуы мүмкін?» деген суреттерде суреттер өте ұқыпты салынған, жауаптар саны көбірек, мағыналық диапазоны кеңірек. Бұл құбылысты «Не нәрсе ыстық деген?» деген сұрақтардың жауабынан да көрсек болады, санынан бөлек мағыналық диапазоннан бөлек онда бояуларды қолдану мүмкіндіктері бар, суреттер анық және нақты болып шыққан. Топтық жұмыста қатысушылардың жауаптарының толықтығын, өз дәлелдерін және ойларын толықтай жеткізу мүмкіндіктерін атап өтсек болады.



7-сурет – Үш зерттеу тобының екіншілік өлшемі (Не нәрсе суық бола алады?)



8-сурет – Үш зерттеу тобының екіншілік өлшем суреттері (Не нәрсе ыстық бола алады?)

Үш зерттеу тобындағы тәуекелді (7 сурет және 8-сурет) біз креативтілікті дамыту бойынша изо-терапия сабағы өтпеген, минималды түс және заттар салынған суреттерден бақылау тобының екіншілік өлшемінің нәтижелерінде көре аламыз. Сонымен бірге бақылау тобының екіншілік өлшемдегі суреттерінің минималды пікірлермен жасалғанын, пікірлер тек зерттеушілердің сұрақтарына жауап ретінде ғана берілгені, бақылау тобының қатысушылары зерттеушілермен байланыспағандары сол үшін өз ойын білдіруде қиындықтар кешкендері жөнінде ерекшелік жасай аламыз, себебі зерттеушілер білім орталығының психологтары болғандықтан бақылау тобының қатысушыларымен аптасын бір рет кездесті, зерттеудің белсенді топ қатысушыларымен бірдей, бірақ жұмыстың басқа тәжірибелерімен айналысты.

Қорытындылай келе, изо-терапия 4 пен 5 жас аралығындағы балалардың креативтілігін дамытуға көмектесетінін айта аламыз. Изо-терапия балалармен жеңіл қарым-қатынас құруға көмектесетін құрал болып табылады және осы жас аралығындағы балаларға тән жетекші қызмет ойын формасы екенін еске алсақ, сурет салу техникалары балаларда жаңа пайымдаулар, жаңа болжамдар мен идеяларды дамытады сонымен қатар қиял креативтілікті

дамытуға әсер етеді. Изо-терапия білім саласында үлкен потенциалға ие, зерттеуге белсене қатысқан топ тәрбиешілерінің кері байланысын ескере отырып, изо-терапия балалардың креативтілігін ғана дамытып қоймай, қарым-қатынас дағдыларының дамуына да жағымды әсер етті. Жаңа суреттерді ойлап табу барысы балалар үшін ойын процесі ретінде қабылданып, шаршау сезімін азайтады, жалықтырмай, сабақ барысында жаңа ақпаратты жеңіл қабылдап, белсенділіктерін сақтайды. Изо-терапияның әртүрлі техникаларын және әдістерін қолдану, балалар үшін өзінің және басқа балалардың мүмкіндіктерін көре алуға, эмоцияларын еркін білдіріп, мазасыздықты жойып, табыс сезімін дамытуға, белсенді қатысып және шығармашылық процесті қалыпты деңгейде қабылдауға әсер етеді. Осыған орай, изо-терапия 4 пен 5 жас аралығындағы балалардың креативтілігін дамыту құралы ретінде ұсынылады.

Әдебиеттер

1. Мороз В.В. Развитие креативности студентов. Монография. / В.В. Мороз; Оренбургский гос. ун-т. – Оренбург: ОГУ, 2011. – 183 с.
2. Калашникова О.В. Изотерапия как средство развития творческих способностей дошкольников с ограниченными возможностями здоровья // Universum: психология и образование. 2018. №4 (46). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/izoterapiya-kak-sredstvo-razvitiya-tvorcheskih-sposobnostey-doshkolnikov-s-ogranichennymi-vozmozhnostyami-zdorovya> (дата обращения: 03.03.2025).
3. Форсеева И. В. Изотерапия и художественно-творческая абилитация детей дошкольного возраста с расстройством аутистического спектра // Вестник практической психологии образования. – 2019. – Т. 16. – №. 3. – С. 131-138.
4. Крамер В. Арт как терапия с детьми. – М.: Когито-Центр, 2022. – 304 с.
5. Исаханова А.А., Омарбекова А.И. Изучение образа страха в младшем школьном возрасте. Казахский национальный педагогический университет имени Абая ХАБАРШЫ «Психология» сериясы Том 69 №4/2021 <https://doi.org/10.51889/2021-4.1728-7847.14>
6. Леонтьев А.Н. Проблемы развития психики. – НПФ «Смысл», 2020. - 882 стр.
7. De Witte M. et al. From therapeutic factors to mechanisms of change in the creative arts therapies: A scoping review // Frontiers in psychology. – 2021. – Т. 12. – С. 678397.
8. Арнхейм, Р. Art as therapy // Arts in Psychotherapy. – 1980. – Т. 7. – С. 247–251. – DOI: 10.1016/0197-4556(80)90001-5.
9. Blatner, A. Theoretical principles underlying creative arts therapies // Arts in Psychotherapy. – 1992. – Т. 18. – С. 405–409. – DOI: 10.1016/0197-4556(91)90052-C.
10. Johnson, D. R. On the therapeutic action of the creative arts therapies: the psychodynamic model // Arts in Psychotherapy. – 1998. – Т. 25. – С. 85–99. – DOI: 10.1016/S0197-4556(97)00099-3.
11. Karkou, V., Sanderson, P. (eds.). Arts Therapies: A Research-Based Map of the Field. – Edinburgh: Elsevier, 2006. – 303 p.
12. Jones, P. Arts Therapies: A Revolution in Healthcare. 2nd ed. – New York, NY: Routledge, 2021. – 390 p.
13. Renzulli, J. S. New Directions in Creativity: Mark A. – New York: Harper & Row, 2022. – 262 p.
14. Дилео Д. Детский рисунок: диагностика и интерпретация. – М.ИОИ. 2018. – 262 стр.

КОЛЛАБОРАТИВНЫЕ МЕТОДЫ И ИНСТРУМЕНТЫ В ОБУЧЕНИИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Абдиева Г.И., Искандарова Р.Д.

КГКП Алматинский гуманитарно-педагогический колледж № 2
Алматы, Казахстан

Мақалада бастауыш сынып оқушыларын оқытуда бірлескен әдістер мен цифрлық құралдарды қолдану ерекшеліктері қарастырылады. Ресурстардың түрлері, олардың артықшылықтары мен білім беру тәжірибесіндегі шектеулері талданады. Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік, шығармашылық және цифрлық дағдыларын дамытудағы ынтымақтастықтың маңыздылығы негізделген.

Түйін сөздер: бастауыш мектеп, ынтымақтастық, цифрлық технологиялар, бірлескен оқыту, коммуникативті дағдылар, интерактивті құралдар.

В статье рассматриваются особенности применения коллаборативных методов и цифровых инструментов в обучении учащихся начальных классов. Анализируются типы ресурсов, их преимущества и ограничения в образовательной практике. Обоснована значимость сотрудничества в развитии коммуникативных, творческих и цифровых навыков младших школьников.

Ключевые слова: начальная школа, коллаборация, цифровые технологии, совместное обучение, коммуникативные навыки, интерактивные инструменты.

The article examines the features of the use of collaborative methods and digital tools in teaching primary school students. The types of resources, their advantages and limitations in educational practice are analyzed. The importance of cooperation in the development of communication, creative and digital skills of primary school students is substantiated.

Keywords: primary school, collaboration, digital technologies, joint learning, communication skills, interactive tools.

Современное образование находится в постоянном поиске эффективных методов, способных раскрыть потенциал каждого ученика, особенно на начальном этапе обучения. Коллаборативное обучение выступает как метод, необходимый для развития когнитивных способностей учащихся начальной школы. Взаимодействие учащихся на уроке способствует более глубокому и быстрому усвоению теоретических знаний и оказывает значительное влияние на развитие целого комплекса познавательно-психических процессов (внимание, память, мышление и речь).

Актуальность данного исследования определяется тем, что младший школьный возраст (6-10 лет) представляет собой сензитивный период для становления познавательной деятельности. Именно в этот период закладываются основы для дальнейшего интеллектуального развития. Коллаборативные методы обучения обладают потенциалом активизировать мыслительную деятельность, формировать ценные навыки коммуникации и сотрудничества, что имеет особое значение на начальной ступени образования.

Целью настоящего исследования является изучение влияния коллаборативных методов обучения на когнитивное развитие младших школьников. Для достижения этой цели были определены следующие задачи:

1. Изучить теоретические и научные подходы к когнитивному развитию и коллаборативному обучению в педагогической и психологической литературе.
2. Проанализировать особенности познавательно-психической сферы детей младшего школьного возраста, выявив ключевые характеристики внимания, восприятия, памяти, мышления и речи на данном этапе развития.
3. Определить наиболее эффективные формы коллаборативного взаимодействия, способствующие развитию конкретных когнитивных процессов: внимания, восприятия, памяти, мышления и речи.
4. Оценить влияние систематического применения коллаборативных методов на учебную деятельность и динамику когнитивного развития детей в начальной школе.
5. Разработать практические рекомендации по внедрению и использованию коллаборативных методов обучения в образовательном процессе начальной школы.

Практическая значимость данного исследования заключается в обосновании эффективности коллаборативных методов обучения для развития познавательно-психической деятельности младших школьников и предоставлении конкретных методических рекомендаций учителям начальной школы для их внедрения в учебный процесс.

Младший школьный возраст является фундаментом для дальнейшего развития познавательно-психической сферы личности ребёнка. В этот сензитивный период происходит интенсивное формирование таких фундаментальных когнитивных процессов, как произвольное внимание (способность концентрироваться и удерживать фокус на задаче), различные виды памяти (кратковременная, долговременная, оперативная), восприятие (целостное отражение предметов и явлений), мышление (анализ, синтез, сравнение, обобщение, абстрагирование) и речь (устная и письменная, как средство коммуникации и мышления). Успешное развитие этих познавательно-психических процессов является ключевым фактором для

эффективного усвоения знаний, формирования устойчивой учебной мотивации и развития самостоятельности учащегося в начальной школе.

Одной из важнейших особенностей когнитивного развития в этот период является переход от преобладающего наглядно-действенного мышления к более зрелому словесно-логическому мышлению. Дети начинают проявлять способность понимать абстрактные понятия, осуществлять более сложные операции обобщения, формулировать выводы и устанавливать причинно-следственные связи [1, с. 42]. Параллельно с этим развивается произвольное внимание, увеличивается объём и устойчивость различных видов памяти, активно совершенствуются речевые навыки, которые становятся не только средством общения, но и инструментом мышления. На данном этапе особую важность приобретает не только объём предоставляемой информации, но и активное вовлечение ученика в процесс познания. Использование инновационных методов обучения, стимулирование дискуссий и совместного решения проблем способствуют более глубокому пониманию материала, развитию критического мышления и активизации речевой деятельности [2, с. 19]. Мы убеждены, что систематическое применение коллаборативного обучения в начальной школе необходимо для активизации и развития познавательных-психических процессов учащихся.

В контексте развития когнитивной сферы младших школьников особое значение имеет культурно-историческая теория Л.С. Выготского. Согласно этой теории, развитие высших психических функций, к которым относятся и когнитивные процессы, происходит в социальном взаимодействии. Ребёнок первоначально усваивает знания и навыки в процессе совместной деятельности с более компетентными взрослыми или сверстниками, и лишь затем эти знания и навыки интериоризируются, то есть переходят во внутренний план [3, с. 78]. Таким образом, качественно организованное обучающее взаимодействие, каким и является коллаборативное обучение, играет фундаментальную роль в формировании и развитии познавательных-психических процессов у младших школьников.

Коллаборативное обучение представляет собой педагогическую стратегию, основанную на организации учебного процесса, в рамках которого учащиеся работают совместно в небольших группах над достижением общей учебной цели. В отличие от традиционной групповой работы, коллаборативное обучение характеризуется чёткой структурой взаимодействия, распределением ролей между участниками, взаимозависимостью членов группы в достижении результата, совместным поиском решений и обязательным вкладом каждого участника в общий результат [4, с. 55]. Ключевыми принципами коллаборативного обучения являются: взаимозависимость (стимулирует сотрудничество и взаимную поддержку); индивидуальная ответственность (каждый ученик несёт ответственность за свой вклад в работу группы и за усвоение материала); совместная деятельность (учащиеся активно взаимодействуют, обсуждают материал и совместно решают поставленные задачи); развитие социальных навыков (учатся эффективно общаться, слушать друг друга, разрешать конфликты и принимать коллективные решения); рефлексия (анализирует свою работу, обсуждает достигнутые результаты и процесс взаимодействия). Такой подход обеспечивает активное вовлечение учащихся начальной школы в учебный процесс, способствует развитию не только предметных знаний, но и важных социальных навыков (soft skills), формирует креативное мышление и способность к эффективному командному взаимодействию [5, с. 32]. Более того, обсуждение учебного материала, необходимость аргументировать свою точку зрения и совместно искать решения, который способствуют активизации когнитивной деятельности учащихся.

Многочисленные исследования подтверждают, что дети, обучающиеся в условиях сотрудничества, демонстрируют более высокий уровень развития речевых и мыслительных процессов по сравнению со своими сверстниками, обучающимися с использованием традиционных методов [6, с. 102]. Коллаборативное обучение создаёт благоприятные условия для формирования у младших школьников умений анализировать информацию, делать обоснованные выводы, сопоставлять различные точки зрения и чётко формулировать собственное мнение.

На сегодняшний день коллаборативное обучение оказывает существенное влияние на развитие основных познавательных-психических процессов младших школьников. Прежде всего, это касается развития внимания учащихся. Участие в групповой работе требует от ученика произвольной концентрации, устойчивости внимания к высказываниям других

участников, а также соблюдения установленных правил взаимодействия. Необходимость следить за ходом обсуждения, вносить свой вклад и понимать задачи других способствует развитию устойчивости и переключаемости внимания в учебной деятельности.

Мышление как сложный познавательный-психический процесс интенсивно развивается в процессе совместного поиска решений проблемных задач. В ходе коллаборативного обучения учащиеся начальной школы учатся взаимодействовать в команде, анализировать учебную информацию с разных сторон, высказывать и аргументировать свою точку зрения, генерировать креативные идеи и сравнивать различные подходы к решению. Совместное обсуждение учебного материала стимулирует развитие логического и критического мышления, способности к анализу, синтезу и обобщению [1, с. 42].

Особое значение коллаборативное обучение имеет для развития речевой деятельности. Необходимость активно общаться с одноклассниками, объяснять свои мысли, задавать вопросы и аргументировать свою позицию способствует развитию коммуникативной компетентности ученика. Учащиеся начальной школы учатся слушать и понимать друг друга, уважать чужое мнение и выстраивать конструктивный диалог. Это, в свою очередь, формирует навыки грамотной и связной речи, обогащает словарный запас и способствует развитию коммуникативных способностей в целом [2, с. 19].

Для достижения максимальной эффективности от применения коллаборативного обучения учитель начальной школы должен соблюдать ряд важных условий. Учебная деятельность должна быть целенаправленной и четко структурированной. На этапе планирования и проведения урока учитель не только формулирует цели и задачи, но и продуманно распределяет роли между учениками, обеспечивает активное включение каждого ребёнка в командное взаимодействие и осуществляет постоянный контроль за процессом работы. В контексте коллаборативного обучения учитель выступает не только как источник знаний, но и как организатор и фасилитатор – он задаёт направляющие вопросы, стимулирует дискуссию, поддерживает благоприятный эмоциональный климат в группе и помогает учащимся эффективно взаимодействовать [3, с. 78].

В эпоху стремительного развития информационных технологий коллаборативные методы обучения представляют собой особенно актуальный и эффективный инструмент для развития основных познавательных-психических процессов младших школьников. Успешное внедрение коллаборативного обучения требует целенаправленной работы как со стороны педагогов, так и при поддержке родителей, ориентированной на всестороннее развитие не только когнитивных, но и коммуникативных и личностных качеств младших школьников, что является залогом их успешной адаптации и обучения на последующих этапах образования.

Коллаборативное обучение способствует развитию не только произвольного, но и распределенного внимания. Учащиеся учатся одновременно следить за собственной работой, вкладом других членов группы и общей динамикой обсуждения. Различные игровые формы коллаборативной работы: "мозговой штурм" или решение головоломок в команде, требуют от учащихся постоянной концентрации и быстрого реагирования на идеи других учеников.

В процессе коллаборативного обучения активизируются различные виды памяти. Объясняя материал друг другу, учащиеся вынуждены воспроизводить информацию из долговременной памяти, структурировать ее и представлять в понятной форме, что способствует лучшему закреплению знаний. Совместное обсуждение и необходимость аргументировать свою точку зрения стимулируют оперативную память, так как учащимся приходится удерживать в уме несколько аспектов обсуждаемой проблемы и сопоставлять различные аргументы. Использование наглядных материалов и совместное создание схем или ментальных карт также способствует развитию визуальной памяти.

Коллаборативное обучение способствует развитию целостного и многогранного восприятия учебного материала. Обсуждая одну и ту же проблему с разных точек зрения, учащиеся получают возможность увидеть ее с различных сторон, что способствует более глубокому и объемному пониманию. Совместное выполнение практических заданий, требующих сенсорного взаимодействия (при работе с конструкторами или природными материалами), развивает чувственное восприятие и способствует лучшему усвоению абстрактных понятий через конкретный опыт.

Коллаборативное обучение создает идеальную среду для развития различных видов мышления. Дискуссии и обмен мнениями стимулируют критическое мышление, так как учащиеся учатся анализировать информацию, оценивать аргументы и формулировать

собственную обоснованную позицию [4, с. 55]. Совместное решение проблемных задач развивает творческое мышление, поскольку учащиеся вынуждены искать нестандартные подходы и генерировать новые идеи. Необходимость объяснять свои мысли и понимать рассуждения других способствует развитию логического мышления и способности к построению причинно-следственных связей [5, с. 32].

Коллаборативное обучение является мощным стимулом для развития всех аспектов речи. Участие в групповых обсуждениях, необходимость объяснять свои идеи и задавать вопросы способствуют развитию устной речи, обогащению словарного запаса и формированию грамматически правильных высказываний [6, с. 102]. Совместное создание письменных работ (отчеты о проектах или эссе), развивает письменную речь и навыки структурирования текста. Важно отметить, что в процессе коллаборативного обучения речь выступает не только как средство коммуникации, но и как основной инструмент мышления [1, с. 42].

Формы коллаборативного взаимодействия в начальной школе множество. Разнообразные формы коллаборативного взаимодействия могут быть эффективно использованы в начальной школе для развития когнитивных способностей учащихся [2, с. 19] таких как: работа в парах: Обсуждение вопросов, выполнение небольших заданий, взаимопроверка. Такого рода форма коллаборативного взаимодействия способствует развитию коммуникативных навыков и ответственности учащихся. А вот работа в малых группах (3-4 человека), решает проблемные задачи, выполнение проектов, ролевые игры. Эта форма позволяет каждому ученику активно участвовать в процессе и развивает навыки сотрудничества. «Мозговой штурм» выступает как генерация большого количества идей по определенной теме в группе. Эта форма эффективно стимулирует творческое и критическое мышление учащихся. Игра «Карусель», когда учащиеся работают в парах обсуждая различные вопросы. Эта форма обеспечивает активное взаимодействие и обмен идеями между всеми учениками как активное взаимодействие. Другая форма игры «Аквариум» развивает навыки наблюдения и анализа учеников на уроке. В процессе проектной деятельности учащиеся учатся совместно планировать, выполнять задание. Эта форма интегрирует когнитивные процессы и способствует развитию самостоятельности и ответственности. Игры с элементами сотрудничества (настольные игры, квесты, ролевые игры).

Роль учителя в организации коллаборативного обучения играет ключевую роль в успешном внедрении коллаборативного обучения. Его задачи включают [3, с. 78]: планирование (целей урока, подбор заданий, требующих взаимодействия, формирование групп с учетом индивидуальных особенностей учащихся). Инструктирование (объяснение правил работы в группе, распределение ролей, определение критериев оценки). Фасилитация (наблюдение за работой группы). Создание благоприятной атмосферы (поддержка сотрудничества, поощрение активного участия каждого ученика, формирование уважительного отношения к мнению других. Рефлексия (организация обсуждения результатов работы, анализ процесса взаимодействия в группах).

Коллаборативное обучения младших школьников оказывает положительное влияние и на другие важные аспекты развития младших школьников: эмоциональное развитие (проявляют эмпатию, уважает чужое мнение, берет ответственность, который способствует формированию социальных навыков и развитию эмоционального интеллекта учащегося). Личностное развитие (участие в совместной деятельности повышает уверенность в себе, развивает самостоятельность, инициативность и ответственность, принимать решения, отстаивать свою точку зрения и сотрудничать с другими).

Коллаборативное обучение представляет собой комплексный и многогранный подход, способствующий не только развитию когнитивных способностей младших школьников, но и их гармоничному личностному и социальному развитию. Эффективное применение данного метода требует от педагога глубокого понимания его принципов и владения разнообразными формами организации учебной деятельности.

Таким образом, в период инновационных технологии коллаборативные методы как мощный педагогический инструмент обучения способствуют развитию основных познавательно-психических процессов младших школьников, что делает их особенно актуальными в условиях современного образования. Эффективное внедрение коллаборативного метода обучения требует системной работы как со стороны педагогов, так и со стороны родителей, направленной на развитие не только познавательно-психических процессов, но и коммуникативных и личностных качеств младших школьников.

Литература

1. Божович Л.И. Личность и её формирование в детском возрасте. – М.: Просвещение, 2009. – 208 с.
2. Гальперин П.Я. Психология мышления и обучения. – М.: Академический проект, 2011. – 320 с.
3. Выготский Л.С. Психология развития ребёнка. – М.: Смысл, 2013. – 430 с.
4. Джонсон Д., Джонсон Р. Обучение в сотрудничестве в школе. – СПб.: Питер, 2003. – 256 с.
5. Козн Э. Стратегии кооперативного обучения. – М.: Эдиториал УРСС, 2002. – 312 с.
6. Бим-Бад Б.М. Образование и развитие мышления. – М.: Педагогика, 2007. – 208 с.

ЖОО-да ӨЗІН-ӨЗІ ТАНЫТАТЫН СУБЪЕКТИЛЕРДІҢ КИКІЛЖІНДІ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қуанәлі М.А., Сангилбаев О.С.

«Туран» университеті
Алматы, Қазақстан

Бұл мақалада өзін-өзі танытатын тұлғаның кикілжіңді жағдайларды шешудің психологиялық ерекшеліктері талданған. Мақала қазіргі кездегі қызықты да күрделі мәселе кикілжіңді жағдайларды талдауға арналған. Теориялық аспектісінде өзін-өзі танытатын тұлғаның қасиеттері мен кикілжіңді жағдайларды конструктивті шешу тәсілдері, типологиясы, себептері мен жоғары оқу орнында тиімді шешу тәсілдері қарастырылған.

Түйін сөздер: өзін-өзі танытатын субъект, кикілжіңді шешу тәсілдері, типологиясы, кикілжіңнің себептері

В статье дается анализ особенностей разрешения конфликтных ситуаций самоактуализирующейся личностью. Статья посвящена одной из актуальных проблем человеческой жизни - проблеме конфликтных ситуаций. В теоретической части рассмотрены различные типологии конфликтов, их причины и способы их разрешения в системе высшего образования.

Ключевые слова: самоактуализирующий личность, способы разрешения конфликтов, различные типологии конфликтов.

The article provides an analysis of the features of resolving conflict situations by a self-actualizing personality. The article is devoted to one of the urgent problems of human life - the problem of conflict situations. The theoretical part examines various typologies of conflicts, their causes and ways of resolving them in the system of higher education.

Keywords: self-actualizing personality, methods of conflict resolution, various typologies of conflicts.

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында білім алушы жастардың әлеуметтік белсенділігі артып, түрлі кикілжіңді жағдайларға тап болу қаупі жоғарылап келеді. Әсіресе, көшбасшылық қасиеті бар, өзін-өзі танытатын (танымал) студенттердің кикілжіңді жағдайларға түсуі жиі кездеседі. Бұл студенттердің психологиялық тұрақтылығына, академиялық үлгеріміне және әлеуметтік беделіне кері әсер етуі мүмкін.

Дәстүрлі мәдениетіміздің құндылықтары мен тәсілдері кикілжіңді шешудің бірегей амалдарын ұсынады. Алайда, жоғары оқу орындарында дәстүрлі мәдениет тәсілдерін қолдану мүмкіндіктері мен тиімділігі толық зерттелмеген. Өзін-өзі танытатын студенттердің кикілжіңді жағдайларды шешудегі психологиялық ерекшеліктерін дәстүрлі мәдениет аясында қарастыру арқылы, олардың бейімделуіне және табысты болуына ықпал ететін тиімді стратегиялар мен әдістерді анықтау қажет.

Мақаланың болжамы:

Егер ЖОО-да оқу-тәрбие үрдісінде өзін-өзі танытатын студенттерге кикілжіңді жағдайларды шешуде дәстүрлі мәдениет тәсілдерін қолданудың психологиялық ерекшеліктері туралы білім берілсе және оларды іс жүзінде қолдану дағдылары қалыптастырылса, онда олардың:

1. Кикілжіңді жағдайларды тиімді шешу қабілеті артады.

2. Психологиялық тұрақтылығы нығаяды.
3. Әлеуметтік беделі мен көшбасшылық қасиеттері дамиды.
4. ЖОО-дағы оқу-тәрбие ортасының әлеуметтік-психологиялық климаты жақсарады.

Қазіргі заманда кез-келген әлеуметтік ұйымда шиеленісті жағдайлар болып тұрады. Осындай жағымсыз жағдайларды дер уақытында тиімді шешу тұлғаның кемелдігіне және жекедара қасиеттеріне байланысты.

Жетілген тұлғаны психологияда өзін-өзі танытатын тұлға деп атайды. Алғаш рет осындай тұлғаларды әйгілі американдық гуманистік психолог А. Маслоу зерттеген болатын. Ол психологиялық денсаулық мәселелерін зерттеу мақсатында өзін-өзі үнемі жетілдіретін, еркін және шығармашыл тұлғаның ерекшеліктерін анықтаған [1].

Осы орайда, туындайтын **теориялық мәселелері:**

1. **Өзін-өзі танытатын субъектілердің психологиялық ерекшеліктері:** §Бұл санаттағы студенттердің тұлғалық қасиеттері, әлеуметтік интеллекті, көшбасшылық қабілеттері және кикілжіңге бейімділігі қандай?

2. **Кикілжіңдік жағдайлардың психологиялық аспектілері:** §ЖОО-да студенттер қандай кикілжіңді жағдайларға тап болады? Бұл жағдайлардың себептері, түрлері және салдары қандай?

3. **Дәстүрлі мәдениеттің кикілжіңді шешудегі рөлі:** §Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде кикілжіңді шешудің қандай тәсілдері (билер соты, ақсақалдар кеңесі, татуластыру) бар? Бұл тәсілдердің психологиялық негіздері қандай?

4. **Дәстүрлі және заманауи тәсілдердің синтезі:** §Дәстүрлі мәдениет тәсілдерін заманауи психологиялық біліммен үйлестірудің тиімді жолдары қандай?

Біздің зерттеуде алған мақсатымыз өзінің дарындылығы мен қабілеттерін, өзінің тұлғалық әлеуметтерін толық қолдана алатын, өздерін толық қалыптастара алатын, өз күші келер істі атқара алатын тұлғаларды табу және кикілжіңді жағдайларды дәстүрлі мәдениет тәсілдері арқылы шешудің психологиялық ерекшеліктерін анықтау. Себебі осындай адамдарға өз уақытында көңіл бөлу және анықтау қазіргі кездегі қоғам үшін маңызды болады деп санаймыз.

Біз мақаламызда қарастырып отырған мәселе – ол өзін-өзі танытатын тұлға және оның кикілжіңді жағдаяттарды дәстүрлі мәдениет тәсілдері арқылы шешу тәсілдері.

Эксперименттік зерттеуімізде біз зерттеу объектісі ретінде студенттер мен оқытушылар топтарын алдық. Осы екі санаттағы зерттелушілердің өзін-өзі таныту деңгейлері мен кикілжіңді жағдайларды шешу стратегиялары арасындағы байланысты эксперименттік зерттеу нәтижесінде анықтауға тырыстық. Зерттелушілер ретінде Алматы қаласының әр түрлі жоғары оқу орнынан таңдалынған 100 оқытушы мен 400 студент алынды.

Зерттелушілерді осылай таңдау себебіміз, өзін-өзі кемелдендірудің ересек субъектілер көрсеткен формасы қазіргі қоғамда жаңадан ересек өмірге қадам басқан жас адамдар арасында болуы мүмкін деп есептеуімізде.

Ал оқытушылар санатын зерттеуге алған себебіміз, бұл топтағы мамандар кәсіби талаптарға сәйкес, өздері жетерліктей биікке жеткен тұлғалар болуы шарт. Өйткені шәкірт тәрбиелейтін ұстаздың тұлғалық қасиеттері жетілген, кәсіби қабілеттері өте ерекше дамыған болуы қажет.

Өзін-өзі танытатын тұлғалар қауіпсіздікке, махаббатқа, сыпайылыққа және өзін-өзі сыйлауға деген базалық қажеттіліктерін өтеумен қатар, білім алуға және басқа адамдарды жақсы түсінуге деген когнитивті қажеттіліктерін де қанағаттандыруға ұмтылады. Осы арқылы бұл субъектілер кез-келген жағдаяттарда, соның ішінде кикілжің жағдайларда өздерін бір қалыпты, сенімді ұстап, қоршаған адамдарға махаббат пен сыйластық сезімін танытады. Сонымен қатар, олардың өздерінің құндылықтар жүйесін қамтитын философиялық және діни ұстанымдары да болуы мүмкін. Бұл әсіресе, Қазақстан жастарын заманауи талаптарына сай барлық рухани қажеттіліктерін үнемі жетілдіру үшін аса қажет. Мысалы, олар танымдық, шығармашылық, рухани-адамгершілік құндылықтарын басшылыққа ала отырып, өзін-өзі жүзеге асырып отыруы шарт.

Біздің кешенді зерттеуімізден анықталғаны әр түрлі қоғам саласында іс-әрекет атқаратын тұлғалар өз мамандықтарына сай қасиеттерді өзіндік дамытуға, жетілдіруге, өзін-өзі көрсетуге, осылайша өз кәсіби ортасында өзін-өзі анықтауға тырысады. Мысалы, өзіндік кемелденетін ғалымдар әдетте, зияткерлік іс-әрекетпен айналысатындықтан, олар үшін маңыздысы - интеллектуалдық күшті жетілдіру.

Психоанализ бойынша, шығармашыл тұлғалар ішкі тұлғалық кикілжіңді әлеуметтік құпталған тәсілдер арқылы сыртқа шығарып, сублимациялауға тырысады. Конструктивтік психология бойынша, жетілген тұлғалар кез-келген жағымсыз әлеуметтік жағдаяттарды конструктивті, ересектік түрде саналы шешуге тырысады.

Әдетте, өзін-өзі танытатын тұлғалар кикілжің жағдайдан дұрыс жол табуға тырысады. Әрі бұл жол таба алу терең рефлексияны, жан-жақты білімділік пен руханилықты қажет етеді. Әрбір адам өмірінде қарым-қатынас едәуір орын алады, сондықтан да кикілжің жағдайлар болары сөзсіз. Олай болса, кикілжіңді өмірлік тәжірибенің өзі, өзін-өзі тәрбиелеудің, өзін-өзі анықтаудың және өзін-өзі танудың, өзін-өзі жетілдірудің, өзін-өзі реттеудің қайнар көзі деп қолдану керек. Өзін-өзі танытатын тұлғалар мұндай ұқсас кикілжіңді жағдаяттардың пайда болуына жол бермей, алдын-ала болжай алады, мұндай кикілжіңдерді шеше білу тәжірибесі болашақта дұрыс шешімге шешімге келуге алдын-ала бағдар беріп, келесі кикілжіңді болдырмауға үйретеді.

Кикілжіңнің әлеуметтік-психологиялық мәнін қарастыратын болсақ, шындығында, кикілжің бұл – карама-қайшылық, бірақ барлық карама-қайшылық кикілжің бола бермейді. Бізбен жүргізілген әлеуметтік-психологиялық зерттеу барысында бұның бірнеше себептері анықталған.

Әлеуметтік-педагогикалық үрдіс – тұлғаны әлеуметтендіру бойынша мақсатқа бағытталған іс-әрекет. Оған білім беру мен оқытудың, тәрбиенің барлық аспектілері қамтылады. Әлеуметтік-педагогикалық үрдістің негізгі мақсаты – тұлғаны нақты әлеуметтік мәдени сапаларымен тәрбиелеу (білім беру, оқыту) болып табылады. Әсіресе, жоғары білім беру жүйесінде оқыту үрдісінің негізгі субъектісі болып табылатын студенттердің дербестік қасиеттерін қалыптастыру қазіргі кредиттік оқыту кезеңінде маңызды рөл атқарады. Осыған орай, жоғары білім беру жүйесінде кикілжіңді негізгі үш топқа бөлуге болады (өзара әрекеттің үш деңгейі): кикілжің типтері: «оқытушы – оқытушы», «студент – оқытушы», «студент – студент».

«Оқытушы – оқытушы» кикілжің типі негізінен профессорлық-оқытушылық ұжымның әлеуметтік-кәсіби иерархиясымен және жеке даралық психологиялық ерекшеліктерімен байланысты.

Біздің зерттеуіміздің нәтижесі бойынша төмендегідей мәліметтер алынды. Жоғары оқу орны ұжымындағы оқытушылардың сұрақтарға жауап беруіне қарай, кикілжіңдерінің пайда болуының негізгі себептері төмендегідей болып анықталды:

- құндылықтық бағыт-бағдарлардың өзіндік ерекшеліктерімен;
- кәсіби деңгей ерекшеліктерімен;
- қарым-қатынаста бір-бірімен шыдамсыздық, әдепсіздік танытуы;
- кәсіби ұжым ішіндегі оқытушылардың өзара келісе алмаушылығы;
- тұлғалық өзін-өзі таныту деңгейімен;

Томас-Килменнің «Шиеленісті жағдаяттарды шешу стратегиясы» әдістемесін қолдану барысында анықталған нәтижелерді талдайық.

Жүргізілген зерттеу мәліметтерінің нәтижелері көрсеткендей, әсіресе педагогтардың ұжымында оқытушылардың көпшілік бөлігі өзінің әріптестерінің білікті маман емес деп қабылдап, қарым-қатынаста өзара бәсекестілікке түседі, осындай туындайтын шиеленісті жағдайлар, әсіресе, өзін-өзі адекватты емес жоғары бағалайтын тұлғаларда кездеседі.

Қазіргі бәсекелестік заманда тұлғалар өзін-өзі жетілдіріп, шиеленісті жағдаяттарда бірлесіп әрекет ету стратегиясынан гөрі, жеке мүдделерін қорғап, өзімшілдік таңытып, көбінесе бәсекелестік стратегиясын таңдайды. Мұның өзі қазіргі заманда белең алған, жаппай бәсекелестіктен адамдар біртіндеп гуманистік, адамгершілік қасиеттерінен айырылып бара жатқандығын байқатады.

Енді келесі «Оқытушы – студент» қатынас жүйесін қарастыратын болсақ, бұл қатынастар тұтас әлеуметтік-педагогикалық үрдістің маңызды субъектілері арасындағы өзара әрекет аумағын көрсетеді. С.М. Жақыповтың бірлескен диалогтық іс-әрекет теориясы бойынша жоғары білім беру жүйесіндегі танымдық іс-әрекет құрылымында маңызды оқу ақпараттары, білімдер мен тұлғалық қасиеттердің, құндылықтық-мағыналардың ауысуы жүретін бірден бір жүйе – осы білім алушы мен оқытушы арасындағы өзара қатынас [2, 132б]. Осы ретте оқытушының оқу орнында алатын шиеленісті жағдайларды шешу стилі мен тәсілдері студенттердің сәйкес мінез-құлық стратегиясы мен бағыт-бағдарларын қалыптастырады.

Зерттеуден алынған мәлеметтерді сараптай келе, студент пен оқытушылардың өзара қарым-қатынасына тән кикілжіңнің себептері төмендегідей болып келеді:

- құндылықтық бағыт-бағдарлардың сәйкес келмеуінен;
- қарым-қатынас әдебінің жеткіліксіздігінен;
- бір-бірінен күтулердегі келіспеушіліктердің болуынан;
- оқытушылардың кәсіби деңгейі мен студенттердің оқу үлгерімінің деңгейі арасындағы айырмашылықтардың болуынан;
- тұлғалық өзін-өзі таныту, өзін-өзі бағалау, стресске төзімділік деңгейімен;
- студенттердің өз-өзі таныту деңгейі мен оқытушылардың өзін-өзі бағалау ерекшеліктері арасындағы байланыстар.

Мысалы, қазіргі кезде көп жағдайда кездесетін жағымсыз жәйттардың бірі - әсіресе, ескі дәстүрлі әдіспен жұмыс істейтін оқытушылардың кейбір белсенділік танытатын студенттерге жағымсыз түрде қарап, бағаларын керісінше төмендетуі орын алып, студент пен оқытушы арасында кикілжіңді жағдайлардың пайда болуына әкеледі. Мұның өзі оқытушылардың кәсіби өзін-өзі жетілдіруіне, кемелденуіне кереғар үрдіс болып табылады. Оқытушылар мен студенттердің өзара бір-бірінен күткен үміттері құндылықтық бағыт-бағдарынан бастап, студенттердің алатын сапалы білімі мен оларды меңгерудің тиімділігі және оқытушылардың кәсіби құзырлылық мәселелерін толығымен қамтиды. Сондықтан да, «студент-оқытушы» тарапынан туындайтын кикілжіңдері көбінесе оқытушылардың кәсіби деңгейінің төмендігінен деп есептейді. Сауалнамадағы студенттердің 33 % пайызы осындай көзқарастарды қолдаған. Сонымен қатар, «студент пен оқытушы арасындағы шиеленісті жағдайларды тиімді шешу тұлғаның толеранттылық қасиеттерімен байланысты екендігі анықталды.

Студент пен студенттердің қарым-қатынасының түрлері көбінесе өзара әрекет етуші субъектілердің этномәдени, әлеуметтік, рухани-адамгершілік және тұлғалық жекедара психологиялық ерекшеліктерімен, сонымен қатар, жоғары оқу орнында қалыптасқан дәстүрлермен, студенттік топтың жетілу деңгейімен, қарым-қатынас нормасы мен ережелерінің қалыптасу жағдайларымен де тығыз байланысты.

Өз кезегінде, оқу үрдісінің тиімділігінің төмендігі және оқытушылардың қарым-қатынасындағы кикілжіңдер төмендегідей себептермен түсіндіріледі:

- сабаққа ғана қатысу, жалқаулық, оқығысы келмеу (жауап беруші оқытушылардың үштен бір бөлігі осы көзқарасты қолдайды);
- базалық білімдердің аздығы, студенттерде өзбетінше ойлау жүйесінің болмауы, саяси-мәдени жалпы білім деңгейінің төмендігі;
- болашақ мамандығына және оқуға деген қызығушылығының болмауы;
- болашақ перспективасын болжай алмау, өзін-өзі анықтаудың төмендігі.

«Студент - студент» типіндегі кикілжіңнің пайда болуы студенттердің өздерінің бағалаулары бойынша төмендегідей негізде пайда болады:

- өзіндік бағалаудың тұрақсыздығы ;
- құндылықтық бағыт-бағдардағы ерекшеліктер;
- қарым-қатынасқа түсу қиыншылықтары, басқалардың жетістігіне қызғанышпен қарау.

Соңғы кездері оқытушылар мен студенттер арасында ішкі тұлғааралық кикілжіңдер белең алып келеді. Ішкі тұлғааралық кикілжің пайда болуы педагогикалық үрдісте жағымсыз әсерін тигізеді анық. Өзін-өзі танытатын тұлғалар әлеуметтік ортада кездесетін кикілжіңдерден қашпай, олардың шешімін кейінге қалдырмай, бірлесіп дұрыс шешім қабылдауды жөн санайды.

ЖОО-да студент пен оқытушылар арасында кикілжіңді шешуге көмектесетін дәстүрлі мәдениет тәсілдері:

1. **Мүшелер кеңесі:** ЖОО-да беделі бар, тәжірибелі оқытушылар мен студенттердің қатысуымен кеңес құрылуы мүмкін. Бұл кеңес кикілжіңді жағдайларды талқылап, тараптарды татуластыруға және әділ шешім қабылдауға көмектеседі. Тәжірибелі оқытушы-профессорлардың даналығы мен тәжірибесі кикілжіңнің себептерін түсінуге және оны шешудің жолдарын табуға көмектеседі.

2. **Медиация (татуластыру):** Дәстүрлі қазақ қоғамында “бітімгершілік” институты болған. ЖОО-да медиатор ретінде бейтарап тұлға (психолог, тәжірибелі оқытушы) әрекет ете алады. Медиатор тараптардың пікірін тыңдап, олардың өзара келісімге келуіне көмектеседі. Медиация процесі тараптардың қарым-қатынасын жақсартуға және өзара сенімділікті арттыруға мүмкіндік береді.

3. **Кешірім сұрау тәсілі:** Егер кикілжіңнің себебі біреудің қателігі немесе әділетсіздігі болса, кінәлі тараптың кешірім сұрауы маңызды. Кешірім сұрау тәсілі кикілжіңді шешудің және тараптар арасындағы қарым-қатынасты қалпына келтірудің тиімді жолы болуы мүмкін. Кешірім сұрау тараптардың эмоциялық күйін жақсартып және өзара түсіністікті арттырады.

4. **«Топпен бірлескен жұмыс»:** Егер кикілжің жалпы мәселені шешуге байланысты болса, тараптардың бірлесіп жұмыс істеуі мүмкін. Бірлескен жұмыс тараптардың өзара түсіністігін арттырады және ортақ мақсатқа жетуге көмектеседі. Асар әдісі кикілжіңді конструктивті жолмен шешуге және тараптар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға мүмкіндік береді.

5. **“Тілек айту” (кері байланыс орнату):** Кикілжің жағдаяттар шешілгеннен кейін, субъектілердің кері байланыс барысында тілек айтуы тараптардың татуласуын және қарым-қатынастарының жаңа кезеңін бастауын білдіруі мүмкін. Оқу-тәрбие үрдісінде кері байланыс орнату – жақсы тілектерді білдіру және тараптардың келешекте табысты болуына сенім арттырады.

Осыған орай, поляк психологы Е. Мелибруданың «Қарым-қатынасты жақсартудың психологиялық мүмкіндіктері» кітабындағы кикілжіңді жағдайдағы адам әрекетінің конструктивті моделін ұсынуға болады. Оның пікірінше, кикілжіңдерді шешуде келесі факторлар рөл атқарады:

- кикілжің көрінуінің сәйкестілігі;
- қақтығысқан тараптардың қатынасының ашықтығы мен тиімділігі;
- өзара сенімділік пен бірігіп жұмыс істеуді ұйымдастыру;
- шиеленістің мәнін анықтау [3, 56 б.].

Кикілжің көрінуінің сәйкестігіне көптеген факторлар әсер етеді. Оқытушы кикілжіңнің тікелей қатысушысы болмаса да, ол өзінің өткен жұмыс тәжірибесінен қандай да бір субъективті талдауға дайын. Онда жақсы көзқарас негізінде саналы емес сипаттағы бағыт-бағдарлар пайда болады.

Өз әрекеттерін дұрыс және заңды, ал қарсыласының әрекеттерін әділетсіз және сорақы деп қабылдау феномені «екі жақты этика» деп аталады. Кикілжіңді шешуге тырысқанда оны дұрыс анықтап алып, жан-жақты талдап көру маңызды. Ол үшін тұлға қарсы адамның позициясына еніп, кикілжің жағдайын басқа қатысушының тұрғысынан талдау абзал.

Кикілжіңнің конструктивті шешілуінің негізгі шартты деп психологтар кикілжіңге түскен жақтардың ашық тиімді қарым-қатынасы деп есептейді. Сонымен кикілжіңді жағдаяттардың конструктивті шешілуіне өзін-өзі танытатын тұлғаның қасиеттері жағымды әсер етеді деген қорытындыға келеді.

Нақты кикілжіңдерді адам өзінің қатынасын және мінез-құлқын өзгерту арқылы және оппонент психикасы мен мінез-құлқына әсер ету арқылы ескертуге болады. Жоғары білім беру жүйесінде кикілжіңнің пайда болу себептерін ескере отырып, кикілжіңді шешу және оны басқарудың жаңа технологиясын жақсы меңгерген педагогқа мақсатқа бағытталған кикілжіңді құруға мүмкіндік береді. Мәселен, педагог оқыту тобында үлгерімдері немесе пән бойынша кикілжіңдерді әдейі тудыртуы да мүмкін. Кикілжіңді жағдайлардан шығу жолдарына зейін қоя отырып, студенттердің бірлескен іс-әрекеттерін белсендендіріп қана қоймай, өзін-өзі тануға, өзін-өзі саналы түрде түсінуге, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытумен қатар, күткен нәтижелерге қол жеткізуге болады деп тұжырымдаймыз.

Әдебиеттер

1. Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық: Гуманистік психология. 5-том/ Жетекшісі - акад. Ә.Н. Нысанбаев. – Алматы: Таймас баспа үйі, 2005. - 301-319 бб.
2. Джакупов С.М. Психология познавательной деятельности. - Алма-Ата, 1992.- 195 с.
3. Мелибруда Е. Я – Ты – Мы: Психологические возможности улучшения общения. - М., 1988. – 145 с.

СӨЙЛЕУ ДАМУЫНЫҢ КЕШІГҮІ БАР МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ МЕКТЕПКЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сарманова А.Т., Мандыкаева А.Р.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан

Бұл мақалада сөйлеу дамуының кешігуі бар мектеп жасына дейінгі балалардың мектепке психологиялық дайындық ерекшеліктері теориялық тұрғыда қарастырылады. Авторлар мектепке дайындықтың негізгі компоненттерін (танымдық, мотивациялық, эмоциялық-ерік, сөйлеу және әлеуметтік) сипаттай отырып, сөйлеу тілі бұзылыстарының олардың дамуына тигізетін әсерін талдайды. Сонымен қатар, логопед пен психологтың бірлескен қолдауының тиімді жолдары мен балаға бағытталған психологиялық көмектің мазмұны баяндалады. Жұмыс қазіргі инклюзивті білім беру жағдайындағы психологиялық қолдаудың маңызын көрсетеді. Мақалада ұсынылған теориялық тұжырымдар мен әдістемелік ұсынымдар тәжірибелік жұмысқа бағыт береді.

Түйін сөздер: инклюзивті білім беру, балалардың мектепке дайындығы, логопед

В статье теоретически проанализированы особенности психологической готовности к школе детей дошкольного возраста с задержкой речевого развития. Авторы описывают основные компоненты школьной готовности (когнитивный, мотивационный, эмоционально-волевой, речевой и социальный) и анализируют влияние речевых нарушений на развитие каждого из них. Также подробно рассматриваются эффективные пути психологической поддержки, включая совместную работу логопеда и психолога. Работа подчеркивает значимость системной помощи в условиях инклюзивного образования. Представленные теоретические выводы и методические рекомендации могут быть полезны специалистам на практике.

Ключевые слова: инклюзивное образование, готовность к школе детей, логопед.

This article provides a theoretical analysis of the psychological readiness for school in preschool children with delayed speech development. The authors describe the key components of school readiness (cognitive, motivational, emotional-volitional, speech, and social) and examine how speech disorders affect the development of each component. The article also explores effective psychological support strategies, including collaborative work between speech therapists and psychologists. The study highlights the importance of systematic assistance within the context of inclusive education. The theoretical conclusions and methodological recommendations presented can serve as practical guidance for professionals.

Keywords: inclusive education, children's readiness for school, speech therapist.

Кіріспе

Мектепке дейінгі кезең – баланың психологиялық және тұлғалық дамуының ең маңызды сатыларының бірі. Бұл кезеңде баланың сөйлеу, ойлау, зейін, эмоциялық-ерік және әлеуметтік қарым-қатынас дағдылары қарқынды дамиды. Аталған қабілеттер мектепке психологиялық дайындықтың негізін құрайды.

Сөйлеу дамуының кешігуі – қазіргі таңда мектепке дейінгі балалар арасында жиі кездесетін бұзылыстардың бірі. Мұндай жағдайдағы балалардың танымдық және тұлғалық дамуы жалпы қалыпты болуы мүмкін, алайда сөйлеу тілі бұзылысы олардың өз ойын жеткізуіне, тапсырмаларды түсінуіне, құрбы-құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасына кері әсерін тигізеді. 2024 жылғы ресми деректерге сәйкес, Қазақстанда 60 мыңнан астам балада сөйлеу бұзылыстары тіркелген. Сонымен қатар, әрбір екінші мектепке дейінгі жастағы балада сөйлеу тілі дамуының әртүрлі дәрежедегі бұзылыстары байқалады. Бұл көрсеткіштер аталған мәселенің өзектілігін нақты дәлелдейді. Баланың мектепке барар алдындағы дайындық деңгейі оның алдағы оқу әрекетіне, сыныпта бейімделуіне және эмоционалдық жағдайына тікелей әсер етеді. Сондықтан сөйлеу дамуының кешігуі бар балаларға психологиялық қолдау көрсету – өте өзекті мәселе.

Мақаланың мақсаты – сөйлеу дамуының кешігуі бар мектеп жасына дейінгі балалардың мектепке психологиялық дайындық ерекшеліктерін теориялық тұрғыдан талдау және психологиялық қолдау жолдарын ұсыну. Мақалада сөйлеу тілі бұзылыстарының түрлеріне қысқаша шолу жасалып, мектепке дайындықтың негізгі компоненттері мен олардағы қиындықтар сипатталады. Сонымен қатар, сөйлеу тілі бұзылыстары бар балалармен жұмыс істейтін мамандарға арналған әдістемелік ұсыныстар ұсынылады.

Мектепке психологиялық дайындықтың теориялық негіздері

Баланың мектепке барар алдындағы психологиялық жағдайы – оқу әрекетіне бейімделудің, білімді сәтті меңгерудің және әлеуметтік ортаға икемделудің басты алғышарты болып табылады. Мектепке психологиялық дайындық тек танымдық қабілеттермен шектелмей, баланың ерік-жігері, эмоционалдық тұрақтылығы, мотивациялық деңгейі, қарым-қатынас жасау қабілеті, өзін-өзі басқаруы сияқты күрделі тұлғалық құрылымдарды да қамтиды. Бұл түсінік кешенді және көпқырлы сипатқа ие.

Л.С. Выготский (1982) мектепке дейінгі баланың дамуындағы басты фактор ретінде жоғары психикалық функциялардың (зейін, ес, ойлау, сөйлеу) әлеуметтік ортада қалыптасуын атап көрсеткен. Ол сөйлеу мен ойлау арасындағы байланысты дамудың қозғаушы күші ретінде қарастырып, сөйлеудің даму деңгейі баланың оқу әрекетіне дайындығын анықтайтынын тұжырымдады [1, 62-б.]. Д.Б. Эльконин (1974) мектепке дейінгі баланың оқуға деген ішкі мотивациясының, танымдық белсенділігінің және рөлдік ойындар арқылы тұлғалық дамуының мектепке дайындық үдерісіндегі маңызын ашып көрсеткен. Оның пікірінше, мектепке дайындық тек интеллектуалды деңгейді ғана емес, тұлғалық және әлеуметтік жетілу деңгейін де қамтуы тиіс [2, 78-б.].

Ғалымдар мектепке психологиялық дайындықты бірнеше негізгі компоненттер арқылы сипаттайды. Бірінші кезекте, танымдық компонент баланың зейін тұрақтылығын, ойлау операцияларының даму деңгейін, есте сақтау мен қабылдау мүмкіндіктерін қамтиды. Бұл компонент оқу материалына назар аудару мен оны меңгеру үдерісінде маңызды рөл атқарады, себебі баланың оқу тапсырмаларын қабылдап, оларды орындау қабілеті осы танымдық процестерге тікелей байланысты.

Эмоциялық-ерік компонент баланың тапсырманы соңына дейін орындау дағдысын, сәтсіздікке төзімділігін, эмоциялық тұрақтылығын және өзін-өзі реттеу қабілетін қамтиды. Бұл компонент баланың жаңа жағдайларға бейімделуіне, оқуда кездесетін қиындықтарға қарсы тұруына және ерік күшін басқаруына мүмкіндік береді. Эмоциялық-ерік тұрақтылығы – мектептегі табысты оқудың маңызды алғышарттарының бірі.

Мотивациялық компонент баланың оқуға деген ішкі қызығушылығын, танымдық белсенділіктің тұрақтылығын және жетістікке жетуге деген ұмтылысын сипаттайды. Баланың оқу әрекетіне оң көзқараспен қарауы, оқу процесін мәнді деп қабылдауы – мотивациялық компоненттің дамуына байланысты. Бұл ішкі түрткілер баланың белсенділігі мен дербестігін арттырады.

Сөйлеу компоненті – бұл нұсқаулықты қабылдау, өз ойын логикалық жеткізу, вербалды қарым-қатынасқа түсу қабілеті. Сөйлеу – баланың оқу процесінде негізгі құрал болып табылады. Ол арқылы бала өз ойын білдіреді, сұрақтарға жауап береді, мұғаліммен және құрдастарымен өзара әрекетке түседі. Сөйлеу компонентінің дамуы оқу тапсырмаларын тиімді орындауға және әлеуметтік ортада сенімді болуға көмектеседі.

Әлеуметтік компонент – баланың ұжымдық әрекетке бейімділігі, құрдастарымен және мұғаліммен тиімді қарым-қатынас орната білуі, әлеуметтік рөлдерді дұрыс қабылдауы. Бұл компонент мектептегі жаңа әлеуметтік ортада бейімделуге, ережелерді қабылдауға және бірлескен әрекетке қатысуға ықпал етеді. Әлеуметтік бейімделу мектепке сәтті кірудің тағы бір маңызды шарты болып табылады. Жалпы алғанда, мектепке психологиялық дайындықтың бұл компоненттері өзара тығыз байланысты және кешенді түрде қарастырылғанда ғана баланың мектеп өміріне табысты кірігуіне мүмкіндік береді.

Зерттеушілердің басым көпшілігі (А.Р. Лурия, В.С. Мухина, Г.Ж. Саттарова және т.б.) мектепке дейінгі жаста психологиялық дайындықтың жүйелі және кешенді түрде қалыптасатынын, бұл үдерістің тұлғаның әр түрлі даму аймағын қамтитынын атап көрсетеді [3, 128-б.; 4, 240-б.; 5, 98-б.].

Психологиялық дайындық деңгейін бағалау үшін бірқатар әдістемелер қолданылады: Керн-Йерасек тесті – баланың моторикасы мен көру-есте сақтау қабілетін бағалайды; Венгер

әдістемесі – ойлау мен логикалық байланыс орнату деңгейін анықтайды; Жеткіншектерге арналған мотивациялық сауалнамалар арқылы оқуға деген ішкі немесе сыртқы түрткілер анықталады.

Қазіргі таңда инклюзивті білім беру кеңістігінде бұл дайындықтың маңызы одан әрі артып отыр. Сөйлеу дамуының кешігуі сияқты ерекшеліктері бар балалар үшін бұл компоненттердің дамуы тежелуі мүмкін, сондықтан олармен жүйелі психологиялық және логопедиялық қолдау жұмыстарын жүргізу қажет. Бұл бағыт психологиялық қызметтің мектепке дейінгі мекемелерде белсенді жұмыс істеуін, ата-аналармен және педагогтармен бірлескен түзету-дамыту іс-шараларын талап етеді.

Сөйлеу бұзылыстары бар балалардың мектепке психологиялық дайындығы – көпқұрамды үдеріс, оған интеллектуалдық, эмоциялық, мотивациялық және әлеуметтік аспектілер кіреді. Зерттеулер уақтылы диагностика мен түзету жұмыстары бейімделу мен оқу үдерісіндегі қиындықтардың алдын алуға көмектесетінін көрсетеді. Практикалық ұсыныстардың қатарына үй жағдайында сөйлеу ортасын құру, психологтармен жұмыс барысында бейімделген әдістемелерді қолдану және логопедтер тарапынан заманауи түзету технологияларын пайдалану жатады. Болашағы бар бағыттарға – жаңа диагностикалық әдістемелерді әзірлеу және цифрлық технологиялардың сөйлеу дамуына әсерін зерттеу енеді. Бұл түзету жұмыстарының тиімділігін арттырып, балалардың оқу ортасына сәтті бейімделуіне мүмкіндік береді. Қазіргі әдістемелер сөйлеу ерекшеліктерін толық ескере бермейтіндіктен, оларды бейімдеу қажет. Логопедиялық қолдау, нейропсихологиялық жаттығулар және ойын әдістерін біріктіретін кешенді бағдарламалар ең жоғары нәтижелерге жетуге көмектеседі. Болашақта цифрлық диагностикалық құралдарды енгізу бағалау үдерісінің объективтілігін арттырып, түзету бағдарламаларының қолжетімділігін кеңейтеді [6, 125-б.].

Сөйлеу дамуының кешігуі бар балалардың психологиялық ерекшеліктері

Сөйлеу дамуының кешігуі (СДК) – баланың жасына сай сөйлеу дағдыларының қалыптасуының баяу жүруімен сипатталатын тілдік даму бұзылысы болып табылады. Бұл бұзылыстың пайда болуына биологиялық, әлеуметтік, педагогикалық немесе нейропсихологиялық факторлар әсер етуі мүмкін. Ерте жастағы сөйлеу тілі дұрыс қалыптаспаған балаларда танымдық, эмоциялық және әлеуметтік даму салаларында бірқатар қиындықтар кездеседі. Сөйлеудің жеткілікті дамымауы баланың қоршаған ортамен тиімді қарым-қатынас орнатуына, тапсырмаларды түсініп орындауына, эмоционалдық өзін-өзі білдіруіне және әлеуметтік бейімделуіне теріс ықпал етеді.

Алайда көптеген ғылыми еңбектерде, Т.В. Туманова (2006) сөйлеу бұзылыстары бар балалардың интеллектуалдық қабілеттері көп жағдайда сақталатынын атап көрсетеді. Яғни, мұндай балалардың зейіні, есте сақтау қабілеті, логикалық ойлауы дамымаған емес, тек олардың сөйлеу тілін қолдану мүмкіндіктері шектеулі болады. Сондықтан да баланың ойлау мен сөйлеу әрекеттері арасындағы дисбаланс көбінесе сыртқы ортадан түсетін ақпаратты өңдеуге және оны қайта жеткізуге кедергі келтіреді [7, 98-б.].

Сөйлеу дамуының кешігуі бар балалардың психологиялық бейнесіне тән сипаттар – ойды жүйелі және толық жеткізудің қиындығы, эмоцияны вербалды түрде білдірудегі шектеулілік, тапсырмаларды қабылдау мен орындауға көп уақыттың қажет болуы, қарым-қатынаста белсенділіктің төмендеуі, өзіне сенімсіздік, тұйықтық немесе, керісінше, гиперактивтілік және қырсық мінез-құлық көріністері. Бұл балалардың өз ойын жеткізуі қиын, сөйлемдері қысқа әрі үзік-үзік болады, кей жағдайда мүлде сөйлемдеуі мүмкін. Олар көбінесе топтық ойындардан қашқақтап, жаңа ортаға бейімделуде қиындық көреді.

А.Р. Лурияның нейропсихологиялық зерттеулері бойынша сөйлеу – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар ойлау, есте сақтау, зейін, ерік процесстерінің біртұтас ұйымдастырылуына әсер ететін жетекші психикалық функция болып табылады. Ол сөйлеу бұзылыстары көбінесе эмоциялық-ерік саласының, танымдық процестердің және мінез-құлықтың өзгеруіне себеп болатынын ғылыми негіздеген. Бұл әсіресе мектепке дайындық кезеңінде анық байқалады: балаға нұсқаулықты толық түсіну, тапсырмаларды дұрыс орындау, өз ойын еркін айту қажет болғанда, сөйлеу шектеулері кедергі келтіреді.

Психологиялық тұрғыдан мұндай балаларда зейіннің тұрақсыздығы, ойлау операцияларында баяулық, оқуға және әрекетке деген мотивацияның төмендігі, құрдастарымен өзара әрекеттесу дағдыларының әлсіздігі жиі кездеседі. Бұл жағдай Қ. Жарықбаев (2004) еңбектерінде танымдық және ерік процесінің жеткіліксіз дамуы мектепке дайындықты қиындататыны

арқылы түсіндіріледі [8, 145-б.]. Олар жиі “үнсіз бақылаушы” (пассивті қатысушы) рөлінде қалып, белсенділік танытпайды. Бұл мінез-құлық көбінесе ішкі сөйлеудің шектеулі дамуымен, өз ойын ашық жеткізудің қиындығымен байланысты. Дегенмен, мұндай ерекшеліктер ерте кезеңнен басталған түзету-психологиялық жұмыстар арқылы едәуір жеңілдетіліп, баланың дамуында оң серпінге қол жеткізуге болады.

Сөйлеу дамуының кешігуі бар балалардың мектепке психологиялық дайындық ерекшеліктеріне келетін болсақ, мектепке психологиялық дайындық – бұл баланың оқу әрекетіне, жаңа әлеуметтік ортаға және тәртіп ережелеріне бейімделу қабілетін сипаттайтын кешенді психологиялық құрылым. Мұндай дайындықтың табысты қалыптасуы танымдық, эмоционалдық-ерік, мотивациялық, сөйлеу және әлеуметтік даму компоненттерінің жеткілікті деңгейде дамуына тәуелді. Сөйлеу дамуының кешігуі бар балаларда аталған компоненттердің бірі немесе бірнешеуі толық қалыптаспай, психологиялық бейімделу үдерісіне кері әсер етуі мүмкін.

Зерттеулер көрсеткендей, мұндай балаларда зейіннің тұрақсыздығы, ойлау операцияларының баяулығы, есте сақтау көлемінің шектеулілігі, қабылдау мен тапсырмаларды орындауда қиындықтар жиі байқалады. Бұл – танымдық компоненттің жеткіліксіздігін білдіреді.

Сонымен қатар, эмоциялық-ерік саласында да бірқатар ерекшеліктер байқалады: баланың өз-өзіне сенімсіздігі, сәтсіздікке төзімсіздігі, тапсырмаларды соңына дейін орындауға ерік күшінің жетіспеуі, эмоцияны жеткізуге қабілеттіліктің төмендігі. Мұндай балаларда оқу әрекетіне деген қызығушылық жиі байқалмайды, яғни мотивациялық компоненттің әлсіздігі орын алады. Олар жаңа білімді меңгеруге ұмтылмайды, ішкі түрткілері әлсіз, мақтауды немесе кері байланысты дұрыс қабылдау дағдылары жетілмеген.

Сөйлеу компонентіндегі бұзылыстар баланың өз ойын еркін жеткізуіне, нұсқаулықтарды түсініп, оқу тапсырмаларын орындауына тікелей әсер етеді.

Tager-Flusberg (2010) зерттеулерінде тіл дамуының тежелуі когнитивтік белсенділіктің төмендеуіне, сондай-ақ оқу әрекетіне бейімделу деңгейінің әлсіреуіне ықпал ететіні атап көрсетілген [9, 17-б.]. Вербалды қарым-қатынастың шектеулі болуы мектепке психологиялық дайындықтың барлық компоненттеріне жағымсыз әсер етеді. Сонымен қатар, әлеуметтік ортада құрдастарымен және педагогтармен байланыс орнатуда қиындықтар, ұялшақтық, топта әрекет етуден бас тарту сияқты мәселелер жиі кездеседі. Нәтижесінде кейбір балалар ойын барысында, жұптық немесе топтық жұмыстар кезінде белсенділік танытпайды, тіпті өзара әрекетке мүлде қатыспауы да мүмкін. Бұл ерекшеліктерді Norbury (2014) әлеуметтік (прагматикалық) сөйлеу бұзылыстары мен қарым-қатынас дағдыларындағы қиындықтармен байланыстырады [10, 210-б.].

Жалпы алғанда, сөйлеу дамуының кешігуі – мектепке психологиялық дайындықтың барлық компоненттеріне әсер ететін көп факторлы мәселе. Мұндай балалардың мектепке тиімді бейімделуі үшін психологиялық қолдаудың арнайы жүйесі қажет.

Психологиялық қолдау көрсету жолдары

Сөйлеу дамуының кешігуі бар мектеп жасына дейінгі балалар үшін мектепке психологиялық дайындық үдерісінде көрсетілетін қолдау – олардың сәтті әлеуметтенуі мен оқу әрекетіне бейімделуінің негізгі алғышарты болып табылады. Мұндай қолдау жүйелі түрде, кешенді бағытта ұйымдастырылуы тиіс және баланың танымдық, эмоционалдық, мотивациялық, сөйлеу мен әлеуметтік даму салаларын қатар қамтуы қажет.

Психологиялық қолдау жұмыстары, ең алдымен, баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып жоспарлануы тиіс. Жеке коррекциялық-дамытушылық сабақтар баланың зейінін тұрақтандыруға, есте сақтау мен логикалық ойлау қабілетін арттыруға бағытталады. Сонымен қатар, баланың өзіне деген сенімін нығайту, сәтсіздікке төзімділігін қалыптастыру және эмоционалдық тепе-теңдігін сақтау үшін тренинг элементтері мен арт-терапия, ойын терапиясы әдістерін қолдану тиімді нәтиже береді.

Сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалар үшін логопед пен психологтың бірлескен әрекеті маңызды рөл атқарады. Бұл мамандардың үйлесімді жұмысы сөйлеу қызметін, ойлау процестерін және эмоционалдық дамуды қатар жетілдіруге мүмкіндік береді. Мысалы, логопедтік жаттығулар психологиялық қолдау элементтерімен біріктірілгенде, бала өз ойын нақты, түсінікті түрде жеткізуге машықтанып, коммуникативтік белсенділігі артады.

Ата-анамен жүргізілетін психологиялық жұмыс та қолдаудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Ата-аналарға баладағы сөйлеу ерекшеліктерін түсіндіру, эмоционалдық қолдау көрсету жолдарын үйрету және баламен өзара әрекеттесудің тиімді әдістерін ұсыну –

отбасындағы тәрбиелік ахуалды жақсартып, баланың дамуына жағымды әсер етеді. Сонымен қатар, үй жағдайында жүргізілетін жаттығулар мен ойындар арқылы ата-ана баласының сөйлеу және психологиялық қабілеттерінің дамуына белсенді қатысушы бола алады.

Қолдау шараларында қолданылатын әдістердің ішінде танымдық қызығушылықты оятатын ойын түрлері, рөлдік және сюжеттік ойындар, эмоционалдық күйді реттейтін жаттығулар (мысалы, «Эмоция термометрі», «Сиқырлы айналар») мен өзін-өзі бағалауды нығайтатын әдістемелер кеңінен қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар, баланың жетістігін мадақтап, мотивациялық жағынан ынталандырып отыру – ішкі түрткілерді дамытудың тиімді жолы.

Жалпы алғанда, сөйлеу дамуының кешігуі бар балаларға көрсетілетін психологиялық қолдау жұмысы олардың тек сөйлеу қызметін ғана емес, бүкіл тұлғалық құрылымын дамытуға бағытталуы тиіс. Баланың мектепке бейімделуін қамтамасыз ететін бұл үдеріс көпжақты, кәсіби ұйымдастырылған және үздіксіз болуы қажет.

Қорытындылай келе, сөйлеу дамуының кешігуі бар мектеп жасына дейінгі балалардың мектепке психологиялық дайындық деңгейі – қазіргі инклюзивті білім беру жүйесінде аса өзекті әрі күрделі мәселелердің бірі. Бұл топтағы балаларда танымдық, мотивациялық, сөйлеу, эмоциялық-ерік және әлеуметтік даму компоненттерінде айқын ерекшеліктер байқалады. Әсіресе сөйлеу тілі – баланың қоршаған ортамен қарым-қатынас орнатуында, нұсқаулықтарды қабылдауында, өз ойын білдіруінде және оқу әрекетіне бейімделуінде шешуші рөл атқарады.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, сөйлеу дамуының кешігуі бар балаларға жүйелі психологиялық қолдау көрсету мектепке табысты дайындықтың басты шарттарының бірі екендігі анықталды. Мұндай қолдау баланың жеке психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, танымдық және эмоциялық-ерік дағдыларын дамытуға, мотивацияны арттыруға, сөйлеу белсенділігін ынталандыруға және әлеуметтік бейімделуді жеңілдетуге бағытталуы тиіс. Психологиялық қолдау логопед пен психологтың кәсіби бірлескен әрекетін, ата-анамен тығыз серіктестікті және ойын, арт-терапия, мотивациялық жаттығулар сияқты әдістерді кешенді түрде қамтуы қажет. Ерте кезеңнен басталған мұндай қолдау баланың тұлғалық дамуына, өзін-өзі бағалауы мен оқу мотивациясына оң әсер етеді.

Мақалада қарастырылған теориялық және практикалық тұжырымдар сөйлеу бұзылыстары бар балалармен жұмыс істейтін мамандар үшін әдістемелік бағдар бола алады. Сонымен қатар, бұл бағыттағы болашақ зерттеулерде сөйлеу дамуының әртүрлі деңгейлерін салыстыра отырып, эмпирикалық деректерге негізделген нақты интервенциялар әзірлеу қажет.

Әдебиеттер

1. Выготский Л.С. О воображении и творчестве в детском возрасте. – М.: Педагогика, 1982. – 96 с.
2. Эльконин Д.Б. Психология обучения младшего школьника. – М.: Просвещение, 1974. – 128 с.
3. Лурия А.Р. Основы нейропсихологии. – М.: Изд-во МГУ, 1973. – 312 с.
4. Мухина В.С. Возрастная психология. – М.: Просвещение, 2003. – 345 с.
5. Саттарова Г.Ж. Дамуында ауытқушылығы бар балалар психологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 178 б.
6. Мандыкаева А.Р., Сарманова А.Т. Психологическая готовность детей к школе с нарушениями речи // SUN'TY INTELLEKT VA TA'LIM: MUAMMOLAR, IMKONIYATLAR VA ISTIQBOLLAR. – Tashkent: University of Innovation Technologies, 2025. – С. 122–125.
7. Туманова Т.В. Психологическая характеристика детей с нарушениями речи. – М.: Владос, 2006. – 160 с.
8. Жарықбаев Қ. Жантану негіздері. – Алматы: Пауан, 2004. – 272 б.
9. Tager-Flusberg H. Language and communicative development in autism. // Int. Review of Research in Mental Retardation. – 2010. – Vol. 23. – P. 1–36.
10. Norbury C.F. Practitioner Review: Social (pragmatic) communication disorder. // J. of Child Psychology and Psychiatry. – 2014. – Vol. 55(3). – P. 204–216.

ПСИХИЧЕСКОЕ БЛАГОПОЛУЧИЕ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ В УСЛОВИЯХ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Сайфуллаева А.Е.

Актыбинский региональный университет им.К.Жубанова
Актобе, Казахстан

Мақалада инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕББҚ) бар балалардың психикалық әл-ауқатының ерекшеліктері қарастырылады. Мұндай балалардың мектеп ортасына бейімделуінің психологиялық аспектілері, сондай-ақ олардың эмоционалды жағдайына әсер ететін факторлар талданады. Психологиялық қауіпсіз білім беру ортасын құрудың заманауи тәсілдері ұсынылған, педагогтардың, психологтардың және отбасының ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕББҚ) бар білім алушылардың әл-ауқатын қолдаудағы ролі ашылады. Инклюзивті тәжірибеде пәнаралық өзара іс-қимыл және сүйемелдеу жүйесін дамыту қажеттілігіне баса назар аударылады. Материал Қазақстанның ғылыми көздері мен білім беру құжаттарын теориялық талдауға негізделген.

Түйін сөздер: инклюзия, психикалық денсаулық, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар, эмоционалды қолдау, мектепке бейімделу.

В статье рассматриваются особенности психического благополучия детей с особыми образовательными потребностями (ООП) в условиях инклюзивного образования. Анализируются психологические аспекты адаптации таких детей к школьной среде, а также факторы, влияющие на их эмоциональное состояние. Представлены современные подходы к созданию психологически безопасной образовательной среды, раскрывается роль педагогов, психологов и семьи в поддержке благополучия обучающихся с ООП. Делается акцент на необходимости междисциплинарного взаимодействия и развития системы сопровождения в инклюзивной практике. Материал основан на теоретическом анализе научных источников и образовательных документов Казахстана.

Ключевые слова: инклюзия, психическое здоровье, дети с ООП, эмоциональная поддержка, школьная адаптация

The article examines the features of the mental well-being of children with special educational needs (SES) in inclusive education. The psychological aspects of the adaptation of such children to the school environment, as well as factors affecting their emotional state, are analyzed. Modern approaches to creating a psychologically safe educational environment are presented, the role of teachers, psychologists and families in supporting the well-being of students with disabilities is revealed. The emphasis is placed on the need for interdisciplinary cooperation and the development of a support system in inclusive practice. The material is based on a theoretical analysis of scientific sources and educational documents in Kazakhstan.

Keywords: inclusion, mental health, children with special educational needs, emotional support, school adaptation.

Современная система образования в Казахстане ориентирована на принципы инклюзии, что отражает стремление к социальной справедливости, равенству возможностей и гуманистическим ценностям. Образовательные учреждения всё чаще включают в состав классов детей с особыми образовательными потребностями (ООП), что требует не только методических и организационных изменений, но и глубокого понимания психологических аспектов развития и благополучия этих обучающихся [1, с. 12].

Психическое здоровье является ключевым фактором успешного включения ребёнка в образовательный процесс. Однако при внедрении инклюзивного образования дети с ООП сталкиваются с рядом трудностей, связанных с адаптацией, общением, принятием себя и окружающими, что может вызывать эмоциональное напряжение.

Кроме того, часто не хватает квалифицированной психологической поддержки как со стороны образовательного учреждения, так и со стороны семьи. Это приводит к повышенной тревожности, низкой самооценке, риску развития вторичных поведенческих расстройств. Особенно подвержены риску дети с расстройствами аутистического спектра и эмоционально-

волевыми расстройствами, для которых чрезвычайно важно стабильное и предсказуемое окружение. Создание такой среды требует системного подхода, включающего подготовку педагогов, внедрение индивидуальных образовательных методик, а также активное взаимодействие с психологами и родителями.

Только при всесторонней поддержке можно добиться стабильной положительной динамики в эмоциональном состоянии ребенка, его мотивации к обучению и социализации [2, с. 34]. Теоретические основы психического благополучия в инклюзивной среде. Понятие «психическое благополучие» охватывает внутреннее ощущение ребёнком своей безопасности, уверенности, стабильности и принятия. Согласно концепции Всемирной организации здравоохранения, психическое здоровье – это не только отсутствие расстройств, но и состояние, при котором человек может реализовывать свои способности, справляться со стрессом и вносить вклад в развитие общества. В условиях инклюзии необходимо создание благоприятной среды, где ребёнок чувствует поддержку, принятие и безопасность. Особое значение имеет работа школьного психолога, педагогов и родителей.

Их сотрудничество обеспечивает системное сопровождение ребёнка с ООП. На теоретическом уровне концепция благополучия в инклюзивной среде тесно связана с такими понятиями, как эмоциональный интеллект, уровень привязанности, самооценка и социализация. Психическое благополучие также включает в себя позитивное самоопределение, чувство принадлежности к группе, развитие чувства компетентности.

Исследования в области педагогической психологии показывают, что включение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательный процесс становится эффективным при применении личностно-ориентированного подхода, гибких методов обучения и хорошо организованной системы поддержки. Важно учитывать индивидуальные психофизиологические особенности ребенка, в том числе уровень тревожности, восприятия и реакции на стресс. Комплексная оценка этих факторов позволяет своевременно корректировать образовательный курс и создавать условия для позитивной адаптации. Таким образом, теоретические подходы подчеркивают, что психическое благополучие детей в целостной среде формируется на основе взаимного доверия и принятия, а также доступности психологической помощи и адаптированных методов педагогического воздействия. Это требует профессиональной готовности всех участников образовательного процесса и четкой междисциплинарной координации. [3, с. 57]. Среди ключевых условий формирования психического благополучия детей можно выделить: положительное отношение со стороны сверстников; эмоционально стабильную обстановку в классе; доступ к психологической помощи; повышение компетентности педагогов в вопросах инклюзии [4, с. 76]. Чтобы эффективно формировать эти условия, необходимо учитывать особенности каждого ребенка, эмоциональное и когнитивное развитие, общение и поведение. В инклюзивной среде психическое благополучие напрямую связано с тем, как ребенок чувствует себя частью команды. Наличие друзей, участие в совместных играх и делах, а также уважительное отношение взрослых повышают уровень психологического комфорта.

Педагог играет одну из важнейших ролей в процессе поддержки психического здоровья ребенка с особыми образовательными потребностями. Именно он создает очень образовательную атмосферу, в которой ребенок может развиваться или отступать. Для этого учитель должен обладать как предметной, так и психолого-педагогической компетенцией. Важным элементом является постоянное профессиональное развитие в области интеграции детей и психологии. Для многих детей с ООП инклюзивная среда может стать стрессовым фактором.

Это связано с новыми требованиями, высокими социальными ожиданиями, а также ограниченными возможностями саморегулирования для некоторых категорий студентов. Эти дети могут испытывать беспокойство, гиперчувствительность к критике и страх оценки, что затрудняет социализацию и обучение. Важно, чтобы система образования не только включала детей-инвалидов в массовые школы, но и обеспечивала механизмы снижения эмоционального и социального стресса. Это могут быть гибкие формы оценки, адаптированные задания, индивидуальная поддержка, а также формирование толерантного отношения со стороны сверстников.

Одним из наиболее важных факторов является принятие ребенком ООП его одноклассниками. Исследования показывают, что дети с ограниченными возможностями или поведенческими трудностями с большей вероятностью будут отвергнуты, высмеяны или

изолированы. Это серьезно сказывается на их самооценке и может привести к формированию устойчивых комплексов. Семья играет ключевую роль в формировании психического здоровья ребенка. Поддержка, любовь, принятие и вера родителей в способности своего ребенка – все эти элементы укрепляют внутреннюю стабильность ребенка. К сожалению, не все родители готовы принять диагноз, особенности развития своего ребенка и не всегда обладают достаточными знаниями о воспитании и поддержке детей с ООП. Необходимо просвещать родителей и развивать систему психологической помощи семьям.

Консультации, семинары и группы поддержки могут стать эффективным средством профилактики эмоционального выгорания родителей и источником ресурсов для самих родителей, что, в свою очередь, положительно сказывается на детях. Чтобы преодолеть эти барьеры, необходимо проводить целенаправленную работу с классом: часы занятий, обучение развитию эмпатии, рассказывание историй об уникальности каждого человека, рейдовые игры. Вовлечение всех детей в совместную деятельность на равных способствует разрушению стереотипов и улучшает психологический климат в коллективе [5, стр. 81]. Мы также не должны забывать о важности сопровождения специалистов: психологов, логопедов, логопедов и, при необходимости, социальных педагогов.

Они обеспечивают всестороннюю поддержку, помогают выявлять скрытые трудности и разрабатывают индивидуальный путь развития для каждого ребенка. Совместная работа всех участников образовательного процесса способствует созданию среды, в которой учитываются не только академические потребности, но и эмоциональные потребности детей. Конкретизируя, обеспечение психического благополучия детей с ООП – это не только педагогическая задача, но и важный фактор устойчивого развития инклюзивного образования в Казахстане.

Заключение

Инклюзивное образование дает каждому ребенку возможность быть полноценной частью общества, но реализация этого принципа невозможна без систематической работы по поддержке психического здоровья детей с ограниченными возможностями. Принцип "образование для всех" подразумевает не только физическое присутствие ребенка в классе, но и его психологическую включенность, комфорт и уверенность в себе. На практике это означает создание атмосферы принятия, заботы и понимания, в которой каждый ребенок переживает не за свою успеваемость, а за свою уникальность. Психическое благополучие – это не только основа успешного обучения, но и ключ к формированию гармоничной, стабильной личности, способной к самореализации и конструктивному взаимодействию с внешним миром. Если ребенок испытывает тревогу, страх быть неправым или отвергнутым, это блокирует его познавательную активность и искажает самооценку. В таких условиях даже самая качественная образовательная программа не сможет дать ожидаемого результата. Поэтому важно, чтобы школа была не просто местом для обучения, но и пространством, где каждый ребенок чувствует себя в безопасности, принятым и нуждающимся. Эти требования к заявке включают информативный подход к некоторым учителям, учет индивидуальных особенностей детей, регулярное взаимодействие с психологом и то, насколько хорошо нужно подготовить команду к различиям в восприятии. Создание устойчивой инклюзивной среды – задача, требующая эффективности всех элементов образовательного процесса. Родители, учителя, администрация, школьные психологи, социальные педагоги и все учащиеся должны быть вовлечены в процесс создания атмосферы доверия, уважения и поддержки. Одной из ключевых задач является развитие эмоционального интеллекта у всех участников образовательной среды, формирование эмпатии и готовности к конструктивному взаимодействию.

Не менее важно участие государства, научного сообщества и общественных организаций в поддержке и развитии программ, направленных на охрану психического здоровья школьников. Это включает в себя не только методические разработки, но и правовые гарантии, повышение квалификации, научные исследования и постоянный мониторинг психосоциального состояния детей в условиях инклюзии. Это, формирование психического благополучия, является не вспомогательной, а фундаментальной задачей инклюзивного образования.

Только при ее реализации можно будет говорить о реальной интеграции детей с ограниченными возможностями в образовательную и социальную среду. Другие исследования показывают, что психическое здоровье ребенка является наиболее важным аспектом его психического здоровья.

Литература

1. Агапова Г.Н. Психология инклюзивного образования. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 220 с.
2. Джакупов С.М. Теоретико-методологические основы развития личности. – Алматы: РОНД, 2017. – 304 с.
3. Назарбаева С.А. Эмоциональное здоровье ребенка. – Астана: Білім, 2018. – 152 с.
4. Толеубекова Р.К. Психология адаптации детей в школе. – Алматы: Мектеп, 2016. – 188 с.

СТРЕССТИҢ СТУДЕНТТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ МЕН МОТИВАЦИЯСЫНА ӘСЕРІ

Кәрімхан Ә.А., Баймолдина Л.О.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан

Мақалада стресстің студенттердің әлеуметтік мінез-құлқы мен мотивациясына әсері қарастырылады. Стресс оқу үлгерімі мен сабаққа қатысуды нашарлатады, оқу ортасында жағымсыз мінез-құлық реакцияларын тудырады. С.М. Жақыповтың және басқа да қазақстандық авторлардың көзқарастарына назар аударылды, ХХІ ғасырдың сын-қатерлерін (цифрландыру, академиялық алаңдаушылық) ескере отырып, студенттердің академиялық күйзелісі, бейімделуі және өзін-өзі реттеуі бойынша заманауи зерттеулер талдануда. Шолу нәтижелері бойынша ЖОО-ларға стресстің жағымсыз салдарын азайту және білім алушылардың уәждемесін қолдау бойынша ұсынымдар ұсынылды.

Түйін сөздер: стресс, әлеуметтік мінез-құлық, студенттерді ынталандыру, әлеуметтік-психологиялық бейімделу, өзін-өзі реттеу, цифрландыру, академиялық мазасыздық.

В статье рассмотрено влияние стресса на социальное поведение и мотивацию студентов. Стресс ухудшает успеваемость и посещаемость, вызывает негативные поведенческие реакции в учебной среде. Уделено внимание подходам С.М. Джакупова и других казахстанских авторов, анализируются современные исследования по академическому стрессу, адаптации и саморегуляции студентов с учётом вызовов ХХІ века (цифровизации, академической тревожности). По результатам обзора предложены рекомендации для вузов по снижению негативных последствий стресса и поддержке мотивации обучающихся.

Ключевые слова: стресс, социальное поведение, мотивация студентов, социально-психологическая адаптация, саморегуляция, цифровизация, академическая тревожность.

The article examines the impact of stress on students' social behavior and motivation. Stress worsens academic performance and attendance, and causes negative behavioral reactions in the learning environment. Attention is paid to the approaches of S.M. Dzhakupov and other Kazakhstani authors, modern research on academic stress, adaptation and self-regulation of students is analyzed, taking into account the challenges of the 21st century (digitalization, academic anxiety). Based on the results of the review, recommendations are proposed for universities to reduce the negative effects of stress and support student motivation.

Keywords: stress, social behavior, student motivation, socio-psychological adaptation, self-regulation, digitalization, academic anxiety.

Стресс – бұл қазіргі студенттің мінез-құлқына, оқу мотивациясына, эмоционалдық күйіне және әлеуметтік бейімделу сапасына айтарлықтай әсер ететін өмірінің ажырамас бөлігі. Жоғары оқу жүктемесі, ақпараттың шамадан тыс көлемі, білім беруді цифрландыру, бәсекелестік және болашақтың белгісіздігі студенттердің когнитивтік, эмоционалдық және мінез-құлықтық тұрақтылығына кері әсер ететін созылмалы стресс жағдайына ұшыратуы мүмкін.

Ғылыми әдебиеттерде стресс әмбебап бейімделу механизмі ретінде қарастырылады. Алайда, белгілі бір деңгейден асқан жағдайда, ол өзінің жұмылдырушы функциясын жоғалтып,

адамның жеке және мінез-құлықтық реттеу механизмдерін бұзатын деструктивті факторға айналады. ХХІ ғасырдың білім беру ортасы оқыту форматтарының жиі өзгеруімен, академиялық талаптардың артуымен, әлеуметтік рөлдердің тұрақсыздығымен және жастардың күрес ресурстарының жеткіліксіздігімен сипатталады. Бұл факторлар студенттік қызметтің маңызды компоненттеріне – оқу іс-әрекеті мен әлеуметтік мінез-құлыққа стресстің әсер ету мәселесіне ғылыми қызығушылықты арттырады.

Стресстік әсердің түрі, мотивацияның көрініс формасы (ішкі немесе сыртқы), сондай-ақ білім беру процесіне бейімделу сапасы мен кәсіби өзін-өзі анықтаудың тиімділігін анықтайтын тұлғааралық өзара әрекеттесу стилдері арасындағы өзара байланыстарды зерттеу өзекті мәнге ие.

С.М. Жақыповтың пікірінше, оқу ортасына сәтті бейімделу үшін әрекеттің әлеуметтік-психологиялық контекстін және студент үшін білім беру мақсаттарының жеке маңыздылығын ескеру қажет [1, 3 б.]. Оның мақсат қою теориясы оқу ортасындағы бірлескен іс-әрекеттің шиеленісті азайтып, танымдық мотивацияны күшейтіп, білім алушының субъективті ұстанымын қалыптастыруға ықпал ететінін көрсетеді. Алайда созылмалы стресс бұл механизмдерді бұғаттауы мүмкін: эмоционалды шиеленіс студенттің белсенді мақсат қою қабілетін әлсіретіп, мотивацияны төмендетеді және ұжымдық жұмысқа қосылуға кедергі келтіреді.

Созылмалы стресс зейіннің бұзылуына, есте сақтау қабілетінің төмендеуіне, өзін-өзі реттеу деңгейінің әлсіреуіне, ерікті мінез-құлықтың әлсіреуіне және мазасыздық пен агрессияның артуына алып келеді. Бұл өзгерістер тек оқу стилінде ғана емес, сонымен бірге білім беру ортасындағы әлеуметтік өзара әрекеттесуде де байқалады. G. Kassymova және авторластарының зерттеуіне сәйкес, созылмалы күйзеліске ұшыраған студенттер академиялық белсенділіктің төмен деңгейін көрсетеді, оқытушылармен және құрдастарымен қарым-қатынаста қиындықтар көреді, топтық жобалардан аулақ болады және оқшаулануға бейім [2, 170 б.].

Әлеуметтанулық зерттеулер көрсеткендей, студенттердің жартысынан көбі оқу сәтсіздіктерін стресстің жоғары деңгейімен байланыстырады [3, 75 б.]. Стресстің жиі кездесетін салдары ретінде студенттер кейінге қалдыру, оқуға деген қызығушылықтың жоғалуы, зейіннің төмендеуі, апатия, мазасыздықтың жоғарылауы және эмоционалды күйіп кету жағдайларын атайды. Ұйқы режимінің бұзылуы және созылмалы шаршау оқу мен әлеуметтік белсенділікке қабілеттілікті төмендетеді.

Бірінші курс студенттері стресске әсіресе бейім келеді, себебі олар әлі күресу стратегияларын дамытпаған және жаңа ортаға бейімделмеген. Бұл кезеңдегі стресстік факторларға мектеп жүйесімен үзіліс, тәуелсіз шешім қабылдау қажеттілігі, академиялық болашақтың белгісіздігі және отбасы тарапынан қысым жатады. Сонымен қатар, әлеуметтік салыстыру – стресстің маңызды көзі. Әлеуметтік желілерде идеалдандырылған жетістіктер бейнесіне тап болған студенттер жеткіліксіздік сезімін бастан кешіреді және өз-өзіне сенімсіздік туындайды.

Стресстің мотивациялық салаға әсері ішкі және сыртқы мотивация арасындағы теңгерімнің бұзылуынан көрінеді. Қалыпты жағдайда студент таным, өзін-өзі дамыту және шығармашылық арқылы өзін жүзеге асыруға ұмтылуы мүмкін. Ал стресс кезінде сыртқы факторлар басымдық алады: жазадан қорқу, басқалардың үмітін ақтау, сәтсіздіктен қашу. Ішкі мақсаттар өз маңызын жоғалтады, оқу белсенділігі формалды сипат алады. Е.Ю. Панчук және авторластың зерттеулері көрсеткендей, мазасыздық деңгейі жоғары студенттердің шамамен 60%-ы ішкі мотивацияның төмендеуін және оқу әрекетін минималды күшпен орындау стратегиясына көшуді көрсеткен [4, 467 б.].

Стресстің мінез-құлықтық аспектілері де маңызды. Оның әсерінен студенттер деструктивті мінез-құлық үлгілерін қалыптастыруы мүмкін: қашу, агрессия, жанжалдарға бейімділік, әлеуметтік оқшаулану. Бұл студенттің академиялық қоғамдастықпен байланысын үзуіне, оқудың топтық формаларына деген қызығушылықтың жоғалуына әкеледі. Л.А. Имамғалиева зерттеуінде созылмалы күйзеліске ұшыраған студенттердің 54%-ы оқытушылармен және құрдастарымен қарым-қатынастың нашарлағанын атап өткен, бұл ашушаңдық, төзімсіздік және оқшауланумен сипатталады [3, 75 б.].

Цифрландыру дәуірінде стресс жаңа мазмұнға ие болып отыр – цифрлық стресс. Көп тапсырмалылық, ақпарат ағынының жылдамдығы, онлайн іс-шараларға қатысу, үнемі байланыста болу қажеттілігі тұрақты эмоционалды шиеленісті тудырады. FOMO (жіберіп алу қорқынышы) синдромын бастан өткеретін студенттер психологиялық шаршауға жиі ұшырайды. Сауалнамалар студенттердің 62%-ының цифрлық кеңістікте үнемі болудан психологиялық

шаршау сезінетінін, ал 48%-ының оны зейіннің нашарлауымен және ашушаңдықпен байланыстыратынын көрсетеді. Цифрлық стресс когнитивтік икемділікті төмендетіп, ұйқының бұзылуына, кейінге қалдыруға, эмоционалды күйіп кетуге ықпал етеді.

Стресске қарсы тұрудың негізгі факторы – бейімделген күресу стратегияларын меңгеру. Л.А. Черных мәліметтері бойынша, студенттердің тек 44%-ы ғана оң қайта бағалау, жоспарлау, әлеуметтік қолдау іздеу және өзін-өзі бақылау сияқты конструктивті стратегияларды қолданады. Қалғандары бейімделмеген тәсілдерге (болдырмау, терістеу, оқшаулану) жүгінеді немесе мүлде реттеу стратегияларын қолданбайды [5, 42–43 б.]. Бұл эмоционалды күйіп кету қаупін арттырады, әсіресе эмоционалды қатысуды талап ететін мамандықтарда оқитын студенттер үшін. Сындралы тәсілдерді (физикалық белсенділік, күнделік жүргізу, тренингтер, психологқа жүгіну) жүйелі түрде қолдану мазасыздықты азайтып, мотивацияны арттырады.

Білім беру ортасы да студенттің стресс деңгейіне айтарлықтай әсер етеді. Қолдау көрсететін, сенімді атмосфера, оқытушымен ашық диалог, бағалауда икемділік және білім беру траекториясын жоспарлауға қатысу мүмкіндігі студенттердің оқу белсенділігі мен психологиялық тұрақтылығын қолдайды. Керісінше, авторитарлық стиль, эмоциялық жағдайды елемеу, қатынастардың шектен тыс формализациясы мазасыздықты, сенімсіздікті және пассивтілікті күшейтеді. Қолдауы жоғары топтардағы студенттер жоғары қанағаттану деңгейін көрсетіп, күйіп кетуге аз ұшырайды.

Стресс – бұл қазіргі студенттің мінез-құлқына, оқу мотивациясына, эмоционалды күйіне және әлеуметтік бейімделу сапасына айтарлықтай әсер ететін өмірінің ажырамас бөлігі. Жоғары оқу жүктемесі, ақпараттың шамадан тыс көлемі, білім беруді цифрландыру, бәсекелестік және болашақтың белгісіздігі студенттердің когнитивтік, эмоционалды және мінез-құлықтық тұрақтылығына кері әсер ететін созылмалы стресс жағдайына ұшыратуы мүмкін.

Ғылыми әдебиеттерде стресс әмбебап бейімделу механизмі ретінде қарастырылады. Алайда, белгілі бір деңгейден асқан жағдайда, ол өзінің жұмылдырушы функциясын жоғалтып, адамның жеке және мінез-құлықтық реттеу механизмдерін бұзатын деструктивті факторға айналады. ХХІ ғасырдың білім беру ортасы оқыту форматтарының жиі өзгеруімен, академиялық талаптардың артуымен, әлеуметтік рөлдердің тұрақсыздығымен және жастардың күрес ресурстарының жеткіліксіздігімен сипатталады. Бұл факторлар студенттік қызметтің маңызды компоненттеріне – оқу іс-әрекеті мен әлеуметтік мінез-құлыққа стресстің әсер ету мәселесіне ғылыми қызығушылықты арттырады.

Стресстік әсердің түрі, мотивацияның көрініс формасы (ішкі немесе сыртқы), сондай-ақ білім беру процесіне бейімделу сапасы мен кәсіби өзін-өзі анықтаудың тиімділігін анықтайтын тұлғааралық өзара әрекеттесу стилдері арасындағы өзара байланыстарды зерттеу өзекті мәнге ие.

С.М. Жақыповтың пікірінше, оқу ортасына сәтті бейімделу үшін әрекеттің әлеуметтік-психологиялық контекстін және студент үшін білім беру мақсаттарының жеке маңыздылығын ескеру қажет [1, 3 б.]. Оның мақсат қою теориясы оқу ортасындағы бірлескен іс-әрекеттің шиеленісті азайтып, танымдық мотивацияны күшейтіп, білім алушының субъективті ұстанымын қалыптастыруға ықпал ететінін көрсетеді. Алайда созылмалы стресс бұл механизмдерді бұғаттауы мүмкін: эмоционалды шиеленіс студенттің белсенді мақсат қою қабілетін әлсіретіп, мотивацияны төмендетеді және ұжымдық жұмысқа қосылуға кедергі келтіреді.

Созылмалы стресс зейіннің бұзылуына, есте сақтау қабілетінің төмендеуіне, өзін-өзі реттеу деңгейінің әлсіреуіне, ерікті мінез-құлықтың әлсіреуіне және мазасыздық пен агрессияның артуына алып келеді. Бұл өзгерістер тек оқу стилінде ғана емес, сонымен бірге білім беру ортасындағы әлеуметтік өзара әрекеттесуде де байқалады. G. Kassymova және авторластарының зерттеуіне сәйкес, созылмалы күйзеліске ұшыраған студенттер академиялық белсенділіктің төмен деңгейін көрсетеді, оқытушылармен және құрдастарымен қарым-қатынаста қиындықтар көреді, топтық жобалардан аулақ болады және оқшаулануға бейім [2, 170 б.].

Әлеуметтанулық зерттеулер көрсеткендей, студенттердің жартысынан көбі оқу сәтсіздіктерін стресстің жоғары деңгейімен байланыстырады [3, 75 б.]. Стресстің жиі кездесетін салдары ретінде студенттер кейінге қалдыру, оқуға деген қызығушылықтың жоғалуы, зейіннің төмендеуі, апатия, мазасыздықтың жоғарылауы және эмоционалды күйіп кету жағдайларын атайды. Ұйқы режимінің бұзылуы және созылмалы шаршау оқу мен әлеуметтік белсенділікке қабілеттілікті төмендетеді.

Бірінші курс студенттері стресске әсіресе бейім келеді, себебі олар әлі күресу стратегияларын дамытпаған және жаңа ортаға бейімделмеген. Бұл кезеңдегі стресстік факторларға мектеп жүйесімен үзіліс, тәуелсіз шешім қабылдау қажеттілігі, академиялық болашақтың белгісіздігі және отбасы тарапынан қысым жатады. Сонымен қатар, әлеуметтік салыстыру – стресстің маңызды көзі. Әлеуметтік желілерде идеалдандырылған жетістіктер бейнесіне тап болған студенттер жеткіліксіздік сезімін бастан кешіреді және өз-өзіне сенімсіздік туындайды.

Стресстің мотивациялық салаға әсері ішкі және сыртқы мотивация арасындағы теңгерімнің бұзылуынан көрінеді. Қалыпты жағдайда студент таным, өзін-өзі дамыту және шығармашылық арқылы өзін жүзеге асыруға ұмтылуы мүмкін. Ал стресс кезінде сыртқы факторлар басымдық алады: жазадан қорқу, басқалардың үмітін ақтау, сәтсіздіктен қашу. Ішкі мақсаттар өз маңызын жоғалтады, оқу белсенділігі формалды сипат алады. Е.Ю. Панчук және авторластың зерттеулері көрсеткендей, мазасыздық деңгейі жоғары студенттердің шамамен 60%-ы ішкі мотивацияның төмендеуін және оқу әрекетін минималды күшпен орындау стратегиясына көшуді көрсеткен [4, 467 б.].

Стресстің мінез-құлықтық аспектілері де маңызды. Оның әсерінен студенттер деструктивті мінез-құлық үлгілерін қалыптастыруы мүмкін: қашу, агрессия, жанжалдарға бейімділік, әлеуметтік оқшаулану. Бұл студенттің академиялық қоғамдастықпен байланысын үзуіне, оқудың топтық формаларына деген қызығушылықтың жоғалуына әкеледі. Л.А. Иманғалиева зерттеуінде созылмалы күйзеліске ұшыраған студенттердің 54%-ы оқытушылармен және құрдастарымен қарым-қатынастың нашарлағанын атап өткен, бұл ашушаңдық, төзімсіздік және оқшауланумен сипатталады [3, 75 б.].

Цифрландыру дәуірінде стресс жаңа мазмұнға ие болып отыр – цифрлық стресс. Көп тапсырмалылық, ақпарат ағынының жылдамдығы, онлайн іс-шараларға қатысу, үнемі байланыста болу қажеттілігі тұрақты эмоционалды шиеленісті тудырады. FOMO (жіберіп алу қорқынышы) синдромын бастан өткеретін студенттер психологиялық шаршауға жиі ұшырайды. Сауалнамалар студенттердің 62%-ының цифрлық кеңістікте үнемі болудан психологиялық шаршау сезінетінін, ал 48%-ының оны зейіннің нашарлауымен және ашушаңдықпен байланыстыратынын көрсетеді. Цифрлық стресс когнитивтік икемділікті төмендетіп, ұйқының бұзылуына, кейінге қалдыруға, эмоционалды күйіп кетуге ықпал етеді.

Стресске қарсы тұрудың негізгі факторы – бейімделген күресу стратегияларын меңгеру. Л.А. Черных мәліметтері бойынша, студенттердің тек 44%-ы ғана оң қайта бағалау, жоспарлау, әлеуметтік қолдау іздеу және өзін-өзі бақылау сияқты конструктивті стратегияларды қолданады. Қалғандары бейімделмеген тәсілдерге (болдырмау, терістеу, оқшаулану) жүгінеді немесе мүлде реттеу стратегияларын қолданбайды [5, 42–43 б.]. Бұл эмоционалдық күйіп кету қаупін арттырады, әсіресе эмоционалды қатысуды талап ететін мамандықтарда оқитын студенттер үшін. Сындарлы тәсілдерді (физикалық белсенділік, күнделік жүргізу, тренингтер, психологқа жүгіну) жүйелі түрде қолдану мазасыздықты азайтып, мотивацияны арттырады.

Білім беру ортасы да студенттің стресс деңгейіне айтарлықтай әсер етеді. Қолдау көрсететін, сенімді атмосфера, оқытушымен ашық диалог, бағалауда икемділік және білім беру траекториясын жоспарлауға қатысу мүмкіндігі студенттердің оқу белсенділігі мен психологиялық тұрақтылығын қолдайды. Керісінше, авторитарлық стиль, эмоциялық жағдайды елемеу, қатынастардың шектен тыс формализациясы мазасыздықты, сенімсіздікті және пассивтілікті күшейтеді. Қолдауы жоғары топтардағы студенттер жоғары қанағаттану деңгейін көрсетіп, күйіп кетуге аз ұшырайды.

Сондай-ақ, талдаудың маңызды бағыты – стресс деңгейі мен академиялық өзін-өзі бағалау арасындағы өзара байланыс. Өзін-өзі бағалауы төмен студенттер стресстік жағдайларға анағұрлым сезімтал келеді: олар сәтсіздіктерді апат ретінде қабылдайды, өздеріне және айналасындағыларға шамадан тыс талап қояды. Бұл мазасыздықтың жоғарылауына және оқу мотивациясының төмендеуіне алып келеді. Өзін-өзі бағалаудың төмендігі студенттің сәтсіздікке сенуіне, өз құзыреттілігіне күмәндануына және оқытушылар мен құрдастар тарапынан жағымсыз бағалаудан қорқуына себеп болады. Мұндай үрей пікірталастарға қатысудан бас тартуға, көпшілік алдында сөйлеуден қашуға және оқу тобында “жасырынуға” ұмтылуға әкеледі. Өз кезегінде, бұл мінез-құлық әлеуметтік оқшаулануды күшейтеді және стрессті арттырып, жағымсыз эмоционалдық күйлердің жаңа толқынын тудырады.

Қазақстандық студенттер арасында жүргізілген зерттеулер жоғары мазасыздық пен өзін-өзі бағалаудың төмендігі академиялық кідіріс пен оқудағы дәрменсіздікпен тығыз байланысты

екенін көрсетті [6, 125 б.]. Бұл әсіресе сессия кезеңінде, курстық жұмыстарды қорғау және практикалық тәжірибеден өту барысында айқын көрінеді.

Сонымен қатар, стрессті қабылдаудың мәдени ерекшеліктерін ескеру қажет. Қазақстандық білім беру кеңістігі көбіне бағалауға, салыстыруға және қатаң бақылауға негізделген. Көптеген студенттер оқу процесін өзін-өзі дамыту мен шығармашылық еркіндік құралы ретінде емес, ата-ана мен қоғам үміттерін қанағаттандыру амалы ретінде қабылдайды. Мұндай көзқарас сыртқы мотивацияға тәуелділікті қалыптастырып, сәтсіздік қорқынышын күшейтеді және академиялық тапсырмалардың стресстік сипатын арттырады.

Оқытушылар тарапынан саналы қолдау жетіспейтін жағдайда студенттер көбіне өз мәселелерімен жалғыз қалады. Психологиялық көмек қызметтері болғанымен, маманға жүгіну әлі де әлсіздіктің белгісі ретінде қабылданады. Бұл психопрофилактиканың тиімділігін төмендетеді. Сонымен қатар, барлық оқытушылар студенттердің күйзеліс белгілерін дер кезінде анықтай алатын коммуникативтік құзыреттерге ие емес, ал білім беру бағдарламаларында эмоционалдық сауаттылық пен стрессті басқару дағдылары бойынша модульдер жеткіліксіз. Қазақстандық зерттеулердің мәліметтері бойынша, студенттердің 58%-ы стрессті қалай басқару керектігін білмейді, ал 46%-ы оны қалыпты жағдай деп қабылдап, жеңуге тырыспайды [7, 82 б.].

Стрессті қабылдау мен онымен күресудегі гендерлік айырмашылықтар да ерекше назар аударуға тұрарлық. Сауалнамалар көрсеткендей, қыз студенттер мазасыздық, эмоционалды шаршау және өзін-өзі сынау белгілерін жиі сезінеді, ал ұлдар шиеленісті жеңудің деструктивті тәсілдеріне – аулақ болу мен агрессияға бейім. Әйелдер қолдауға жүгіну, достарымен сөйлесу, мәселені ашық талқылау сияқты әлеуметтік күресу стратегияларын жиі қолданады, ал ерлер стрессті жасыруға және эмоцияларын іште ұстауға бейім. Бұл айырмашылықтарды психопрофилактикалық бағдарламаларды әзірлеу кезінде міндетті түрде ескеру қажет.

Студенттерге қолдау көрсетуде жекелендірілген тәсілдің маңызы зор. Тек стресс деңгейін ғана емес, сонымен қатар күресу стилін, тұлғалық ерекшеліктер мен мәдени фонды ескеретін бағдарлама жоғары нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Өзін-өзі реттеу, позитивті ойлау, рефлексия және жағдаятты сыни тұрғыдан қайта бағалау дағдылары дамыған студенттер стресске ең төзімді болып табылады.

Стресстің шамадан тыс жүктелуге байланысты пайда болатын аспектілері де маңызды. Бұл мәселе әсіресе оқу мен жұмысты қатар алып жүруге мәжбүр студенттер арасында өзекті. Көптеген студенттер, әсіресе жоғары курстарда, өзін материалдық жағынан қамтамасыз ету үшін жұмыс істейді. Соның салдарынан олар екі есе жүктемеге ұшырап, ресурстарын сарқып, қалпына келуге уақыт таппайды.

Зерттеулер көрсеткендей, оқуды жұмыспен қатар алып жүретін студенттердің 40%-ы тұрақты шаршауды, ұйқының бұзылуын, жалпы әлсіздікті сезінеді. Олар сабақты жиі босатады, семинарларға аз қатысады және тапсырмаларды соңғы сәтке дейін кейінге қалдырады. Ұзақ мерзімді перспективада мұндай шамадан тыс жүктеме білім беру сапасының төмендеуіне және оқуға деген негативті көзқарастың қалыптасуына әкеледі. Бұл әсіресе отбасында қолдау жүйесі жоқ студенттер үшін өте ауыр, себебі олар академиялық ортадағы қиындықтарға әлдеқайда осал келеді.

Сондай-ақ, экономикалық және әлеуметтік-мәдени факторлардың әсерін де ескеру қажет. Табысы төмен отбасылардан шыққан студенттер көбіне қаржылық тұрақсыздық, кінә сезімі және өзін-өзі жүзеге асыруға деген жоғары қажеттілік секілді қосымша қысымға ұшырайды. Алайда, ақылы курстар, тағылымдамалар және қосымша білім беру ресурстары көбіне қолжетімсіз болып қалады. Бұл мүмкіндіктер теңсіздігін тудырып, стрессті одан әрі арттырады.

Ауылдық аймақтан шыққан студенттердің қалалық академиялық ортаға бейімделуінде қосымша кедергілер туындайды. Олар өздерін оқшауланған, сенімсіз сезінуі мүмкін, бұл бейімделуді қиындатып, күйзеліс деңгейін арттырады. Мұндай жағдайларда университет тарапынан берілетін қолдау шешуші рөл атқарады. Бейімделу бағдарламалары, қаржылық гранттар, кеңес беру, қолдау топтары – мұның бәрі студенттерге өтпелі кезеңді жеңіл өтуге көмектесіп, созылмалы күйзеліс қаупін төмендетеді.

Студенттерге стресстің әсерін төмендететін негізгі факторлардың бірі – эмоционалды интеллект деңгейі. Бұл – адамның өз эмоцияларын тану, түсіну және басқару, сондай-ақ басқалармен тиімді қарым-қатынас орнату қабілеті. Зерттеулер көрсеткендей, эмоционалды интеллект деңгейі жоғары студенттер күйіп қалуға бейім емес, қиын жағдайларды сәтті

еңсереді, жоғары академиялық мотивация мен көңіл күй тұрақтылығын көрсетеді. Олар бейімделмеген күресу стратегияларын сирек қолданады, көбінесе қолдау іздейді, стресстік жағдайларды икемді түрде қайта бағалай алады және ішкі жағдайды бақылауды қалпына келтіре алады. Бұл қабілеттің дамуы әсіресе оқудың алғашқы курстарында маңызды, себебі дәл осы кезеңде жаңа мінез-құлық үлгілері қалыптасады және адам сыртқы әсерлерге айрықша сезімтал болады [8, 91 б.].

Қазақстанның жоғары оқу орындарында эмоционалды интеллектті дамыту психологиялық қызметтердің негізгі бағытына айналады. Эмоционалды өзін-өзі реттеу, эмпатия, қарым-қатынас, рефлексия сияқты дағдыларды дамытуға бағытталған сабақтар мен тренингтер өткізіледі. Алайда мұндай бағдарламалар студенттердің шектеулі бөлігін ғана қамтиды, көбінесе факультативті түрде өткізіледі және студенттің өз еркі мен мотивациясына байланысты. Бұл тәжірибелерді білім беру процесіне кеңінен енгізу үшін ЖОО әкімшілігі тарапынан жүйелі қолдау, оқытушылардың психологиялық құзыреттерін арттыру және оқу жоспарларында психологиялық-педагогикалық компоненттерді нормативті түрде енгізу қажет. Қазақстанның бірқатар ЖОО-ларының оқу бағдарламаларын талдау көрсеткендей, бакалавриаттың тек 23%-ында ғана эмоционалды даму мен өзін-өзі реттеуге қатысты пәндер бар [9, 34 б.].

Оқытушының студент пен білім беру ортасы арасындағы медиатор ретіндегі рөлі де ерекше маңызды. Оқытушы стресстік қысымды күшейтуі де, оны жұмсартуы да мүмкін. Ол тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар топтың эмоционалды жай-күйін бақылаушы, кері байланысты қолдаушы, студенттің өз уайымын білдіруіне мүмкіндік беретін қауіпсіз орта қалыптастырушы болуы тиіс. Эмпатияға, қолдауға және икемділікке негізделген қарым-қатынас стилі студенттің уайымын азайтып, оның оқуға деген ішкі мотивациясын арттырады. Ал керісінше, директивтік стиль, түсініктемесіз талап қою, сындарлы кері байланыссыз сын айту студенттің белсенділігін төмендетіп, үйренген дәрменсіздік пен оқу мотивациясының жойылуына алып келуі мүмкін. З.Б. Мадалиева атап өткендей, университеттегі академиялық қарым-қатынас – бұл тек ақпарат алмасу емес, эмоциялар да мазмұнмен қатар маңызды рөл атқаратын күрделі әлеуметтік-психологиялық процесс [10, 61 б.].

Сонымен қатар, оқытушылардың өздері де өзін-өзі реттеу дағдыларына ие болуы қажет. Олар өз көңіл күйінің студенттік топқа әсерін сезіне білуі, эмоционалды өзара әрекетке дайын болуы тиіс. Эмоционалды күйіп кету жағдайында оқытушының төзімділік деңгейі төмендеп, ашушандық пен тітіркенгіштік пайда болады, бұл тікелей студенттерге әсер етеді. Әсіресе бұл жағдай сессия кездерінде және бағалау кезеңдерінде айқын байқалады. Сондықтан оқытушылар үшін эмоционалды интеллект, стресс-менеджмент және педагогикалық эмпатия сала-сындағы құзыреттерді дамытуға бағытталған біліктілікті арттыру курстарының маңызы артуда.

Қазақстанның кейбір жоғары оқу орындары академиялық стресс деңгейін төмендетудің инновациялық тәсілдерін енгізуде. Мысалы, Алматы университеттерінің бірінде «Студент+» жобасы жүзеге асырылды. Жоба аясында психологиялық түсіру кеңістігі құрылды, бағалаусыз күндер ұйымдастырылды, психогигиена бойынша шеберлік сыныптары өткізілді, өзара көмекке негізделген студенттік қауымдастық жұмыс істейді. Бағалау нәтижесінде осы бастамаларға белсенді қатысқан студенттердің мазасыздық деңгейі орта есеппен 27%-ға төмендеп, оқу процесіне қанағаттану 35%-ға артқаны анықталды [11, 4 б.]. Бұл нүктелік бастамалардың өзі жүйелі ұйымдастыру арқылы жоғары тиімділікке ие бола алатынын дәлелдейді.

Сонымен қатар, студенттің қалпына келу қабілеті де стресске төзімділікте маңызды рөл атқарады. Бұл тек ұйқы мен тамақтануды ғана емес, сондай-ақ «ауысу» мүмкіндігін – оқудан тыс әрекеттермен айналысуды, эмоциялық разрядты қамтиды. Спортпен, шығармашылықпен, достармен қарым-қатынаспен, хоббимен айналысатын студенттер стресске төзімділік бойынша жоғары нәтижелер көрсетеді. Алайда студенттердің көбісі демалысты «нәтиже бермейтін» уақыт ретінде қабылдайды. Әлеуметтік желілер мен академиялық қысым әсерінен пайда болған «үздіксіз жұмыспен қамтылу» мәдениеті адамның құндылығы тек өнімділігінде деген жалған сенім қалыптастырады. Бұл үнемі артық жұмыс істеуге, ұйқының бұзылуына, ашушандыққа және түптеп келгенде эмоционалды күйіп кетуге әкеледі. Бұл мәдениетке қарсы тұру – білім беру арқылы, оқытушылардың жеке үлгісімен және университеттің білім беру саясатында жеке ресурстар мен демалыс құндылығын тану арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Әдебиеттер

1. Джакупов С. М. Целеобразование в совместной деятельности. – М., 1985. – 22 с.
2. Kassymova G. K., Tyumaseva Z. I., Valeeva G. V., et al. Integrative model of student and teacher stress coping // Bulletin of NAS RK. – 2019. – №3(379). – С. 169–179.
3. Имамғалиева Л. А. Социологический анализ влияния стресса на учебное поведение студентов // Вестник Тамбовского университета. Серия: Общественные науки. – 2017. – Т. 3, №2(10). – С. 73–76.
4. Панчук Е. Ю., Абрамов О. Л., Маркин А. В. Стресс у подростков и студентов: особенности проявления и способы преодоления // Сборник научных трудов Ангарского государственного технического университета. – 2024. – №1. – С. 465–469.
5. Черных Л. А. Возможности регуляции стресса студентов педагогического вуза // Вестник практической психологии образования. – 2024. – Т. 21, №3. – С. 38–44.
6. Құлыбекова Қ. Б. Студенттердің психологиялық бейімделу мәселелері // ҚазҰУ хабаршысы. Психология сериясы. – 2020. – №2(67). – Б. 122–127.
7. Бердібаева С. Қ. Университеттік білім беру үдерісіндегі психологиялық қауіпсіздік // Қазақстанның ғылым әлемі. – 2021. – №3(91). – Б. 80–85.
8. Жанабаева А. Т. Эмоциональный интеллект и академическая адаптация студентов // Вестник КазНПУ. – 2022. – №1(59). – С. 89–94.
9. Тлеубергенова А. И. Психолого-педагогическое сопровождение студентов в условиях университета // Вестник Евразийского гуманитарного института. – 2023. – №2(78). – С. 30–37.
10. Мадалиева З. Б. Коммуникативные аспекты преподавательского взаимодействия со студентами // Психология. – 2021. – №4. – С. 60–66.
11. Отчёт о реализации проекта «Студент+». – Алматы: Университет внутренней политики, 2023. – 10 с.

КОНФОРМДЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫН ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУ БАРЫСЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ӘСЕРІ

Токсанбаева Н. К., Салимова Г.Е.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан

Бұл мақалада студенттердің әлеуметтік ортаға бейімделу үдерісінде конформдық мінез-құлықтың құндылық бағдарларын қалыптастыруға тигізетін психологиялық әсері жан-жақты талданады. Қазіргі жаһандану және әлеуметтік өзгерістер жағдайында жастардың құндылық жүйесі үнемі түрленіп отырады. Осы тұрғыда конформизм – әлеуметтік топ нормаларына бейімделу механизмі ретінде – тұлғаның ішкі дүниесіне және оның құндылықтар жүйесіне ықпал етуі мүмкін. Зерттеу барысында студенттердің конформдылық деңгейі мен олардың құндылық бағдарлары арасындағы өзара байланыс айқындалды. Сонымен қатар, әлеуметтік бейімделу жағдайындағы топтық қысым, әлеуметтік нормалар мен күтулердің тұлғалық құндылықтарға әсері теориялық және эмпирикалық негізде қарастырылады. Мақалада эксперименттік зерттеу нәтижелері келтіріліп, студенттердің құндылық бағдарлары мен конформдық бейімділігі арасындағы статистикалық өзара байланыстар талданады. Зерттеу нәтижелері білім беру жүйесінде тұлғалық даму мен құндылық тәрбиесін жетілдіруге бағытталған психологиялық қолдаудың маңыздылығын көрсетеді.

Түйін сөздер: конформизм, құндылық бағдарлары, студенттер, әлеуметтік бейімделу, психологиялық ықпал, тұлғалық даму, топтық қысым, қоғамдық нормалар, жастар психологиясы,

В статье рассматривается психологическое влияние конформного поведения на формирование ценностных ориентаций студентов в процессе социальной адаптации. В условиях глобализации и социальных изменений система ценностей молодежи претерпевает значительные трансформации. Конформизм как механизм приспособления к нормам социальной группы может оказывать существенное влияние на внутренний мир личности и ее ценностную систему. В рамках исследования выявлена взаимосвязь между уровнем конформности студентов и их ценностными ориентациями. Также теоретически и

эмпирически обоснован анализ влияния группового давления, социальных норм и ожиданий на личностные ценности в условиях адаптации. В статье представлены результаты экспериментального исследования и проанализированы статистические взаимосвязи между склонностью к конформизму и ценностными установками студентов. Результаты подчеркивают важность психологической поддержки в образовательной среде, направленной на развитие личности и воспитание устойчивой системы ценностей.

Ключевые слова: конформизм, ценностные ориентации, студенты, социальная адаптация, психологическое влияние, развитие личности, групповое давление, социальные нормы, психология молодежи.

This article comprehensively explores the psychological impact of conformist behavior on the formation of students' value orientations during the process of social adaptation. In the context of globalization and rapid social change, the value systems of young people are undergoing significant transformations. Conformism, as a mechanism of adapting to group norms, may exert considerable influence on the individual's inner world and system of values. The study identified a correlation between students' level of conformity and their value orientations. Furthermore, the effects of group pressure, social norms, and expectations on personal values during adaptation are analyzed both theoretically and empirically. The article presents findings from an experimental study and discusses the statistical relationships between students' tendencies toward conformity and their value orientations. The results highlight the importance of psychological support in educational settings aimed at fostering personality development and the formation of stable value systems.

Keywords: conformism, value orientations, students, social adaptation, psychological influence, personality development, group pressure, social norms, youth psychology.

Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер жастардың өмірлік ұстанымдары мен құндылықтық бағдарларына тікелей әсер етуде. Бұл әсіресе жоғары оқу орындарына енген студент жастардың әлеуметтік бейімделу үдерісінде айқын байқалады. Университеттік орта – тұлғаның жаңа әлеуметтік жағдайға бейімделіп, өзіне тән құндылықтар жүйесін қалыптастыратын маңызды әлеуметтік алаң. Бұл үдерісте студенттің мінез-құлқы, оның ішінде конформдылық деңгейі – яғни көпшілік пікіріне бейімделу, әлеуметтік қысымға икемділік – құндылық бағдарларының құрылымына әсер ететін факторлардың бірі ретінде қарастырылады.

Зерттеулер көрсеткендей, тұлғаның топ ішінде әлеуметтік орнын табуы көбінесе оның конформды немесе дербес мінез-құлқына байланысты болады [3,7]. Бұл ретте, конформизм тек жағымсыз құбылыс ретінде қарастырылмайды, керісінше, ол әлеуметтік бейімделудің бастапқы кезеңінде қажетті мінез-құлық моделі ретінде көрініс табуы мүмкін.

Осы мақалада студенттердің құндылықтық бағдарлары мен әлеуметтік бейімделуіндегі конформдық мінез-құлықтың психологиялық әсері жан-жақты қарастырылады.

Қазіргі жоғары білім беру жүйесі тек кәсіби дағдыларды қалыптастырумен шектелмей, сонымен қатар тұлғаның құндылық бағдарларын дамыту мен әлеуметтік бейімделу үдерісіне де ерекше көңіл бөлуді қажет етеді. Бұл тұрғыда студенттердің мінез-құлқындағы конформизмнің рөлі айтарлықтай маңызды, себебі әлеуметтік топқа бейімделу барысында жеке тұлғаның құндылық жүйесі өзгеріске ұшырауы мүмкін [1;4].

Конформизм – бұл тұлғаның әлеуметтік қысымға жауап ретінде өзінің мінез-құлқы мен көзқарасын топ талаптарына сәйкес бейімдеуі. Бұл бейімделу әрдайым сыртқы мәжбүрлеу нәтижесінде емес, кейде ішкі қажеттілік пен қоғамда қабылдануға деген ұмтылыстан туындайды [3]. Студенттік ортада конформизм, әдетте, топтың көзқарасын қабылдау, өз пікірін ашық білдіруден тартыну, көпшілікке ұнауға талпыну арқылы көрінеді. Бұл құбылыс әсіресе оқу орнындағы алғашқы жылдары айқын байқалады, себебі жаңа ортаға енген студент өз орнын табуға тырысады және әлеуметтік қолдау іздейді [5].

Зерттеулер көрсеткендей, оқу басталған кезеңде студенттердің құндылықтық иерархиясында «қауіпсіздік», «мойынсұну» және «конформдылық» сияқты құндылықтар жетекші орын алады. Бұл студенттің жаңа ортада қабылдануға, конфликтіден қашуға және әлеуметтік нормаларды сақтауға бейімділігін көрсетеді. Конформизм бұл кезеңде қорғаныс механизмі ретінде жұмыс істейді – ол тұлғаны әлеуметтік шеттетілу мен сыннан сақтайды [6].

Алайда оқу процесі барысында және әлеуметтік тәжірибенің жинақталуымен қатар, бұл бағдарлар біртіндеп өзгеріске ұшырайды. Жоғарғы курстарда студенттерде «дербестік»,

«жетістікке жету», «жауапкершілік», «өзін-өзі дамыту» секілді жеке бағытталған құндылықтар күшейе түседі. Бұл өзгерістер тұлғаның ішкі еркіндігі мен өзіндік санасының нығаюын білдіреді. Яғни, бастапқыда конформдық мінез-құлық арқылы бейімделу жүзеге асса, кейіннен құндылықтық дербестікке көшу байқалады [2].

Ш. Шварцтың құндылықтар теориясы шеңберінде бұл құбылысты былайша түсіндіруге болады: адам құндылықтары түрлі мотивациялық бағыттармен анықталады және олар өзара бәсекелес немесе толықтырушы сипатта болуы мүмкін. Конформизм, қауіпсіздік пен дәстүр «консервация» тобына жатса, дербестік, ынталылық пен жаңашылдық «өзгеріс» блогына жатады. Уақыт өте келе тұлға бұл блогтар арасындағы ішкі басымдықтарды қайта белгілейді, бұл оның тұлғалық жетілуінің көрсеткіші бола алады [7].

Осыған байланысты, студенттерге бағытталған тәрбие жұмыстары тек сыртқы тәртіпке бағынуды емес, сондай-ақ ішкі құндылықтарды саналы түрде ұғынуға, сын тұрғысынан ойлауға және дербес шешім қабылдауға бейімдеуді мақсат етуі қажет. Бұл студенттердің тек әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз етпей, сонымен қатар олардың тұлғалық тұрақтылығы мен өмірлік ұстанымдарының қалыптасуына ықпал етеді.

Студенттік кезең – адамның өмірлік жолындағы шешуші әрі күрделі кезеңдердің бірі. Бұл кезеңде адам бұрынғы әлеуметтік статустан шығып, жаңа – кәсіби, академиялық, азаматтық рөлдерге өтеді. Осы өтпелі кезең тұлға үшін тек жаңа білім алу ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік ортаға бейімделу, жаңа ережелер мен нормаларды игеру, тұлғалық дербестікке қол жеткізу жолындағы маңызды тәжірибе алаңы болып табылады [2].

Әлеуметтік бейімделу – бұл индивидтің жаңа орта талаптарына, қарым-қатынас жүйесіне, мінез-құлық стандарттарына сәйкес келуге бағытталған әрекеттерінің жиынтығы. Психологиялық ғылымда бейімделу ұғымы тек сыртқы жағдайға үйрену ғана емес, сонымен қатар адамның ішкі құрылымдарының (құндылықтар, қажеттіліктер, «Мен» тұжырымдамасы) өзгеруін білдіреді. Жоғары оқу орнында бұл үдеріс ерекше сипатқа ие, себебі студенттің алдында жаңа әлеуметтік талаптар мен академиялық жүктемелер пайда болады [8].

Жаңа әлеуметтік ортаға енген кезде студент түрлі стресс-факторларға тап болады:

- жеке жауапкершіліктің артуы,
- өзін-өзі басқару қажеттілігі,
- қаржы, уақыт, қарым-қатынас секілді ресурстарды тиімді басқару,
- тұлғалық сәйкестендіру (идентификация) мәселелері.

Бұл факторлардың барлығы бейімделу барысында эмоционалдық шиеленіс туғызуы мүмкін, ал оның жеңіл-желпі немесе терең деңгейде өтуі студенттің жеке ерекшеліктеріне және сыртқы қолдау деңгейіне тәуелді [6].

Студенттердің әлеуметтік бейімделуінің құрылымдық компоненттері. Ғалымдардың пайымдауынша, бейімделу процесі мынадай негізгі бағыттар бойынша жүреді:

- **Психологиялық бейімделу** – мазасыздықты басқару, өзіне сенімділік деңгейін арттыру, эмоционалдық тепе-теңдікті сақтау;
- **Әлеуметтік-коммуникативтік бейімделу** – қарым-қатынас жасау, топқа кіру, өзара әрекеттестік мәдениетін меңгеру;
- **Кәсіби-академиялық бейімделу** – білім алу талаптарын орындау, оқуға ынтаны сақтау, өзін-өзі кәсіби іске асыруға дайындық.

Аталған үдерісте **құндылық бағдарлар** ерекше орын алады. Себебі тұлғаның бейімделуі оның қандай құндылықтарға басымдық беретіндігіне байланысты жүреді. Жоғары оқу орнында алғашқы курстарда студенттер арасында "топтық үйлесімділік", "қабылдануға ұмтылу", "сыни көзқарастан аулақ болу" секілді бейімделу стратегиялары жиі кездеседі. Бұл мінез-құлық конформизммен тікелей байланысты және бастапқы кезеңде әлеуметтік қысымның әсерімен қалыптасады [5].

Студенттік ортада **конформизм** көбіне топтық нормаларды қабылдау, өзіндік пікірді басып тастау, сыртқы талаптарға бейімделу түрінде көрінеді. Мұндай бейімделу уақытша тиімді болуы мүмкін, бірақ ол тұлғаның шынайы құндылықтарымен сәйкеспесе, ішкі күйзеліс, өзіне деген сенімнің төмендеуі және әлеуметтік оқшаулану туындауы мүмкін [9].

Бірқатар зерттеулер көрсеткендей, жоғары курстарда студенттерде дербестік, өзін-өзі тану, жауапкершілік және өмірлік мағына іздеуге бағытталған құндылықтар күшейе бастайды. Бұл әлеуметтік бейімделудің алғашқы кезеңінде сыртқы конформдық мінез-құлық басым болса, кейінгі кезеңдерде тұлғаның ішкі рефлексиясы мен жеке ұстанымдары күшейетінін білдіреді [7].

Сондықтан, әлеуметтік бейімделуді тек сыртқы ортаға үйрену ретінде қарастырмай, тұлғаның ішкі психологиялық құрылымындағы өзгерістермен сабақтастыра зерттеу қажет. Бұл білім беру жүйесінде студенттерді тұлғалық және кәсіби тұрғыдан толық қалыптастыруда аса маңызды.

Қазіргі уақытта психологиялық ғылымның дамуын сипаттайтын үрдістердің бірі – тұлғаның шынайылықты интеграцияланған және көп өлшемді бейнелеуі ретінде жеке санасының мазмұндық ерекшеліктерін зерттеуге деген қызығушылықтың артуы. Жеке тұлғаның ішкі өмірінің өзіндік ерекшеліктерін зерттеу, оның субъективті дүниетанымдық бейнесін қалпына келтіру қажеттілігі мәселесі барған сайын кеңірек талқылануда. Әлеуметтік стереотиптердің күйреуі және жаңа әлеуметтанулық-мәдени тенденциялардың күшеюі жағдайында жеке сана құрылымдарының қалыптасу мәселелері айрықша маңызға ие бола түсуде [10].

Жастар ерекше әлеуметтік топ ретінде психологтар мен әлеуметтанушылардың зерттеу нысанында үнемі болады, өйткені дәл осы топ қоғамда болып жатқан өзгерістердің ең сезімтал индикаторы болып табылады және қоғам дамуының әлеуетін айқындайды. Жас ұрпақта қандай құндылықтық іргетастың қаланатыны – қоғамның болашақ келбетін анықтайтын негізгі факторлардың бірі. Сонымен қатар, қоғамдағы орныққан құндылықтар жүйесінің күйреуі жағдайында құндылықтарды қайта бағалау, олардың дағдарысы ең алдымен дәл осы әлеуметтік топтың – жастардың санасында айқын көрініс табады [11]. Көптеген зерттеушілер қазіргі студенттер буыны – постмодерн дәуіріне тән ерекшелікке ие Next ұрпағы деп атап көрсетеді.

Жастық шақтағы психологиялық жаңа құрылымдар жүріп жатқан әлеуметтік өзгерістермен тығыз байланысты, олар бүкіл әлеуметтену процесінің серпінін анықтайды. Шетелдік және отандық бірқатар зерттеушілердің пікірінше, әлеуметтік өзгерістер жағдайында тұлғаның екі қарама-қарсы функцияға ие психологиялық қасиеттері – бір жағынан, үнемі өзгеріп жатқан әлеуметтік әлемге бейімделуге мүмкіндік беретін әлеуметтік икемділік пен бейімделгіштік, екінші жағынан, өзін-өзі анықтау үдерісінің бастау нүктесі ретінде қызмет ететін ішкі "өзек" – әлеуметтік сәйкестілік қатар іске қосылуы қажет. Әлеуметтік шындықты құрастыру үдерісінің динамикасы адамнан өзінің әлеуметтік ұстанымын, әрекет ету тәсілін, мақсаттарына жету құралдарын, тіпті сол мақсаттардың өзін таңдауды үнемі талап етеді [12].

Бірқатар зерттеулерде жасөспірімдік кезең құндылықтық бағдарлардың қалыптасуы үшін сензитивті, өте қолайлы уақыт екені көрсетіледі. Бұл бағдарлар тұлғаның өмірлік көзқарасының орнығуына ықпал ететін тұрақты қасиет ретінде көрінеді. Жастық шақтың ерекшелігі – өзін-өзі тануға, өз мүмкіндіктері мен қабілеттерін бағалауға, өмір жолын таңдауға ұмтылатын ішкі рефлексияның күрт артуы болып табылады [13].

В. Франклдің пікірінше, өмір мәні туралы сұрақтар жастық шақта ерекше өзектілікке ие. Мақсат қоя білу, өз орнықты табу – бұл жастағы тұлғалық жетілу деңгейінің маңызды көрсеткіші. Өмірде мағыналы мақсаттың болмауы логотерапияның негізін қалаушының пікірінше, адамның ішкі күйзелісі мен селқостығына, ішкі бос күйге әкелетін ноогендік невроздың бір себебі болып табылады. В. Франкл соңғы уақытта өмірдегі мазмұнның жоқтығы, яғни экзистенциалды вакуум құбылысының кең таралып, күшейіп бара жатқанын атап өтеді. Өмірдің мәнін іздеу, өмірлік мақсаттарды айқындау – кез келген адамның психикалық және психологиялық саулығын сақтаудың маңызды факторы. Дегенмен бұл мәселе әсіресе жастық шақта ерекше өзектілікке ие болады [14].

С.Л. Рубинштейннің пайымдауынша, жастық кезеңде тұлғаның мәнін көрсететін ғылыми-теориялық, философиялық, адамгершілік, эстетикалық құндылықтық бағдарлар қалыптасады; әлемді, басқа адамдарды, өзін-өзі тұтас тану жүйесі ретінде дүниетаным орнығып, соның негізінде адам өз қызметін ұйымдастырады; өмірге деген қорытынды, саналы қатынас қалыптасып, адамның өмір мәні мәселесін ұғынуына жол ашады [15].

«Құндылықтар» категориясы философияда, әлеуметтануда және психологияда аса күрделі ұғымдардың бірі болып табылады. Әдебиеттерге жасалған талдау «құндылықтар» және «құндылықтық бағдарлар» ұғымдарының көп мағыналы екенін көрсетеді.

Г.М. Андрееваның көзқарасы бойынша, құндылықтар – мотивациялық әрі когнитивтік құрылымдар болып табылады. Олар адамның мінез-құлқын белгілі бір мақсаттарға бағыттап, реттеп, бағдар береді және бір мезгілде ақпаратпен когнитивтік жұмысын анықтайды. Құндылықтар адам үшін шындықты, оның ішінде басқа адамдарды әрі өзін-өзі бағалаудың критерийлері болып табылады. Сонымен қатар, құндылықтық түсініктер адамның дүниедегі әртүрлі құбылыстарды сипаттауға қолданатын категориялары ретінде қарастырылады.

Осылайша, құндылықтар адамның айналасындағы әлеуметтік объектілер мен жағдайларды ұғынуы мен бағалауына, яғни әлеуметтік әлемнің тұтас бейнесін құрастыруына негіз болады. Адам әлемді құндылықтар призмасы арқылы таниды, демек, адамның әлеуметтік шындықты қабылдауы мен тануы құндылықсыз және мағынасыз бола алмайды [12].

Бұған қоса, құндылықтар адамның мотивациялық-қажеттілік саласының құрылымдары ретінде әлеуметтік мінез-құлқын реттейді. Олар – тұлғаның ұмтылатын идеалды мақсаттары, таңдау жағдайында шешім қабылдауға мүмкіндік беретін, іс-әрекетін белсендендіріп, бағыттаушы нұсқаулар. Бұл тұрғыда құндылықтар құндылықтық бағдарлар түрінде көрініс тауып, тұлғаның диспозициялық құрылымының элементін құрайды. Құндылықтық бағдарлар адамның мақсат қою процесін бағыттап, түзетіп отырады, оның қоршаған ортамен қатынасының ерекшеліктерін айқындайды, сөйтіп белгілі бір деңгейде мінез-құлқының ерекшеліктерін анықтайды. Яғни, құндылықтық бағдарлар тұлғаның әлеуметтік ортадағы мінез-құлқы мен қызметінің психологиялық реттелуін қамтамасыз етеді [16].

Сонымен, құндылықтарды тұлғаның когнитивтік құрылымының элементтері ретінде де, мотивациялық-қажеттілік саласының элементтері ретінде де қарастыруға болады. Мұндай қосарлы сипат олардың мағыналық табиғатымен түсіндіріледі. Дәл осы мағына – әлемді танудың іргетасы, ол адамның белсенді әрекетіне бағыт береді. Құндылықтар – мағыналық құрылымдар ретінде когнитивтік және мотивациялық салаларды біріктіріп, оларды біртұтас мағыналық салаға айналдырады, осылайша тұлғаның тұтастығын қамтамасыз етеді [16].

А.Н. Леонтьев тұлғаның әртүрлі қызмет түрлерін біртұтас құрылымға біріктіретін өзіндік "түйіндердің" бар екенін айтып, оларды тұлғаның негізін құрайтын құндылықтық құрылымдармен сәйкестендіреді [17].

Бірқатар авторлар құндылықтарды екі үлкен топқа бөлуді ұсынады: тіршілік мақсаттары ретіндегі терминалдық құндылықтар және тіршілік қағидаттары ретіндегі инструменталдық құндылықтар [18].

М.С. Яницкийдің пікірінше, құндылықтық бағдарлар жүйесі тұлғаның даму векторын, өмірлік перспективасын анықтайды. Ол тұлға мен әлеуметтік ортаны байланыстырып, мінез-құлықты реттеу мен оның мақсатын анықтау функцияларын орындайтын маңызды психологиялық механизм болып табылады [19].

Ф.Е. Василюк: «Құндылық бүкіл адам өмірін іштен нұрландырып, оны қарапайым әрі шынайы еркіндікпен толықтырады» – деп жазған [18]. Ол құндылықтардың нақты әрекет ететін мотивтерге, өмірдің мағынасын құрайтын және тұлғаның өсуі мен жетілуіне ықпал ететін көздерге айналатынын атап өтеді. Осыған байланысты, құндылықтық бағдарлар тұлғаның ішкі даму механизмі ретінде үнемі жетіліп отырады, яғни динамикалық жүйе болып табылады.

Осылайша, тұлғалық құндылықтар – әртүрлі деңгейдегі әлеуметтік топтар мен қауымдастықтардың құндылықтарынан туындайды. Құндылықтарды ірі әлеуметтік топтардан, соның ішінде жалпыадамзаттық құндылықтардан қабылдау, меңгеру және игеру тұлғаның әлеуметтік сәйкестілігіне, сондай-ақ оның маңызды болып табылатын референттік шағын топтардың құндылықтарына байланысты. Бұл топтар құндылықтарды игеруге ынталандырушы немесе кедергі келтіруші фактор бола алады. Жеке тұлғаның құндылықтары – әлеуметтік реттеудің ішкі тетіктері ретінде оның құрылымына терең бойлаған [20].

Қазіргі заманғы психологиялық ғылымда тұлғаның ішкі санасының мазмұнын, оның жеке шындықты қабылдау мен тану ерекшеліктерін зерттеу өзекті бағыттардың біріне айналды. Өсіресе жастардың құндылықтық бағдарларын талдау маңызды, себебі жастар әлеуметтік өзгерістерге ерекше сезімтал және қоғамның болашағын айқындайтын негізгі әлеуетті күш ретінде көрінеді. Қоғамдағы құндылықтардың дағдарысы мен қайта қаралуы ең алдымен осы әлеуметтік топтың – жастардың – сана-сезімінен байқалады.

Зерттеулер көрсеткендей, жастық шақ – тұлғалық қалыптасу мен өмірлік мағыналарды іздеуге өте сензитивті кезең. Бұл жаста өзін-өзі тануға, мақсат қоюға, өмірлік жолды таңдауға деген талпыныс артады. Мұндай кезеңде құндылықтар жүйесі тек жеке таным емес, сонымен қатар мінез-құлықтың бағыттаушысы және тұлғаның ішкі тұтастығын қамтамасыз ететін психологиялық құрылым ретінде қалыптасады.

Құндылықтар – когнитивтік (танымдық) және мотивациялық (ынталандырушы) құрылымдар ретінде тұлғаның дүниетанымын, әлеуметтік мінез-құлқын, мақсат қоюын, шешім қабылдау қабілетін анықтайтын басты фактор. Олар адамның әлеуметтік әлемді қалай қабылдайтынын,

оның әрекеттеріне не түрткі болатынын түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, құндылықтық бағдарлар – тұлғаның әлеуметтік ортамен байланысын қамтамасыз ететін, мінез-құлқы мен даму бағытын айқындайтын ішкі реттеуші механизмдер.

Жеке тұлғаның құндылықтары әлеуметтік топтардың құндылықтарынан туындайды, ал олардың игерілуі тұлғаның әлеуметтік сәйкестілігіне және шағын референттік топтарға қатысына байланысты. Осылайша, құндылықтар – тұлғаның әлеуметтік кеңістікте бағыт-бағдар табуына мүмкіндік беретін және оны ішкі жағынан реттейтін негізгі психологиялық тетіктердің бірі.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, қазіргі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер студент жастардың құндылықтар жүйесіне әсер етіп, оның құрылымын трансформациялайды. Бұл олардың тұлғалық және әлеуметтік бейімделу деңгейін, болашаққа деген көзқарасын айқындайды. Сондықтан жастардың құндылықтық бағдарларын зерттеу тек психология ғылымы үшін ғана емес, сонымен қатар білім беру, әлеуметтендіру және қоғамдық тұрақтылық тұрғысынан да стратегиялық маңызға ие.

Әдебиеттер

1. Андреева Г.М. Социальная психология. – М.: Аспект Пресс, 2001.
2. Абульханова-Славская К.А. Стратегия жизни. Как стать личностью. – М.: Мысль, 1991.
3. Asch S.E. Effects of Group Pressure upon the Modification and Distortion of Judgments // Groups, Leadership, and Men. – 1951.
4. Rokeach M. The Nature of Human Values. – New York: Free Press, 1973.
5. Cialdini R.B., Goldstein N.J. Social Influence: Compliance and Conformity // Annual Review of Psychology, 2004, Vol. 55, pp. 591–621.
6. Бернс Р. Развитие Я-концепции и воспитание. – СПб.: Питер, 2001.
7. Schwartz S.H. Universals in the Content and Structure of Values: Theoretical Advances and Empirical Tests in 20 Countries // Advances in Experimental Social Psychology, 1992, Vol. 25, pp. 1–65.
8. Бодалев А.А. *Личность и общение*. – М.: Питер, 2002.
9. Клигер С.А. *Психология адаптации личности в образовательной среде*. – М.: Институт психологии РАН, 2004.
10. Верейкина Л. В., Морозин В. Г. Общественная и субъективная система ценностей // Вестн. Томского гос. пед. ун-та. 2006. Вып. 2. С. 67-68.
11. Белинская Е. П., Тихомандрицкая О. А. Социальная психология личности. М.: Аспект Пресс, 2001. 301 с.
12. Андреева Г. М. Социальная психология. М.: Аспект Пресс, 2009. 363 с.
13. Слободчиков В. И. Основы психологической антропологии. Психология развития человека: Развитие субъективной реальности в онтогенезе. М.: Школьная пресса, 2000. 416 с.
14. Франкл В. Психотерапия на практике. М.: Аспект Пресс, 2004. 84 с.
15. Рубинштейн С. Л. Основы общей психологии. СПб.: Питер, 2006. 424 с.
16. Тихомандрицкая О. А. Особенности социально-психологического изучения ценностей как элементов когнитивной и мотивационно-потребностной сферы. (Методические аспекты) // Мир психологии. 1999. Т. 3. С. 80-90.
17. Леонтьев А. Н. Деятельность. Сознание. Личность. М.: Смысл, 2005. 352 с.
18. Яницкий М. С. Ценностно-смысловая сфера личности. Кемерово: Кемеровский гос. ун-т, 1999. 92 с.
19. Василюк Ф. Е. Психология переживания. М.: Смысл, 2006. 200 с.
20. Леонтьев Д. А. Психология смысла: природа, строение и динамика смысловой реальности. М.: Смысл, 2007. С. 223-232.

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ФАКТОРЫ АДАПТАЦИИ СТУДЕНТОВ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ К ОБУЧЕНИЮ В УНИВЕРСИТЕТЕ

Тажина Г.О., Оразгулова А.А.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби
Алматы, Казахстан

Жеке көрсеткіштерді және жалпы үдерісті ескере отырып, әлеуметтік-психологиялық бейімделуді оңтайландыру мәселесі – өмірлік және білім беру жағдайларына бейімделу стратегияларының үлгілерін әзірлеу арқылы, соның ішінде шынайы біртұтас білім беру

ортасын оңтайландыру, кеңейту және құру арқылы көрініс табады. Жалпы және қосымша білім беру ұйымдарының әртүрлі типтері мен олардың педагог қызметкерлері арасындағы интеграция, өзара толықтыру және сындарлы диалог бірегей ресурстар мен жинақталған әлеует есебінен кемшіліктердің орнын толтырып, олқылықтарды жоюға, сондай-ақ өсіп келе жатқан ұрпақтың қоғамдағы табысты болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: психологиялық бейімделу, ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер, инклюзивті білім беру, жоғары білім, бейімделу үдерістері, әлеуметтік психологиялық қолдау, стресске төзімділік, оқуға мотивация, эмоционалдық әл-ауқат

Проблема оптимизации социально-психологической адаптации с учетом отдельных показателей, так и всего процесса выражается в разработке моделей адаптационных стратегий к жизненным, образовательным ситуациям, в том числе и посредством оптимизации, расширения и создания реально единой образовательной среды. Интеграция, взаимодополнение и конструктивный диалог между различными типами организаций – общего и дополнительного образования их педагогическими работниками позволит компенсировать недостатки, восполнить пробелы за счет уникальных ресурсов, накопленного потенциала и обеспечить успешность подрастающего поколения в социуме.

Ключевые слова: психологическая адаптация, студенты с особыми образовательными потребностями, инклюзивное образование, высшее образование, социально-психологическая поддержка, стрессоустойчивость, мотивация обучения, благополучие

The issue of optimizing socio-psychological adaptation, both in terms of individual indicators and the overall process, is reflected in the development of models of adaptive strategies for life and educational situations. This includes efforts aimed at optimizing, expanding, and creating a genuinely unified educational environment. Integration, mutual enrichment, and constructive dialogue between various types of institutions—general and supplementary education—as well as among their teaching staff, will help compensate for deficiencies and fill gaps by leveraging unique resources and accumulated potential.

Keywords: psychological adaptation, students with special educational needs, inclusive education, higher education, adaptation processes, socio-psychological support, stress resilience, learning motivation, emotional well-being, psychological readiness for learning.

Изучение социальной адаптации в контексте образовательных сред «подтянуло» аспекты, ранее не входившие в ее функционал, – социальную успешность, социальные компетенции и компетентность, социальные и образовательные риски. Востребованной сегодня представляется область прогнозирования возможных рисков социализации студента не только с позиции их констатации, систематизации, но и социально-психологической адаптации студента к их объективному и субъективному существованию.

По степени воздействия на данный процесс лидируют риски микросоциума – семейного окружения, университета, религиозных, общественных организаций, субкультур, риск информационной десоциализации. Особо выделяют факторы риска самой образовательной организации – наличие неблагоприятного психологического климата бытия студента, авторитарный стиль взаимодействия в системе «взрослый (педагог) – студент (ученик, воспитанник)», доминирование (а не паритет) обучения над воспитанием и др.

Рискоемкость социально-психологической адаптации достаточно высока, причем не только в «кризисные» периоды развития личности студента, но и в связи с полифункциональностью самого процесса адаптации, предполагающего включение в разновозрастное, полилоговое, полоролевое общение, отношения, связи через овладение различными социальными ролями, моделями поведения. Произошло перераспределение приоритетов и видов деятельности: учебно-познавательная (реально информационно- воспроизводящая) деятельность, как показывает анализ вузовской ситуации, практически оттеснила иные виды – художественную, творческую, спортивную, трудовую, игровую. Практически «на нет» сошла общественная, слабо представлены ценностно-ориентировочная деятельность и свободное общение. Вместе с тем значительно возросла значимость деятельности, связанная с использованием новых источников информации, в первую очередь Интернет.

Наряду с изменением соотношений между видами деятельности происходит переориентация ее форм. На смену коллективным, дающим возможность межличностного общения, ролевого поведения (как способа формирования социального опыта и социальной адаптации), приходит деятельность, нацеленная на реализацию исключительно индивидуальных планов и возможностей студента. Наличие того или иного фактора социально-педагогического риска – вероятность, но не обязательность дезадаптации, в том числе и социально-психологической. Любой риск выполняет одновременно стимулирующую и защитную функции. И если первая может быть конструктивной и деструктивной, то вторая опирается на признание реальности этих рисков и подготовку к ним. Происходит выработка стратегий поведения в ситуациях, обусловленных неопределенностью, что напрямую связано с социально-психологической адаптацией как способностью изменяться самому в зависимости от динамики социальных условий или средой организационных условий и воздействий, обеспечивающих когнитивное, эмоциональное, коммуникативное и в целом субъектно-личностное развитие личности на основе ее возрастных особенностей и с учетом целей общества [5]. Любая образовательная среда имеет определенные количественно-качественные параметры: среди них – широта как некая структурно-содержательная характеристика, с помощью которой можно узнать, какие субъекты, процессы и явления в нее включены [6]. И вместе с тем эта среда начинается там, где происходит встреча (сретенье) образующего и образуемого: где они совместно начинают ее проектировать и строить – и как предмет, и как ресурс совместной деятельности, где между отдельными институтами, программами, субъектами образования, образовательными деятельностями начинают выстраиваться определенные связи и отношения [7].

Образовательная среда понимается сегодня как система педагогических, психологических и организационных условий и воздействий, обеспечивающих когнитивное, эмоциональное, коммуникативное и в целом субъектно-личностное развитие личности на основе ее возрастных особенностей и с учетом целей общества [5]. Любая образовательная среда имеет определенные количественно-качественные параметры: среди них – широта как некая структурно-содержательная характеристика, с помощью которой можно узнать, какие субъекты, процессы и явления в нее включены [6]. И вместе с тем эта среда начинается там, где происходит встреча (сретенье) образующего и образуемого: где они совместно начинают ее проектировать и строить – и как предмет, и как ресурс совместной деятельности, где между отдельными институтами, программами, субъектами образования, образовательными деятельностями начинают выстраиваться определенные связи и отношения [7].

Безусловно, социально-психологическая адаптация в образовательной среде конкретного типа (вида) образовательного учреждения специфична. Особыми возможностями обладают учреждения дополнительного образования студентов, «направленные на формирование и развитие творческих способностей студентов, удовлетворение их индивидуальных потребностей в интеллектуальном, нравственном и физическом совершенствовании, формирование культуры здорового и безопасного образа жизни, укрепление здоровья, а также на организацию их свободного времени» [8]. УДОД обеспечивают своим учащимся доступ к широкому диапазону культурных ценностей, не охваченных основным образованием и не представленных в студенческих программах. Они не только конкретизируют, расширяют, углубляют знания, получаемые в университетах, но и дают возможность приобрести практический опыт их реализации, создают условия для социального и культурного развития личности. Дополнительное образование студентов обеспечивает их адаптацию к жизни в обществе, профессиональную ориентацию, а также выявление и поддержку студентов, проявивших выдающиеся способности [8].

Социально-педагогическая адаптация в учреждении дополнительного образования студентов есть процесс активизации механизмов формирования коммуникативных умений, организаторских способностей и самоопределения, самореализации учащихся, обучения социально значимым делам, способности позитивно преобразующему социальному действию [9]. Именно в них, в отличие от основных общеобразовательных организаций, существует реальная возможность включения студента в самый разнообразный спектр деятельностей. Образовательный процесс в УДОД, его основные направленности представляют возможность плавного перехода, смены видов деятельности, их взаимодополнение, взаимообогащение [10].

Выбор ведущего вида деятельности остается здесь за студентом. «Пробуя» себя во всех видах деятельности, студент не только развивается всесторонне, общается, самовыражается, но и формирует собственный социальный опыт как опыт деятельности, минимизируя, таким образом, риски дезадаптации. Факторами адаптации являются те качества, которые определяют человека, его личностные характеристики и внешнюю деятельность [6].

Адаптация студентов в вузе - это процесс, который может длиться на протяжении всего обучения студента. Даже если субъект успешно адаптировался к учебной группе, процесс адаптации не заканчивается, каждый семестр появляются новые дисциплины и одни преподаватели сменяют других, каждый преподаватель устанавливает свои правила и имеет свой стиль преподавания. Неуспешная адаптация к стилю какого-либо преподавателя, трудности в освоении отдельной учебной дисциплины или проблемы при формировании навыка одного из учебных видов деятельности могут сказаться на общей адаптированности в вузе даже на последнем курсе. Печальным результатом такого срыва может стать неуспешность окончания учебного заведения или снижение общего психологического здоровья человека. Следовательно, адаптированность студентов к обучению в вузе предполагает наличие многих особенностей в их поведении и деятельности. Т. Д.

Дубовицкая и А. В. Крылова предлагают считать таковыми: удовлетворительное психологическое и физическое состояние студента в учебных и вне учебных ситуациях в вузе; принятие им социальных ожиданий и предъявляемых к нему требований, а также соответствие его поведения этим ожиданиям и требованиям; способность придавать происходящему в вузе желательное для себя направление и пользоваться имеющимися условиями для успешного осуществления своих учебных и личностных стремлений и целей [7].

Продуктивным способом диагностики адаптированности можно считать методики, разработанные на модели критериев адаптации А.А. Реана. Он выделяет в качестве основных два критерия адаптации: внешний и внутренний. Первый является отражением понятия «приспособление» и понимается как достижение желательного соответствия требованиям среды. Он описывается в терминах эффективности, компетентности, успеха, объективного благополучия. Адаптация по внешнему критерию связана с так называемой «ценой адаптации» – объемом внутренних психологических ресурсов, затраченных на приспособление к среде. Она повышается, когда в процессе адаптации превалирует ориентация на внешний критерий и при этом игнорируются внутренние потребности личности.

Внутренний критерий является отражением чувства удовлетворенности, комфорта, общего психического состояния. Он связан с предпочтением экономии внутренних энергетических ресурсов, отсутствием напряжения и тревоги, ориентацией на изменение себя, собственной системы мотивов и ценностей для уменьшения противоречий с внешней средой. В качестве средства его реализации используются механизмы рефлексии, самовыражения и самопрезентации, релятивизации, диссоциации и др. Признаками адаптации по внутреннему критерию являются невысокая успешность, иногда - даже отклоняющееся поведение, но на фоне положительной тональности индивидуального настроения. Согласование внешнего и внутреннего критериев - требований среды и индивидуальных потребностей - является основной задачей процесса адаптации. В этом контексте оптимальной адаптированностью можно считать лишь результат, удовлетворяющий требованиям двух критериев, однако такое Системная адаптация предполагает высокую успешность, которая сопровождается субъективным чувством удовлетворенности. Она тесно связана с понятием самореализации. Именно на- внутреннего потенциала личности определяет возможности самореализации и, со- ответственно, высшую форму адаптации [8].

Системная адаптация предполагает высокую успешность, которая сопровождается субъективным чувством удовлетворенности. Она тесно связана с понятием самореализации. Именно нахождение социально одобряемого, продуктивного и социально полезного способа актуализации и выражения внутреннего потенциала личности определяет возможности самореализации и, соответственно, высшую форму адаптации [8]. На основании этой модели можно говорить о типах адаптации. Опросник «Адаптивные стратегии поведения» (АСП) Н. Н. Мельниковой является диагностическим инструментом, позволяющим определить тип адаптации, а точнее, адаптивные стратегии, сочетание которых в индивидуальном поведении характеризует стиль адаптации личности.

Автор исходит из трёх оснований, существенных для взаимодействия личности и социальной среды в процессе адаптации: 1) направленность происходящих изменений (изменяется среда – изменяется сам индивид), 2) контактность – избегание, 3) активность – пассивность индивида. В итоге автор описывает восемь поведенческих стратегий, каждая из которых может быть успешной в определённых ситуациях и обстоятельствах [9]. При том выбор предпочитаемой стратегии всегда обусловлен индивидуальными и личностными особенностями.

Таким образом, взгляд на адаптацию должен быть, как минимум, двухсторонним, т.е. рассматриваются личностные конструкты, обеспечивающие адаптационные процессы, и средовые условия, задающие конфигурацию, тип или стиль адаптированности, в обоих случаях должен учитываться оценочный аспект, т.е. «цена адаптации». При оценке адаптированности исследователь имеет право задаваться вопросом о качестве среды, о том, приспособительной или преобразующей аспекты адаптации должны превалировать в каждом конкретном случае. Выборка, методики и методы исследования Цель эмпирического исследования состояла в обнаружении значимых связей между содержательными компонентами адаптации и другими характеристиками личности.

В исследовании приняли участие студенты старших курсов факультета психолого-педагогического и специального образования Саратовского государственного университета. Объем выборки составил 130 человек, исследование проводилось индивидуально. Для диагностики процесса адаптации используются самые различные методики, ориентированные как на специфические области функционирования человека, так и на широкий спектр социально-психологических факторов. Об адаптационных процессах мы судили, выбрав следующие параметры: адаптированность студента к учебной группе и учебной деятельности (диагностировались по методике Т.Д. Дубовицкой и А.В. Крыловой) [7], социальная адаптивность, самопринятие, принятие других, доминирование и др. (что представляет собой шкалы методики диагностики социально-психологической адаптации К. Роджерса и Р. Даймонда) [10], а также склонность студентов к той или иной стратегии адаптивного поведения (определялась по методике АСП-2 Н.Н. Мельниковой) [9]. В качестве факторов адаптации мы выбрали, прежде всего, стилевые особенности саморегуляции поведения, интернальность, экстраверсивность и иные свойства личности студентов. Диагностический инструментарий включал: методики «Уровень субъективного контроля» [13], «Личностный дифференциал» [11], «Стиль самореализации поведения» (ССП-98) В.И. Моросановой и Е.М. Коноз [12], оценку уровня алекситимии [3], 5-факторный личностный опросник Р. Мак Крае и П. Коста [13].

Для выявления факторов хорошей или недостаточной адаптированности студентов к образовательной среде вуза и их взаимного влияния в своем исследовании мы использовали корреляционный анализ. Таким образом, адаптированные к вузовской среде студенты обычно довольны собой, экстраверсивны, пребывают в хороших отношениях с окружающими и испытывают преимущественно положительные эмоции. При высоких показателях социально-психологической адаптивности проявляются гибкость и хорошие навыки саморегуляции, человек отдает себе отчет в том, что происходит в его эмоциональной сфере, и может сформулировать и высказать то, что происходит в его внутреннем мире, описать и поделиться как негативными, так и положительными переживаниями.

Активность личности также обнаруживается в качестве фактора, способствующего адаптации. Эмоционально устойчивые и позитивные студенты, умеющие справляться с трудностями и настаивать на своем, способны не только обеспечить собственную успешную адаптацию, но и будут стремиться поддержать и приободрить окружающих людей. Можно предположить, что преобладание в учебной группе адаптированных студентов будет способствовать скорейшей адаптации и дезадаптированных при условии сплоченности и дружелюбности коллектива. Дезадаптация связана с алекситимией и активно избегающей, направленной на себя стратегией поведения («стратегией улитки»), отрывающей субъекта от реальности, разрушающей связи с окружающими и приводящей к невозможности получения ресурсов извне. Помощь таким студентам должна быть ориентирована на включение их в безопасные и продуктивные формы взаимодействия, как в учебных, так и во внеучебных ситуациях, и на развитие у них эмоционального интеллекта, начиная с навыков распознавания и описании эмоциональных состояний и заканчивая управлением эмоциями.

Установлению и поддержанию контакта с реальностью могут служить различные средства: например, индивидуальное пристальное внимание к студенту со стороны профессорско-преподавательского состава и кадров, обеспечивающих воспитательную работу в вузе, оказание индивидуальной психологической помощи, создание психологических групп поддержки для студентов с трудностями обучения, а также использование различных тренингов и других активного социально-психологического обучения, повышающих групповую сплоченность студенческого коллектива. Реализация этих мер приведет к повышению комфортности образовательной среды и будет способствовать максимальному раскрытию и развитию потенциала подрастающего поколения профессионалов. На обеспечение и поддержку этих мер, по нашему мнению, должен быть направлен материальный и кадровый потенциал вуза.

Литература

1. Андреева Г. М. Социальная психология. М., 2011. 192 с.
2. Реан А. А., Коломинский Я. Л. Социальная педагогическая психология. СПб., 2008. 574 с.
3. Шамянов Р. М. Психология социального поведения личности. Саратов, 2009. 186 с.
4. Якиманская И. С. Мониторинг качества образования и механизмы социального партнерства как условия социальной адаптации воспитанников в дополнительном образовании // Адаптация личности в современном мире : межвуз. сб. науч. тр. / под ред. М. В. Григорьевой. Саратов, 2012. С. 143–156.
5. Григорьева М. В. Психологическая структура и динамика взаимодействий образовательной среды и ученика в процессе его школьной адаптации : автореф. дис. ... д-ра психол. наук. Саратов, 2009. 51 с.
6. Ясвин В. А. Экспертиза школьной образовательной среды. М., 2000. 128 с.
7. Слободчиков В. И. Образовательная среда : от моделирования к проектированию. М., 2001. 365 с.
8. Федеральный закон от 29.12.2012 № 273-ФЗ (ред. от 13.07.2015) «Об образовании в Российской Федерации» (с изм. и доп., вступ. в силу с 24.07.2015). Ст. 75. Дополнительное образование детей и взрослых. URL: // <http://www.consultant.ru> (дата обращения: 27.04.2016).
9. Обухов Д. А. Социально-педагогическая адаптация подростков в учреждениях дополнительного образования : дис. ... канд. пед. наук. Курган, 2011. 208 с.
10. Осницкий А. К. Определение характеристик социальной адаптации // Психология и школа. 2004. № 4. С. 43–56.

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯСЫ: ҰРПАҚ АУЫСЫМЫ МЕН БЕЙІМДЕЛУ

Жоракулова М.К.

№ 1 мектеп-лицейі

Құлан ауылы, Қазақстан

XXI ғасыр оқушысының психологиялық ерекшеліктері мен ішкі әлемін ескеру – заманауи білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі. Бұл мақалада оқыту үдерісіндегі психологиялық факторлар, баланың эмоционалды, когнитивті және тұлғалық дамуына әсер ететін жағдайлар қарастырылады. Жаңа буын баласына сай оқыту тәсілдері мен мұғалімнің рөлі талданады. Сонымен қатар, ұрпақ ауысымы жағдайында білім алушылардың әлеуметтік бейімделуі мен оқыту мазмұнының өзектілігі мәселелері қозғалады.

Түйін сөздер: жаңа ұрпақ, тұлғаның психологиялық ерекшеліктері.

Нейропсихологическая диагностика – это процесс исследования состояния мозга, особенностей памяти, внимания, мышления и других психических процессов личности для выявления нарушений и их коррекции. Диагностика дает комплекс заданий и наблюдает за пациентом. В ходе такого обследования можно выявить: особенности функционирования участков мозга и очаги патологий, которые могут быть напрямую связаны с трудностями в поведении, в характере, в обучении, в общении. Если у ребенка: трудности в обучении, нарушение различных видов восприятия (зрительного, слухового и пространственного), ухудшение памяти, концентрации внимания, дислексия, дисграфия, задержка мелкой и крупной моторики рук, снижение умственной работоспособности, трудности с выражением собственных мыслей, осмыслением чужой речи. Одним из актуальных направлений внедрения инновационных технологий является использование нейропсихологических технологий. [2]

Можно использовать разные техники снятия эмоционального напряжения, кинезиологические нейроупражнения для преодоления трудностей обучения. Эти игровые методы формируют у учащихся такие качества как: сплоченность, уравновешенность, собранность. Использование таких методов помогает активизировать любую деятельность, предупредить или безболезненно ликвидировать сложный конфликт, снять эмоциональное напряжение. Современные кинезиологические методики направлены на активизацию различных отделов коры головного мозга, ее больших полушарий, что позволяет развивать способности человека или корректировать проблемы. Далее приведены кинезиологические программы, направленные на развитие межполушарных связей; синхронизации работы полушарий; развитие мелкой моторики; развитие способностей; развитие памяти, внимания; развитие речи, мышления.[2]


Продолжительность занятий зависит от возраста (от 5-10 до 20-35 минут в день). Заниматься необходимо ежедневно, длительность занятий по одному комплексу упражнений 45-60 дней. Упражнения для развития межполушарного взаимодействия улучшают мыслительную деятельность, синхронизируют работу полушарий, способствуют улучшению запоминания, повышают устойчивость внимания, облегчают процесс письма.

«Кулак-ребро-ладонь» Ребенку показывают три положения ладони на плоскости стола, последовательно сменяющие друг друга: ладонь, сжатая в кулак, – ладонь ребром – выпрямленная ладонь. Упражнение выполняют сначала правой рукой, потом левой, затем двумя руками.

«Домик-ежик-замок» Соединить кончики пальцев вытянутых рук и с усилием сжимать их друг с другом. Потом отработать эти движения для каждой пары пальцев отдельно.

«Колечко» Поочередно и как можно быстрее перебирайте пальцы рук, соединяя в кольцо с большим пальцем последовательно указательный, средний и т.д.. Проба выполняется в прямом и в обратном порядке. Вначале каждой рукой отдельно, затем сразу двумя руками.

«Лезгинка» Левую руку сложите в кулак, большой палец отставьте в сторону, кулак разверните пальцами к себе. Правой рукой прямой ладонью в горизонтальном положении прикоснитесь к мизинцу левой. После этого одновременно смените положение правой и левой рук в течение 6–8 смен позиций. Добивайтесь высокой скорости смены положений.



«Кулак-ребро-ладонь»

«Домик-ежик-замок»

«Колечко»

«Лезгинка»

Произвольная регуляция деятельности

Способность ребёнка самостоятельно управлять своим поведением. Способствуют повышению сосредоточенности, реактивности, развитию навыков быстрого реагирования, переключения, преодолению двигательного стереотипа, развитию речевой и двигательной памяти.

Игра «Четыре стихии» Учитель, называя стихию, показывает соответствующее ей движение, ребёнок должен его запомнить и воспроизвести, когда услышит название стихии. Пример:

Земля – положить руки на стол, на колени.

Вода – Волнообразные движения руками вперед.

Воздух – Поднять руки над головой и потрясти кистями.

Огонь – Кисти вместе, шевелить пальчиками.

Можно усложнить игру, придумав для каждой стихии соответствующий звук, и воспроизводить его вместе с движением.

Техника проведения обследования межличностного общения на основании данных ДМО (Диагностика межличностных отношений) [6.7]

При исследовании межличностных отношений наиболее часто выделяются два фактора: доминирование-подчинение и дружелюбие-агрессивность. Именно эти факторы определяют общее впечатление о человеке в процессах межличностного восприятия. [8.11] Они названы М. Аргайлом в числе главных компонентов при анализе стиля межличностного поведения и по содержанию могут быть соотнесены с двумя из трех главных осей семантического дифференциала Ч. Осгуда: оценка и сила. В многолетнем исследовании, проводимом американскими психологами под руководством Б. Бейлза, поведение члена группы оценивается по двум переменным, анализ которых осуществляется в трехмерном пространстве, образованном тремя осями: доминирование-подчинение, дружелюбие-агрессивность, эмоциональность-аналитичность. [2]

Для представления основных социальных ориентации Т. Лири разработал условную схему в виде круга, разделенного на секторы. В этом круге по горизонтальной и вертикальной осям обозначены четыре ориентации: доминирование-подчинение, дружелюбие-враждебность. В свою очередь, эти секторы разделены на восемь – соответственно более частным отношениям. Для еще более тонкого описания круг делят на 16 секторов, но чаще используются октанты, определенным образом ориентированные относительно двух главных осей. Схема Т. Лири основана на предположении, что чем ближе оказываются результаты испытуемого к центру окружности, тем сильнее взаимосвязь этих двух переменных. Сумма баллов каждой ориентации переводится в индекс, где доминируют вертикальная (доминирование-подчинение) и горизонтальная (дружелюбие-враждебность) оси. Расстояние полученных показателей от центра окружности указывает на адаптивность или экстремальность интерперсонального поведения. Методика создана Т. Лири, Г. Лефоржем, Р. Сазеком в 1954 г. и предназначена для исследования представлений субъекта о себе и идеальном "Я", а также для изучения взаимоотношений в малых группах. [2] С помощью данной методики выявляется преобладающий тип отношений к людям в самооценке и взаимооценке.

Литература

1. А.К.Маркова, А.Б. Орлов, Л.М.Фридман «Мотивация учения и ее воспитание у школьников»
2. Людмила Николаевна Собчик «Методы психологической диагностики 1, 3»
3. Методы практической психологии общения: Учебное пособие А.А.Бутов, С.А.Векилова, О.В. Воронина, Е.К. Завьялова, В.П.Захаров, П.А. Кирюханцев, Е.В. Сидоренко, М.И. Тимофеев.
4. Басырова З.А., Степанова Н.А. ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ АДАПТАЦИИ ДЕТЕЙ К ШКОЛЬНОМУ ОБУЧЕНИЮ // Международный студенческий научный вестник. – 2016. – № 5-2.
5. Божович Л.И., Этапы формирования личности. / М.; Воронеж, 2005.
6. Немов Р.С. Общая психология. В 3-х т. Т. 3. Психология личности: Учебник / Р.С. Немов. – М.: Юрайт, 2012. – 739 с.
7. Выготский Л.С. Собрание сочинений в 6 томах. – М., 1984. – Т. 1. – С. 376
8. <https://dogmon.org/liri-interpersonalenij-diagnoz.html>
9. <https://edu.tatar.ru/elabuga/dou29/page1520899.htm>
10. <https://psycabi.net/testy/472-smil-566-mmpt-test-metodika-minnesotskij-mnogoaspektnyj-lichnostnyj-oprosnik-standartizirovannyj-mnogofaktornyj-metod-issledovaniya-lichnosti-sobchik-l-n>
11. <https://kopilkaurokov.ru/vneurochka/testi/diagnostikamladshikhshkolnikovtesty>
12. http://library.wku.edu.kz/index.php?option=com_docman&task=doc_view&gid=11875&tmpl=component&format=raw&Itemid=2&lang=en
13. <http://testoteka.narod.ru/lichn/1/46.html>
14. https://studref.com/565564/psihologiya/osnovy_psihologo_pedagogicheskoy_fasilitatsii

АТА-АНАЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АҒARTУ БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Шайланов Е.С.

“ӨРКЕН” балалардың әл-ауқатын арттыру
ұлттық ғылыми-практикалық институты” ҰКеАҚ
Алматы, Қазақстан

Мақалада балалардың әл-ауқаты мәселелері қарастырылған. Әлеуметтік әл-ауқаттың мәні мен мазмұнын заманауи түсіну өркениеттің материалдық және рухани ресурстарын барынша тиімді пайдаланумен байланысты. Әлеуметтік әл-ауқатты экономикалық, әлеуметтік, саяси-құқықтық және мәдени-рухани аспектісі негізінде жіктейміз. Балалардың әл-ауқаты көрсеткіштерінің төмендеуі мемлекеттің балалар саясатына қатысты бірнеше мәселелердің туындауына себеп болып отыр. Осы тұрғыда, мақалада балалардың әл-ауқатын арттыру мәселелерін ата-аналарға балалардың әлеуметтік әл-ауқаты мәселелері бойынша педагогикалық-психологиялық білім беру арқылы шешу мүмкіндігі қарастырылады.

Түйін сөздер: бала, ата-ана, әлеуметтік әл-ауқат, ата-аналарды педагогикалық қолдау, балалардың әл-ауқаты индексі

В статье рассматриваются вопросы социального благополучия детей. Современное понимание сущности и содержания социального благополучия связано с максимально эффективным использованием материальных и духовных ресурсов цивилизации. Мы классифицируем социальное благополучие на основе экономических, социальных, политико-правовых и культурно-духовных аспектов. Снижение показателей благополучия детей является причиной возникновения ряда вопросов, касающихся детской политики государства. В этом контексте в статье рассматривается возможность решения вопросов повышения благополучия детей через педагогическое и психологическое просвещение родителей по вопросам социального благополучия детей.

Ключевые слова: ребенок, родители, социальное благополучие, педагогическая поддержка родителей, индекс благополучия детей

The article deals with the issues of social well-being of children. The modern understanding of the essence and content of social well-being is associated with the most effective use of the material and spiritual resources of civilization. We classify social well-being on the basis of economic, social, political, legal, cultural and spiritual aspects. The decline in indicators of children's well-being is the reason for a number of issues concerning the state's children's policy. In this context, the article considers the possibility of solving issues of improving the well-being of children through pedagogical and psychological education of parents on the social well-being of children.

Keywords: child, parents, social well-being, pedagogical support of parents, index of well-being of children

Әлеуметтік әл-ауқат – адамның өмірлік қажеттіліктері мен қызығушылықтарын біріктіретін негізгі әлеуметтік құндылық. Барлық уақытта әлеуметтік әл-ауқатқа қол жеткізуге деген ұмтылыс әлеуметтік субъектілердің белсенділігінің тұрақты мотивациясы болды.

Ғалымдар әлеуметтік әл-ауқаттың мынадай төрт аспектісін айқындайды: экономикалық, әлеуметтік, саяси-құқықтық және мәдени-рухани. Әлеуметтік әл-ауқаттың тікелей әлеуметтік компоненттеріне, ең алдымен, адамның әлеуметтік капиталы, оның әлеуметтік рөлдері мен мәртебелері, олардың субъективті қанағаттануы жатады. Әлеуметтік әл-ауқаттың экономикалық компонентіне материалдық әл-ауқат және оның субъективті бағасы, кірістер, тұтыну деңгейі, тұрғын үй, кәсіпкер немесе жалдамалы жұмысшы ретіндегі қызметтің қауіпсіздігі мен еркіндігі, еңбек және жұмыспен қамту және т.б. Әлеуметтік әл-ауқаттың әлеуметтік компоненттеріне, ең алдымен, адамның әлеуметтік капиталы, оның әлеуметтік рөлдері мен мәртебелері, олардың субъективті қанағаттануы жатады. Әлеуметтік әл-ауқаттың саяси-құқықтық компоненттері саяси құқықтар мен бостандықтармен, олардың заңнамалық бекітілуі мен нақты орындалуының болуымен, өз құқықтары мен бостандықтарын субъективті бағалаумен

ұсынылуы мүмкін. Әлеуметтік әл-ауқаттың мәдени-рухани құрамдас бөлігі құбылыстардың кең спектрімен байланысты: ерік бостандығы, діни сенім бостандығы, әлемдік және ұлттық мәдениеттің жетістіктерінің қол жетімділігі, рухани-адамгершілік даму мүмкіндігі, бос уақыт саласы [1, 17 с.].

Балалардың әл-ауқаты бала өмірінің әртүрлі факторларына тәуелді. Бұл ұғым өзіне материалды, әлеуметтік және физикалық, психикалық денсаулығын, баланың өз әлеуетін болашақта жүзеге асыра алу мүмкіндігін қосады [2, 21 с.].

Бірқатар халықаралық нормативтік құжаттар балалардың лайықты өмір сүруін және әл-ауқатын арттыруда бірқатар шараларды бекіткен. Бала құқықтары туралы Конвенция барлық елдердің үкіметтері сақтауға және қамтамасыз етуге міндетті балалардың құқықтары мен бостандықтарын бөліп көрсете отырып, әмбебап құқықтар мен міндеттер жиынтығын анықтайды. Конвенция әлемдегі барлық балалар үшін әмбебап адамның негізгі құқықтарын белгілейді: өмір сүру және толыққанды даму құқығы, теріс әсерлерден, қатыгездік пен қанаудан қорғау, сондай-ақ отбасылық, мәдени және әлеуметтік өмірге толық қатысу құқығы. Конвенция денсаулық сақтау, білім беру, құқықтық, азаматтық және әлеуметтік қызметтер саласындағы стандарттарды белгілеу арқылы балалардың құқықтарын қорғайды [3].

Қазақстандық балалардың әр түрлі салада балалардың жағдайын жақсарту мақсатында елімізде Балалардың хал-ахуал индексі бекітілген. Индекс еліміздегі балалар әл-ауқатының жалпы және жеке бағыттар бойынша қаншалықты жақсы екенін анықтауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ өңірлердегі ұлттық саясаттың тиімділігін бақылауға негіз болады. Индексті әзірлеу үшін еліміздегі ең өзекті көрсеткіштер іріктеледі. Индекс объективті және субъективті деректерден тұрады. Индексте Қазақстандық балалардың денсаулығы, білім деңгейі, әлеуметтік жағдайлары және өмір сүру сапасы секілді балалардың әлеуметтік әл-ауқаты мәселелері қарастырылады [4].

Балалар әл-ауқаты – қоғамның әлеуметтік даму деңгейінің маңызды көрсеткіштерінің бірі ретінде қазіргі таңда ғылыми зерттеулердің өзекті нысанына айналууда. Балалар әл-ауқаты ұғымы олардың физикалық, эмоционалдық және әлеуметтік жағдайларын қамтитын кешенді көрсеткіштер жүйесі арқылы бағаланады. Бұл көрсеткіштер баланың өмір сапасын, қауіпсіз ортада өмір сүру мүмкіндігін, қажетті ресурстар мен қолдау шараларына қол жеткізу дәрежесін айқындауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, балалардың денсаулық жағдайы – әл-ауқаттың негізгі индикаторы болып табылады. Физикалық әл-ауқат өсіп-жетілу, бой мен салмақтың жас ерекшеліктеріне сай болуы, созылмалы аурулардың таралу деңгейі, сапалы медициналық қызметтерге, профилактикалық шараларға қолжетімділік сияқты аспектілермен өлшенеді. Сонымен қатар, баланың психоэмоционалдық жағдайы да ерекше мәнге ие, бұл фактор ата-анамен, құрдастарымен қарым-қатынас сипаты, эмоционалдық тұрақтылық пен қауіпсіздік сезімі сияқты индикаторлар арқылы айқындалады.

Балалардың әлеуметтік әл-ауқаты олардың қоғамдағы орны мен әлеуметтену деңгейін сипаттайды. Бұл тұрғыда тұрғын үйдің қауіпсіздігі мен сапасы, толыққанды тамақтану, мәдени және демалыс қызметтеріне қол жеткізу, сондай-ақ сапалы білім алу мен болашақ кәсіби дағдыларды меңгеру мүмкіндігі маңызды рөл атқарады. Балаларға қолайлы әлеуметтік орта қалыптастыруда отбасы, мектеп және жергілікті қауымдастықтар ықпалы шешуші болып табылады. Балалар әл-ауқатын бағалау мақсатында кешенді зерттеу әдістері қолданылады. Олардың қатарына балалар мен ата-аналар арасында жүргізілетін сауалнамалар, әкімшілік және статистикалық деректерді талдау, бақылау нәтижелері мен сапалық зерттеу әдістері жатады. Мұндай көпәспектiлi тәсiл балалардың нақты жағдайын тереңрек түсінуге, әлеуметтік саясат пен қолдау бағдарламаларын тиімді жоспарлауға мүмкіндік береді. Осылайша, балалардың әл-ауқатын жан-жақты бағалау – олардың құқықтары мен қажеттіліктерін қорғаудың, сондай-ақ ұзақ мерзімді әлеуметтік тұрақтылық пен дамуға қол жеткізудің негізі.

Қазақстан Республикасының балалар халқы 6§717§954 баланы құрайды (2020 жылы – 6 110 156 бала), оның ішінде 3,7 млн. астам оқушы, 2,5 млн. астам мектеп жасына дейінгі балалар. Қазақстанда балалар халқының санына қатысты тұрақты өсім үрдісі байқалады: соңғы онжылдық ішінде балалар саны 25%-ға ұлғайған [5, 20 с.].

Қазақстандық балалардың әл-ауқатының орташа индексі 2021 жылы 55,3 % құрап отыр. Өмірлік қиын жағдайға ұшыраған балалардың 1000 балаға шаққандағы саны 7.0 құрады. Жүз мың балаға шаққанда балаларға қатысты болатын қылмыстар 36.0 ды, балалар мен жасөспірімдердің қатысуымен болатын қылмыстар 25.4 ті құрап отыр. 10-18 жас аралығындағы

өмірге қанағаттану деңгейі жоғары балалардың пайыздық үлесі – 8.3 %, ата-аналармен мәселелерін ашық талқылайтын балалардың көрсеткіші – 73,2 %, отбасында шешім қабылдауда пікірі ескерілетін балалардың - 70,1 % көрсетті [5, 20 с.].

Қазіргі қоғамдағы балаларға қатысты зорлық-зомбылық, агрессия және қатыгездік актілері балалардың өмірінің әртүрлі салаларында кеңінен таралып отырған алаңдатарлық әлеуметтік құбылысқа айналды. Бұл жағдай баланың психоэмоционалдық дамуына, әлеуметтік бейімделуіне және жалпы өмір сапасына елеулі кері әсерін тигізуде. Зорлық-зомбылықтың салдары заңсыз әрекеттерге, девиантты мінез-құлықтың қалыптасуына, сондай-ақ қылмыстық әрекеттерге бару ықтималдығының артуына әкеледі. Соңғы жылдардағы деректер жасөспірімдер арасындағы криминогендік ахуалдың ушығып келе жатқанын көрсетеді. Мәселен, 2021 жылы көмелетке толмағандар тарапынан 1529 қылмыс жасалған болса, 2022 жылы бұл көрсеткіш 1735-ке жетіп, 12%-ға артқан. Бұл жағдай жасөспірімдер ортасында девиантты мінез-құлық пен әлеуметке жат әрекеттердің кең етек алғанын көрсетеді. Сонымен қатар, соңғы үш жылда балалардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы жасалған қылмыстар саны 2 472 жағдайды құраған. Мұндай фактілер балалардың физикалық және моральдық қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндіріп, қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылық пен адамгершілік құндылықтарға нұқсан келтіреді [6].

Бала құқығы мен әл-ауқатын қамтамасыз етуде отбасылық жағдайдың маңызы айрықша, алайда қазіргі таңда әлеуметтік қолайсыз отбасылар саны да артып келеді. Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының 2022 жылғы мәліметтеріне сәйкес, елімізде 9 мыңға жуық әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан қолайсыз отбасы тіркелген, онда 12 мыңнан астам бала тәрбиеленуде. Мұндай отбасыларда тәрбиеленетін балалардың қауіпсіздігі, даму мүмкіндіктері және эмоционалдық қажеттіліктерінің қанағаттандырылуы көбіне елеусіз қалып жатады. Бұған қоса, қолайсыз ортада өскен балада агрессия, сенімсіздік, үрей, антисоциалды мінез-құлық сынды проблемалар туындауы мүмкін. Бұл жағдай балаларды қорғау бағытындағы құқықтық, әлеуметтік және психологиялық тетіктердің пәрменділігін арттыру қажеттігін көрсетеді. Аталған мәселені шешу үшін балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу, қауіпсіз әлеуметтік орта құру, тәуекел топтарымен жүйелі жұмыс жүргізу және мемлекеттік құрылымдар мен білім беру мекемелерінің өзара іс-қимылын жетілдіру – басым бағыттардың бірі болуы тиіс.

Қоғамымызда толық емес отбасылардың санында да өсім байқалады. Оның ішінде жалғыз басты аналар мен балалардың сандық көрсеткіштері 2009ж. – 15,1% құраса, 2021ж. бұл көрсеткіш 19,5% құрады. Тәжірибе көрсеткендей баланы толық емес отбасында тәрбиелеудің тұрмысы мен шарттары толық отбасындағы баланың тұрмысынан айтарлықтай ерекшеленеді. Ата-анасының біреуінің болмауына байланысты жалғызбасты ата-ана отбасының материалдық және тұрмыстық мәселелерін шешуі мүмкін. Ең өзекті мәселе әрбір толық емес отбасында кездесетін қаржылық мәселе. Ата-аналарының біреуінің болмауы бала (балалардың) тәрбиесінің жайсыз және толыққанды болмау себебі болуы мүмкін. Бұл балаларға жеткілікті көңіл бөлуге мүмкіндік бермейтін шамадан тыс жұмысбастылықпен түсіндіріледі.

Бұл көрсеткіштер ата-аналар мен балалар арасындағы бірқатар мәселелерді білдіреді. Оның ішінде:

- Ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынас деңгейінің төмендеуі;
- Ата-аналардың балаға қатысты жауапкершіліктерден жалтаруы;
- Балалардың әл-ауқаты мәселелері бойынша ата-аналардың білімдерінің жеткіліксіздігі;
- Отбасы институты құндылығының төмендеуі;
- Отбасын жоспарлау мен ата-ана болуға деген бейсаналық көзқарас;
- Балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынастың бұзылуы;
- Ұлттық мәдениетпен байланыстың жоғалуы.

Жоғарыда аталған мәселелер ата-аналар мен балалар арасындағы өзара қарым-қатынастың әлсіреуін, отбасындағы тәрбие үдерісінің жүйесіздігін және ата-аналық жауапкершіліктің төмендеуін айқын көрсетеді. Бұл жағдайлар, бір жағынан, отбасы институтының құндылығының әлсіреуіне, екінші жағынан, ата-аналардың балалардың әл-ауқаты жөніндегі базалық білім мен түсініктерінің жеткіліксіздігіне байланысты туындайды. Сонымен қатар, қазіргі қоғамда отбасын жоспарлауға және ата-ана болуға қатысты бейсаналық көзқарас қалыптасып отырғаны байқалады. Мұндай тенденциялар ұлттық мәдениеттен алыстау, балалармен

байланыс орнатудағы қиындықтар және ата-аналардың тәрбиелік функциясын толық атқара алмауы секілді факторлармен ұштасып жатыр. Осы орайда, қалыптасқан түйткілдерді еңсерудің тиімді жолдарының бірі – ата-аналарға бағытталған жүйелі психологиялық-педагогикалық ағарту жұмыстарын ұйымдастыру және кәсіби педагогикалық қолдауды қамтамасыз ету. Мұндай кешенді қолдау шаралары отбасы мен мектеп арасындағы өзара әрекетті күшейтуге, ата-аналардың тәрбиелік әлеуетін арттыруға және балалардың жан-жақты дамуына ықпал ететін қолайлы әлеуметтік орта құруға мүмкіндік береді.

Баланың әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз етуде ата-ананың рөлі аса маңызды әрі шешуші фактор болып табылады. Ата-аналар баланы өмірге дайындауда жетекші тұлға рөлін атқарады, бұл – тек материалдық қамсыздандырумен шектелмейтін, сонымен қатар баланың жеке тұлғалық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін күрделі үдеріс. Ата-ананың басты міндеттері – өмірлік дағдыларды (гигиена, тамақ дайындау, тұрмыстық тазалықты сақтау), шекара мен тәртіпті ұғындыру, сонымен қатар адами қарым-қатынастардың мәнін балаға жеткізу. Қазіргі замандағы әлеуметтік өзгерістер мен жаһандану үдерісі аясында отбасының әлеуметтендіруші және тәрбиелік функциялары әлсіреп, ерекше алаңдаушылық тудырып отыр. Отбасының ішкі тұрақтылығының бұзылуы, құндылықтарының әлсіреуі, эмоционалдық ресурстарының таусылуы – балалардың толыққанды дамуына теріс әсер етеді. Осыған байланысты, отбасының ішкі құрылымын, өзара әрекет механизмдерін жан-жақты зерттеу, балаға қатысты психологиялық-педагогикалық жағдайларды саралау және ата-аналарды тәрбиелік жауапкершілікке дайындау – өзекті міндеттердің қатарында.

Өмірлік тәжірибенің жинақталуымен қатар баланың белсенділігі артып, оның дербес әрекет етуге деген талпынысы күшейе түседі. Мұндай жағдайда бала тек ересектер тарапынан берілген нұсқауларды орындап қана қоймай, өз бетімен бастама көтеріп, жеке пікірін білдіруге ұмтылады. Белсенділік пен дербестік – баланың дамуының маңызды көрсеткіштері ретінде қарастырылады. Бұл кезеңде бала өзінің ішкі ниеттері мен қызығушылықтары негізінде әрекет етеді, сондай-ақ ересектер тарапынан түсіністік пен қолдауды қажет етеді. Бала үшін бұл – өзін тұлға ретінде сезініп, өзінің жеке тәжірибесіне сүйене отырып, әлемді тану кезеңі. Ересектердің бала белсенділігіне кедергі келтірмей, керісінше, оны қолдай білуі – тәрбиенің табысты болуының басты шарттарының бірі. Осы тұрғыдан алғанда, ата-аналар мен педагогтердің әріптестігі, баланың даму ерекшеліктерін ескеретін отбасылық тәрбие моделі баланың әлеуметтік бейімделуі мен әл-ауқатының кепілі бола алады.

Қазіргі кезеңде баланың жеке тұлға ретінде жан-жақты және үйлесімді дамуы үшін отбасылық тәрбиенің рөлі аса маңызды ғылыми және практикалық мәнге ие болып отыр. Отбасы – баланың алғашқы әлеуметтік ортасы, әлеуметтенудің бастапқы институты ретінде оның өмірге бейімделуінің, өзін-өзі тануы мен бағалауының негізін қалайды. Дәл осы ортада балада "Мен" тұжырымдамасы, алғашқы моральдық нормалар мен мінез-құлық ережелері қалыптасады. Отбасындағы эмоционалдық қолдау, ата-ананың өзара қарым-қатынасы мен тәрбиелік рөлі баланың психоәлеуметтік дамуына тікелей әсер етеді. Осы орайда, отбасының тәрбиелік функцияларын нығайту, ата-аналардың педагогикалық және психологиялық құзыреттілігін арттыру – бала дамуының сапалық көрсеткіштерін жақсартудың негізгі тетігі ретінде қарастырылуы тиіс.

Баланың қалыпты әлеуметтік дамуы үшін тек отбасы ғана емес, оның айналасындағы ортада – мектепте, құрдастары арасындағы қарым-қатынаста да қолайлы психологиялық климаттың болуы аса маңызды. Баланың әлеуметтік құзыреттіліктері – яғни, өз пікірін білдіру, басқалармен өзара әрекеттесу, эмоцияны тану мен реттеу қабілеті – ересектердің бағыт-бағдары негізінде дамиды. Мұғалімдер мен ата-аналар бірлесе отырып, балаға өзін еркін сезінуге, ой-пікірін ашық айтуға, өз тәжірибесін ұғынуға мүмкіндік беретін орта қалыптастыруы қажет. Баламен сенімді әрі қолдаушы қарым-қатынас орната білу – оның өзіндік «Менін» дамыту мен өмірлік дағдыларды меңгеруінің кепілі. Осылайша, баланың толыққанды дамуы үшін педагогтер мен ата-аналар арасындағы серіктестік пен үйлесімді әрекет маңызды әлеуметтік шарт ретінде танылуы тиіс.

2023-2024 оқу жылынан бастап Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі және «Өркен» БӨАҰҒПИ» КеАҚ «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» Ұлттық жобасын жүзеге асырып келеді.

Педагогикалық қолдау орталығы қазіргі білім беру кеңістігінде отбасымен өзара іс-қимылды нығайтудың маңызды институционалдық тетігі ретінде қарастырылады. Оның басты мақсаты

– балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету жолында мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы нәтижелі өзара іс-қимылға ықпал ететін жағдайларды қалыптастыру. Бұл орталықтың қызметі білім беру процесінде отбасылық тәрбиенің әлеуетін күшейту, ата-аналарға жүйелі психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету арқылы олардың педагогикалық мәдениеті мен әлеуметтік құзыреттерін арттыру бағытында жүргізіледі. Сонымен қатар, педагогикалық қолдау орталығы білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасында өзара түсіністік пен сенімді орнатып, бала тәрбиесіне қатысты ортақ жауапкершілік жүйесін орнықтыруды көздейді [7, 8 с.].

Аталған міндеттер аясында орталық ата-аналар мен білім беру субъектілерінің педагогикалық әрекеттестігін күшейту, отбасылық тәрбиенің тиімділігін арттыру, сондай-ақ ата-аналардың уәждемесін нығайту бағытында кешенді жұмыс жүргізеді. Бұл процесте баланың әл-ауқаты көпқырлы ұғым ретінде қарастырылады. Ол тек денсаулық сақтау немесе материалдық қамтамасыз ету шеңберінде ғана емес, сонымен қатар баланың сапалы білім алуына, эмоционалдық және әлеуметтік даму мүмкіндіктеріне, қауіпсіз ортада өмір сүруіне байланысты факторлардың жиынтық ықпалы арқылы анықталады. Осы тұрғыдан алғанда, педагогикалық қолдау орталығы баланың жан-жақты дамуына әсер ететін ішкі және сыртқы орта факторларын ескеретін, ата-аналармен серіктестікке негізделген қолдаушы білім беру кеңістігін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

Жоба аясында еліміздің мектептерінің 95%-нда Орталық жұмысы ұйымдастырылды. Жоба аясында 20 000 педагог жыл сайын біліктілікті арттыру курстарында білім алып, 29 000 педагог жыл сайын ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-ресурстық сүйемелдеумен қамтылады.

Ата-аналарға білім берудің мазмұны Мазмұны Абайдың «Толық Адам» біртұтас тұлға тұжырымдамасына және балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес денсаулық жағдайы, әлеуметтік, эмоционалдық, когнитивтік әл-ауқаты контекстіндегі заманауи теорияларына негізделген.

Ата-аналарға білім беру олардың таңдауына сәйкес: 6-7-ден 10-11 жасқа дейінгі балалардың ата-аналарына арналған; 10-11-ден 14-15 жасқа дейінгі балалардың ата-аналарына арналған; 14-15-тен 17-18 жасқа дейінгі балалардың ата-аналарына арналған білім беру курстары негізінде жүзеге асырылады.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарының қызметі – баланың психоэмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз етуде ата-аналардың ролін күшейтуге бағытталған маңызды психологиялық-педагогикалық бастама ретінде қарастырылады. Бұл орталықтар ата-аналармен жүйелі түрде психологиялық ағарту жұмыстарын ұйымдастырып, олардың бала тәрбиесінде саналы, үйлесімді қарым-қатынас орната білу қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Ағартушылық жұмыстың мазмұны халықтың тарихи-мәдени тәжірибесіне сүйеніп, ұлттық дүниетанымды психологиялық тұрғыдан түсінуге және ата-аналар мен балалар арасындағы сенім мен түсіністікті нығайтуға бағытталады. Мәселен, сабақтар барысында ертегілер мен аңыз-әңгімелер (мысалы, «Ер Төстік», «Алтын сақа», Алдар көсе мен Қожанасыр хикаялары) бала психологиясының даму кезеңдеріне сай моральдық-эмоциялық үлгілер ретінде қолданылады. Сондай-ақ, мақал-мәтелдер, халық әндері мен шешендік сөздер арқылы ата-аналарға сөздің эмоционалдық әсерін тану, балаға дұрыс психологиялық үлгі көрсету жолдары түсіндіріледі.

Сонымен қатар, сабақтар мазмұнына Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынов сынды ұлы ойшылдардың шығармаларынан алынған үзінділерді талдау енгізіледі. Бұл үзінділер ата-аналарға баланың ішкі әлемін тану, тұлғалық қасиеттерін дамыту және оның өзін-өзі бағалауын қолдау тұрғысынан түсіндіріледі. Психологиялық ағартудың тағы бір маңызды бағыты – салт-дәстүрлер мен отбасылық құндылықтардың тәрбиелік әрі психотерапиялық әлеуетін көрсету. Ұлттық тағамдар, сәндік-қолданбалы өнер туындылары мен ұлттық киім элементтері арқылы отбасындағы эмоционалды байланыс пен рухани үйлесімділікті сақтау жолдары түсіндіріледі. Сонымен бірге, шежіре білу, аға буын тәжірибесін құрметтеу, ер мен әйелдің рөлдерін тарихи негізде түсіну, туыстық байланыстардың психологиялық ерекшеліктерін тану – ата-аналардың өз отбасындағы орны мен жауапкершілігін терең сезініп, балаға қауіпсіз әрі қолайлы психологиялық орта қалыптастыруына көмектеседі. Осылайша, ата-аналарға арналған психологиялық ағарту жұмыстары ұлттық рухани мұра арқылы баланың жан-жақты дамуына жағдай жасауға негіз болады.

Қазіргі уақытта отбасылық тәрбие саласында ата-аналар мен педагогтар арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында әртүрлі педагогикалық, психологиялық және

әлеуметтік әдіс-тәсілдер қолданысқа енгізілуде. Бұл бағыттағы оқу іс-шараларының нысаны ретінде семинар-практикумдар, тренингтер, тимбилдинг, іскерлік ойындар, пікірталас сабақтары (дөңгелек үстелдер, пікірталастар, талқылаулар) және ата-аналар мен педагогикалық мамандардың қатысуымен өткізілетін вебинарлар мен тренингтер ерекше орын алады. Бұл форматтар ата-аналардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға, олардың бала тәрбиесіне қатысты білім мен дағдыларын жетілдіруге бағытталған. Сонымен қатар, мұндай оқу іс-шаралары қатысушыларға өзара тәжірибе алмасу, нақты мәселелер бойынша пікірталастар өткізу және түрлі жағдайларды талқылау арқылы өздерінің тәрбие әдістерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Осы іс-шаралардың барлық түрлері ата-аналар мен педагогикалық қауымдастықтың бірлесе жұмыс істеуін қамтамасыз етіп, балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету мен тәрбиелеу мәселелерін кешенді түрде қарауға жағдай жасайды.

Нәтижесінде, отбасылық тәрбие саласында мұндай оқу курстары мен семинарлардың өткізілуі Қазақстандағы ата-аналар мен педагогтар арасындағы қарым-қатынастарды айтарлықтай жақсартады деп күтілуде. Бұл шаралар ата-аналар қауымдастығының психологиялық-педагогикалық білім мен дағдыларға деген сұранысын арттырады және оларды тәрбиелеу мен дамытуға қатысты жаңа тәсілдер мен әдістермен таныстыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, физикалық, когнитивтік, эмоционалдық және әлеуметтік аспектілердің бірлігіндегі балалардың әл-ауқаты көрсеткіштерінің оң динамикасы байқалып, бұл балалардың жалпы дамуына да оң әсер етеді. Әлеуметтік қолдау мен ата-аналарға арналған педагогикалық қызметтерді ұсыну арқылы отбасылардың әл-ауқаты қамтамасыз етіледі. Осы орайда ата-аналар мен педагогикалық жұртшылықты шоғырландыру және олардың тәжірибелерін біріктіру мақсатында жүйелі түрде ұйымдастырылатын осындай курстар мен семинарлар отбасылық тәрбиенің тиімділігін арттыруға және балалардың даму көрсеткіштерін жақсартуға ықпал ететіні сөзсіз.

6-7 жастан 10-11 жасқа дейінгі балалардың ата-аналарына арналған курстың мазмұндық негізі «Балада тапқырлық пен эрудицияны қалай дамытуға болады?», «Қазіргі заманғы отбасындағы ұлттық құндылықтар», «Балалардың ойынға тәуелділігін қалай жеңуге болады?» секілді тақырыптарға негізделген.

10-11 жастан 14-15 жасқа дейінгі балалардың ата-аналарына арналған курстың мазмұндық негізі «Позитивті ата-ана болу: тыңдау, есту, айтқаныңа құлақ асу», «Ақыл айтпа, жол көрсет. Оқытудың жаңа шарттары: балаға бейімделу кезеңінен қалай өту керек?», «Ақпараттан ақ қараны ажырату өнері. Интернеттегі бала: тиімді ортаны қалай анықтау керек?», «Бұлақ көрсең, көзін аш. Шығармашылыққа бейім тұлғаны тәрбиелейміз», «Тәлімменен өрілген біздің дәстүр. Құндылықтар отбасы бақытының негізі ретінде» секілді тақырыптардан тұрады.

14-15 жастан 17-18 жасқа дейінгі балалардың ата-аналарына арналған курстың мазмұндық негізі «Жақсыдан қашпа, жаманға баспа...Әлеуметтік желілер және интернет кеңістігі: дұрыс таңдау жасау», «Көркем мінез – баға жетпес байлық. Эмоционалды интеллект - табысты тұлғаның негізі», Ұлы болсаң, кіші бол! Ұлық болсаң, кішік бол! Баланың өз бетінше әрекет ету қабілеті: оны дамытудың әдіс-тәсілдері, ұлттық салт-дәстүрлер» тақырыптарына құрылған.

Педагогикалық қолдау бағдарламаларын жүзеге асыру білім беру ұйымдарындағы мұғалімдер, психологтар мен әлеуметтік педагогтардың кәсіби әлеуетіне негізделеді. Бұл бағдарламада қолданылатын әдіс-тәсілдер мен құралдарды тиімді пайдалану үшін әрбір педагогтың қарастырылып отырған мәселелердің мәнін терең түсінуі маңызды. Мұғалімдер мен басқа да білім беру қызметкерлері осы бағдарламалардың мақсатын, мазмұнын және қажеттілігін жақсы меңгерген жағдайда ғана оларды іске асыру тиімді болады. Оқыту үдерісінде педагогтың рөлі ерекше, өйткені олар білім алушылардың дамуы мен тәрбиесіне тікелей әсер етеді. Осы орайда, педагогтың мамандық қасиеттері мен дағдыларына қойылатын талаптар ерекше маңызды болып табылады. Мұғалімнің жоғары кәсібилігі, оқу бағдарламасын терең меңгеруі және оның мазмұнын тиімді жеткізе білуі бағдарламаның сәтті жүзеге асуына ықпал етеді. Сонымен қатар, педагогтың сөйлеу мәдениеті мен қажетті терминологияны еркін меңгеруі, коммуникативті дағдыларды қолдана білуі аса маңызды, себебі ол әрбір тыңдаушыға жеке көзқарас табуға, тиімді байланыс орнатуға және олардың қызығушылығын сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Педагогикалық қолдау бағдарламасын жүзеге асыратын маманның коммуникативті қабілеттері мен кәсіби дағдылары бағдарлама нәтижесінің тиімділігіне тікелей ықпал етеді. Мұғалімнің реакция жылдамдығы, көшбасшылық қабілеті, диалог жүргізу шеберлігі және болжау дағдылары – бұның бәрі педагогтың тыңдаушылармен қарым-қатынасында маңызды

рөл атқарады. Сондай-ақ, материалды игерудегі қиындықтарды алдын-ала болжау, педагогикалық әсердің нәтижесін болжау және тыңдаушылардың сөйлеген сөздерін талдап, қажет болса түзету жүргізу қабілеті бағдарламаның сапасын арттырады. Мұғалімнің өзін-өзі басқара білуі және объективті болуы оның кәсіби этикасы мен білім беру үдерісіне деген адалдығын көрсетеді. Бұл дағдылар педагогтың тиімді жұмыс істеуіне және оқу процесінің нәтижелілігін қамтамасыз етуіне мүмкіндік береді. Педагогикалық қолдау бағдарламаларының сәтті іске асуы үшін мұғалімдер мен педагогикалық қызметкерлердің жоғары кәсіби дайындығы мен педагогикалық әдептілікті сақтау қажеттілігі айқын көрініс табады.

Ата-аналарға педагогикалық-психологиялық білім беру балалар саясатына қатысты өзекті мәселелердің шешілуіне ықпал етеді. Нәтижесінде, ата-аналардың педагогикалық-психологиялық құзыреті артады; Қазақстандық отбасылардағы «балалар-ата-аналар» қарым-қатынасы жақсарады. Ең бастысы, ата-аналар мен педагогикалық қоғамның бірігуі нәтижесінде, балалардың әл-ауқатының көрсеткіштерінің оң динамикасы байқалатын болады.

Қорытындылай келе, ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ағартудың балалардың әлеуметтік әл-ауқатын арттырудағы маңызы зор. Әлеуметтік әл-ауқатқа қол жеткізу баланың физикалық, психоэмоционалдық және әлеуметтік жағдайына тікелей әсер етеді. Ата-аналардың білімін жетілдіру, олардың тәрбиелік әлеуетін арттыру, сондай-ақ балалардың құқықтары мен қажеттіліктерін қорғау бағытындағы кешенді шаралар балалардың толыққанды дамуында маңызды рөл атқарады. Осы арқылы ата-аналар мен мектеп арасындағы өзара әрекет нығайып, балалар үшін қолайлы және қауіпсіз әлеуметтік орта қалыптастырылады, бұл олардың психоэмоционалдық және әлеуметтік дамуына ықпал етеді.

Әдебиеттер

1. Власова А.А., Дворникова Е.В. Современные теории социального благополучия: учебно-методическое пособие. Ярослав. гос. ун-т им. П. Г. Демидова. – Ярославль: ЯрГУ, 2017. – 48 с..
2. Ролен К., Гассман Ф. Благополучие детей в Казахстане. – 2012, 76 стр
3. Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы. [Электронды ресурс]. – Қол жеткізу тәртібі: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/B940001400> (08.04.2024)
4. «Балалардың хал-ахуал индексын бекіту туралы». Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 1 ақпандағы № 21-ө өкімі. [Электронды ресурс]. – Қол жеткізу тәртібі: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/R2200000021> (08.04.2024)
5. Аппельганц Е.П., Кусманова А.Г., Сатыбаева А.У., Беймишева А.С., Шаимова Д.Е., Мукан С.М. Доклад о положении детей в Республике Казахстан в 2022 году, Астана, 2023, –186 стр.
6. Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу, олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға «Бала қорғау» арналған кешенді жоспар. [Электронды ресурс]. – Қол жеткізу тәртібі: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000748> (08.04.2024)
7. Білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша нұсқаулық.- Алматы: АУДҰИ, 2023. – 228б.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Тойбаева Б.С.

Әлихан Бөкейхан атындағы №15 тірек мектеп-лицейі (ресурстық орталық)
Жуалы, Қазақстан

Мақалада оқушылардың қарым-қатынас құзыреттілігін білім беру үдерісінде қалыптастырудың маңыздылығы туралы мәселе қарастырылған. Оқушылардың дұрыс сөйлеу, қарым-қатынас мәдениетін, сабақта ойын ауызша еркін жеткізу қабілетін дамыту. Қоғамда әлеуметтенуіне қолдау көрсету, білім беру арқылы қарым-қатынас мәдениеті туралы құзыреттілікті қалыптастыру.

Түйін сөздер: білім беру үдерісі, мәдениет, қарым-қатынас, құзыреттілік, әлеуметтену.

В статье раскрыта важность формирования коммуникативной компетентности учащихся в образовательном процессе. Развитие у учащихся культуры правильной речи, общения, умения свободно выражать свое мнение реализуется на уроке через игровую деятельность.

Ключевые слова: образовательный процесс, культура, общение, компетентность, социализация.

The article discusses the importance of the formation of students' communicative competence in the educational process. The development of students' culture of correct speech, communication, and the ability to freely express play in the classroom. Support of socialization in society, the formation of competencies about the culture of communication through education.

Keywords: educational process, culture, communication, competence, socialization.

«Құзыреттілік» (латынның «competere» - қол жеткізу, сәйкес келу, сөзінен шыққан) – оқу процесінде және қоғам үшін күнделікті оқуда міндеттердің тіл арқылы шеше білу қабілеттілігі; білім беру мен тәрбиелеу мақсатын іске асыруда педагогтің тіл және сөз құралдарын пайдалана алуы [1]. Егер ол сол тілде сөйлеушілермен тікелей немесе аралық қарым-қатынас барысында сол тілдің нормалары мен мәдени дәстүріне сәйкес өзара түсінісе алса, коммуникативті құзыреттілікті меңгергені.

Құзыреттілік пен қарым-қатынас – қатарлас және бір-бірлеріне тәуелсіз құбылыстар ғана емес, олар өзара байланыста тұратын процесс. Жалпы құзыреттілік – бұл тұлғаның белгілі бір мәселені шешудегі өзара байланысты білім, білік дағдылар жиынтығы. Ал коммуникативтік құзыреттілік – адамдармен өзара әрекет пен қарым-қатынас тәсілдерін білуді, түрлі әлеуметтік топтарда жұмыс істеу дағдыларын, қоғамдағы түрлі әлеуметтік рөлдерді орындауды, өмірдегі нақты жағдайларда шешім қабылдау үшін байланыстың түрлі объектілерін қолдана алу білігін, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуын қарастырады.

Олардың психологиялық байланыстылығының негізі процестердің рухани бірлігі болып табылады. Құзыреттіліктің тиімділігі «субъект–субъект» схемасы бойынша бірлескен іс-әрекет қатынасының жақсаруына қаншалықты негіз болуына байланысты. Сәтті қарым-қатынас жасау үшін қатынасатын серіктердің осы қабілетті меңгеретін сапалар кешені болуы қажет. Ал мұндай қарым-қатынастық сапалар кешені (құралы, жағдай) «құзыреттілік» деп аталады [2].

Құзыреттілікті танымдық іс-әрекет, эмоциялық күй мен психикалық қасиеттері анықтайды. Оның қоршаған ортамен байланысы, яғни қазіргі таңда тұлғаның ұтымды әлеуметтенуін жүзеге асыру мен қорғау формасын қамтамасыз ету болып табылады. Оны анықтау жолдарын өз бетінше даму, тұлғаға қажетті ойлауды меңгеру кейбір мәдени сәйкес келетін тәсілдермен де жүзеге асырылады. Өзінің ойларын, өзіндік құндылықтары мен мағынасын таратуы үшін, жас адамға ойластырылған өмірлік және кәсіби жобаны жүзеге асыруда өзінде қандай тұлғалық сапаларды дамыту қажет екендігі туралы маңызды сұраққа жауап беруге көмек көрсету.

Ғылыми зерттеулерді талдау негізінде құзыреттілік тұрғының ерекшелігі – ол тұлғаның алынған білімдерді, іскерліктерді, іс-әрекеттің белгілі тәсілдерін пайдалану қабілеттерін көрсетіп қана қоймай, үздіксіз тұлғалық өзіндік жетілуін байқататындығында екенін көруге болады. Педагог мамандығы бір уақытта өзгертуші және басқарушы мамандық болып табылады. Ал тұлға дамуы процесін басқару үшін құзыретті болу керек. Ал құзыреттілік тұрғының мақсаты – толыққанды кәсіби, өндірістік-технологиялық, ғылыми-әдістемелік, зерттеушілік, т.б. іс-әрекетке даяр бәсекеге қабілетті маман тұлғасын кәсіби қалыптастыруды қамтамасыз ету, оның міндеттері – біріншіден, болашақ маманда өзінің кәсіби білімі мен кәсіби іс-әрекетіне құндылықтық қатынас қалыптастыру; екіншіден, оның тұлғасының кәсіби әлеуетін арттыру; үшіншіден, қоғамдық өмірде маманның толық өзіндік тұлғалық қасиеттерін көрсетуге даярлау [3].

Тәрбиеші мен бала арасындағы өзара түсіністікті орнату кезеңдерінің бірі – баланы зерттеу, оның ішкі дүниесіне ену болып табылады. С.Л.Рубинштейн: «Оқушының мінез-құлқындағы ішкі мазмұнды ашпай, сыртқы формальды сипатын есепке алып жұмыс жасайтын педагог, өз жұмысының нәтижесін көре алмайды» - деген [4]. Балаларды тану арқылы тәрбиеші, олардың мінез-құлқындағы мотивтері мен мақсаттарын, көңіл-күйлерін, сезімдерін түсініп, қорқыныштарын анықтау қажет. Бірақ, ол тек бір жақты әрекет емес. Тәрбиеші балалардың іс-

әрекетін ұйымдастыра отырып, оқу – тәрбие процесінде әр уақытта да олармен өзара қарым-қатынаста болады.

Педагогикалық қарым-қатынастағы білім беру процесінде субъектілерінің өзара әрекеттесуі туралы профессор С.М.Жақыпов былай деген: «Оқыту процесіндегі субъектілердің қарым-қатынасындағы мағыналардың өзгеруі біріккен іс-әрекеттің мотивтері мен мақсатының заңды құрылуына мүмкіндік береді және оларды оқыту процесінде ескеру, біріккен танымдық іс-әрекетті қалыптастыру үшін қажетті шартты жасайды» [5]. Сондықтан қарым-қатынастың нақтылы бірізділігі болашақ тұлғаның дамуына орасан зор ықпал етеді.

Педагогикалық қарым-қатынас стилінен біз педагогпен бала арасындағы біріккен іс-әрекеттегі өзара әсерлесудің әлеуметтік психологиялық ерекшеліктерін көреміз. Педагогикалық қарым-қатынас педагог және баланың өзара әрекеттесу, ынтымақтастық формасы:

- педагогтың коммуникативті мүмкіндігінің ерекшеліктері;
- педагогпен оқушының өзара қатынасынан туындаған мінез-құлық;
- педагогтың шығармашылық индивидуальдылығы;
- балалар ұжымының ерекшелігі.

Педагогтың балалармен қарым-қатынас стилі - әлеуметтік және адамгершілік жағынан байытылған сатысы. Педагог өзінің педагогикалық іс-әрекеті және үйренушілердің оқу іс-әрекеті негізінде қарым-қатынас қиындықтары пайда болады. Педагогикалық іс-әрекетте қиындықтар пәндік мазмұнның өзімен, педагогтың меңгерілуі оның іс-әрекетінің негізі болып табылатын білімдерге ие болу деңгейі және сипатынан да туындауы мүмкін, сондай-ақ кәсіби-педагогикалық іскерліктерден, дидактикалық құзырлылықтан да, үйренушілерге педагогикалық әсер ету тәсілдері және құралдарынан да туындауы мүмкін. Осыдан, педагогикалық қиындықтардың негізгі бағыттары білім беру процесінің дамуы, мазмұны және формаларымен, мұнда оқыту мен тәрбиелеу іс-әрекетінің субъекті ретіндегі оқытушының ерекшеліктері және қарым-қатынас процесімен байланысты.

Педагогикалық іс-әрекет үрдісіндегі құзыреттілікті төмендегідей жіктеуге болады:

- тәрбиеші мен бала қарым-қатынасының жалпы жинақталған / жүйесі;
- педагогикалық іс-әрекеттің нақты кезеңіне тәуелді қарым-қатынас жүйесі;
- нақты педагогикалық және коммуникативті тапсырманы шешуден туындаған ситуативті қарым-қатынас жүйесі.

Білім беру ортасындағы өзара әрекеттесуші тұлғаларды дамытудың, түрлі жағдайларда балалардың жетістікке жетуіне интермелейтін, топтық және жеке тапсырмаларды орындауда іскерлік пен тәсілдерді меңгеруде ықпал ететін тәрбиеші мен бала арасындағы бірлескен іс-әрекет неізінде болатын қарым-қатынас мәселесі. Коммуникативтік құзыреттілік жеке тұлғаның рухани өсуін қалыптастырады, адамдарды түсіне білуіне көмектеседі. Коммуникативтік құзыреттілік ұжым мүшелері мен білім алушылар арасында позитивті қатынас орнатады. Мұғалімнің өзара түсінушілік, тыңдай білу, түсіне білу, көмек көрсету қабілетін айқындайды. Сәттілік ситуациясын туғыза білген жағдайда оқушылардың өз мүмкіндігіне деген зор сенімі туады. Коммуникативтік құзырет – бірлесіп жұмыс істеуді бағалау, адамдар арасындағы сенімділік, бірін-бірі түсіну, тыңдау, сыйлау, этикет сақтау, дәстүрді білу, дау жанжалды шеше алу, бұзылған қатынастарды түзету, өз қателігін түсіне білу, топпен жұмыс жасай алу, орындаушылардың жұмысын дұрыс ұйымдастыру, басқару шешімдерін таба алу және қолдана білу қабілеттері.

Педагогикалық қарым-қатынастың өзгешелігі ең алдымен, оның көп объектілі бағыттылығынан көрінеді. Ол тек үйренушілердің өзара әрекеттесуінің өзінде олардың тұлғалық дамуы мақсатына бағытталмаған, сондай-ақ, педагогикалық жүйенің өзіне негіз болып табылатын, оқу білімдерін игеруді ұйымдастыруға және осы негізде шығармашылық іскерліктерді қалыптастыруымен сипатталады. Педагогикалық қарым-қатынас кем дегенде үш бағыттылықпен ерекшеленеді: тәрбиедегі өзара әрекеттесудің өзіне, үйренушілерге (қазіргі жағдайлары және болашақтағы бағыттары) және игеру (меңгеру).

Педагогтың шәкірттерімен қарым-қатынасы оқу-тәрбие үрдісін басқарудың өзіндік каналы ретінде іске асады. Бірақ қарым-қатынас каналдарында «ақпараттық тасқын» өте көп. Әрбір оқушыға әр түрлі ақпарат тасқыны әсер етеді. Оқушының дамуы мен жеке ерекшеліктеріне байланысты олар бір-біріне қарама-қайшы келуі де мүмкін. Осындай жағдайда педагогтың оқушылармен қарым-қатынасы белгілі дәрежеде бүкіл ықпал ететін ақпараты біріктіріліп, ықпал етуші элементтерді нақтылайды.

Коммуникативті құзырлылық белгілі бір орта жағдайында тұлғааралық қарым-қатынаста тиімді коммуникация құруда қажет болатын ішкі мүмкіндіктер жүйесі ретінде қарастырылады.

Қазіргі жағдайларда құзырлы қарым-қатынас дамуы оның үйлесімділігінің бірқатар ұстанымды бағыттарын қарастырады. Қарым-қатынастағы құзырлылық түрлі психологиялық қашықта қатынас орнату іскерліктеріне дайындықты көздейді. Сонымен, педагог-педагогтың балалармен біріккен іс-әрекетте болатын қарым-қатынасы жеке тұлғаны қалыптастырудың маңызды факторы ретінде жас ерекшелік деңгейінде жетілуін оқу-тәрбие әрекетінде ұйымдастыруда педагогтардың ықпалын талдау барысында мынадай нәтижелерге көңіл аудару маңызды:

- қарым-қатынастың тәсілдері мен формаларына мән беріп, оның нақты стратегиясы мен тактикасын өңдеу:

- тұлға аралық қатынастарды ұйымдастыру:

- жаңа қатынас, дағды мен қажеттігін тәрбиеші мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетін жүйелі жоспарлау.

педагогикалық қарым-қатынастың оқу процесін ұйымдастыру барысында анықталған тұжырымдар:

- педагогикалық қарым-қатынас жеке бас дамуында жас ерекшелік деңгейінде жетілдірудің құралдарына бағытталады.

- түрлі жағдайлар кезінде қатынас техникалары әлеуметтік-психологиялық дайындықты қажет етеді.

- қарым-қатынастың қалыптасуы үлкендерге еліктеуден, топ ішіне ену және бейімделуден бастау алады.

Сонымен қорыта келгенде, педагог оқушыларда қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру – бұл оқыту процесінде субъектілердің біріккен іс-әрекетін үйлесімді ұйымдастыру, психологиялық ықпал ету мүмкіндіктерін біріктіретін жағдайдың құру, өзара әрекеттің жаңа жолдарын іздеуді талап ететін шығармашылық қасиет.

Әдебиеттер

1 Коджаспирова Г. М., Коджаспиров А. Ю. Педагогический словарь. - А, 2014

2 Әбеуова И.Ә. Әлеметтік психология. – А, 2001.

3 Ахтаева Н.С., Әбдіғапарова А., Бекбаева Ж.Н. Басқару психологиясы.-А., 2009.

4 Рубинштейн С.Л. Проблемы общей психологии.- М.: Педагогика, 1976. - 120 с.

5 Жақыпов С.М. Оқыту процесіндегі танымдық іс-әрекет психологиясы. Оқу құралы – Алматы: «Алла прима» ЖШС, 2008 – 216 б.

6 Зимняя И.А. Педагогикалық психология -М.: Логос; Алматы, 2005- 453 б.

7 Карипова С.С. 5-6 жастағы балалардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру/
<https://ustazvko.orleu-edu.kz/?p=2482>

БАЛАНЫҢ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫН ДАМУ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тұрсын Б.Қ.

Әлихан Бөкейхан атындағы №15 тірек мектеп-лицейі (ресурстық орталық)
Жуалы, Қазақстан

Мақалада баланың оқу мотивациясын дамыту және қалыптастыру мәселелері туралы ақпараттар беріледі. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын белсендіру. Мұғалімнің оқу іс-әрекетін ұйымдастырудағы инновациялық технологияларды қолдануы, педагогикалық қарым-қатынас шеберлігі. Оқу іс-әрекетінде мотивацияны дамыту сабаққа қызығушылықты белсендіру мақсатында ойындарды қолдану.

Түйін сөздер: оқу іс-әрекеті, мотивация, оқу мотивациясы, қабілет, зейін.

В статье рассмотрена проблема развития и формирования учебной мотивации ребенка, активизация интереса учащихся к занятиям. Для этого рекомендуется использовать инновационные технологии в организации учебной деятельности.

Ключевые слова: учебная деятельность, мотивация, учебная мотивация, способности, внимание.

The article provides information on the problems of development and formation of educational motivation of the child. Activation of students' interest in classes. The teacher's use of innovative technologies in the organization of educational activities, pedagogical communication skills. Development of motivation in learning activities using games to enhance interest in the lesson.

Keywords: learning activity, motivation, learning motivation, abilities, attention.

* Қарым-қатынастағы ықтимал кейінгі қиындықтар, әсіресе бастауыш сынып оқушылары мектептер үйдің тұрақты болуына байланысты. Дегенмен, осындай трансформацияның көмегімен жастар мен ересектер арасында өзін-өзі тәрбиелеуді насихаттау үрдісі байқалады. Википедиядан: "өзін - өзі тәрбиелеу-бұл адам үшінші тұлғалардың қатысуынсыз өздігінен білім алатын, іздейтін және алатын білім түрі". Дегенмен, бұл пандемияға дейін белгілі болған, бірақ осы кезеңде ең танымал болған кең таралған тәжірибе. Қатаң карантин жағдайында адамдар үйде отырды және сәйкесінше сыртқа шығуға мүмкіндігі болмады, ойын-сауықтың бірі жаңа білім алу болды. Сонымен қатар, "Sputnik Kazakhstan" [6,416] жаңалықтар порталының мақаласын жариялау негізінде әлеуметтік желілерде әртүрлі "челленджер"-тек көңіл көтеру үшін ғана емес, сонымен қатар жеке-рухани өсуді дамытуға бағытталған сын-қатерлер де жаппай іске қосылды физикалық. Нәтижесінде студенттер мен әртүрлі материалдарды зерттейді олардың оқуы, көбінесе осы және сабақтан тыс уақытта қызығушылық танытты. Сонымен қатар, білімнің сапасы да қызығушылықпен өсті. Көптеген оқушылар мен студенттер өздері үшін жаңа білім ғана емес, тіпті қызметтің жаңа салаларын да тапты - бұл олардың көкжиегі мен дүниетанымын кеңейтті.

Білім берудің цифрлық трансформациясы білім беру процесін оқыту, оқыту және басқару тәсілдеріндегі сапалы өзгерістерге ықпал ете отырып, оны дамыту үшін жаңа көкжиектер ашады. Заманауи технологиялар білім беруді көбірек жасауға мүмкіндік береді қол жетімді, икемді және білім алушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімделген. COVID-19 пандемиясы осы өзгерістердің катализаторы болды, әлемді мәжбүрлеу, Қазақстанды қоса алғанда, білім беру жүйесі жаңа жағдайларға жедел бейімделе алады. Қашықтықтан оқыту жағдайында жаңа платформалар жедел енгізілді, заманауи білім беру бағдарламалары игерілді, ал оқытушылар мен оқушылар цифрлық бағдарламаларды игерді өзара әрекеттесу құралдары. Онлайн-ресурстарды құруға, жақсартуға ерекше назар аударылды мұғалімдердің біліктілігі және білім беру сапасына мәжбүрлі оқшауланудың теріс әсерін азайтуға мүмкіндік беретін стратегияларды әзірлеу. Көптеген мектептер мен университеттер бетпе-бет сабақтарды онлайн дәрістермен біріктіретін гибриді оқыту түрлерін енгізді пандемиядан кейінгі кезеңдегі білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі. Қазақстанда білім беруді цифрландыру да мемлекеттік саясаттың маңызды бағытына айналды. Ұлттық білім беру жүйесі әзірленіп, енгізілді платформалар, бұл тіпті елдің шалғай аймақтарында да оқуға қол жетімділікті жақсартуға мүмкіндік берді. Осылайша, пандемия білім беру жүйесінің әлсіз жақтарын анықтап қана қоймай, сонымен қатар оны жаңғыртуға және жаңа деңгейге көшуге қуатты серпін берді.

Білім қол жетімді болды. Шеткі және облыс орталықтарынан шалғайдағы тұрғындарға бұрын селге білім алу өте қиын болатын. Енді интернетке қосылған гаджеттің көмегімен сіз үйден шықпай-ақ кез-келген дәрістерге, курстар мен семинарларға қатыса аласыз және олардың толық қатысушысы бола аласыз. Қорытындылар қажет екендігімен расталады білім берудің трансформациясы халықтың цифрлық сауаттылығының өсуіне де әсер етті іздеу ресурстары (мысалы, "Google", "Яндекс" және басқалары), сонымен қатар танымал YouTube

бейне хостингі. Білім беру саласындағы алғашқы өзгерістердің бірі білім беру порталының пайда болуы деп санауға болады "Bilimland.kz", бұл аналитикалық ақпарат агенттігінің "Strategy2050.kz" [3,126], 2014 жылы құрылған. Бұл портал тек көмекші құрал болып табылады және мектепке дейінгі мекемелерге, мектептер мен колледждерге арналған. Содан кейін электронды күнделіктер енгізілді. Бұл идея шетелден келді және 2016 жылы бүкіл Қазақстан оқушылары үшін онлайн-ресурс пайда болды "Kundelik.kz". осындай платформаның пайда болуының арқасында қағаз күнделіктерге деген қажеттілік жойылды, өйткені мұғалімдер электронды күнделіктерге баға берді, ал ата-аналар да мүмкін оларды қарау. Қазақстандық білім берудегі ең үлкен цифрлық трансформация "COVID-19"вирусынан туындаған пандемияға байланысты 2020 жылдың наурыз айынан 2021 жылға дейінгі кезеңде орын алды. Бұл денсаулық сақтау және экономика салалары үшін ғана емес, сонымен бірге қауіпті уақыт болды білім беру. Бірнеше күн ішінде әлем қатаң карантин жағдайында болды. Үйден басқа объектілерге бару туралы әңгіме болмаған кезде ғана шұғыл қажеттілік бойынша шығуға рұқсат етілді. Осыған байланысты Қазақстан жаңа шындықтың сынына тап болды, өйткені білім беруді қысқа мерзімде жаңа жағдайларға бейімдеу қажет болды, өйткені әрбір жіберіп алған жұмыс күні ел экономикасына елеулі залал келтірді. Сол кезде оқытушылар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мемлекеттік қызметшілерімен бірлесіп, шетелдік әріптестерімен ынтымақтастықта қысқа мерзімде қашықтықтан оқыту нысанын әзірлеуге кірісті. Республикадағы білім беру жүйесінің жай күйі мен дамуы туралы Ұлттық баяндаманың нәтижелеріне сілтеме жасай отырып Қазақстан, пандемия кезінде Мемлекет келесі қадамдарды жасады:

1. Қашықтықтан білім берудің нормативтік құқықтық негізін қалыптастырды;
2. Мектеп оқушыларына 185 мың бірлік компьютерлік техника берілді;
3. Мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдар дайындалды;
4. 347 мың педагог қашықтықтан оқыту курстарынан өтті;
5. 6 оқыту интернет-платформасы іске қосылды;

6. 13 000 теледидар сабағы және басқалары дайындалды. Студенттердің өз тәжірибелері мен сауалнамаларының нәтижелеріне сүйене отырып, "Zoom", "Microsoft Teams", "Google Meet" және т.б. платформалар оқушылар мен студенттер аудио немесе бейне қоңырау арқылы, сондай-ақ экранды көрсету функциясы арқылы қосылған онлайн сабақтарды өткізу үшін кеңінен қолданылды. сабақтар толық өткізілді, сабақ тақырыбына арналған презентацияны немесе бейнематериалды көрсету мүмкіндігі пайда болды. Бұл қашықтықтан оқытуға жедел көшу арқылы білім беру сапасының жоғалуын азайтуға көмектесті, өйткені оқытушылар мен оқушылар тез бейімделіп, сабақтар мен дәрістерді толығымен тыңдай алды. Сонымен қатар, мектеп оқушылары үшін бейне сабақтар жасалды экрандарда таратылды. Теледидарлар "YouTube", оқушылар орындаған тапсырмаларды "WhatsApp" әлеуметтік желісі немесе "Google Drive" платформасы арқылы жіберді. Ал колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттері үлкен оқу уақытының бір бөлігі білім беру порталында тапсырмаларды орындауға жұмсалды «Moodle». Оқу орнына түсу немесе бір нәрсені өз бетіңізше үйрену білім берудің цифрлық трансформациясы және қашықтық форматтарының пайда болуы оқыту. Заманауи технология білім беру процесіне толықтай таныс тәсіл, оны барлығына қол жетімді және икемді етеді. Әр түрлі елдер мен қалалардағы университеттер қашықтықтан оқыту бағдарламаларын белсенді түрде енгізе бастады, бұл күндізгі студенттермен тең дәрежеде оқуға мүмкіндік береді білім сапасының жоғары стандарттары. Республика. Деректер бойынша informburo.kz, 2018 жылы ол 77% құрады, содан кейін 2022 жылға қарай бұл көрсеткіш 83% -ға дейін өсті.[7,886]

Осылайша, уақытпен бірге жүру керек екенін атап өткім келеді. Жүз пайыздық қашықтықтан білім беру әлі де күмән тудырады, өйткені бұл өте даулы мәселе, өйткені барлық ересек адамдарда өзін-өзі бақылау дағдылары жоқ, балалар мен жасөспірімдер туралы не айтуға болады, бірақ жалпы алғанда оқу процесін цифрландыру ол айтарлықтай артықшылықтарға ие және модернизацияға маңызды қадам болып табылады. Қазіргі әлемдегі білім беруді трансформациялау мемлекет үшін де, мемлекет үшін де маңызды қадам болып табылады оның азаматтары үшін цифрландыруға бүгінгі таңда бүкіл әлем жұмылдырылғанына байланысты. Бұл мұғалімдер мен мұғалімдердің жұмысын жеңілдетуге ықпал етеді, өйткені оқушылардың көптеген қағаздары мен дәптерлерін алып жүрудің қажеті болмайды, түнде оқу құралын құрастырады жоспар, ал студенттер өз қалпына зиян келтіріп, оқулықтары бар ауыр

рюкзактарды алып жүруді тоқтатады. Бұдан басқа, есептерді сандық форматта ұсыну, сондай-ақ оларды түсіру және компьютерде сақтау оңайырақ болады. Басқаша айтқанда, процестер шынымен реттеледі және оңтайландырылады, бұл оқытушылар құрамына жүктемені азайтуға мүмкіндік береді, сонымен, білім алушыларға, бұл жұмысқа үлкен қызығушылық тудырады және сәйкесінше оқу.

Әдебиеттер

1. Қазақстандық білімге цифрландыру қалай енгізілуде-16.11.2018 // Strategy2050.kz - Қазақстанның шолу-талдау порталы [Электрондық ресурс]. Кіру режимі: <https://strategy2050.kz/ru/news/52316/?ysclid=lahy06ebk6486989341> (күніПікірлер 15.11.2022) ".[1,326]
2. Қазақстанда жиырма мектеп интернетсіз қалады: 1 қараша 2022, inform.kz [Электрондық ресурс]. Кіру режимі: <https://www.inform.kz/ru/dvadcat-мектеп-қалады-жоқ-Internet-v-kazahstane> а3996494 (өтініш берген күні: 14.11.2022)
3. Қазақстандық білімге цифрландыру қалай енгізілуде-16.11.2018 // Strategy2050.kz - Қазақстанның шолу-талдау порталы [Электрондық ресурс]. [3,126], Кіру режимі: <https://strategy2050.kz/ru/news/52316/?ysclid=lahy06ebk6486989341>Пікірлер15.11.2022)
4. Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесінің жай-күйі мен дамуы туралы Ұлттық баяндама (2020 жылдың қорытындысы бойынша). - Нұр-сұлтан: Әзірбайжан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Қазақстан, " ақпараттық-талдау орталығы " АҚ, 2021. - 205 бет.
5. Сессия барысында жасанды интеллект студенттерді қалай бақылайды? - "[5,466] Rus.azattyq-[Электрондық <https://rus.azattyq.ruhy.kz/interview/8534-kak-iskusstvennyi-intellekt-budet-sledit-za-studentami-vo-vremia-sessii>] (өтініш берілген күні: 14.11.2022)
6. Төрт қабырғада қалай жынды болмауға болады немесе өзін-өзі оқшаулауда не істеу керек-23.03.2020, Sputnik Қазақстан / [Электрондық ресурс]. "[6,416] Кіру режимі:<https://ru.sputnik.kz/20200323/kak-ne-soyti-s-uma-v-chetyrekh-stenakh-ili-chem-zanyatsya-v-samoizolyatsii-13311818.html?ysclid=lai9yigr1c365533186> (қол жеткізілген күні: 12.11.2022)
7. Білім беруді цифрландыру: мектептер мен балалар электронды түрде оқуға дайын ба оқулықтар? | informburo.kz/ [Электрондық ресурс]. [7,886] Режимдер қол жетімді URL мекенжайлары: <https://informburo.kz/stati/cifrovizaciva-obrazovaniya-gotovyy-li-shkoly-i-deti-k-obucheniyu-po-elektronnym-uchebnikam-.html?ysclid=lai90k2oqg70466408> (қол жеткізілген күні 16.11.2022)

ВОСПРИЯТИЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА КАК СРЕДСТВА ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ ПОДДЕРЖКИ

Стародубцева Д.Т., Мысов О.В., Кабакова М. П.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби
Алматы, Казахстан

Бұл жұмыста диспозициялық дүниетаным – пессимистік, оптимистік және реалистік – пен эмоционалдық реңкі бар (оң және теріс) бейнелерді іріктеп есте сақтаудың арасындағы байланыс қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – дүниетанымның эмоционалдық бағыты есте сақтау сияқты когнитивтік үдерістерге әсер ете ме, соны анықтау. Бұл зерттеудің нәтижелері теориялық және қолданбалы тұрғыдан маңызды. Бір жағынан, олар эмоционалдық жад пен когнитивтік реттеудің механизмдерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Екінші жағынан – депрессиялық жағдайлар мен аффективтік саладағы бұзылулармен жұмыс істеуде психопрофилактика мен когнитивтік түзету әдістерін әзірлеуге жол ашады. Бұл зерттеу диспозициялық дүниетанымның когнитивтік әлем бейнесін қалыптастырудағы рөлін ғылыми тұрғыда кеңірек түсінуге ықпал етеді.

Түйін сөздер: эмоционалдық реңк, жад, диспозициялық дүниетаным, когнитивтік үдерістер, оптимизм, пессимизм.

В данной работе рассматривается взаимосвязь между диспозиционным восприятием мира – пессимистичным, оптимистичным и реалистичным – и избирательным запоминанием эмоционально окрашенных (положительных и отрицательных) образов. Цель

исследования – выявить, влияет ли эмоциональная направленность мировосприятия на когнитивные процессы запоминания. Результаты данного исследования имеют значимую теоретическую и прикладную ценность. С одной стороны, они позволяют глубже понять механизмы эмоциональной памяти и когнитивной регуляции. С другой – открывают перспективы для разработки методик психопрофилактики и когнитивной коррекции, особенно в работе с депрессивными состояниями и нарушениями аффективной сферы. Исследование способствует расширению научных представлений о роли диспозиционного восприятия в формировании когнитивной картины мира.

Ключевые слова: эмоциональная окрашенность, память, диспозиционное восприятие, когнитивные процессы, оптимизм, пессимизм.

This research explores the relationship between dispositional worldviews that is pessimistic, optimistic, and realistic – and the selective memorization of emotionally charged (positive and negative) images on the contrary. The aim of the research is to determine whether the emotional orientation of one's worldview affects cognitive memory processes. The results of this research hold significant theoretical and practical value. On the one hand, they offer a deeper understanding of the mechanisms behind emotional memory and cognitive regulation. On the other hand, they provide opportunities for developing methods of psychological prevention and cognitive correction, particularly in the treatment of depressive states and affective disorders. The research contributes to expanding scientific knowledge on the role of dispositional perception in shaping the cognitive representation of the world.

Keywords: emotional valence, memory, dispositional perception, cognitive processes, optimism, pessimism.

Введение. Искусственный интеллект (ИИ) приобретает всё большую популярность как инструмент психологической и эмоциональной поддержки. Цифровые ассистенты, такие как ChatGPT, становятся востребованными среди пользователей, ищущих помощь в кризисных ситуациях, саморефлексии и снижении тревожности [1], [4]. В Казахстане, где доступ к психотерапии ограничен, ИИ может рассматриваться как неосуждающий и удобный канал поддержки [2]. Особенно это важно для женщин, представителей ЛГБТК+, этнических меньшинств и молодёжи [3], [7].

Тем не менее, использование ИИ в психологической сфере требует этического осмысления. Алгоритмы могут демонстрировать предвзятость, быть недостаточно чувствительными к культурному и личному контексту, а также лишены эмпатийности [5], [10]. Это снижает субъективную удовлетворённость пользователей и ограничивает эффективность ИИ в роли помощника по ментальному здоровью [6], [11].

Теоретическая часть: Современные исследования подчеркивают как возможности, так и ограничения ИИ в контексте ментального здоровья. Положительные эффекты включают помощь в снижении тревожности, одиночества и повседневных эмоциональных трудностей [8], [7]. Однако всё больше внимания уделяется вопросам справедливости, эмпатии и стигматизации. Например, языковые модели, обученные на нерепрезентативных данных, могут воспроизводить социальные стереотипы, снижая тем самым качество поддержки для представителей этнических и гендерных меньшинств [5], [10].

Даже в случае нейтральных, вежливых ответов, пользователи могут ощущать отсутствие эмпатии, что особенно важно в ситуациях, где ожидается эмоциональное участие [11]. Это приводит к снижению удовлетворённости взаимодействием с ИИ и ограничивает его эффективность как инструмента эмоциональной поддержки.

В рамках настоящего исследования была предпринята попытка эмпирически проанализировать восприятие ИИ среди представителей социально уязвимых групп в Казахстане на основе онлайн-опроса. Особое внимание уделялось восприятию предвзятости, уровня эмпатии и безопасности взаимодействия с ИИ.

Цель исследования: Проанализировать возможности и ограничения использования искусственного интеллекта (ИИ) в сфере психологической поддержки с акцентом на восприятие предвзятости и уровня эмпатии к представителям социально уязвимых групп в Республике Казахстан.

Объект: Ресурсы искусственного интеллекта в области психологической поддержки.

Предмет: Особенности проявления эмпатии, нейтральности и доверия со стороны ИИ в зависимости от гендерной, этнической и сексуальной идентичности пользователей.

Основная гипотеза: Пользователи, относящиеся к социально уязвимым группам (женщины, представители ЛГБТК+ и этнических меньшинств), воспринимают искусственный интеллект как более безопасный и менее стигматизирующий источник поддержки по сравнению с традиционной психологической помощью, при этом отмечая как его эмпатичность, так и ограниченность, связанную с алгоритмической нейтральностью и культурной отстранённостью.

Методология. Для проверки выдвинутой гипотезы нами был применён количественный метод, включающий онлайн-опрос ($n = 52$), построенный на сочетании шкальных и открытых вопросов. Данный формат был выбран для получения комплексных данных о восприятии ИИ как инструмента психологической поддержки. Вопросы охватывали аспекты доверия к ИИ и его роль в предоставлении психологической помощи, а также учитывали социальный статус и предыдущий опыт респондентов. Опрос проводился онлайн с целью обеспечения анонимности и создания условий, способствующих откровенности ответов участников. Для повышения репрезентативности данных респонденты были разделены на шесть категорий, учитывающих их социальное положение и опыт обращения за психологической помощью. Разделение позволило провести анализ восприятия ИИ в рамках разных групп.

Результаты: Результаты анкетного опроса ($n = 52$) позволили провести сравнительный анализ восприятия ИИ в психологической поддержке в зависимости от социального положения респондентов и их предыдущего опыта обращения за психологической помощью. Были выделены шесть категорий респондентов на пересечении двух факторов:

- тип опыта (с ИИ, с человеком, с обоими, отсутствие опыта),
- социальный статус (уязвимые группы: ЛГБТК+ и этнические меньшинства; и неуязвимые – остальные).

Среди всех участников 42,3% ($n = 22$) не имели никакого опыта обращения за психологической поддержкой, 21,2% ($n = 11$) пользовались исключительно ИИ-инструментами, 25,0% ($n = 13$) имели смешанный опыт (и ИИ, и психолог), а 11,5% ($n = 6$) обращались только к специалисту-человеку.

Анализ восприятия ИИ по 13 шкальным утверждениям (от 0 до 5 баллов) показал, что наиболее высокие оценки ИИ получают в категории уязвимых респондентов, имевших опыт как с ИИ, так и с психологом. Например, утверждение «ИИ может быть полезен тем, кто стесняется или боится обратиться к специалисту» получило среднюю оценку 4,27 балла именно среди этой группы. В то же время неуязвимые респонденты без опыта взаимодействия с ИИ оценили то же утверждение в 3,50 балла.

Сходные различия были зафиксированы и по другим показателям. Например:

- утверждение «ИИ может формировать ощущение принятия и поддержки» получило 4,18 балла среди уязвимых с двойным опытом; 3,00 – среди респондентов без опыта; и 3,82 – среди уязвимых с опытом только ИИ;
- утверждение «ИИ может быть менее предвзятым и более нейтральным, чем человек» было оценено на 3,64 балла у уязвимых с опытом ИИ и психолога; на 3,30 – у респондентов без опыта; и на 3,82 – у уязвимых с опытом только ИИ.

Важно отметить, что даже респонденты, не имевшие личного опыта взаимодействия с ИИ, но относящиеся к уязвимым группам, демонстрировали более высокий уровень потенциального доверия и открытости по отношению к ИИ, чем неуязвимые участники.

Гендерное распределение респондентов:

- женщины – 55,8 %,
- мужчины – 38,5 %,
- небинарные – 5,8%.

Социально-культурный профиль:

- 11,5% идентифицируют себя как часть ЛГБТК+ сообщества;
- 23 % относятся к этническим меньшинствам.

Средняя оценка утверждения «ИИ может использоваться как первый шаг перед обращением к специалисту» составила 3,91 по 5-балльной шкале.

При сравнении между группами наблюдаются следующие различия:

- Женщины – 4,10

- ЛГБТК+ – 4,27
- Этнические меньшинства – 4,00
- Участники, не относящиеся к уязвимым группам – 3,60

Эти данные подтверждают предположение, что ИИ воспринимается как более безопасный и нейтральный инструмент среди уязвимых групп, особенно в контексте первичного обращения за психологической помощью.

Этические аспекты

Широкое внедрение искусственного интеллекта в сферу психологической поддержки сопровождается важными этическими вызовами. Ключевые аспекты включают предвзятость алгоритмов, вопросы конфиденциальности данных и ограниченность эмпатийных возможностей цифровых систем.

Результаты исследования подтверждают, что алгоритмы машинного обучения могут унаследовать социальные стереотипы, что влияет как на характер рекомендаций, так и на стилистическую окраску ответов [15]. Конфиденциальность личной информации пользователей остаётся одной из главных проблем: несмотря на доверительный характер обращений, механизмы защиты данных в цифровых платформах часто недостаточно прозрачны и надёжны [16].

Кроме того, ИИ демонстрирует признаки «эмоциональной стерильности» – ответов, лишённых сопереживания, что может снижать субъективное чувство поддержки и вовлечённости в диалог [11], [15]. Современные публикации подчёркивают необходимость системного осмысления этических последствий использования ИИ в области ментального здоровья, включая возможные риски усиления неравенства и цифровой стигматизации [9], [17]. Для преодоления этих вызовов необходима разработка этических стандартов и технических решений, способных минимизировать риски дискриминации и эмоционального отчуждения.

Рекомендации

1. Разработка адаптивных алгоритмов с учётом культурной и социальной чувствительности. Внедрять механизмы стилистической и эмоциональной адаптации ИИ к запросам пользователей из разных социокультурных групп, особенно в мультиэтнических сообществах.

2. Введение этических протоколов взаимодействия ИИ с уязвимыми категориями пользователей. Формализовать стандарты этико-деонтологического взаимодействия, запрещающие шаблонные рекомендации и дискриминацию по чувствительным темам (гендер, идентичность, психическое здоровье).

3. Проведение регулярного аудита ИИ-систем на наличие скрытой предвзятости. Организовывать междисциплинарные аудиты (психология, лингвистика, этика, ИТ) для выявления алгоритмической дискриминации и эмоциональной отстранённости.

4. Разработка ИИ-платформ с акцентом на первичную помощь и самопомощь. Создавать специализированные цифровые инструменты для первичного психологического обращения в регионах с ограниченным доступом к квалифицированной помощи.

5. Образовательные инициативы по эффективному взаимодействию с ИИ. Популяризировать цифровую грамотность и развивать навыки критического и рефлексивного общения с ИИ.

6. Интеграция ИИ в профессиональную практику психологов как вспомогательного инструмента. Использовать ИИ для сбора первичной информации, генерации интерпретаций и мониторинга состояния при сохранении ведущей роли человека-специалиста.

7. Усиление институциональной поддержки психологии в странах СНГ. Преодолевать стигматизацию обращения за психологической помощью и развивать гибридные модели сопровождения с участием ИИ.

Заключение

Целью настоящего исследования был анализ потенциала и ограничений использования искусственного интеллекта в сфере психологической поддержки, с фокусом на восприятие эмпатийности и предвзятости ИИ со стороны представителей социально уязвимых групп в Республике Казахстан.

Полученные данные показали, что ИИ воспринимается респондентами – особенно женщинами, представителями ЛГБТК+ и этнических меньшинств – как относительно безопасный и менее стигматизирующий канал самовыражения в сравнении с традиционной

психотерапевтической помощью [1], [2], [3]. Это связано, прежде всего, с доступностью, анонимностью и отсутствием оценки со стороны ИИ.

В то же время фиксируется наличие скрытой алгоритмической предвзятости, выражающейся в стилистической нейтральности и эмоциональной отстранённости ответов [5], [6], [10]. Эти характеристики снижают субъективное ощущение поддержки и требуют разработки более адаптивных и этически обоснованных решений в сфере цифровой психологии [7], [11].

Несмотря на ограниченность эмпатийных механизмов, ИИ может быть использован как дополнительный ресурс, особенно в странах СНГ, где сохраняются институциональные и культурные барьеры в доступе к психологической помощи. Будущее за интеграцией ИИ в гибридные модели поддержки с обязательным соблюдением норм этики, конфиденциальности и междисциплинарного контроля [4], [8], [9]. ИИ воспринимается уязвимыми пользователями как безопасная альтернатива традиционной терапии, особенно на этапе первичного обращения. Однако дефицит эмпатии и алгоритмическая нейтральность требуют улучшения цифровых систем [5], [6], [10]. Перспективным направлением является создание гибридных моделей, сочетающих цифровые технологии с человеческим участием [7], [11].

Литература

1. Personalization and Ethical Concerns in AI-Driven Psychotherapy // Clinical Psychology Review. – 2024. – P. 45–62
2. De Choudhury M., Kiciman E. Bias and fairness in AI for mental health // Proceedings of the ACM SIGCHI Conference on Human Factors in Computing Systems. – 2022. – P. 1123–1134
3. Is Empathy the Missing Link in AI's Cognitive Function? // Psychology Today. – 2024. – P. 22–27
4. Schueller S. et al. Digital tools and anxiety: A meta-review // Frontiers in Digital Health. – 2022. – Vol. 4, Article 853219
5. Ethical considerations in the use of artificial intelligence in mental health // SpringerOpen. – 2023. – P. 101–119
6. Ethical Considerations in Artificial Intelligence Interventions for Mental Health and Well-Being: Ensuring Responsible Implementation and Impact // MDPI. – 2024. – P. 381–402
7. Mundra A., Singh M. Affective response of LLMs to LGBT queries // Proceedings of the Ethics in NLP Workshop. – 2023. – P. 58–66
8. Keeping an AI on the mental health of vulnerable populations: reflections on the potential for participatory injustice // AI and Ethics. – 2024. – P. 203–217
9. Igali A., Abdrakhman A., Torekhan Y., Shamoi P. Tracking Emotional Dynamics in Chat Conversations // arXiv preprint. – 2024. – arXiv:2408.01838
10. Bender E.M., Gebru T., McMillan-Major A., Shmitchell S. On the dangers of stochastic parrots: Can language models be too big? // Proceedings of the ACM Conference on Fairness, Accountability, and Transparency (FAccT). – 2021. – P. 610–623

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ КӨМЕГІМЕН ТҰЛҒАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРДЫҢ ҮЛГІЛЕРІН ЖАСАУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ: ТҰЛҒА ПСИХОЛОГИЯСЫ МЕН НЕЙРОЖЕЛІЛЕР

Бақтыгерей М.Х.

Қадыр Мырза Әлі атындағы BINOM school мектеп-лицейі
Астана, Қазақстан

Бұл мақалада жасанды интеллект пен нейрожелілердің адамның тұлғалық ерекшеліктерін модельдеуде қолданылуы қарастырылады. Әлеуметтік желілердегі белсенділік, цифрлық іздер мен психометриялық сауалнамалар негізінде адамның мінез-құлқын болжауға мүмкіндік беретін алгоритмдер мен әдістер талданады. Сондай-ақ, мұндай модельдердің психология, білім беру және кадрлық басқару салаларында қолданылуы, этикалық мәселелері мен сенімділігі де назарда болады.

Түйінді сөздер: *тұлға, жасанды интеллект, нейрожелі, машиналық оқыту, мінез-құлықты болжау, психология*

В статье рассматриваются возможности и перспективы применения искусственного интеллекта (ИИ), в частности нейросетей, в моделировании личностных характеристик человека. Анализируются современные алгоритмы и методы машинного обучения, которые позволяют распознавать и прогнозировать поведение личности на основе данных социальных сетей, цифровых следов и тестовых опросников. Особое внимание уделяется вопросам этики, достоверности и практического применения таких моделей в психологии, образовании и HR.

Ключевые слова: личность, искусственный интеллект, нейросеть, машинное обучение, поведенческое прогнозирование, психология

This article explores the possibilities and prospects of using artificial intelligence (AI), particularly neural networks, in modeling human personality traits. The paper reviews current algorithms and machine learning methods that allow the recognition and prediction of individual behavior based on data from social media, digital footprints, and psychometric questionnaires. Special attention is given to ethical considerations, model reliability, and practical applications in psychology, education, and human resource management.

Keywords: personality, artificial intelligence, neural networks, machine learning, behavior prediction, psychology

Тұлға психологиясын зерттеу әрқашан психология саласындағы ең маңызды бағыттардың бірі болып саналған, себебі ол мінез-құлық, эмоциялар, қабылдау және мотивациядағы жеке ерекшеліктерді түсінуге бағытталған. Қазіргі заманғы технологияларды, әсіресе нейрожелілер мен жасанды интеллектіні қолдану, бұл салада жаңа мүмкіндіктерді ашады. Бұл бағыттағы ең перспективалы жолдардың бірі – тұлғалық сипаттамаларды модельдеу үшін жасанды интеллект алгоритмдерін жасау және қолдану.

Жалпы психологияның маңызды міндеттерінің бірі – бұл тұлғалық ерекшеліктерді объективті бағалауға, мінез-құлықты болжауға және тіпті тұлғалық сипаттамалардың өзгеру үдерістеріне араласуға мүмкіндік беретін құралдарды жасау. Бұл контексте нейрожелілерді қолдану психикалық және мінез-құлықтық сипаттамаларды тереңірек және дәл талдау жасау үшін бірегей мүмкіндіктер ұсынады.

Нейрожелілер үлкен деректерге негізделген адамның мінез-құлқын талдау және болжау үшін тиімді құралдарды жасауға мүмкіндік береді. Психологиялық теориялық модельдермен, мысалы, Big Five моделін қолдана отырып, жасанды интеллект тұлғаны, оның ерекшеліктерін және мінез-құлық заңдылықтарын диагностикалауда қуатты құралға айнала алады. Бұл технологиялар тек зерттеу жұмысында ғана емес, сонымен қатар медицина, білім беру және бизнес сияқты түрлі салаларда практикалық қолданым табады.

Ең танымал теориялардың бірі – Роберт Коста мен Рейман МакКрей ұсынған бес фактор теориясы (немесе НЕО-ОПН теориясы) [1, б. 45]. Бұл теорияға сәйкес, тұлға бес негізгі фактордан тұрады: нейротизм, экстраверсия, жаңа әсерлерге ашықтық, адалдық және келісім. Осы факторлар жеке тұлғалық сипаттамаларды өлшеуге көмектесетін көптеген психологиялық құралдардың негізін қалады. Сонымен қатар, Эрик Эриксонның жұмыстарын атап өту маңызды, ол тұлғаның дамуы белгілі бір кезеңдер арқылы жүзеге асатынын және әр кезеңде өзіне тән дағдарыстар мен міндеттер болатындығын атап өткен [2, б. 88]. Бұл кезеңдер тұлғалық сипаттамалардың қалыптасуына әсер етеді, олар кейінірек тұлғаны модельдеуге арналған үлгілерді жасау үшін қолданылуы мүмкін. Соңғы онжылдықтарда тұлға психологиясы жеке ерекшеліктерді диагностика және зерттеу үшін технологияларды қолдануға жиі жүгінуде. Дәстүрлі психодиагностикалық әдістер (мысалы, сұхбаттар мен тесттер) көбінесе шектеулі нәтижелер береді, ал жасанды интеллект пен нейрожелілер үлкен деректерді талдай отырып, адамның мінез-құлқындағы жасырын заңдылықтарды анықтауға қабілетті [3, б. 102].

Ең танымал тұлға теорияларының бірі – Big Five моделі, ол тұлғалық сипаттамалардағы жеке айырмашылықтарды сипаттайтын бес негізгі фактордан тұрады:

Тәжірибеге ашықтық – жаңа идеяларға, тәжірибелерге және шығармашылық тәсілдерге қызығушылық, зерттеушілік қасиет.

Жауапкершілік – ұйымдасуға, жауапкершілікке және өзін-өзі ұйымдастыруға ұмтылу.

Экстраверсия – әлеуметтік жағдайларда белсенділікке, қарым-қатынасқа және энергияға бейімділік.

Жақсылық – ынтымақтастыққа, төзімділікке және айналадағы адамдарға деген ізгі ниет.

Нейротизм – теріс эмоцияларға, алаңдаушылыққа, депрессияға және стресске бейімділік.

Big Five моделі психологияда тұлғалық сипаттамаларды бағалау үшін кеңінен қолданылады, ал оның әмбебаптығы мен қайта өндіруге қабілеттілігі оны ЖИ модельдерінде қолданыудың негізіне айналдырды.

Нейрожелілер мен жасанды интеллект тұлғаны және мінез-құлықты зерттеуге жаңа көзқарас ұсынады. Олар үлкен деректер көлемін өңдей отырып, дәстүрлі әдістермен анықталуы мүмкін емес заңдылықтарды анықтауға қабілетті. Бұл технологиялар мәтіндерді, суреттерді және бейнелерді талдау үшін, сондай-ақ әлеуметтік желілердегі хабарламалар, іздеу сұраулары және веб-сайттардағы мінез-құлық сияқты цифрлық іздер арқылы алынған ақпаратты өңдеу үшін қолданылуы мүмкін.

Big Five моделінің психологиядағы қолданылуы төмендегідей:

1. Психологиялық тесттер мен сауалнамалар: Big Five моделіне негізделген сауалнамалар мен тесттер тұлғаның әртүрлі аспектілерін бағалауға мүмкіндік береді. Мұндай тесттер жиі психологиялық диагностика мен зерттеулерде қолданылады, мысалы, жұмысқа қабылдау кезінде кандидаттардың тұлғалық қасиеттерін бағалау үшін.

2. Кәсіби даму және білім беру: Big Five моделі жеке тұлғаның кәсіби дамуында, оқуда және мансаптағы жетістіктерін болжауда маңызды құрал болып табылады. Бұл модель адамның жұмысына деген көзқарасын, өзінің жауапкершілігін, шығармашылық қабілеттерін және қоғаммен қарым-қатынасын бағалауға мүмкіндік береді.

3. Психотерапия және кеңес беру Тұлғалық қасиеттерді бағалау психотерапевттерге және кеңесшілерге пациенттің мінез-құлық ерекшеліктерін түсінуге және жеке түзетулер жасауға көмектеседі. Мысалы, жоғары нейротизм мен төмен экстраверсияның арақатынасы депрессия мен тревожды бұзылулармен байланысты болуы мүмкін, сондықтан оларды түзету үшін арнайы әдістер қолданылады.

4. Әлеуметтік қарым-қатынас: Big Five моделі әлеуметтік қарым-қатынастарды зерттеу мен түсінуде де пайдалы. Әлеуметтік ортада адамның мінез-құлқы мен өзара әрекеттесу сипаты осы бес фактордың өзара байланысына негізделеді.

Психологиялық модельдеу тапсырмалары үшін ең көп қолданылатындар:

- Рекуррентті нейрондық желілер (RNN) – мәтіндер мен хабарламалар тарихын талдау үшін (жүйелі деректерді өңдеу);

- Конволюциялық нейрондық желілер (CNN) – бейнелерді талдау кезінде (мысалы, селфи мен беттегі эмоцияларды анықтау);

- Трансформерлер (мысалы, BERT, GPT) – мәтінді семантикалық өңдеу үшін, посттардың лексикасын талдау сияқты тапсырмалар.

Машиналық оқыту алгоритмдері мен нейрондық желілер жеке қасиеттерді тиімді модельдеуге мүмкіндік береді, оларды дәстүрлі түрде басқа мақсаттар үшін (мысалы, маркетинг немесе жеке ұсыныстар жасау) қолданған. Психологияда бұл технологиялар адамның әртүрлі жағдайлардағы реакцияларын және мінез-құлқын болжау үшін қолданылуы мүмкін, бұл диагноз қою және терапияда жеке көзқарас жасауға жаңа мүмкіндіктер ашады.

Нейрондық желілерді пайдалана отырып тұлға моделін құрудағы негізгі міндет – желіні үлкен көлемдегі мәліметтер негізінде оқыту. Бұл мәліметтерге адамның мінез-құлқы, мәтіндік белсенділігі, физиологиялық көрсеткіштері және басқа да параметрлері кіреді. Мысалы, Big Five моделін пайдаланған бір зерттеуде нейрондық желі қатысушылардың мәтіндері мен сауалнама арқылы жиналған тұлғалық сипаттамалары негізінде оқытылған.

Тұлға моделін нейрондық желілер көмегімен құру үшін бірнеше әдіс қолданылады. Солардың бірі – классификация әдісі. Бұл әдісте деректер (мысалы, тест жауаптары) нейрондық желі арқылы талданып, тұлға түрлері айқындалады. Мұндай тәсіл адамның болашақтағы мінез-құлқы жөнінде нақты болжамдар жасауға мүмкіндік береді [4, б. 56].

Тағы бір әдіс – регрессиялық талдау, ол бір тұлғалық сипаттағы өзгерістердің басқа мінез-құлық аспектілеріне қалай әсер ететінін болжау үшін қолданылады.

Мысалы әлеуметтік желідегі хабарламалар немесе электрондық хаттар сияқты мәтіндерді талдау үшін бірнеше тәсіл қолданылады:

Лексикалық талдау – нейрондық желі мәтіндегі сөздерді, олардың жиілігін және контекстін талдау арқылы мәтіннің эмоционалдық реңкін бағалай алады.

Семантикалық талдау – нейрожелі сөйлемдердің мағыналық құрылымын интерпретациялау арқылы автордың мотивациясы мен ниетін түсінуге тырысады.

Тоналды талдау – табиғи тілді өңдеу әдістерін қолдану арқылы мәтіннің эмоционалдық реңкін анықтауға және экстраверсия немесе нейротизм сияқты тұлғалық ерекшеліктерді сипаттауға мүмкіндік береді [5, б. 122].

Сондай-ақ кездесетін этикалық және практикалық қиындықтар

Деректердің құпиялылығы: Бірінші қиындықтардың бірі – жеке деректердің құпиялылығын сақтау, себебі тұлғалық ерекшеліктерді талдау үлкен көлемдегі жеке ақпаратқа қол жеткізуді талап етеді.

Модельдердің шектеулілігі: Нейрожелілер пайдалы ақпарат бере алатын болса да, олар әлі де адамның психологиясын түсіну қабілеттері шектеулі, әсіресе тұлғаның күрделі және көп қырлы факторларын қарастырғанда. [6, б. 134].

Адам факторы: Жасанды интеллект көмек көрсете алатын болса да, психотерапевттің рөлі кеңес беру процесінде өзгермейді. Нейрожелі адамның эмоционалдық және психологиялық процестерін толық түсіне алмайды [7, б. 67].

ИИ модельдері адамның бұрынғы әрекеттеріне негізделген мінез-құлықты болжау үшін қолданылуы мүмкін. Бұл алгоритмдер нақты жағдайларда адамның мінез-құлқын қамтитын деректерге (мысалы, стресстік жағдайларда оның реакциясы немесе басқа адамдармен өзара әрекеттесуі) үйренеді. Мінез-құлық, эмоциялар және науқастың әртүрлі әдістерге реакциясы туралы деректерді талдау арқылы психологиялық жағдайды жақсартуға арналған оңтайлы тәсілдер ұсынылады. [8, б. 33].

Адамның стресстік жағдайларға реакциялары туралы деректерді (мысалы, мәтіндердегі өзгерістер немесе фотосуреттерге эмоционалдық реакциялар) пайдалана отырып, нейросеть осы адамның болашақта қалай жауап беретінін болжауы мүмкін. Бұл психотерапевтік практикада өте маңызды, өйткені терапевтік араласуларға немесе адамның өміріндегі өзгерістерге қалай жауап беретініне болжау жасау қажет. Нейросет моделдері тұлғаның белгілі бір жағдайларда мінез-құлқын болжай отырып, сәйкес түзету шараларын ұсынуы мүмкін. Бұл әсіресе тұлғалық бұзылыстары бар адамдар үшін маңызды, өйткені мінез-құлықтың жеке ерекшеліктерін түсіну терапия нәтижелерін айтарлықтай жақсарты алады [9, б. 77].

Цифрлық мінез-құлық пен тұлғалық қасиеттер арасындағы байланыс зерттеу үшін машинамен оқыту алгоритмдерін қолдана отырып эмпирикалық зерттеу жүргізілді.

Зерттеуге 200 адам қатысты, олардың қатарында студенттер, жұмыс істейтін мамандар және егде жастағы адамдар болды. Қатысушыларға Big Five моделі бойынша тұлғалық қасиеттерін анықтайтын тесттер ұсынылды. Кейін олардың әлеуметтік желідегі белсенділігі талданды, оған хабарламалар жиілігі, контент түрі (мысалы, мәтіндік жазбалар, фотосуреттер, бейнематериалдар), сондай-ақ олардың эмоционалдық реңкі кірді.

Деректерді өңдеу үшін Python тілі мен машинамен оқытуға арналған кітапханалар (мысалы, scikit-learn, TensorFlow) қолданылды. Мәтіндік деректерді талдау үшін NLP (Natural Language Processing – табиғи тілді өңдеу) алгоритмдері пайдаланылды, ал эмоцияны талдау құралдары контенттің эмоционалдық реңкін анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу жұмысының нәтижелері

1-кесте. Тұлғалық сипаттар мен цифрлық мінез-құлық арасындағы корреляция

Тұлғалық қасиет	Жарияланымдар саны (орташа/күн)	Белсенділік уақыты (сағат/күн)	Хабарламалардың эмоционалдық реңкі
Экстраверсия	8,3	5,2	Көбінесе позитивті, көтеріңкі көңіл-күй
Нейротизм	4,1	6,0	Жиі негативті, алаңдаушылық пен стресс байқалады
Ашықтық (жаңалыққа ашықтық)	6,7	4,8	Креативті, бейтарап немесе позитивті
Жауапкершілік	5,5	3,9	Реттелген, бейтарап реңктер
Ынтымақтастық	5,9	4,2	Жылы, қолдаушы, достық сипаттағы

Ең жоғары корреляция экстраверсия мен әлеуметтік желідегі белсенділік арасында байқалды. Бұл экстраверттердің интернетте өз ішкі дүниесін көрсетуге, жиі жарияланымдар

жасауға және қарым-қатынасқа бейім екенін растайды. Керісінше, нейротизм деңгейі жоғары адамдар эмоционалды реңкі айқын жазбалар жариялауға бейім келеді, бұл олардың күйзеліске ұшырағанын немесе эмоционалдық тұрақсыздық жағдайында екенін көрсетуі мүмкін.

Тұлға психологиясында нейрожелілерді қолданудың артықшылықтары мен қиындықтары

Автоматтандыру және ауқымдылық: Нейрожелілер үлкен көлемдегі деректерді өңдеп, тұлғалық ерекшеліктерді модельдеуге мүмкіндік береді. Бұл дәстүрлі әдістермен мүмкін емес.

Болжам дәлдігі: Адам мінез-құлқын болжауда жасанды интеллектті пайдалану арқылы диагноздың дәлдігін едәуір арттыруға болады.

Жекелендірілген тәсіл: Жасанды интеллект әр адамның тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, жеке терапиялық бағдарламаларды құруға мүмкіндік береді.

Этика және құпиялылық: Жеке мәліметтерді өңдеу барысында құпиялылық пен жеке ақпаратты қорғау мәселелері туындайды.

Сапалы деректер қажеттілігі: Жасанды интеллект модельдері деректер сапасына тәуелді. Бұл ақпаратты жинау мен талдау кезінде жоғары дәлдікті қажет етеді.

Адам факторы: Технология жетістіктеріне қарамастан, жасанды интеллект психологтың орнын толық алмастыра алмайды, және оның кеңес беру процесіндегі рөлі маңызды болып қала береді.

Қорытындылай келе, тұлға психологиясында нейрожелілер мен жасанды интеллектіні (ЖИ) қолдану – адам мінез-құлқын талдау мен болжаудағы маңызды қадам болып табылады. Бұл технологиялар адамның ішкі әлемі туралы жаңа ақпарат көздеріне жол ашып, жеке айырмашылықтар, мотивация мен эмоциялық реакцияларды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Болашақта нейрожелілер жекелендірілген психотерапияда, сондай-ақ дәлірек әрі бейімделгіш диагностикалық модельдерді құруда шешуші рөл атқаруы мүмкін. ЖИ психологтың көмекшісіне айналып, диагностика үдерісін жеделдетуге, ең тиімді араласу стратегияларын ұсынуға және өзгерістер динамикасын бақылауға көмектеседі.

Алайда бұл технологияларды қолдануда жауапкершілікпен қарау аса маңызды. Жеке деректерді қорғау, алгоритмдердің ашықтығы мен кәсіби этиканы сақтау үшін нақты нормативтік шеңбер қажет. Сонымен қатар, шешім қабылдауда алгоритмдерге толық тәуелділіктің алдын алу керек – психологиялық көмек көрсету орталығында адам болуы тиіс. Осылайша, жасанды интеллект пен нейрожелілерді тұлға психологиясына енгізу – ғылым мен практиканы байытатын болашағы зор бағыт. Бірақ бұл процесс барлық этикалық, құқықтық және әдістемелік стандарттарды сақтай отырып жүзеге асырылуы қажет.

Әдебиеттер

1. Неверович И.М. (2017). Тұлға психологиясы: теория және тәжірибе. Мәскеу: Академиялық жоба.
2. McCrae R.R., & Costa, P.T. (2004). NEO бес факторлы сауалнамасын қайта қарастыру. Психологиялық бағалау, 16(3), 480–494.
3. Эриксон Э.Х. (1963). Балалық және қоғам. Нью-Йорк: Norton & Company.
4. Виханский О.С., & Наумов, А. И. (2009). Менеджмент: теория және тәжірибе. Мәскеу: Инфра-М.
5. Гульданова М.В. (2020). Тұлға психологиясындағы нейрожелілік талдау мен болжау модельдері. Психологиялық зерттеулер, 11(2), 134–146.
6. Костюк Г.С. (1980). Тұлға психологиясы: теориялық және эмпирикалық зерттеулер. Киев: Ғылыми ой.
7. Иванов А.Б. (2018). Нейрожелілік технологиялардың негіздері және олардың әлеуметтік ғылымдарда қолданылуы. Санкт-Петербург: Питер.
8. Тьюринг А. (1950). Есептеу машиналары және интеллект. Mind, 59(236), 433–460.
9. Ковалева Е.Ю. (2019). Психотерапияға жасанды интеллектті енгізу: мүмкіндіктері мен шектеулері. Психология журналы, №4, 115–124.

АДАМ САНАСЫН МАНИПУЛЯЦИЯЛАУ АРҚЫЛЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ӘСЕРІ: XXI ҒАСЫРДЫҢ ГУМАНИТАРЛЫҚ СЫН-ҚАТЕРІ

Джумагулова Г.Ш., Иманова К.А., Тумабаева Ж.С.

Орталық Азия инновациялық университеті,
Шымкент, Казахстан

Зерттеу барысында әлеуметтік және жеке деңгейде нейрожелілердің әсерін бағалау үшін пәнаралық тәсіл қолданылып, компоненттік және салыстырмалы талдау әдістері пайдаланылды. Зерттеу нәтижелері әлеуметтік желілер арқылы қоғамдық санаға ықпал ететін лингвокогнитивтік манипуляцияның қарқынды жүріп жатқанын көрсетті. Жасанды интеллекттің шексіз мүмкіндіктері тұлғаның шығармашылық әлеуетін төмендетіп, шынайы болмысты ұғыну қабілетін әлсіретіп, нәтижесінде сананы басқаруға алып келуі мүмкін. Бұл зерттеу жасанды интеллекттің гуманитарлық қауіптерін түсінуге және оның қолдану аясын шектеу әдістемесін әзірлеуге үлес қосады.

Түйінді сөздері: жасанды интеллект (ЖИ), гуманитарлық мәселе, манипуляция, манипуляциялық әсер, нейрондық желілер

В исследовании использовался междисциплинарный подход и методы сравнительного анализа для оценки воздействия нейросетей на социальном и индивидуальном уровне. Результаты исследования показали, что лингвокогнитивные манипуляции, которые способствуют общественному сознанию через социальные сети, идут полным ходом. Безграничные возможности искусственного интеллекта могут снизить творческий потенциал личности, ослабить способность понимать истинное существо и, как следствие, привести к управлению сознанием. Это исследование способствует пониманию гуманитарных угроз искусственного интеллекта и разработке методологии ограничения его области применения.

The study used an interdisciplinary approach and used methods of component and comparative analysis to assess the impact of neural networks at the social and individual levels. The results of the study showed that linguistic and cognitive manipulations that promote public awareness through social media are in full swing. The limitless possibilities of artificial intelligence can reduce the creative potential of a person, weaken the ability to understand the true being and, as a result, lead to mind control. This research contributes to understanding the humanitarian threats of artificial intelligence and developing a methodology for limiting its scope.

XXI ғасырдың алғашқы үштен біріндегі жаһандық трансформациялар дәуірінде жасанды интеллекттің адам санасына әсер ету мүмкіндіктерін зерттеу мәселесі ғылыми қауымдастықтың назарын барған сайын көбірек аударып отыр. Ақпараттық кеңістікті бақылау мен қоғамдық санаға ықпал ету технологиялары барған сайын жетіліп, жасанды интеллект құралдарының көмегімен адамның санасын манипуляциялау тетіктері күрделеніп барады.

Біздің зерттеуіміздің мақсаты – жасанды интеллект технологияларын адамның жеке және ұжымдық санасына ықпал етудің құралы ретінде талдау. Бұл контекстте ұсынылатын гипотеза – жасанды интеллекттің қарқынды дамуы адамзат алдында экзистенциалдық сипаттағы жаңа сын-қатерлерді туындатуы мүмкін. Атап айтқанда, жасанды интеллекттің түрлі әлеуметтік салаларда кеңінен енгізілуі адамның ерік-санасына, шешім қабылдау автономиясына, тіпті оның когнитивтік әлеуетіне қауіп төндіруі ықтимал. Бұл технологиялар адамның құзыреттерін ығыстырып, оны тәуелді субъектке айналдыру қаупін тудырады.

Аталған мәселе Ресейлік және шетелдік зерттеушілер тарапынан белсенді зерттеліп келеді. Атап айтқанда, Т.В. Черниговская, В.А. Лекторский, Д.И. Дубовский, Дж. Фодор, Т. ван Дейк сынды ғалымдардың еңбектерінде адамның когнитивтік жүйесі мен жасанды интеллекттің өзара әрекеттесуінің философиялық, психологиялық және лингвистикалық аспектілері терең қарастырылады. Сондай-ақ, бұл тақырыпқа арналған келесі еңбектер назар аударуға тұрарлық: «Ғылым үшін жасанды интеллект және жасанды интеллект үшін ғылым» атты мақала («Философия сұрақтары», 2022; авторлары: К.В. Анохин, К.С. Новоселов, С.К. Смирнов, А.Р. Ефимов, Ф.М. Матвеев), И.М. Дзялошинскийдің «Жасанды интеллект: гуманитарлық перспективасы» («Вестник НМУ», 2022), сондай-ақ «Адам және жасанды интеллект жүйелері» атты ғылыми жинақ (2022 ж.).

Дегенмен, жасанды интеллекттің адам санасын манипуляциялаумен байланысты мәселелері әлі де терең және жан-жақты зерттеуді қажет етеді, бұл өз кезегінде ғылыми қауымдас-тықтың мұқият назарын талап етеді. Бұл зерттеудің өзектілігі де дәл осы тұста – жасанды интеллект арқылы манипулятивтік ықпал ету механизмдерін мұқият зерделеудің қажеттілігіне баса назар аударылады. Жұмыстың теориялық және әдіснамалық негізі – нейрондық желі-лердің адамға әсер етуіндегі күрделі механизмдерді түсіну. Бұл тұжырымдама Т.В. Чернигов-скаяның Р. Джекендоффтың f-mind идеясына сүйене отырып жасаған талдауларына негіздел-ген. Аталған тұжырымдамада "мидың контекстіне сәйкес келетін нейрондық желілердегі бел-гілі бір комбинацияларды табиғи тіл арқылы кодтау қабілеті" адамның когнитивтік құрылым-дары мен сыртқы әлем арасындағы көпір ретінде сипатталады [8, 32-б.]. Осыған байланысты сұрақ туындайды: бұл құралдарды жасанды интеллект жүйесінде белгілі бір комбинация-ларды кодтау үшін қолдануға бола ма және егер "күшті" ЖИ мүмкіндіктерін пайдалансақ, бұл қандай салдарға әкелуі мүмкін? Зерттеудің мақсаты мен сипаты (зерттеу гипотезасын негіз-деу) – жасанды интеллекттің қоғам мен жеке тұлғаға манипуляциялық әсер ету ерекшеліктерін талдау болып табылады. Осыған байланысты пәнаралық тәсілді қолдану орынды деп танылды, ол нейрондық желілер арқылы жасалған мәтіндерді талдау үшін контекстік, компоненттік және салыстырмалы талдау сияқты әдістерді қолдануға мүмкіндік берді

Қазіргі әлемдегі манипуляция ерекшеліктері

Тарихқа көз жүгіртсек, қоғамдық сананы манипуляциялау – бүгінгі заманның ғана емес, бұрыннан қалыптасқан саяси-психологиялық құралдардың бірі екені анық. Бұл құбылысты Ирак, Ливия, Югославия және қазіргі Украинадағы оқиғалардан көруге болады. Мысалы, АҚШ пен НАТО елдерінің әскери әрекеттері кезінде өз халқының қоғамдық пікірін қалыптастыру үшін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы "демократияны орнату", "бостандық пен теңдік идеяларын тарату" сынды риторика жиі қолданылды. Яғни, манипуляция тек "жауға" емес, өз азаматтарына да бағытталды.

Қазіргі ақпараттық қоғамда орын алып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер адамның тек мінез-құлқына ғана емес, сонымен қатар танымдық қабілеттеріне де әсер етеді. Бұл үрдістер жеке тұлғаның және тұтастай алғанда қоғамның санасын қалыптастырып, оны басқару механизмдерімен тығыз байланысты. ХХІ ғасырда бұл процестердің дәстүрлі тәсілдермен қатар, жасанды интеллекттің көмегімен жүзеге асырылу қаупі артып отыр.

Осы контексте "өз - бөтен" оппозициясы ерекше маңызға ие, себебі ол саяси-идеологиялық және когнитивтік құрылымдарда жиі қолданылады. Мысалы, 2014 жылғы Украинадағы мемлекеттік төңкерістен кейінгі медиа және желілік дискурстың интердискурсивті кеңістігін зерттеу нәтижелері қоғамдағы терең иеліктен шығу процесін көрсетеді. Бұл үдеріс Ресей мен Украинаның тарихи байланысқан халықтарын идеологиялық тұрғыдан бөлуге бағытталған әрекеттердің негізінде жүзеге асты. Соның нәтижесінде Ресейдің бейнесі "жау" ретінде қайта құрылып, бұл үрдіс Еуропаның бірқатар елдерінде руссофобиялық риторикамен нығая түсті, әсіресе арнайы әскери операция басталғаннан кейін.

А.А. Хабаровтың 2017 жылғы зерттеуі бойынша, Украинадағы жастарға жүргізілген сауалнама нәтижелері украин қоғамының когнитивті-психологиялық құрылымына бағытталған медиа ықпалдың тиімділігін көрсетеді. Сауалнамаға қатысқан 2000 респонденттің 61%-ы Ресейді шығыс Украинадағы қақтығыстардың басталуына жауапты деп санаса, 60%-ы Украинаның ЕО-ға кіруін қолдаған, ал 91%-ы әлеуметтік желілерді тұрақты пайдаланатынын көрсеткен [7, 72-82 бб.].

Бұл нәтижелер – украин медиасы мен әлеуметтік желілердің лингвокогнитивті манипуляция әдістерін жүйелі қолдануының айқын көрінісі. Әлеуметтік желілер тек ақпарат алмасу құралы ғана емес, сонымен қатар қоғамдық санаға ықпал етудің қуатты әлеуметтік-саяси құралына айналды. Біз әлеуметтік желілерді қоғамдық сананы манипуляциялаудың кең мүмкіндіктерін ұсынатын платформа ретінде қарастырамыз. Олар әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы адамдардың ой-санасына ықпал етумен қатар, жасанды интеллект арқылы бұл ықпалдың ауқымын шексіз кеңейте алады.

Жасанды интеллектті жетілдіру саласындағы эксперименттер

Жасанды интеллект мүмкіндіктері. Біздің зерттеуіміздің мақсатын толыққанды жүзеге асыру үшін «гуманитарлық проблема» ұғымының мәнін ашып алу маңызды. Бұл – адам дамуының түрлі салаларында туындайтын қайшылықтар мен қиындықтарға, сондай-ақ адамның құқық-тары мен негізгі қажеттіліктерінің бұзылуына байланысты күрделі әлеуметтік, экономикалық

және саяси сипаттағы мәселелер. Мұндай проблемалар білім беру, денсаулық сақтау, қауіпсіздік, теңдік, қоршаған орта және басқа да өмірлік маңызды салалармен тығыз байланысты.

«Жасанды интеллект туралы түсіндірме сөздікке» сәйкес, жасанды интеллект – дәстүрлі түрде адамның ерекше құзыреті болып саналатын шығармашылық функцияларды орындай алатын интеллектуалды жүйелердің қасиеті болып табылады.

Қазіргі ғылыми әдебиетте (Т.В. Черниговская, Д.И. Дубровский, В.А. Лекторский, Ф. Джонсон-Лэйрд және т.б.) жасанды интеллекттің екі негізгі формасы атап көрсетіледі. Біріншісі – «әлсіз» жасанды интеллект (weak AI), ол шектеулі мүмкіндіктерге ие және көбінесе адамның күнделікті уақытын алатын қызметтерді автоматтандыруға бағытталған (мысалы, мәліметтер базасын өңдеу, машиналық аударма және т.б.). Екіншісі – «күшті» жасанды интеллект (strong AI), ол өз бетінше мақсат қоя алатын, үйренуге және шешім қабылдауға қабілетті, адамнан тәуелсіз интеллектуалды жүйе.

Біздің ойымызша, осындай күшті жасанды интеллекттің дамуы ХХІ ғасырдағы адамзат үшін елеулі гуманитарлық қатер төндіреді, өйткені ғылым жетістіктері әрқашан бейбіт мақсатта қолданыла бермейді және қоғамдық сананы манипуляциялау құралына айналуы мүмкін.

А. Чичулин нейрондық желіні «мәліметтер арасындағы күрделі заңдылықтарды анықтайтын және талдайтын, үйрену қабілетіне ие, оқиғаларды болжайтын және шешім қабылдай алатын модель» ретінде сипаттайды [9, 9-б.].

Жасанды интеллектті жетілдіруге бағытталған (AGI – Artificial General Intelligence) эксперименттер әртүрлі бағыттарда жүргізіліп келеді және олардың кейбірі бір-біріне қайшы сипатқа ие. Мәселен, MIT Media Lab мамандары әлемдегі алғашқы психопатиялық нейрондық желіні жасап шығарды. Бұл нейрондық желі «Психо» романының кейіпкері Норман Бейтс есімімен «Норман» деп аталды. Эксперимент барысында нейрондық желіге тек өлім, зорлық-зомбылық, қирау сынды мазмұндағы ақпараттар ұсынылды. Соның салдарынан жүйе маниакальды-психопатиялық бейнелерге бейімделіп, бейтарап бейнелерден де өлім көріністерін «тани» бастады.

Бұл эксперимент интернеттегі ақпарат ағындарының жасанды интеллект пен адамның психикасына қалайша теріс әсер етуі мүмкін екенін көрсетуге бағытталған. Біздің пікірімізше, бұл тәжірибе жасанды интеллекттің адамның психикасына манипуляциялық ықпал ету мүмкіндіктерін айқын дәлелдеді. Бастапқыда нейрондық желі – таза тақта (tabula rasa) секілді, яғни оның эмоциясы, еркі немесе құндылықтары болмайды. Алайда «Норман» мысалы көрсеткендей, егер жасанды интеллект белгілі бір бағытта «оқытылса», ол адамға қауіп төндіретін «білім» иесіне айнала алады, себебі онда моральдық-этикалық шектеулер жоқ.

Сондықтан жасанды интеллект пен нейрондық желілер бастапқыда адамзаттың интеллектуалды жетістігі ретінде пайда болса да, даму барысында өз жасаушысынан асып түсуі мүмкін. Бұл мәселеге байланысты Д.И. Дубровский: «AGI модельдерін құру үшін гносеология ережелері, когнитивті процестердің негіздемелері, субъективті шындықтың құндылық-семантикалық құрылымдарын және сананың нейроғылымдық зерттеу нәтижелерін есепке алу қажет» – деп атап өтеді [2, 100-107-бб.].

Дж. Фодордың айтуынша: «Біздің ақыл-ойымыз қазіргі әлеммен күресу үшін жеткілікті дамымаған». Бұл пікір жасанды интеллекттің адамзатпен салыстырғанда қаншалықты басым болуы мүмкін екенін меңзейді.

Жасанды интеллект пен нейрондық желілерді қоғамдық пікірді қалыптастыру құралы ретінде қолдану – бүгінгі таңда жиі кездесетін тәжірибе. Біз бұған жоғарыда келтірілген әлеуметтік сауалнама мысалдары арқылы көз жеткіздік. Мұндай жағдайларда қоғамдық пікір жасанды интеллекттің әсерімен қалыптасып, соның нәтижесінде қоғамдық сана да манипуляцияға ұшырайды.

Илон Маск бұл қауіпке қатысты былай деп атап көрсетеді: «Ұзақ мерзімді келешекте жасанды интеллект автономды бола алады және әлемді басқара алуы мүмкін. Бірақ қысқа мерзімде ол саясаткерлердің сіздің не ойлайтыныңызды бақылау және өзге пікірлерді тоқтату үшін қолданатын құралына айналады. Бұл, әсіресе, сайлау секілді маңызды саяси оқиғалар қарсаңында демократиялық жүйелерге үлкен қатер төндіреді».

Манипуляцияның ерекшелігі жасанды интеллект.

Жасанды интеллект тарапынан болатын манипуляция мәселесін зерттеу – пәнаралық сипатқа ие, мұнда когнитивті компонент негізгі талдау тірегінің бірі ретінде қарастырылады.

Тіл мен сана арасындағы байланыс, социумды концептуализациялау мен категориялау үдерістері, сондай-ақ тілдің қоғамға әсер ету формаларын түсіну – адамның санасына әсер етудің негізгі механизмдері болып табылады.

Мысал ретінде, түрлі жасанды интеллект бағдарламалары өзекті әлеуметтік-саяси мәселелер бойынша жасаған мәтіндерді атауға болады. Бұл мәтіндерді талдау барысында ақпараттың біржақтылығы мен тарихи фактілердің бұрмалануы айқын көрінеді. Осындай контент, әсіресе, ағылшын тілді интернет кеңістігінде жиі кездеседі, онда жаңалықтар мен деректер көбінесе жасанды интеллект арқылы Түйінді сөздер негізінде генерацияланады, әзірлеушілердің субъективті пікірлерін сіңіреді. ЖИ жасайтын ақпараттың шынайылығын тексеру міндеті қарастырылмаған. Бұл – жалған ақпараттың таралуына жағдай жасап, адамдардың өтірік пен ақиқатты ажырату қабілетіне әсер етеді. Әсіресе, миы манипуляцияға бейім жас буынға бұл қауіп жоғарырақ.

Т. Ван Дейк идеологияны когнитивті жүйе ретінде түсіндіре отырып, оның қоғамның әртүрлі топтарының әлеуметтік репрезентацияларын қалыптастырудағы рөлін атап өтеді. Бұл жүйе адамдардың сөйлеу әрекеті мен санасына жанама түрде әсер етудің құралына айналады. Бұл тәсілді жасанды интеллектті әзірлеушілер қоғамдық пікірді қалыптастыру мақсатында кеңінен қолдануда.

Жасанды интеллекттің мәтіндерді тез (кейде 5–10 секунд ішінде) жасап беруі – ыңғайлы көрінгенімен, ол ойлауды, танымды, логикалық ойлау дағдыларын жаттықтыруды алмастыра алмайды. Адам баласы ойлану қажеттілігінен бас тартып, санасының ЖИ арқылы манипуляцияға түсу қаупіне тап болады. В.А. Лекторскийдің сөзінше: «Цифрландыру көптеген пайда әкелсе де, ол адам болмысына қауіп төндіруі мүмкін» (4, 29-б.).

Бұл құбылыстың түп-төркіні – виртуалды кеңістіктегі жасанды интеллект платформаларының тілдік және когнитивтік манипуляцияны жүйелі түрде жүзеге асыруында. Олар тек ақпарат алмасу құралы емес, сондай-ақ әлеуметке, саяси санасына ықпал ететін қуатты құралға айналып отыр. Ең қауіптісі – адамның өзі осы жүйелерді үйретіп, шексіз мүмкіндік беріп отырғаны. Бір дерек бірнеше түрлі платформадан қайталанса, адам оны шындық деп қабылдайды, ал сыни ойлауға деген қажеттілік төмендейді.

Бүгінгі таңда Z буыны – «Мен» физикалық өмірде өмір сүрсе де, «цифрлық Мен» тек желідегі ақпаратпен өмір сүреді. Олар үшін интернеттегі мәлімет жалғыз ақиқат көзіне айналған. Тіпті, $2+2=4$ екенін дәлелдеу міндетті емес деп есептейді, өйткені ол интернетте былай жазылмаған. Бұл – қауіпті үрдіс.

Қазіргі уақытта компьютерлік жасанды бейнелер (CGI) кеңінен таралуда. Олар танымал актерлер мен актрисалардың электрондық көшірмелері арқылы жасалады және олардың атымен (жиі бұрмаланған түрде) кез келген мәліметті тарата алады. Бұл – қоғамдық пікірді манипуляциялаудың мүлде жаңа сатысы.

Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар ойлау құралы. Адам – Homo sapiens қана емес, Homo loquens, яғни тілді қолданатын тіршілік иесі. Умберто Эко айтқандай, "біз тілге баттық, оған түбегейлі тәуелдіміз" [6, 675–686-бб.]. Алайда қазіргі жағдайда адам Homo sapiens-тен Homo insipiens-ке айналу қаупінде тұр – яғни, өз қолымен жасаған технологияны түсінбей, сол арқылы өз болмысын жоятын тіршілік иесіне айналуға.

Жасанды интеллект гуманитарлық мәселе ретінде.

Қазіргі таңда білім беру саласында жасанды интеллектті кеңінен қолдану – атап айтқанда, мектеп оқушылары мен студенттердің үй тапсырмаларын орындауда, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен дипломдық жобалар жазуда ЖИ-ке сүйенуі – болашақта қайғылы салдарға әкелуі мүмкін. Мұндай жағдайда білім сапасы туралы толыққанды сөз қозғау қиын. Бұл үрдіс біз қандай ұрпақ – қандай «жаңа Аристотельдер» өсіріп жатқанымыз жөнінде ойлануға мәжбүр етеді.

В.Л. Макаров бұл мәселе жөнінде былай деп атап көрсетеді: «Жасанды интеллект және, тиісінше, жасанды қоғам – теориялық тұрғыдан алғанда – адам мен адамзат қоғамының толық баламасы бола алмайды. Сананы тек есептеу тәсілі арқылы түсіндіру мүмкін емес» [5, 68-б.]. Бұл – жасанды интеллекттің адамның ішкі рухани әлемін, оның ерік-жігері мен этикалық таңдауларын толықтай модельдей алмайтындығы туралы маңызды ескерту.

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы технологиялық серпілістер жаңа міндеттерді алға тартты: қоғамның тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін біз, ең алдымен, жасанды интеллектпен қатар өмір сүруді үйренуіміз қажет. Бұл үдеріс әсіресе гуманитарлық ғылым өкілдерінің, соның ішінде лингвистердің назарын талап етеді. Себебі жасанды интеллекттің бақылаусыз дамуы мәдени және әлеуметтік апаттарға алып келуі әбден мүмкін.

Ғалымдардың пікірінше, жасанды интеллект – бұл адамның танымдық процестерін имитациялайтын технологиялық шешімдер жиынтығы. Ол техникалық дамудың қандай деңгейінде болмасын, адам әрекетінің жалғасы ретінде қарастырылады [1]. Алайда, бұл құрал адамның мінез-құлқындағы осал тұстарды анықтап, соларды пайдалана отырып шешім қабылдауына әсер етуі мүмкін. Мұндай қабілет, әрине, сананы манипуляциялау қаупін тудырады.

Ғылыми ортада, сондай-ақ жетекші бағдарламашылар, физиктер және информатиктер арасында жасанды интеллектке қатысты заңнамалық базаны нақты және байыпты түрде қалыптастыру қажеттілігі жөнінде ортақ пікір бар. Себебі жасанды интеллект әзірлеу мен қолдану үдерістерінде ашық дереккөздер арқылы таратылатын бағдарламалық модульдер (нейрожелілерге арналған) белгілі бір қауіп тудырады. Бұл модульдер жиі жеткіліксіз тексеріледі, олардың құрамында қате кодтар кездесуі мүмкін, ал бұл өз кезегінде қауіпсіздік тұрғысынан аса маңызды мәселелерге себеп болады.

Жасанды интеллекттің тудырып отырған гуманитарлық қауіптері қазіргі таңда өзекті мәселе болып отыр және бұл қауіптер алдағы уақытта да бақылауда ұсталуы тиіс деп сенеміз. Себебі жасанды интеллект өздігінен тілдік модель жасамайды – ол бастапқыда адам жасаған құрылымдарға сүйенеді. Осыған байланысты жасанды интеллект адамның білімін толық басқара алмайды және оны толығымен алмастыра алмайды (бұл тұжырым Н.О., А.З. тарапынан атап көрсетілген болатын).

Бұл жағдай лингвистер мен филологтардың алдына маңызды міндет қояды: олар кез келген жағдайда адами құндылықтарды бұрмаламайтын, сондай-ақ жасанды интеллект пайымдарын сенімді, түсінікті деңгейге шығара алатын тілдік қатынас үлгілерін жасауға атсалысуы қажет. Зерттеушілердің пікірінше, жасанды интеллект ғылымда жасырын заңдылықтарды анықтауға, қосымша сипаттамалар мен құрылымдарды ұсынуға, тіпті жаңа тілдер мен пән-аралық бағыттар негізінде жаңа ғылымдардың қалыптасуына ықпал ете алады [3, 93–105-бб.].

Алайда, жасанды интеллекттің өнімділігін қадағалауға арналған нақты құқықтық және этикалық база болмаған жағдайда, бұл технология адамзат үшін қауіпті бола алады. Жоғары деңгейдегі рационалды болмыстың – талдау, сыни пайымдау және логикалық ойлау қабілеттеріне ие адамның – өзі де кейде жасанды интеллект ұсынған дайын шешімдерге тәуелді болып, тағдырлы қадамдар жасауға мәжбүр болады. Бұл – басты қауіптердің бірі.

Біз жүргізген зерттеу нәтижелері жасанды интеллект арқылы адам санасын манипуляциялау қаупін жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді деп сенеміз. Сонымен қатар, болашақта бұл технологияны қауіпсіз әрі жауапкершілікпен қолдануға мүмкіндік беретін әдістемелер мен реттеу тетіктерін әзірлеу қажеттігін негіздейді

Әдебиеттер

1. Дзялошинский И. М. Искусственный интеллект: гуманитарная перспектива // Вестник Новосибирского государственного университета. Серия: История, филология. 2022. № 6. С. 20-29.
2. Дубровский Д. И. Развитие искусственного интеллекта и глобальный кризис земной цивилизации (к анализу социогумани-тарных проблем) // Философия науки и техники. 2022. Т. 27. № 2. С. 100-107.
3. Искусственный интеллект для науки и наука для искусственного интеллекта / К.В. Анохин, К.С. Новоселов, С.К. Смирнов, А.Р. Ефимов, Ф.М. Матвеев // Вопросы философии. 2022. № 3. С. 93-105.
4. Лекторский В.А. Искусственный интеллект в изучении чело-века, человек в мире, создаваемом искусственным интеллектом // Человек и системы искусственного интеллекта / под ред. В.А. Лекторского, СПб.: Юридический центр, 2022. С. 10-18.
5. Макаров В. Л. Как современные технологии меняют представление об окружающем мире (искусственное общество) // Человек и системы искусственного интеллекта / под ред. В. А. Лекторского. СПб.: Юридический центр, 2022. С. 59-71.
6. Мозг человека и многозначность когнитивной информации: конвергентный подход / Т.В. Черниговская, В. М. Аллахвердов, А. Д. Коротков, В. А. Гершкович, М. В. Киреев, В. К. Прокопеня // Вестник Санкт-Петербургского университета. Философия и кон-фликтология, 2020. Т. 36. № 4. С. 675-686.
7. Хабаров А.А. Техники лингвокогнитивного манипулирования в реалиях информационно-психологического противоборства //Актуальные проблемы филологии и педагогической лингвистики. 2021. № 4. С. 72-82
8. Черниговская Т. В. Чеширская улыбка кота Шредингера: мозг, язык и сознание. М. АСТ, 2023. 496 с.
9. Chichulin A. Neural networks guide. Unleash the power of neural networks: The complete guide to understanding, implementing AI Екатеринбург: Издательские решения, 2023. 116 p.
10. Van Dijk T. A. Discourse, Semantics and Ideology // Discourse and society. 1995. № 2. P. 242-257.

ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ КОНТЕКСТІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІ ЗЕРТТЕУ: БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢА КӨКЖИЕКТЕР

Оразалиева Э.Н., Байзакова А.Р.

Алматы гуманитарлы-экономикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

Бұл мақалада цифрлық трансформация мен жасанды интеллект жағдайындағы психологиялық үдерістердің білім беру саласына әсері қарастырылады. Нейрондық желілер мен заманауи технологиялардың психологиялық зерттеулердегі рөлі мен мүмкіндіктері сарап-талады. Білім алушылардың когнитивтік қабілеттерін, эмоциялық интеллектін дамытуда жасанды интеллект құралдарының тиімділігі мен шектеулері қарастырылады. Цифрлық ортада психологиялық бейімделу мен оқыту әдістерінің өзара байланысына ерекше назар аударылады.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, психологиялық үдерістер, цифрлық трансформация, нейрондық желілер, когнитивтік даму, интерактивті платформалар,

В данной статье рассматривается влияние цифровой трансформации и искусственного интеллекта на психологические процессы в контексте образования. Анализируется роль нейронных сетей и современных технологий в психологических исследованиях. Особое внимание уделяется эффективности и ограничениям применения ИИ в развитии когнитивных способностей и эмоционального интеллекта обучающихся. Подчеркивается взаимосвязь между цифровой адаптацией и методами обучения в новой образовательной среде.

Ключевые слова: искусственный интеллект, психологические процессы, цифровая трансформация, нейронные сети, когнитивное развитие, интерактивные платформы,

This article explores the impact of digital transformation and artificial intelligence on psychological processes within the educational context. It examines the role of neural networks and modern technologies in psychological research. The study highlights the effectiveness and limitations of AI tools in developing learners' cognitive abilities and emotional intelligence. Special attention is given to the interrelation between psychological adaptation and teaching methods in the digital learning environment.

Keywords: artificial intelligence, psychological processes, digital transformation, neural networks, cognitive development, interactive platforms.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі цифрлық трансформация мен жасанды интеллекттің ықпалымен түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Ақпараттық технологиялар мен нейрондық желілердің дамуы, білім беру кеңістігіндегі психологиялық үдерістердің күрделенуі оқыту тәсілдері мен педагогикалық көзқарастарға жаңа талаптар қойып отыр. Бұл мақалада цифрлық ортадағы психологиялық бейімделу, жасанды интеллект құралдарының білім алушылардың когнитивтік және эмоциялық дамуына әсері, сондай-ақ мұғалімдердің осы өзгерістер жағдайындағы рөлі мен кәсіби икемділігі туралы сөз қозғалады. Дәстүрлі білім беру үлгілері оқушыларға дайын ақпарат беруге бағытталған болса, қазіргі әдістер білім алушылардың өздігінен ізденуіне, зерттеу жүргізуіне және шығармашылық қабілеттерін дамытуына негізделген. Бүгінде кеңінен қолданылатын тәсілдердің бірі – білім алушыларға бағытталған оқыту. Бұл әдіс әрбір білім алушының жеке қажеттіліктерін, қызығушылықтарын ескеруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, интерактивті оқыту, коллаборативті тәсілдер, жобалық оқыту және сын тұрғысынан ойлау әдістері білім алушыларды белсенді әрекетке ынталандырады. Мұндай тәсілдер тек білім беріп қана қоймай, оқушылардың зерттеушілік және аналитикалық дағдыларын қалыптастырады.

Қазіргі таңда білім беру жүйесі технологиялық серпілістер мен цифрлық трансформация дәуіріне аяқ басты. Жасанды интеллект (ЖИ), үлкен деректер, нейрондық желілер сияқты құралдар білім беру саласына еніп, дәстүрлі оқыту тәсілдерін түбегейлі өзгертіп келеді. Бұл

үрдіс білім алушылар мен мұғалімдердің психологиялық бейімделуін, танымдық және эмоциялық үдерістерін қайта қарастыруды қажет етеді. Осы мақалада цифрлық технологиялар мен жасанды интеллекттің білім беру жүйесіндегі психологиялық процестерге ықпалы қарастырылады, сондай-ақ жаңа көкжиектер мен зерттеу бағыттары сарапталады.

1. Цифрлық трансформация және білім беру.

Цифрлық трансформация – бұл тек технологияны енгізу ғана емес, бүкіл білім беру жүйесінің мазмұндық және құрылымдық қайта құрылуы. Қашықтықтан оқыту, онлайн платформалар мен виртуалды сыныптар білім алушылардың оқуға деген көзқарасын түбегейлі өзгертті. Бұл үдерістерге бейімделу психологиялық тұрғыдан жаңа талаптар қойып отыр: мотивацияны сақтау, өзін-өзі реттеу, ақпараттық артық жүктемемен күресу және т.б.

2. Жасанды интеллект және психологиялық үдерістер

Жасанды интеллект құралдары (мысалы, бейімделмелі оқыту жүйелері, чат-боттар, эмоцияны тану алгоритмдері) оқушылардың когнитивтік қабілеттері мен эмоциялық интеллектіне ықпал ете алады. Зерттеулер көрсеткендей, ЖИ-мен әрекеттесу оқушының оқуға деген қызығушылығын арттырып, дербестендірілген оқыту арқылы жетістікке жетуге көмектеседі. Алайда, бұл құралдардың шектеулері де бар: шынайы эмоцияны түсінбеу, оқушының жеке ерекшеліктерін ескермеу және әлеуметтік оқшаулану қаупі.

3. Психологиялық бейімделу және педагогикалық қолдау

Психологиялық бейімделу цифрлық ортада білім алушылар үшін маңызды аспект. Мұнда педагогтардың рөлі зор – олар білім берумен қатар, эмоционалдық қолдау көрсетуі қажет. Мұғалімдердің цифрлық сауаттылығы, эмоциялық интеллекті мен кәсіби икемділігі оқушылардың табысты бейімделуіне ықпал етеді.

4. Зерттеу бағыттары мен болашақ перспективалар

Болашақта жасанды интеллект пен психологияның тоғысында пәнаралық зерттеулердің маңызы артады. Мысалы, нейропсихология мен білім беру аналитикасы негізінде жеке оқу траекторияларын құру, психологиялық диагностикада ЖИ қолдану, эмоционалдық кері байланысты автоматтандыру сияқты бағыттар кеңінен дами түспек.

XXI ғасырда цифрландыру мен жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының дамуы адам өмірінің барлық саласына әсер етуде. Психология ғылымы да бұл өзгерістерден тыс қалмай, жаңа әдістер мен тәсілдерді қолдану арқылы адам психикасын тереңірек түсінуге ұмтылуда. Осы тұрғыда нейрондық желілер (НЖ) психологиялық процестерді модельдеудің тиімді құралы ретінде танылуда [1].

Нейрондық желілер және олардың психологиядағы рөлі. Нейрондық желілер – бұл биологиялық нейрондардың жұмыс істеу принциптеріне негізделген жасанды жүйелер. Олар ақпаратты өңдеу, үйрену және болжау қабілеттеріне ие [2].

Психологияда нейрондық желілер адамның когнитивті процестерін, мысалы, есте сақтау, шешім қабылдау және эмоцияларды тану сияқты күрделі құбылыстарды модельдеуде қолданылады [3].

Цифрландыру дәуіріндегі психологиялық процестерді зерттеу. Цифрландыру адамдардың мінез-құлқы мен ойлау тәсілдеріне әсер етеді. ЖИ мен НЖ көмегімен әлеуметтік желілердегі пікірлердің динамикасын болжауға болады [1].

Мысалы, PsylNN моделі жадының жұмысын дәл сипаттап, психологиялық теорияларды нақтылауға көмектеседі [4].

Қазіргі заманғы педагогика қарқынды дамып келе жатқан технологиялар мен инновациялық әдістерді белсенді түрде енгізуде. Бұл үрдістер оқыту сапасын жақсартуға, оқушылардың мотивациясын арттыруға және білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Білім берудің жаңартылған мазмұны мен оқытудың жаңа әдістері дәстүрлі педагогиканың шеңберінен шығып, оқушыға бағытталған тәсілдерді кеңінен қолдануға негізделеді. Олардың қатарына:

- Критериалды бағалау жүйесі – оқушылардың білімін объективті бағалау әдісі.
- Дамытушы оқыту – оқушылардың шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын жетілдіруге бағытталған тәсіл.
- Инклюзивті білім беру – ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды оқытуға арналған әдістер.
- STEM-білім беру – ғылым, технология, инженерия және математика пәндерін интеграцияланған түрде оқыту.

Білім беру технологиялары цифрлық ресурстар мен онлайн-платформаларды пайдалануды көздейді.

- Цифрлық білім беру ресурстары (BilimLand, Khan Academy, Coursera) – интерактивті оқыту құралдары.

- Қашықтықтан оқыту және гибриді форматтар – онлайн және офлайн оқытуды үйлестіру.

- Виртуалды және кеңейтілген шындық (VR/AR) – пәндік мазмұнды иммерсивті түрде игеру.

- Жасанды интеллект (AI) және big data – жеке оқыту траекторияларын құру.

Қоғамның дамуымен бірге білім беру жүйесі де үздіксіз өзгеріп, жаңа тәсілдер мен технологияларды қабылдауда. Заманауи педагогикада дәстүрлі әдістерден тыс, инновациялық тәсілдер мен ақпараттық технологиялардың қолданылуы білім беру сапасын арттыруда маңызды рөл атқарады. Бұл мақалада заманауи педагогикадағы негізгі тәсілдер мен технологиялар, сондай-ақ білім берудегі көшбасшылық мәселелері қарастырылады.

Заманауи педагогикада білім берудің мазмұны мен әдістеріне көзқарас өзгерді. Оқу үрдісінде оқушының белсенділігін арттыру, оның шығармашылық қабілеттерін дамыту және өз бетінше оқу дағдыларын қалыптастыру маңызды болып табылады. Бұл бағытта келесі тәсілдер қолданылады:

- **Тұлғаға бағытталған тәсіл:** Оқушының жеке ерекшеліктеріне, қабілетіне және қызығушылықтарына баса назар аудару. Бұл тәсіл оқушының өзін-өзі тануына және дамуына ықпал етеді.

- **Компетенттік тәсіл:** Білім берудің негізгі мақсаты – оқушыларға нақты өмірлік жағдайларда қолдана алатын дағдылар мен білімдерді меңгерту. Бұл тәсіл білімнің практикалық қолданылуына бағытталған.

- **Проектік тәсіл:** Оқушылардың жеке немесе топтық жобалар арқылы білім алуы. Бұл тәсіл олардың зерттеу, талдау және шешім қабылдау қабілеттерін дамытады.

Заманауи технологияларсыз қазіргі білім беру жүйесін елестету мүмкін емес. Сандық технологиялар оқу үдерісін анағұрлым тиімді әрі қолжетімді етіп қана қоймай, оқушылардың қызығушылығын арттырады. Бүгінде мұғалімдер BilimLand, Khan Academy, Coursera сияқты онлайн платформаларды белсенді пайдаланады.

Сонымен қатар, виртуалды және кеңейтілген шындық (VR/AR) технологиялары пәндік мазмұнды тереңірек түсінуге көмектеседі. Қашықтықтан оқыту және гибриді форматтар икемді білім беру жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді. Жасанды интеллект пен big data негізінде оқыту жеке траекторияларды анықтауға мүмкіндік береді.

Заманауи білім беруде ақпараттық технологиялардың рөлі зор. Олар оқу үрдісін жеңілдетіп, оны тиімді және қызықты етеді. Келесі технологиялар білім беруде кеңінен қолданылады:

- **Интерактивті оқу платформалары:** Оқушыларға интернет арқылы оқу материалдарына қол жеткізу, тесттер тапсыру және мұғалімдермен байланысу мүмкіндігін береді.

- **Виртуалды және арттырылған шындық (VR/AR):** Бұл технологиялар оқушыларға күрделі ұғымдарды визуалды түрде түсінуге көмектеседі. Мысалы, тарихи оқиғаларды виртуалды түрде бақылау немесе биологиялық процестерді арттырылған шындық арқылы зерттеу.

- **Жасанды интеллект (AI):** Жасанды интеллект оқушылардың оқу деңгейін талдауға, жекелендірілген оқу жоспарларын құруға және оқу процесін бақылауға көмектеседі. Мысал ретінде ChatGPT жасанды интеллектке негізделген тілдік моделін қысқаша қарастыруға болады.

ChatGPT оқушылар мен студенттердің сұрақтарына жылдам әрі түсінікті жауап беру мүмкіндігімен ерекшеленеді. Бұл артықшылық білім беру процесінде тиімділікті арттырады, әрі студенттердің оқу қарқынын жетілдіреді. Оқу барысында студенттер жиі түрлі сұрақтар туындатады, ал ChatGPT оларды бірнеше секунд ішінде жауабымен қамтамасыз ете алады.

Сұрақ-жауап форматында көмек: студенттер оқулықтарды немесе басқа оқу материалдарын зерттеп, түсінбей қалған жерлерін ChatGPT-ке сұрақ қойып, тез арада жауап ала алады. Мысалы, күрделі математикалық формулалар немесе ғылыми терминдерді түсіндіруде ChatGPT түсінікті және қарапайым тілде жауап береді.

Уақытты үнемдеу: студенттер мен оқытушылар ChatGPT арқылы қажетті ақпаратты қысқа мерзімде алатындықтан, білім алушылар көп уақытын ақпарат іздеуге емес, нақты тапсырмаларды орындауға жұмсайды. Бұл тиімді оқу процесін қамтамасыз етеді.

Үнемі қолжетімділік: ChatGPT тәулік бойы жұмыс істейді, сондықтан студенттер кез келген уақытта сұрақ қойып, жауап ала алады. Бұл әсіресе қосымша оқыту немесе үй тапсырмаларын орындауда көмек алғысы келетін студенттер үшін маңызды.

ChatGPT-тің ең үлкен кемшіліктерінің бірі – оның адам арасындағы тікелей өзара әрекеттесу қабілетінің болмауы. Тілдік модельдер тек алгоритмдер мен дайын мәліметтер негізінде жұмыс істейді, сондықтан олардың оқушылармен эмоционалды байланыс орнатуы, олардың жағдайын түсінуі немесе оқушыларға психологиялық көмек көрсетуі мүмкін емес.

Эмоционалды қолдаудың болмауы^{**}: Білім алу процесінде студенттердің мотивациясы мен эмоционалды жағдайы маңызды рөл атқарады. Оқушылар көбінесе өз проблемаларын немесе қиындықтарын ашық түрде талқылап, психолог немесе оқытушыдан эмоционалды қолдау күтеді. ChatGPT бұл қажеттіліктерді қанағаттандыра алмайды. Мысалы, оқу қиындықтары немесе психологиялық мәселелер туындаған жағдайда, ChatGPT тек ақыл-кеңес бере алады, бірақ адам тарапынан берілетін шынайы эмоционалды қолдау мен түсіністік болмайды.

Тікелей өзара әрекеттесудің жоқтығы: ChatGPT студенттің нақты эмоциясын немесе күйін анықтап, оған сәйкес жауап бере алмайды. Адам оқытушы немесе психологиялық маман студенттің эмоциялық жағдайын түсініп, қажетті көмек көрсету үшін бейімделіп, қажетті шараларды қабылдай алады. Ал тілдік модель бұл жағынан тек ақпаратты берумен шектеледі.

Жеке тұлғаға назар аударудың болмауы: ChatGPT жеке тұлғаның ерекшеліктерін, оның эмоционалдық жағдайын, әлеуметтік және мәдени аспектілерін ескермейді. Бұл оқушылардың ерекше қажеттіліктерін түсіну мен қолдау көрсетуге қиындық туғызады.

Білім беру жүйесінде мұғалімнің рөлі тек ақпарат берумен шектелмейді. Нағыз мұғалім – өз ісіне берілген, шығармашылық ізденісте жүретін, оқушыларға шабыт беретін көшбасшы. Педагогикалық көшбасшылық білім беру сапасын арттырумен қатар, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынасты нығайтады.

Коучинг және менторинг – жас мұғалімдерді кәсіби тұрғыда қолдау мен дамытуға бағытталған маңызды бағыттардың бірі. Мұғалімдер тек өз пәнін жетік меңгеріп қана қоймай, оқушылардың жан-жақты дамуына жағдай жасауы тиіс. Қоғамдық белсенділік, білім беру реформаларына қатысу, жаңа әдістерді енгізу мұғалімнің көшбасшылық қабілетін көрсетеді.

Білім берудегі көшбасшылық – бұл білім беру жүйесінде инновацияларды енгізу, оқу үрдісін тиімді басқару және оқушылардың әлеуметтік-психологиялық дамуына ықпал ету. Көшбасшылықтың негізгі аспектілері:

- **Мұғалімнің рөлі:** Заманауи мұғалім – бұл тек білім беруші емес, сонымен қатар оқушылардың мотивациясын арттырушы, олардың шығармашылығын дамытушы және оқу процесін ұйымдастырушы.

- **Инновацияларды енгізу:** Мектептер мен университеттерде жаңа технологиялар мен әдістерді енгізу арқылы оқу үрдісін жаңарту.

- **Үздіксіз білім беру:** Қоғамның тез өзгеруіне байланысты, адамдар үшін білім алу үздіксіз процесс болып табылады. Көшбасшылық бұл үрдісті қолдауға бағытталған.

Қазіргі педагогика – бұл үздіксіз өзгеріс пен даму жолындағы сала. Заманауи тәсілдер білім берудің тиімділігін арттырып, оқушылардың белсенділігін оятады. Цифрлық технологиялар оқу үдерісін икемді әрі қолжетімді етсе, педагогикалық көшбасшылық мұғалімдердің кәсіби деңгейін көтеруге ықпал етеді. Болашақтың білім беру жүйесі жаңа әдістер мен технологиялардың үйлесімді қолданылуына және мұғалімдердің көшбасшылық қасиеттерінің дамуына байланысты. Сондықтан заманауи педагогтар тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар болашақ ұрпақты қалыптастыратын көшбасшылар болуы тиіс.

Қорытындылай келе, цифрлық трансформация мен жасанды интеллекттің қарқынды дамуы білім беру жүйесіндегі психологиялық үдерістерді жаңаша зерттеуді талап етеді. Бұл тек технологиялық бейімделу ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың эмоционалдық және когнитивтік дамуына әсер ететін күрделі психологиялық жағдай. Жасанды интеллект құралдарын тиімді пайдалану арқылы жеке оқыту траекторияларын қалыптастыру, эмоциялық интеллектті дамыту және оқу мотивациясын арттыру мүмкіндіктері кеңейіп келеді. Мұғалімдер мен білім беру ұйымдарына жаңа жағдайларға бейімделіп, цифрлық сауаттылық пен психологиялық икемділікті арттыру – қазіргі заман талабы. Зерттеу нәтижелері білім берудегі жаңа көкжиектерді айқындап, болашақта психологиялық тұрғыдан үйлесімді және технологиямен толықтырылған оқу ортасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Дәйексөздер

1. Neuroscience News: http://neurosciencenews.com/ai-psychology-28626/?utm_source=chatgpt.com
2. Wikipedia: http://en.wikipedia.org/wiki/Neural_network_%28machine_learning%29?utm_source=chatgpt.com
3. PMC: http://pmc.ncbi.nlm.nih.gov/articles/PMC6411310/?utm_source=chatgpt.com
4. arXiv: http://arxiv.org/abs/2408.14492?utm_source=chatgpt.com

Әдебиеттер

1. Әбдікәрімова, А.Ж. (2021). Цифрлық білім беру кеңістігіндегі педагогикалық үдерістердің трансформациясы. Алматы: Білім баспасы.
2. Назарбаева, Д. (2022). Жасанды интеллект және заманауи білім беру: психологиялық аспектілері. Нұр-Сұлтан: Ұлттық білім академиясы.
3. Соловьева, И.А., & Михайлова, Е.Н. (2020). Цифровизация образования и психологическая адаптация обучающихся. Вестник психологических исследований, 8(2), 55-63.
4. Гусева, М.Н. (2021). Нейронные сети в образовании: возможности и вызовы. Образование и наука, 23(5), 90-101.
5. OECD (2020). Artificial Intelligence in Education: Challenges and Opportunities. OECD Publishing. <https://www.oecd.org/education/>
6. Luckin, R., Holmes, W., Griffiths, M., & Forcier, L.B. (2016). Intelligence Unleashed: An Argument for AI in Education. Pearson Education.
7. Selwyn, N. (2019). Should Robots Replace Teachers? AI and the Future of Education. Polity Press.
8. Zhang, K., & Dafoe, A. (2020). Artificial Intelligence: American Attitudes and Trends. Center for the Governance of AI, Future of Humanity Institute.

ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Орынбасарова Ж.К.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Ақтөбе, Қазақстан

Бұл мақаланың өзектілігі есту қабілеті бұзылған балаларды оқытуда ақпараттық технологияларды қолданудың тиімділігі көрсетілген. Есту қабілеті бұзылған балалардың оқу материалын қабылдау ерекшеліктері және олардың сөйлеу мен қарым-қатынас дағдыларын дамытуға цифрлық ресурстардың әсері қарастырылды. Оқу материалдарын есту қабілеті бұзылған балаларға бейімдеуді және оқуға деген ынтаны арттыруды қоса алғанда, білім беру процесінде ақпараттық технологиялардың функциялары сипатталады. Мақала есту қабілеті бұзылған балаларда ауызша сөйлеуді қалыптастырудағы заманауи технологиялардың рөлін зерттеуге арналған. Есту қабілеті бұзылған сөйлеу және қарым-қатынас дағдыларын дамытудың тиімді әдісі ретінде цифрлық құралдардың маңыздылығы ашылады. Есту қабілеті бұзылған балалардың мультимедиялық материалдарды қабылдау ерекшеліктері және олардың сөздік қорын кеңейтуге, сөйлеудің грамматикалық құрылымын қалыптастыруға және ауызша қарым-қатынасқа деген ынтасын арттыруға әсері талданады. Мақалада цифрлық ресурстар оқыту құралы ретінде ауызша сөйлеудің дамуына ғана емес, сонымен қатар есту қабілеті бұзылған балалардың жалпы әлеуметтенуіне ықпал ететіндігі негізделген. Білім беру және тәрбие қызметінде ақпараттық технологияларды қолдану бойынша педагогтар мен ата-аналарға ұсыныстар берілді.

Түйінді сөздер: есту қабілеті бұзылған балалар, естімейтін, ақпараттық технологиялар, ауызша сөйлеу, цифрлық ресурстар.

Актуальность исследования связана с необходимостью эффективного использования информационных технологий в обучении детей с нарушениями слуха. Рассмотрены особенности восприятия учебного материала детьми с нарушениями слуха и влияние цифровых ресурсов на развитие речевых и коммуникативных навыков. Характеризуются

функции информационных технологий в образовательном процессе, включая адаптацию учебного материала и повышение мотивации к обучению у детей с нарушениями слуха. Статья посвящена изучению роли современных технологий в формировании устной речи у детей с нарушениями слуха. Раскрыты важность цифровых инструментов как эффективного метода развития речевых и коммуникативных навыков с нарушением слуха. Анализируются особенности восприятия мультимедийных материалов детьми с нарушениями слуха и их влияние на расширение словарного запаса, формирование грамматического строя речи и повышение мотивации к вербальному общению. В статье обосновано, что цифровые ресурсы как средство обучения способствуют не только развитию устной речи, но и общей социализации детей с нарушениями слуха. Даны рекомендации педагогам и родителям по применению информационных технологий в образовательной и воспитательной деятельности.

Ключевые слова: дети с нарушениями слуха, неслышащий, информационные технологии, устная речь, цифровые ресурсы.

The relevance of this article shows the effectiveness of using information technology in teaching children with hearing impairments. The features of the perception of educational material by children with hearing impairments and the impact of digital resources on the development of speech and communication skills are considered. The article characterizes the functions of information technology in the educational process, including the adaptation of educational material and increasing motivation to learn for children with hearing impairments. The article is devoted to the study of the role of modern technologies in the formation of oral speech in children with hearing impairments. The importance of digital tools as an effective method of developing speech and communication skills with hearing impairment is revealed. The article analyzes the peculiarities of the perception of multimedia materials by children with hearing impairments and their impact on the expansion of vocabulary, the formation of grammatical structure of speech and increased motivation for verbal communication. The article proves that digital resources as a means of learning contribute not only to the development of oral speech, but also to the general socialization of children with hearing impairments. Recommendations are given to teachers and parents on the use of information technology in educational and educational activities.

Keywords: children with hearing impairments, the hard of hearing, information technology, education, oral speech, digital resources.

Елбасымыз Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылғы жолдауында цифрландыру бағытында қол жеткізілген жетістіктерді одан әрі арттыру қажеттігін айтты. Ол Қазақстанның жасанды интеллект кеңінен қолданылатын және цифрлық технологиялар қарқынды дамитын мемлекетке айналуы тиіс екенін атап өтті. Сонымен қатар, биылғы Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы жастарымыздың әлеуеті, ойлау жүйесі мен дарынына сүйене отырып, бұл салада "қазақстандық серпіліс" жасауға нақты мүмкіндік бар екенін баса айтты [1].

Қазіргі білім беруді жаңғыртудың негізгі аспектілерінің бірі- оқу үдерісіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу болып табылады. Заманауи ақпараттық технологияларды білім беру саласына интеграциялау мұғалімдерге оқытудың мазмұнын, әдістері мен ұйымдастырушылық формаларын едәуір өзгертуге мүмкіндік береді.

Бұл технологияларды білім беруде қолданудың басты мақсаты – ақпараттық қоғам жағдайында оқушылардың зияткерлік әлеуетін арттыру, сонымен қатар оқу үдерісін ізгілендіру, жекешелендіру, қарқынды жүргізу және білім беру сапасын барлық деңгейде көтеру болып табылады.

И.В. Роберт қазіргі ақпараттық технологияларды қолданудың келесі негізгі педагогикалық мақсаттарын атап көрсетеді [2]:

Оқу-тәрбие үдерісінің барлық деңгейлерін қазіргі ақпараттық технологиялар құралдарын пайдалану арқылы қарқынды жүргізу, оның ішінде:

- оқыту тиімділігі мен сапасын арттыру;
- оқушылардың танымдық әрекетін жандандыру;
- пәнаралық байланыстарды тереңдету;
- қажетті ақпаратты іздеуді оңтайландыру және көлемін ұлғайту.

Қазіргі ақпараттық технологиялардың білім беру үдерісіне айтарлықтай ықпалын ескере отырып, көптеген педагогтер оларды өздерінің әдістемелік жүйелеріне белсенді түрде енгізіп келеді.

Ерекше білімді қажет ететін балаларды оқыту арнайы түзету- дамыту ортасын құруды көздейді. Мұндай ортада балаларға арнайы білім беру стандарттарына сәйкес білім алуға қолайлы жағдай мен басқа балалармен тең мүмкіндіктер қамтамасыз етілуі тиіс. Соңғы жылдары түзету білім беру жүйесінде компьютерлік технологиялар кеңінен қолданылып келеді. Олар оқыту тиімділігін арттыруға және ерекше қажеттіліктері бар балаларда қажетті дағдыларды дамытуға көмектеседі.

Есту қабілеті бұзылған оқушылардың жан-жақты дамуы мен оларды өз бетімен өмір сүруге дайындау- арнайы білім беру ұйымдарының басты міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл мақсаттарға жету оқушылардың сөздік тілді, әсіресе оның ауызша түрін жеткілікті деңгейде меңгеруінсіз мүмкін емес. Қоршаған ортамен тиімді қарым-қатынас жасай алу- тыңдау арқылы сөйлеуді түсіну және өз ойын нақты жеткізу қабілетін талап етеді. Коммуникация- түрлі ақпаратты қабылдауда маңызды рөл атқарады. Қазіргі қоғамда компьютерлік технологиялар кең таралғанына қарамастан, ауызша қарым-қатынас өзінің маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Есту қабілеті бұзылған балаларда дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастыру олардың коммуникативтік қабілеттерін дамытуға тікелей байланысты. Ауызша сөйлеуді үйрету үдерісі дыбысты дұрыс айту және тілдің түрлі құрылымдық деңгейлерін меңгеру жұмыстарын қамтиды. Коммуникативтік дағдылардың дамуы баланың жеке қасиеттері мен психикалық үдерістерінің қалыптасуына, сондай-ақ балалар ұжымына сәтті бейімделуіне ықпал етеді. Бұл – қоғамда тәрбиелеудің маңызды кезеңі. Дәстүрлі техникалық оқыту құралдарынан айырмашылығы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) білім алушыны тек алдын ала сұрыпталған, арнайы ұйымдастырылған дайын білім көлемімен қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар олардың интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін, жаңа білімді өз бетінше игеру, түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Бұл үдеріс әрбір баланың жеке ерекшеліктерін ескеруге жол ашады және дефектолог-мұғалімге оқыту барысында ұсынылатын материалды аз уақыт ішінде тиімді саралап ұсынуға зор мүмкіндік береді.

Балалармен жұмыс істеуде ақпараттық технологиялар білім берудің біртұтас жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Бұл жүйе тек сөйлеу мен есту қабілетін дамытумен шектелмей, баланың жеке тұлғалық дамуын да қамтиды.

Есту қабілеті бұзылған балалар ауызша сөйлеуді арнайы оқыту жағдайында меңгереді. Бұл оқыту қалған есту мүмкіндіктерін пайдалану мен көру, сипап-сезу, қозғалыс және кинестетикалық талдағыштарды тарту негізінде жүзеге асырылады. Бұл үдерісте дыбысты күшейтетін аппараттар, визуалды құралдар және заманауи ақпараттық технологиялар сияқты техникалық оқу құралдарын кеңінен қолдану маңызды рөл атқарады. Естімейтін балаларда ауызша сөйлеуді қабылдауды жақсарту және дыбыстау әдістерін тиімді үйрету үшін тиісті техникалық құралдарды пайдалану қажет. Дыбысты күшейтетін аппараттар қалдық естуді пайдалануға және еріннен оқуды жеңілдетуге көмектеседі. Сонымен қатар, дыбыстық тілді оптикалық немесе механикалық сигналдарға түрлендіретін құрылғылар да қолданылады. Соңғы жылдары дыбысты күшейтетін аппараттардың есту қабылдауын дамытуға, сондай-ақ дыбысты визуалды сигналдарға айналдыратын құрылғылардың тиімділігін дәлелдейтін әртүрлі эксперименттер жүргізілді.

Қазіргі заман жағдайлары есту қабілеті бұзылған оқушыларда дыбыстау дағдыларын қалыптастыру үдерісінде сараланған тәсілді жетілдіруді талап етеді. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) бұл мақсатқа жету үшін кең мүмкіндіктер ұсынады. Дәстүрлі техникалық оқу құралдарынан айырмашылығы, АКТ оқушыларға мұқият іріктелген және құрылымдалған білімді ғана ұсынып қоймай, сонымен қатар олардың интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін, өз бетімен білім алуға, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеуге үйретеді. Бұл дефектолог мұғалімге әр баланың жеке ерекшелігін ескере отырып, оқу материалын уақытты үнемдей отырып тиімді саралауға мүмкіндік береді.

Ақпараттық технологиялар сөйлеу, есту және тұлғалық дамуды біріктіретін білім берудің тұтас жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. АКТ-ны есту қабілеті бұзылған мектеп оқушыларының дыбыстау дағдыларын қалыптастыру үдерісіне енгізу [3]:

- оқытуды белсенді етеді,

- дамыта оқыту идеяларын жүзеге асырады,
- сабақ қарқынын арттырады,
- қабылданатын ақпарат көлемін ұлғайтады,
- оқушылардың өздігінен жұмыс істеуін ынталандырады.

Сабақтарда АКТ-ны жоспарлы және дидактикалық тұрғыда орынды қолдану оқу үдерісін жеке даралап және саралап жүргізуге мол мүмкіндік береді. Бұл әр оқушының жеке білім алу жолын (траекториясын) дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл оқыту үдерісін ойлау мен қиялды дамытуға бағыттап, оқушылардың танымдық белсенділігін тиімді ұйымдастыруға жағдай жасайды. Есту қабілеті бұзылған балаларға қоршаған орта дыбыстарын күнделікті өмірлік жағдаяттар мен еркін іс-әрекет барысында қабылдау қиынға соғады, өйткені барлық дыбыстарды түсіндіру мен қабылдауға бейімдеу қажет. Ақпараттық технологиялардың арқасында олар оқу бөлмесінен шықпай-ақ, компьютердің көмегімен әртүрлі сөйлеу және сөйлемейтін дыбыстарды естіп, педагогтің сауатты басшылығымен оларды танып, ажырата алады. Сонымен қатар, дыбыстау және есту дағдыларын жаттықтыруға да мүмкіндік алады.

Бүгінгі таңда есту қабілеті бұзылған адамдарды оңалтуға арналған заманауи техникалық құралдар жаңа деңгейге көтерілді – есту функциясын дамытуда кохлеарлық имплантация әдісі кеңінен қолданылуда. Осыған байланысты оңалту процесі едәуір күрделеніп, ұсынылатын материалдың көлемі мен түрі арта түсті. Бұл жағдайда ақпараттық технологиялар сурдопедагогтерге оңалту жұмысын тиімді жүргізуге көмектеседі.

Есту қабілеті бұзылған балаларға күнделікті өмірдегі дыбыстарды қабылдау қиын, себебі көптеген дыбыстар дұрыс қабылдау үшін қосымша түсіндіру мен түзетуді қажет етеді. Ақпараттық технологиялардың көмегімен балалар оқу бөлмесінен шықпай-ақ, компьютер арқылы әртүрлі сөздік және сөзсіз дыбыстарды тыңдап, мұғалімнің жетекшілігімен оларды тануға, ажыратуға, сондай-ақ дыбыстау және есту дағдыларын дамытуға мүмкіндік алады. Есту қабілеті бұзылған балаларда дауыс биіктігін (дауыс сіңірлерінің тербеліс жиілігін) реттеу қабілеті шектелген, бұл жағдай есту арқылы кері байланыстың болмауы немесе жеткіліксіздігімен түсіндіріледі. Интонацияның әуендік компоненті көру арқылы, әсіресе еріннен оқыған кезде, іс жүзінде қабылданбайды, себебі дауыс аппаратының жұмысына байланысты дыбыс биіктігінің өзгерісі көзбен тікелей байқалмайды. Эмпирикалық зерттеулер есту қабілеті бұзылған балалардың дауыс модуляциясына негізделген интонациялық реңктерді ажыратуда қиындықтар көретінін көрсетеді. Интонацияның сөйлеу мәтінін ұйымдастырудағы және мағыналық жүктемені жеткізудегі маңызы зор екенін ескере отырып, оны бақылаудың қосымша құралдарын қолдану аса маңызды болып табылады. Осы орайда, есту арқылы қабылдаудың жетіспеушілігін көру анализаторының көмегімен өтеу – өзекті міндеттердің бірі болып саналады. Интерактивті құрылғылар, мысалы, интерактивті тақталар, планшеттер мен компьютерлер, оқушыларға оқу материалымен белсенді әрекеттесуге және тапсырмаларды өз қарқынымен орындауға мүмкіндік береді. Сөйлеуді тану және синтездеу бағдарламалары, соның ішінде автоматты субтитр жасау және ауызша сөйлеуді мәтінге айналдыру, тікелей қарым-қатынас пен қашықтан оқыту жағдайында аса пайдалы.

Ақпараттық технологияларды енгізудің педагогикалық аспектісі мұғалімнен тек техникалық сауаттылықты ғана емес, сонымен қатар есту қабілеті бұзылған балалардың қабылдау және қарым-қатынас ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту әдістемесін бейімдей білуін талап етеді. ИТ-ны тиімді қолдану жүйелі көзқарасты және сурдопедагогтармен, логопедтермен және ата-аналармен тығыз ынтымақтастықты қажет етеді.

Көру арқылы қабылдауға бейімделген онлайн-платформалар, мысалы, LearningApps және Moodle, оқушылардың өз бетімен білім алуына және ұжымдық жобаларға қатысуына ықпал етеді. Виртуалды және кеңейтілген шындық (VR/AR) технологиялары нақты өмірде қолжетімсіз жағдайлар мен үдерістерді модельдеуге мүмкіндік береді. Бұл, әсіресе, абстрактілі ұғымдарды меңгеруде және оқушылардың дүниетанымын кеңейтуде маңызды. «Видимая речь» және «Лента времени», сияқты бар оқыту бағдарламалары сурдопедагогтардың жеке әзірлемелерімен толықтырылады, бұл оқу мақсатына байланысты өзгеріп отырады. Аталған бағдарламаларда теориялық материалды кестелер мен сызбалар түрінде тиімді ұсынуға көмектесетін түрлі көрнекілік түрлері қолданылады. Бұл бағдарламалар тек статикалық ақпаратты ғана емес, сонымен бірге түрлі-түсті, графикалы, жылтылдайтын, дыбысты, пиктограммалық және анимациялық құралдар арқылы тілдік құбылыстарды динамикалық түрде көрсетеді. Мұндай тәсіл түсіндіру-иллюстративтік және репродуктивтік әдістерді қолданудың

жаңа сапалы деңгейін көрсетеді. Сурдопедагог жұмысында жиі қолданылатын құралдардың бірі- Microsoft PowerPoint бағдарламасы. Бұл бағдарлама интерактивті тақталармен сабаққа арналған презентациялар жасауға мүмкіндік береді [4].

Ол мәтінді, графиканы, анимацияны, дыбысты және бейнені біріктіретін мультимедиялық технология болып табылады, ал бұл коррекциялық оқыту жағдайында өте маңызды, өйткені әртүрлі оқушылардың ерекшеліктерін ескереді және сақталған талдағыштарды (көру, есту т.б.) қолдануға мүмкіндік береді. Microsoft PowerPoint бағдарламасының әдістемелік құндылығы – презентацияны еркін құрылымда жасауға болатындығында: сызықтық, тармақталған, циклдық немесе аралас құрылым, бұл материалды нақты білім беру мақсаттарына бейімдеуге мүмкіндік береді. Түсінікті иллюстрациялар мен қызықты тапсырмаларды презентацияда қолдану- оқушылардың ана тіліне деген қызығушылығын арттырады, оқу материалын ойын түрінде меңгеруге көмектеседі, өзін-өзі бақылауға және оқу барысын рефлексиялауға кең мүмкіндік береді [5].

Есту қабілеті бұзылған балаларға қоршаған ортадағы дыбыстарды күнделікті өмірде және еркін әрекеттерде қабылдау қиын, себебі барлық дыбыстарды дұрыс қабылдау үшін қосымша түсіндіру мен түзету қажет. Ақпараттық технологиялардың көмегімен бұл балалар оқу бөлмесінен шықпай-ақ, компьютер арқылы әртүрлі сөздік және сөзсіз дыбыстарды тыңдап, мұғалімнің жетекшілігімен оларды ажыратып, тануды үйрене алады. Бұл сондай-ақ олардың дыбыстау және есту дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Есту қабілеті бұзылған балаларды оқытуда ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану үшін педагогтердің жаңа технологияларды қолдануға дайындығы, олардың техникалық біліктілігі және мазмұнды бейімдеу әдістемелерін меңгеруі қажет. Білім беру процесі инклюзия, дараландыру және пәнаралық тәсілдер қағидаттарына негізделуі тиіс. Мұндай балалардың когнитивтік және коммуникативтік даму ерекшеліктерін ескеру, сонымен қатар сурдопедагогтарды, логопедтерді және ата-аналарды ынтымақтастыққа белсенді тарту маңызды. Ақпараттық технологияларды қолдану олардың тиімділігін үнемі бағалаумен, алынған нәтижелерді ғылыми талдаумен және білім беру стратегияларын жаңа сын-қатерлер мен мүмкіндіктерге сәйкес жаңартумен қатар жүруі тиіс.

Ақпараттық технологияларды қолдану ата-аналармен жұмыс істегенде де өзекті болып табылады. Әрбір ата-ана, егер қаласа, дефектологтың әр балаға жеке әзірлеген презентацияларын пайдаланып, баласын үйде, жеке компьютерде жаттықтыра алады. Мұндай жұмыс түрі педагогтармен естімейтін балалардың сабақтарына түрлі себептермен қатыспауы жағдайында қолданылуда, бұл балаға сабақтарды өткізіп алмауға және бағдарламадан артта қалмауға мүмкіндік береді, егер ата-аналар осы бағдарламамен жұмыс істей алатын болса.

Практика көрсеткендей, соңғы уақытта ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану нәтижесінде балалардың сөйлеуі айтарлықтай жақсарды, сөйлеу анық әрі түсінікті бола бастады, есту қабілеті қалыпты балалардың сөйлеуіне жақындады. Сонымен қатар, «жақсы» сөйлеуі бар балалардың жасы төмендеді: бастауыш сынып оқушылары барлық дыбыстарды айтуға, оларды дауысты – дауыссыз, қатты – жұмсақ болып ажыратуға, сөйлеуін бақылауға үйренді. Балалар көп сөйлесетін, ашық және өз-өзіне сенімді болды [6].

Буллинг куәгерлерінің психологиялық тәжірибесі де маңызды назар аударуды қажет етеді. Куәгерлер кінәлілік, қорқыныш және көмектесе алмау сезімдерін бастан кешіреді. Олар құрбанға көмектескісі келуі мүмкін, бірақ агрессордан қорқып, араласудан бас тартады. Буллингке немқұрайлы қарау, куәгерлердің бойында әділетсіздікке толеранттылықты қалыптастыруы мүмкін, бұл олардың болашақтағы мінез-құлқына теріс әсер етуі мүмкін. Мысалы, куәгерлер болашақта өздері де агрессор болуы немесе басқа адамдардың қорлауына немқұрайлы қарауы мүмкін.

Жоғары сынып оқушылары арасындағы буллинктің пайда болуына әсер ететін әлеуметтік факторларға мектептегі климат, мұғалімдердің қарым-қатынасы және ата-аналардың қатысуы жатады. Егер мектепте буллингке қарсы тиімді саясат жүргізілмесе, мұғалімдер оқушылардың арасындағы қарым-қатынастарға немқұрайлы қараса және ата-аналар балаларының өміріне жеткілікті түрде араласпаса, буллинг кеңінен таралуы мүмкін. Мектептегі климат, оқушылардың бір-біріне деген қарым-қатынасын, сенімділігін және қауіпсіздігін анықтайды. Егер мектепте достық, қолдау және құрмет атмосферасы болса, буллинктің пайда болу ықтималдығы төмендейді. Мұғалімдердің рөлі де маңызды, өйткені олар оқушылардың мінез-құлқын бақылап, буллинктің алдын алу және онымен күресу үшін шаралар қолдануы керек. Ата-аналар балаларымен ашық қарым-қатынаста болуы, олардың проблемаларын тыңдауы және қолдау көрсетуі керек. Егер бала буллинг құрбаны болса, ата-аналар оған көмектесу үшін мектеппен және психологпен бірлесіп жұмыс істеуі керек.

Буллинктің алдын алу және онымен күресу үшін кешенді шаралар қажет. Бұл шаралар мектеп, отбасы және қоғам деңгейінде жүргізілуі керек. Мектепте буллингке қарсы саясатты қалыптастыру, оқушыларға буллинктің зияны туралы білім беру, мұғалімдерді оқыту және оқушылар арасындағы қарым-қатынастарды жақсартуға бағытталған бағдарламаларды енгізу қажет. Буллингке қарсы саясатта буллинктің анықтамасы, оның түрлері, буллингке қарсы әрекеттердің тәртібі және жазалау шаралары көрсетілуі керек. Оқушыларға буллинктің зияны туралы білім беру, олардың эмпатиясын арттыруға, басқаларға жанашырлықпен қарауға және буллингке қарсы тұруға үйретеді. Мұғалімдерді оқыту, олардың буллингі тану, оған қарсы әрекет ету және оқушыларға қолдау көрсету дағдыларын дамытады. Оқушылар арасындағы қарым-қатынастарды жақсартуға бағытталған бағдарламалар, олардың әлеуметтік дағдыларын, қарым-қатынас дағдыларын және проблемаларды шешу дағдыларын дамытады.

Отбасында ата-аналар балаларымен ашық қарым-қатынаста болуы, олардың проблемаларын тыңдауы және қолдау көрсетуі керек. Ата-аналар балаларының мектептегі өміріне қызығушылық танытуы, олардың достарымен, мұғалімдерімен және сыныптастарымен қарым-қатынасын білуі керек. Егер бала буллинг құрбаны болса, ата-аналар оған сенім артуы, оны қолдауы және оған көмектесу үшін мектеппен және психологпен бірлесіп жұмыс істеуі керек. Ата-аналар балаларына буллингке қарсы тұруға, өз құқықтарын қорғауға және қажет болған жағдайда көмек сұрауға үйретуі керек.

Буллинктің психологиялық салдарын ескере отырып, зардап шеккендерге психологиялық көмек көрсету – қазіргі қоғамдағы ең өзекті міндеттердің бірі. Өйткені буллинг – бұл жай ғана сөзбен кемсіту немесе физикалық қысым көрсету емес, ол адамның ішкі әлемін бұзып, психикалық саулығына орасан зиян келтіретін күрделі әлеуметтік-эмоционалдық құбылыс. Бұл мәселе әсіресе жоғары сынып оқушылары арасында ерекше байқалады, себебі жасөспірімдік кезең – тұлғалық дамудың ең шешуші сатысы. Дәл осы уақытта адамның өзін-өзі бағалауы қалыптасады, әлеуметтік рөлі айқындалады, өмірге деген көзқарасы орнығады. Ал буллинг құрбанына айналған жасөспірім бұл процестерді қалыпты деңгейде бастан өткере алмай, түрлі ішкі қайшылықтарға ұрынады.

Психологиялық көмектің негізгі мақсаты – буллингтен зардап шеккен оқушыларға өз-өзін қайта тануға, ішкі тепе-теңдігін қалпына келтіруге және өмірлік белсенділігін арттыруға мүмкіндік беру. Бұл жерде тек психологиялық жарақаттарды емдеу жеткіліксіз, сонымен қатар оның қайта қайталануын болдырмауға бағытталған ұзақ мерзімді стратегия қажет. Жасөспірім

өз сезімін ашық білдіруге үйренуі керек, қорқынышпен күресудің салауатты тәсілдерін меңгеруі, өзін-өзі қорғаудың тиімді жолдарын игеруі қажет. Психологтар мен мектеп кеңесшілері оқушының эмоционалдық күйін қалпына келтіруге ғана емес, оның әлеуметтік бейімделуін жақсартуға да атсалысады. Тренингтер, жеке және топтық консультациялар, арт-терапия, когнитивті-мінез-құлықтық терапия әдістері кеңінен қолданылады.

Буллинг құрбандары көбінесе өз проблемасын жасырып, іштен тынады. Мұның себебі – кінә сезімі, ұят, немесе ересектердің түсінбейді деген қорқыныш. Бұл жағдайда мұғалімдер мен ата-аналардың сергек болғаны өте маңызды. Олар баланың мінез-құлқындағы, көңіл күйіндегі өзгерістерді байқауы, дер кезінде қолдау көрсетуі керек. Кейбір жасөспірімдерде буллингтің салдарынан депрессия, үрейлі күйлер, паникалық шабуылдар, суицидтік ойлар пайда болады. Сондықтан мәселені ерте кезеңде анықтап, жүйелі түрде көмек көрсетудің маңызы зор.

Сонымен қатар, буллинг мәселесінде тек құрбандарға ғана емес, агрессорларға да психологиялық көмек қажет. Агрессивті мінез-құлықтың артында да күрделі себептер жатады. Олар көбінесе отбасыдағы эмоционалдық суықтық, бақылаусыздық, қатыгездік немесе керісінше – шектен тыс еркелетілген, шекарасыз тәрбие нәтижесі болуы мүмкін. Мұндай балалар өз эмоциясын бақылауды білмейді, өз орнын көрсету үшін күш қолдануды, зорлықты таңдауы мүмкін. Оларға да арнайы психологиялық бағдарлама қажет. Агрессорлармен жұмыс істеу барысында ең бастысы – олардың өз әрекеттерінің салдарын түсінуіне көмектесу, өзге адамдардың эмоциясын сезінуге үйрету, яғни эмпатияны дамыту. Бұл бағытта әлеуметтік мінез-құлықты қалыптастыру тренингтері, эмоцияны басқару сабақтары, медиация, ойын терапиясы секілді әдістер тиімді болады.

Буллинг – бұл тек екіжақты (құрбан мен агрессор) қатынас емес, ол көбінесе бақылаушы ортада жүзеге асады. Яғни үшінші тарап – көрермендер, оқиға куәгерлері де үлкен рөл атқарады. Олар көбінесе бейтараптық танытады немесе агрессорды қолдауы мүмкін. Бұл құбылыс мектеп ішінде буллингке "толеранттылық" атмосферасының қалыптасуына әкеліп соғады. Сол себепті буллингпен күресте мектеп ұжымының әрбір мүшесі, оның ішінде оқушылардың өздері де белсенділік танытуы тиіс. Мектептерде антибуллинг бағдарламаларын енгізу, оқушыларды буллингті тануға және оған қарсы тұруға үйрету, қорғану мәдениетін қалыптастыру өте маңызды.

Қоғамдық деңгейде буллингпен күресу үшін кешенді ақпараттық науқандар қажет. Бұл науқандар халықтың барша топтарына бағытталып, буллингтің зияны туралы нақты, сенімді, ғылыми негізделген ақпаратты кеңінен таратуы тиіс. Әсіресе, әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі ерекше. Себебі қазіргі заман жастарының ақпаратты қабылдау арналары – цифрлық платформа. Сондықтан бұл платформаларда буллингке қарсы бейнероликтер, танымдық контент, оқиғалық фильмдер мен оқиғалар негізінде жасалған әлеуметтік жарнамалар таралуы керек. Осылайша, қоғамда буллингке қарсы "нөлдік төзімділік" қағидаты қалыптасады.

Буллингтің алдын алу және онымен күресу – бұл барлық мүдделі тараптардың, соның ішінде мектептердің, отбасылардың, қоғамның және мемлекеттің бірлескен күш-жігерін қажет ететін күрделі және үздіксіз процесс. Буллингке қарсы күрес – бұл тек қана жасөспірімдердің құқықтарын қорғау емес, сонымен қатар сау және әділетті қоғам құруға бағытталған маңызды инвестиция.

Әдебиеттер

1. Токтанова, А.К., Джакипбекова, М.Т. Психологические основы развития когнитивной, деятельности, эмоциональной рефлексии студентов. Вестник Карагандинского университета. Серия «Педагогика», 2022 ж. №4(108), 22-31 б..
2. Валиуллина С.А. Психологические особенности подростков, подвергающихся буллингу в образовательной среде. // Вестник КГУ им. Н.А. Некрасова. 2015. №6. – С. 121-125.
3. Бочавер А.А., Хломов К.Д. Буллинг как объект исследований и мишень профилактики // Психология. Журнал Высшей школы экономики. 2014. Т. 11, № 3. с. 147-159.

ОТБАСЫНДАҒЫ ТҰЛҒААРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫҢ БАСТАУЫШ СЫНЫП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ МАЗАСЫЗДЫҚ ДЕҢГЕЙІНЕ ӘСЕРІ

Джумагулова Г.Ш.¹, Мунашова Ж.Б.¹, Жанибекова Г.О.²

¹Орталық Азия инновациялық университеті
Шымкент қаласы, Қазақстан

²№74 жалпы білім беретін мектеп психологі
Түркістан облысы, Сайрам ауданы

Мақалада отбасындағы тұлғааралық қарым-қатынастардың бастауыш сынып жасындағы балалардың мазасыздық деңгейіне психологиялық ықпалы қарастырылады. Зерттеу барысында мазасыздықтың деңгейі ата-ана мен бала арасындағы эмоционалдық өзара әрекетке тікелей байланысты екені анықталды.

Түйін сөздер: мазасыздық, бала мен ата-ана қарым-қатынасы, психологиялық денсаулық, тұлғааралық қатынастар, отбасы ішіндегі микроклимат.

В статье рассматривается психологическое влияние внутрисемейных межличностных отношений на уровень тревожности детей младшего школьного возраста. В ходе исследования было установлено, что уровень тревожности напрямую зависит от эмоционального взаимодействия между родителями и ребёнком.

Ключевые слова: тревожность, детско-родительские отношения, психологическое здоровье, межличностные отношения, микроклимат внутри семьи.

The article examines the psychological impact of intrafamily interpersonal relationships on the anxiety levels of primary school-aged children. The study found that the level of anxiety is directly related to the emotional interaction between parents and the child.

Key words: anxiety, child-parent relations, psychological health, interpersonal relationships, microclimate within the family.

Баланың тұлғалық дамуы мен психикалық тұрақтылығы ең алдымен балалық шақта қалыптасады, әсіресе бастауыш мектеп кезеңі бұл үдерісте маңызды рөл атқарады. Бұл жас кезеңінде баланың мінез-құлқы, эмоциялық реакциялары және әлеуметтік бейімделуі қалыптасып, кейінгі өміріне әсер ететін негізгі сипаттамалар орнығады. Психологтардың пайымдауынша, дәл осы уақыт – баланың сыртқы ортаның ықпалына ең сезімтал болатын, жүйке жүйесі әлі толық қалыптаспаған кезеңі болып табылады. Сол себепті баланың айналасындағы қарым-қатынас пен тәрбие ерекшеліктері оның ішкі жан дүниесіне, әсіресе мазасыздық деңгейіне тікелей әсер етуі мүмкін [1,66-75 бет].

Ғалымдар Л.И. Божович, А.А. Бодалёв, В.С. Мухина, Т.А. Репина және басқа да жетекші зерттеушілер атап өткендей, бала – әлеуметтік жүйенің ең нәзік әрі әсерге сезімтал мүшесі болып табылады. Оның психикасы мен мінез-құлқы қоршаған ортадағы жағымсыз ықпалдарға бейім келеді. Соңғы жылдары жүргізілген тәжірибелік-эмпирикалық зерттеулер барысында балалар арасында жиі кездесетін эмоционалдық бұзылыстардың қатарына қорқыныш пен мазасыздық жататыны анықталды [2, 143бет].

Бұл бұзылыстардың себептерін қарастырған С.В. Ковалёв, А.И. Захаров, И. Коган сынды психологтар бала бойындағы мазасыздықтың С.В. Ковалёв, А.И. Захаров, И. Коган сынды психологтар бала бойындағы мазасыздықтың туындауына отбасындағы психологиялық ахуалдың тікелей әсер ететінін алға тартады [3, 232бет]. Бала үшін отбасы бұл тек күнделікті өмір сүру ортасы ғана емес, сонымен қатар эмоционалдық тәжірибе жинақталатын, тұлғалық қасиеттер қалыптасатын және әлеуметтік өзара әрекеттестік негіздері қаланатын маңызды әлеуметтік институт.

Отбасындағы қарым-қатынас моделі мен ата-ананың балаға деген қарым-қатынасы – оның мінез-құлқы мен ішкі әлемінің дамуында шешуші рөл атқарады. Бұл жағдай баланың өзін-өзі қабылдауына, өзгені тануына және қоршаған әлемге деген қатынасына әсер етеді. Нәтижесінде бала ашық әрі шынайы тұлға ретінде қалыптасуы мүмкін, алайда егер отбасында қолайсыз психологиялық микроклимат қалыптасқан болса, балада ішкі кереғарлық,

мазасыздық, эмоционалдық тұйықтық және жағымсыз мінездік ерекшеліктер (мысалы, агрессия, жалған мінез, дерексіздік) дамуы ықтимал.

Қазіргі уақытта мазасыздық – кең таралған психологиялық құбылыс. Ол адамның ішкі сенімсіздігімен, тұрақты мазасыз күймен және болашақтан үнемі қауіп күтуімен сипатталады. Бұл жағдай әсіресе мектеп жасындағы балалар арасында жиі кездеседі. Сондықтан отбасындағы тәрбие тәсілдері мен баланың мазасыздық деңгейі арасындағы өзара байланысты зерттеу – балалардың психикалық денсаулығын сақтау мен әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз етуде маңызды орын алады.

Мазасыздық – бұл адамның әртүрлі жағдайларда бастан кешетін алаңдаушылық пен қобалжу күйі. Ол психологияда ең кең таралған құбылыстардың бірі болып саналады. Балалардың мазасыздықты сезінуіне әкелетін түрлі себептер бар [4,56бет]. Кейбір адамдар оны генетикалық факторларға немесе тұқымқуалаушылыққа байланысты сезінсе, енді біреулер үшін бұл жақын адамынан айырылу, ата-ананың ажырасуы немесе психологиялық жарақат сияқты қолайсыз өмірлік жағдайлармен байланысты. Сонымен қатар, мазасыздықтың себебі оқу үдерісіне байланысты стресс немесе құрдастарымен қарым-қатынастағы қиындықтар болуы да мүмкін.

Бүгінгі психологиялық зерттеулер мазасыздықтың балалар психикасына тигізетін әсерін тереңірек зерделеуге бағытталып отыр. Балаларда байқалатын мазасыздықтың себептері сан алуан: тұқымқуалаушылықтан бастап, әлеуметтік және тәрбиелік факторларға дейін. Осы контексте ата-ананың балаға деген қарым-қатынас моделі, олардың тәрбиелеу стилі – зерттеуге лайық маңызды факторлардың бірі болып отыр [5,60-65бет].

Бастауыш мектеп жасындағы бала жаңа ортаға бейімделіп, мектеп ережелеріне үйренеді және үлкен әлеуметтік рөлдерді игере бастайды. Бұл кезеңде баланың өмірінде көптеген өзгерістер болады: жауапкершілік артады, эмоционалдық тұрақтылық талап етіледі, қоршаған ортамен өзара әрекет кеңейеді. Осындай жағдайда отбасы – баланың тұрақтылық пен қауіпсіздік көзі ретінде маңызды рөл атқарады.

Баланың психологиялық дамуына әсер ететін маңызды факторлардың бірі – отбасындағы эмоционалдық ахуал мен тәрбиелеу үлгісі. Бұл ретте Е. Савинаның жүргізген зерттеулеріне сүйенсек, балалар арасында мазасыздықтың қалыптасуына ең алдымен ата-анамен, әсіресе анасымен орнаған қарым-қатынастың сипаты ықпал етеді. Баланың табиғи қажеттіліктерінің бірі – сүйіспеншілікке, қамқорлық пен қауіпсіздікке ие болу. Егер ана бұл қажеттіліктерді қанағаттандырмай, баланы қабылдамайтын болса, онда ол өзін керексіз сезінеді, бұл өз кезегінде алаңдаушылық сезімін тудырады. Бала ана махаббатын шартты түрде қабылдайды: яғни, өзін жақсы ұстағанда ғана жақсы көрілетінін сезеді. Мұндай қабылдау психологиялық тұрғыдан тұрақсыздықты қалыптастырып, баланың мінез-құлқында мазасыздықты күшейтеді.

Сонымен қатар, кейбір аналар баласымен шамадан тыс тығыз, симбиотикалық байланыс орнатып, оны өздігінше шешім қабылдаудан және өмірлік қиындықтардан алшақ ұстауға тырысады. Мұндай тәрбие үлгісі балаға жеке тұлға ретінде қалыптасуға мүмкіндік бермей, керісінше, оның белсенділігін тежейді. Анасының жанында болмаған сәтте бала өзін сенімсіз сезінеді, алаңдап, қорқынышқа бой алдырады. Нәтижесінде, өз бетімен әрекет етудің орнына тәуелділік пен енжарлық қалыптасады.

Бала тәрбиесінде жоғары талап қоюшылық пен қатал тәртіп жүйесінің де кері әсері болуы ықтимал. Кейбір отбасыларда ата-аналар баладан белгілі бір мінез-құлық стандарттарын қатаң сақтауын талап етеді, ал бұл стандарттарға сай келмеу сәгіс не жаза арқылы реттеледі. Мұндай жағдайда балада ішкі қысым күшейіп, "Қателесіп қалам ба?", "Анам ренжіп қалмай ма?" деген тәрізді ойлар мазасыздық тудырады. Бұл үрей баланың табиғи дамуын тежеп, өзіндік бағасының төмендеуіне ықпал етеді. Бала өз әрекетінен гөрі, ата-анасының бағалауына тәуелді болып қалады. Осылайша, тәрбиедегі шамадан тыс бақылау мен эмоционалдық қолдаудың жеткіліксіздігі – баланың алаңдаушылық күйіне ұшырауының негізгі себептерінің бірі болып табылады.

Бала тәрбиесіне қатысты отбасындағы қарым-қатынас стилі оның жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына тікелей ықпал етеді. Әсіресе ата-ананың баламен қарым-қатынас жасау тәсілі баланың өзін-өзі тануы мен әлеуметтік ортада бейімделуіне үлкен әсерін тигізеді.

Мысалы, *демократиялық тәрбие стилін* ұстанатын ата-аналар баланың дербестігін қолдап, жауапкершілікті сезінуге баулиды. Олар баланың өз ойын ашық айтуына, таңдау жасауына еркіндік береді, бірақ сонымен қатар міндеттерді де орындауын қадағалайды.

Мұндай отбасыларда тәрбие үрдісі жылы қарым-қатынас пен өзара құрметке негізделеді. Ата-ана баланың іс-әрекеттеріне қатысты түсініктеме беріп, оған дұрыс пен бұрысты ажыратуға көмектеседі. Бұл өз кезегінде балада сенімділік пен ересек өмірге бейімделуге дайындық қалыптастырады.

Ал қатал, авторитарлық тәрбие стилі балаға қатаң талаптар қойып, оның пікірін ескерусіз қалдырады. Мұндай ата-аналар баладан тек қана сөзсіз бағынуды күтеді және бұйрықтарының себептерін түсіндіруді қажет деп санамайды. Олар баланың күнделікті өміріне толық бақылау орнатып, жиі эмоционалды суықтық танытады. Осындай ортада өскен балалар өз ойларын ашық білдіруден қорқады, тұйықталып, кей жағдайда өз-өзіне сенімсіз болып өседі. Кейбіреулері ата-ананың талабына қарсы шықса, басқалары бойсұнып, пассивті өмір салтын қалыптастырады.

Қатал тәртіп пен суық қарым-қатынас қатар жүргенде, ата-ана мен бала арасындағы байланыс үзіліп, өзара сенім жоғалады. Бұл жағдай баланың психологиялық дамуына теріс әсер етеді.

Тағы бір күрделі мәселе – ата-ананың немқұрайлығы мен қатыгездігі. Мұндай жағдайда бала жеткілікті мейірім көрмей, өз ортасына сенімсіздікпен қарайды. Мұндай балаларда басқалармен қарым-қатынас орнату қиынға соғып, олар да қатігез немесе агрессивті мінез таныта бастайды. Дегенмен, олардың ішкі дүниесінде махаббат пен қамқорлыққа деген сұраныс жоғары болады.

Гипоопека, яғни ата-ананың тәрбиеден шет қалуы – балаға шексіз еркіндік беріліп, оның әрекеттері бақылаусыз қалатын тәрбие түрі. Мұндай жағдайда баланың мінез-құлқы шектен тыс еркін бола бастайды. Ол ересектер тарапынан бағыт-бағдар болмаған соң, өз бетімен шешім қабылдауға тырысады. Алайда балаға әрдайым сүйенетін тірек, үлгі боларлық тұлға қажет. Ересек адамның өмірлік бағыты мен жауапкершілігі бала үшін маңызды бағдар саналады.

Керісінше, гиперопека, яғни шамадан тыс қамқорлық пен бақылау – баланың дамуына кері әсер етеді. Ата-ананың баланың әр қадамын қадағалап, барлық шешімдерді өздері қабылдауы нәтижесінде балада тәуелділік, өзіне сенбеушілік және пассивтілік дамиды. Мұндай балалар құрдастарымен қарым-қатынас орнатуда қиындық көреді және өз бетімен әрекет етуде әлсіздік танытады]6,86 бет].

Қазіргі таңда уайымы мен қобалжуы күшейген, өзіне сенімсіз, эмоционалды тұрақсыз балалар саны көбейіп келеді.

Бұл мәселені шешу үшін мектеп психологтары балалық шақтағы мазасыздықтың пайда болу себептері мен оның көрініс ерекшеліктерін мүмкіндігінше ерте анықтау қажет. Бұл келешекте мазасыздықтың алдын алу мен түзету жұмыстарының тиімділігін арттырады.

Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас сипаты баланың өзін-өзі қабылдауы мен әлемге деген сенімін қалыптастыруда шешуші мәнге ие. Егер ата-ана баланың эмоциясына бейжай қараса немесе қатал, түсінбейтін көзқарас танытса, бұл баланың мазасыздығын күшейтіп, оның ішкі дүниесінде тұрақсыздық орнатады. Сол себепті ата-ананың тәрбиелеу стилі мен баланың мазасыздық деңгейі арасындағы байланысты анықтау психологиялық алдын алу шараларын нақтылау үшін маңызды.

Осы зерттеудің басты мақсаты – ата-аналардың бала тәрбиесіндегі қолданатын стилі мен бастауыш мектеп жасындағы балалардың мазасыздық деңгейі арасындағы өзара байланысты анықтау. Зерттеу барысында баланың психоэмоциялық жағдайы мен ата-аналық қарым-қатынас үлгісі арасындағы ықпалды байланыстарды талдау көзделді.

Эмпириялық деректерді жинау үшін Түркістан облысы, Сайрам ауданына қарасты №74 жалпы білім беретін мектебінің бастауыш сыныптарында оқитын (1–4 сынып) оқушылардың ата-аналарына сауалнама жүргізілді. Сауалнама онлайн форматта, Google Disc платформасы арқылы ұйымдастырылды. Сауалнамаға 348 ата-ана қатысты.

Балалардың мазасыздық деңгейін бағалау мақсатында Г. П. Лаврентьева мен Т. М. Титаренко құрастырған психодиагностикалық әдістеме пайдаланылды. Бұл диагностика баланың психоэмоционалды жағдайын ата-анасы арқылы анықтауға мүмкіндік береді.

Алынған мәліметтерді талдай отырып, мазасыздық деңгейін анықтау диагностикасы нәтижесінде зерттелушілердің басым бөлігінде мазасыздықтың төмен деңгейі байқалатынын атап өтуге болады (1-сурет).




1-сурет. Оқушылардың мазасыздық деңгейлері бойынша бөлінуі (%)

Ал, ата-аналық тәрбиелеу стилін анықтау үшін Джон Готтман әзірлеген арнайы сауалнама қолданылды. Бұл әдістеме ата-ананың баламен қарым-қатынасындағы эмоционалдық және тәрбиелік ұстанымдарын анықтап, олардың қай стильге жақын екенін бағалауға жағдай жасайды.

Джон Готтман әзірлеген «Сіздің тәрбиелеу стиліңіз: қабылдамайтын, қолдамайтын, араласпайтын немесе эмоциялық тәрбиеші» атты тест-сауалнамасы жүргізілді.

Ата-аналық тәрбиелеу стильдерін диагностикалау нәтижесінде, «эмоциялық тәрбиеші» стилі басымдыққа ие екені анықталды (80%). Бұл дегеніміз, ата-аналардың көпшілігі осы конструктивті тәрбиелеу стилін негізгі ретінде қолданады (2-сурет).



2-сурет. Бастауыш сынып оқушыларының ата-аналарының жетекші тәрбиелеу стилін таңдауына байланысты бөлінуі (%)

Осылайша, деструктивті тәрбиелеу стильдерінің («қабылдамайтын», «қолдамайтын», «араласпайтын») таңдалуы әлдеқайда сирек кездеседі. Бастауыш сынып оқушыларының ата-аналарының көпшілігі конструктивті «эмоциялық тәрбиеші» моделін таңдауды жөн көреді. Бұл ата-аналардың бала эмоциясына құрметпен қарайтынын, баланың тіпті аз байқалатын эмоциялық күйін сезе алатынын, өз эмоцияларын да түсініп, бағалай алатынын білдіреді.

Зерттеу барысында ата-аналық тәрбиелеу стилі мен баланың мазасыздық деңгейі арасындағы байланысты анықтау үшін r-Спирменнің рангілік корреляция коэффициенті қолданылды. Төмендегі мәндер анықталды:

«Эмоциялық тәрбиеші» стилі бойынша: $r = -0,854$, $p \leq 0,01$

«Араласпайтын» стилі бойынша: $r = 0,717$, $p \leq 0,01$

«Қабылдамайтын» стилі бойынша: $r = 0,392$, $p \leq 0,05$

«Қолдамайтын» стилі бойынша: $r = 0,241$, $p \leq 0,05$

Осыдан тәрбиелеу стилі мен мазасыздық деңгейі арасында статистикалық жағынан маңызды байланыс бар екенін көруге болады. Атап айтқанда:

«Эмоциялық тәрбиеші» стилі күштірек көрініс тапқан сайын, баланың мазасыздық деңгейі төмендейді;

Ал «қабылдамайтын», «қолдамайтын» және «араласпайтын» стильдер басым болған жағдайда, баланың мазасыздығы жоғарылайды.

Қорытындылай келе, зерттеу нәтижелері ата-аналық тәрбиелеу стилі мен баланың мазасыздық деңгейі арасында нақты байланыс бар екенін дәлелдеді. Ата-аналар таңдаған тәрбие тәсілі баланың психоэмоционалдық жағдайына тікелей әсер етеді. Алынған нәтижелер балалармен жұмыс істейтін педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтар, сынып жетекшілердің тәжірибелік жұмысында қолдануға болады. Бұл мәліметтер бастауыш сынып оқушылары мен олардың отбасыларымен профилактикалық және түзету жұмыстарын жүргізуге негіз бола алады.

Әдебиеттер:

1. Аведисова, А. С. Тревожное расстройство сепарации у взрослых - новая диагностическая категория [Текст] / А. С. Аведисова, И. А. Аркуша, К. В. Захарова // Журнал неврологии и психиатрии им. С. С. Корсакова. - 2018. Т. 118. - № 10. - С. 66-75
2. Божович, Л.И. (1989). *Личность и ее формирование в детском возрасте*. – Москва: Просвещение.
3. Ковалёв, С.В. (1992). *Психология развития ребенка*. – Москва: Педагогика.
4. Долготов, Т. В. Тревожность - фактор формирования мотивации достижения успеха, избегания неудачи [Текст] / Т. В. Долготов - Москва: Изд-во Лаборатория книги, 2020. - 126 с
5. Әлімжанова, А. С. (2019). Бастауыш мектеп жасындағы балалардың мазасыздық деңгейін төмендету әдістері. - *Қазақстан психологиясы журналы*, 4(1), 60-65
6. Қожахметова, Ә. Қ. (2015). Отбасындағы тұлғааралық қатынастардың баланың психологиялық дамуына әсері. - *Педагогика ғылымдарының кандидатының диссертациясы*. Алматы: ҚазҰПУ баспасы.

ПРОБЛЕМНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНТЕРНЕТА И ЕГО ВЛИЯНИЕ НА ПСИХОЭМОЦИОНАЛЬНОЕ СОСТОЯНИЕ ЧЕЛОВЕКА

Копенова И.Р.

Научный руководитель – Мынбаева А.К.
Казахский национальный университет имени аль-Фараби
Алматы, Казахстан

Мақалада «проблемалық интернетті пайдалану» ұғымының пайда болу тарихы қарастырылып, интернетті шамадан тыс пайдаланудың адам психикасына әсері туралы зерттеулерге шолу жасалады. «Интернет-тәуелділік» және «Интернет желісін проблемалық пайдалану» ұғымдарына салыстырмалы талдау жүргізіліп, олардың ортақ және ерекше белгілері анықталды. Интернетті шамадан тыс тұтынудың психологиялық салдарына ерекше назар аударылады, мысалы, алаңдаушылық, өзін-өзі төмен бағалау, психологиялық жайсыздықтың пайда болуы.

Түйін сөздер: проблемалық интернетті пайдалану, мазасыздық, өзін-өзі бағалау, психоэмоционалды жағдай.

В статье рассматривается история возникновения понятия «проблемное использование интернета», обзор исследований влияния чрезмерного использования интернета на психику человека. Проведен сравнительный анализ понятий «интернет-зависимость» и «проблемное использование интернета», выявляются их общие и отличительные черты. Особое внимание уделяется психологическим последствиям чрезмерного интернет-потребления, таким как появление тревожности, понижения самооценки, психологического дискомфорта.

Ключевые слова: проблемное использование интернета, тревожность, самооценка, психоэмоциональное состояние.

The article examines the history of the emergence of the concept of "problematic use of the Internet", a review of studies on the impact of excessive use of the Internet on the human psyche. A comparative analysis of the concepts of "Internet addiction" and "problematic use of the Internet" is carried out, their common and distinctive features are identified. Particular attention is paid to the psychological consequences of excessive Internet consumption, such as the emergence of anxiety, decreased self-esteem, psychological discomfort.

Key words: *problematic use of the Internet, anxiety, self-esteem, psycho-emotional state.*

Введение. Рассмотрение проблематики интернета впервые началось в 1996 году, когда И. Голдберг предложил ввести понятие «интернет-зависимость» [1]. Под этим термином, он понимал расстройство поведения, которое возникает вследствие использования компьютера и Интернета и влияет на разные сферы человеческой деятельности. После публикации его работы, другие авторы обратили свое внимание на данный феномен, с целью его изучения и описания. К. Янг в 1998 году разработала диагностические критерии и основала центр для изучения интернет-аддикции. Автор утверждала, что зависимость может возникать в возрасте от 3 лет, поэтому необходимо дозированно предоставлять доступ и ограничивать пользование интернетом. К. Янг также определила психологические факторы риска, которые способны повлиять на развитие интернет- зависимости: тревожность, низкая самооценка, сложность в социализации и стремление получить эмоциональное расслабление посредством виртуальной реальности [2].

В начале 2000-х годов, с активным распространением интернета, видео-игр, онлайн-шоппинга и социальных сетей, масштаб проблемы увеличился в разы, что привлекло внимание большого количество ученых.

Использование Интернета за последние двадцатилетие сильно возросло, что указывает на развитие технологий и внедрение их во многие сферы человеческой жизни. Согласно данным проекта «Our World in Data», созданным исследователями Оксфордского университета совместно с некоммерческой организацией Global Change Data Lab, количество пользователей Интернета с 2000 года возросло с 416,20 миллионов человек по всему миру до 5,02 миллиарда в 2021 год.

Основная часть. После И.Голберга и К.Янг изучение проблемы продолжил Р. Дэвис, который ввел понятие «паталогическое использование интернета». В 2000-х годах он разработал когнитивно-поведенческую модель, которая значительно расширила понимание проблемы. В свое понятие он закладывал понимание того, что патологическое использование интернета, это не только поведенческая зависимость, но и особые паттерны поведения и мысли, которые оказывают негативное влияние на жизнь человека. Р. Дэвис разделил понятие интернет-зависимости на две формы: специфическую и генерализованную. Специфическая форма определяется, как зависимость от конкретного вида деятельности в интернете, например, онлайн-шоппинг или игры, просмотр контента или общение в социальных сетях. Генерализованная, также ее называют общей зависимостью от интернета, подразумевает использование интернета для различных целей, связано с общим злоупотреблением использования сети. Такой вид зависимости негативно влияет на жизнедеятельность человека и способен ухудшать его профессиональную или учебную деятельность, а также сказывается на социализации и межличностных отношениях. Р. Дэвис в своей модели, акцентировал внимание на роли дисфункциональных когниций и поведения, которые включают в себя неспособность контролировать времяпрепровождение в интернете, навязчивые мысли о сети в оффлайн среде, а также избегание реальных проблем с помощью виртуальной реальности. Автор значительно продвинул изучение интернет- зависимости, однако создание универсального инструментария в данной теме остается сложной задачей [3].

Современные медицинские стандарты, которыми занимаются Всемирная организация здравоохранения и Американская психиатрическая ассоциация, не относят интернет- зависимость к числу расстройств. Однако организации признают зависимость от онлайн- игр расстройством, и называют его игровым интернет-расстройством. Оно было включено в международные классификации болезней, такие как МКБ- 11 и DSM- 5, в соответствии с этим у данного расстройства есть определенный перечень симптомов и четкая программа лечения. Остальные интернет-зависимости не признаны расстройством, поэтому не имеют достаточной базы для обнаружения и лечения. Проблемное использование интернета все еще

остаётся темой, которую предстоит подробнее изучить и разработать инструментарий для нее [4].

В странах СНГ тема зависимости от интернета начала рассматриваться в 2010-х годах, в связи с активным ростом цифровых технологий и их проникновении в каждый дом. Автор из России, А.Ю. Егоров относит понятие интернет- зависимости к ряду нехимических аддикций, к разновидности технологических зависимостей. Такое соотношение связано с тем, что в случае нехимических зависимостей, у человека отсутствует стимуляция психоактивными веществами, а происходит зависимость от специфического поведения и досуга, предоставленного интернетом. Также А.Ю. Егоров делит проявление проблемного использования интернета на два уровня: поведенческий и когнитивный. Поведенческий уровень характеризуется чрезмерной увлеченностью социальными сетями, онлайн-шоппингом или играми в интернете. А когнитивный отличается тем, что у человека формируются убеждения и мысли о необходимости проводить время в интернете, к такому понятию относится FoMO – страх упустить что-то важное. В контексте онлайн взаимодействия FoMO определяется как тревога, которая возникает вследствие возможности упустить важный онлайн-опыт, что в свою очередь заставляет человека чаще контролировать и проверять свои социальные сети. Последствием таких мыслей становится чрезмерное потребление информации в интернете и потеря контроля над временем, проведенным в сети [5].

Ц.П. Короленко вместе с коллегами, определил, что интернет- зависимость формируется у людей, которые имеют предрасположенность в виде низкой самооценки, застенчивости и страхом социальных контактов. Также он отнес интернет-зависимость к виду аддикций, которые влияют на восприятие реальности и способны вызывать привыкание, меняющее жизнь и состояние человека [6].

Термин «проблемное использование интернета» был предложен как альтернатива интернет-зависимости, автором N.A. Shapira в 2000 году. Он дал определение термину: «проблемное пользование интернетом (ППИ) - это неадаптивная поглощенность пользования интернетом, воспринимаемая как непреодолимая, занимающая больше времени, чем планировалось.» Именно такое название вызывает меньше сомнений и не говорит о менее сложной клинической картине, нежели понятие «интернет-аддикция». Появление понятия «проблемное использование интернета» также обусловлено неоднозначностью диагностики зависимости, так как есть случаи чрезмерного потребления информации в интернете и использования социальных сетей, которые не попадают под клиническую картину аддикции. Такое понятие описывает умеренные нарушения поведения, которые не являются полноценным расстройством, и которые легче поддаются коррективке.

Интернет-зависимость, трактуется авторами, как нехимический вид зависимости, которая имеет такие симптомы как: толерантность-увеличение времени в сети, потеря контроля и тревога при отсутствии возможности воспользоваться интернетом. Проблемное использование интернета охватывает более широкую область использования интернета, когда социальные сети и различные сайты негативно влияют на качество жизни человека, но такой феномен не соответствует критериям зависимости. В таблице 1 приведено сравнение понятий интернет- зависимость и проблемное использование интернета.

Таким образом, анализируя таблицу 1, можно сделать выводы о том, что понятия интернет-зависимость и проблемное использование интернета отличаются в степени нарушений и негативных последствий на повседневную жизнь человека. Интернет- зависимость имеет более сложную клиническую картину, а также игровая зависимость, входящее в общее определение, официально признано расстройством и имеет критерии в МКБ-11 и DSM- 5.

Такое представление понятия «интернет- зависимость» дает понимание о более глубоких нарушениях личности человека, имеющего поведенческую аддикцию. Проблемное использование интернета определяется как менее клинически сложное и глубокое понятие, так как охватывает более широкий круг чрезмерного использования сети, а также имеет умеренное влияние на личность человека. Такой взгляд на современную проблему чрезмерного использования сети, предоставляет возможность для коррективки и профилактики, так как проблемное использование интернета способно в дальнейшем стать более обширным и перейти в стадию зависимости.

Таблица 1. Сравнение понятий интернет-зависимость и проблемное использование интернета

Критерии	Интернет-зависимость	Проблемное использование интернета	Сходства
Определение	Клиническое состояние, которое характеризуется навязчивой потребностью проведения времени в сети, а также соответствует критериям поведенческой зависимости.	Чрезмерная увлеченность интернетом, которая способна негативно влиять на повседневную жизнь, однако не имеет критериев зависимости.	Оба понятия связаны с чрезмерной интернет-активностью, имеющую негативные последствия.
Симптомы	-Большая увлеченность виртуальной реальностью, нежели жизнью -Толерантность -Потеря контроля -Тревога при отсутствии доступа в интернет	-Прокрастинация и снижение продуктивности -Периодическая потеря контроля над временем в сети -Умеренное пренебрежение потребностями	Оба понятия демонстрируют потерю контроля и большую увлеченность виртуальной реальностью.
Диагностика	Клинические критерии в МКБ-11 и DSM- 5	Шкалы для оценки частоты и последствий использования интернета: Общая шкала проблемного использования интернета (GPIUS3)	Используется психодиагностика для определения
Официальный статус	Игровая интернет-зависимость это расстройство, признанное ВОЗ	Не является диагнозом или расстройством, относится к поведенческой проблеме	Нет единого инструментария и классификации
Возраст	Группа риска: подростки и молодые люди (пик риска: 15-16 лет)	Может быть у людей любого возраста, но больше распространено среди подростков и молодых людей	Одинаковый возраст группы риска: подростки и молодежь
Последствия	Глубокие нарушения в социализации, проблемы в профессиональной и личной сфере, риск возникновения депрессии	Нарушения, которые имеют временный и умеренный характер: прокрастинация, нарушение режима сна, ухудшение межличностных отношений, снижение учебной успеваемости	Имеют негативные последствия для человека
Коррекция	Комплексная терапия: сеансы с психотерапевтом и медикаментозное лечение	Профилактика, консультирование, обучение цифровой гигиене с младшего возраста	Предполагается работа с эмоциональными и поведенческими паттернами

Перейдем к рассмотрению современных исследований по данной проблеме. Распространение цифровых технологий увеличивается с каждым годом, именно поэтому проблемное использование интернета является актуальной темой в современном мире. Активное распространение онлайн-платформ и социальных сетей, а также интеграция технологий во многие сферы человеческой жизни, способно менять паттерны поведения и мышление индивида. В связи с этим, многие психологи изучают влияние проблемного использования интернета на психику человека и его эмоциональное состояние, что представляет особый интерес для данного исследования.

А.Б. Холмогорова и А.А. Герасимова в 2019 году провели исследование, которое называется «Психологические факторы проблемного использования интернета у девушек подросткового и юношеского возраста». Авторы исследовали влияние чрезмерного использования интернета на психическое благополучие, а также проявление в виде

психопатологической симптоматики. Количество респондентов составило 432 девушки, возраст которых варьируется от 14 до 23 лет. Результаты исследования показали, что девушки с высоким показателем проблемного использования интернета чаще демонстрируют признаки социальной тревожности и страхов, связанных с негативной оценкой и неприятием со стороны окружающих. Авторы связывают такой результат с концепцией «социальной дезадаптации», девушки заменяют реальное общение с людьми, виртуальным, так как возможно испытывают трудности в построении межличностной коммуникации. Также проблемное использование интернета оказывает негативное влияние на психологическое благополучие девушек, что выражается в повышенном уровне отрицательных эмоций и переживаний. Помимо снижения психологического благополучия, А.Б. Холмогорова и А.А. Герасимова обнаружили предикторы чрезмерного использования интернета, ими оказались: перфекционизм, фобическая тревога и гиперсензитивный нарциссизм. На основе полученных результатов, авторы исследования составили рекомендации для профилактики, которые включают в себя: поддержание баланса между онлайн и оффлайн активностью, развитие социальных навыков, укрепление эмоциональной устойчивости и уверенности, а также развенчание культа успеха в социальных сетях [7].

Таким образом, исследование подтверждает теорию о негативном влиянии проблемного использования интернета на психологическое благополучие молодых людей. Оно проявляется в повышении тревожности, снижении эмоциональной стабильности и ухудшении социальной активности, нередкими являются случаи возникновения депрессии. Интересным выводом также является то, что авторам удалось определить предикторы возникновения ПИИ, которые позволяют спрогнозировать риск возникновения проблемного использования интернета.

Исследование, проведенное в 2024 году в Китае, авторами: Yunyu Shi, Fanchang Kong, Min Zhu, называется: «Как интенсивность использования социальных сетей влияет на социальную тревожность подростков: цепная посредническая роль воображаемой аудитории и самооценка внешнего вида». Целью исследования было изучения влияния чрезмерного использования социальных сетей на тревожность, а также роль воображаемой аудитории в формировании самооценки. Воображаемая аудитория, в этом контексте- феномен, при котором человек ощущает постоянное наблюдение со стороны окружающих, даже если он не имеет этой аудитории. Количество подростков, принявших участие составило 400 человек. Результаты исследования демонстрируют, что интенсивность использования социальных сетей положительно коррелирует с социальной тревожностью и восприятием воображаемой аудитории, но отрицательно с самооценкой внешности. У подростков, которые более увлечены социальными сетями, чаще наблюдается тревога в общении, им кажется, что их всегда оценивают в медиа- пространстве и они немного хуже оценивают свою внешность. Авторы связывают снижение самооценки со сравнением своего образа с идеальными в социальных сетях, и чем дольше индивид наблюдает такую картинку, тем больше начинает тревожиться о своей внешности. А ожидание оценки со стороны аудитории не позволяет человеку расслабиться и заставляет больше контролировать свое поведение в сети [8].

Таким образом, авторы исследования определили, что чрезмерное использование социальных сетей создает риски для психического здоровья подростков. У них наблюдается повышенная тревожность, ощущение, что за ними наблюдает и оценивает аудитория, а также снижается самооценка. В заключении, авторами были предложены рекомендации для профилактики, которые включают:

1. Образовательные программы, направленные на развитие критического мышления и развитие цифровой грамотности.
2. Проведение программ по цифровой гигиене.
3. Поощрение оффлайн- активностей подростков, которые позволяют минимизировать времяпровождение в сети.
4. Внедрение терапевтической помощи при сниженной самооценке и повышенной тревожности.

Казахстанские авторы Пузикова С.М., Кудро Н.М. [9], А.С. Курмашова [10], М.Н. Кунанбаева и др. [11] рассматривают интернет-зависимость и зависимость от социальных сетей. Авторы подчеркивают, что интернет-зависимость связана с проявлением повышенной раздражительности, беспричинной перемены настроения, появления фобий и страх, ухудшением памяти и

внимания, социально-психологическими проблемами изоляции и ограничения общения с родителями, друзьями, родственниками и другими.

В исследовании, проведенном в России в 2019 году учеными А.А. Николаевой и Т.С.Павловой «Зависимость молодежи от социальных сетей», приняло участие 160 респондентов в возрасте 16-19 лет. Авторы оценивали их вовлеченность в социальные сети. Результаты показали, что 31% указали социальные сети, как основной вид деятельности в интернете, 59% занимаются публикацией и просмотром контента, 10% используют интернет в других целях. Особенно интересным результатом является то, что 30% респондентов имеют средний уровень зависимости, они ощущают заметное негативное влияние на их повседневную жизнь, чувствуя ухудшение в учебной и личностной сфере. Однако 63% участников умеренно потребляют информацию из социальных сетей, что не влияет негативно на их жизнь. 7% от общего количества респондентов имеют достаточно высокий уровень зависимости, который проявляется в потере контроля над временем и чувством эмоционального спада, когда нет доступа в интернет. Основываясь на полученных результатах, авторы отмечают, что чрезмерное и интенсивное времяпровождение в социальных сетях способно оказывать негативное влияние на академическую деятельность, эмоциональную сферу человека и уровень социальной адаптации. Таким образом, А.А. Николаева и Т.С. Павлова подтвердили свою гипотезу о негативном влиянии зависимости от социальных сетей на психологическое состояние молодежи. Авторы дали рекомендации, придерживаясь которых, можно минимизировать негативные последствия от использования интернета. Во-первых необходимо контролировать время в сети, это можно делать с помощью установления лимитов на устройствах или же используя специальные приложения. Во-вторых, есть необходимость во внедрении в учебную программу тренингов для молодежи на тему негативного влияния интернета и социальных сетей, а также оказание доступной психологической помощи. В-третьих, необходимо стимулировать молодых людей на альтернативную активность в оффлайн формате [12].

Заключение. В рамках проведенного анализа исследований, посвященных проблемному использованию интернета и социальных сетей, а также интернет-зависимости, можно сделать вывод об их прямом влиянии на психологическое благополучие человека. Снижение самооценки может быть связано со сравнением своего образа с теми, что представлены в социальных сетях, а также повышение критичности к самому себе. «Идеальные образы», которые люди зачастую потребляют как контент в своих устройствах, негативно влияют на адекватное восприятие себя. Уровень тревожности и менее устойчивое состояние по отношению к стрессу, напрямую связаны с чрезмерным использованием интернета, что может быть связано с навязчивым желанием проверять уведомления и контролировать социальные сети, а также с ощущением наблюдения со стороны окружающих. Согласно рассмотренным исследованиям, можно сделать вывод, что тревожность и низкая самооценка могут также являться предикторами возникновения проблемного использования интернета, что формирует цикл взаимного усиления негативных последствий. Практические выводы связаны с рекомендациями, соблюдая которые, человек способен не поддаться влиянию проблемного использования интернета.

Литература

1. Шелюк О.Н. Психологические факторы формирования интернет-зависимости // Здоровоохранение Югры: опыт и инновации. 2018. №1. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/psihologicheskie-factory-formirovaniya-internet-zavisimosti> (дата обращения: 01.04.2025).
2. Voiskunskiy A.E. Psychological Studies of the Internet Addiction Phenomenon. 2-nd Russian Conference for the Environmental Psychology. Theses. (Moscow, April 12–14, 2000.). M.: Ecopsycentre ROSS; 2000: 251–3.
3. Davis, R.A. (2001). A cognitive behavioral model of pathological Internet use. Computers in Human Behavior, 17(2), 187–195. doi:10.1016/S0747- 5632(00)00041-8
4. Тушнова Ю.А., Басенкова О.А. КОНЦЕПТУАЛИЗАЦИЯ ПОНЯТИЯ "ИНТЕРНЕТ-ЗАВИСИМОСТЬ" // Вестник науки. 2022. №5 (50). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/kontseptualizatsiya-ponyatiya-internet-zavisimost>
5. Егоров, А.Ю. Нехимические зависимости: [монографии] / А. Ю. Егоров. - Санкт-Петербург: Речь, 2007. - 190 с..
6. Короленко Ц.П., Лоскутова В.А. Интернет-зависимость в русскоязычном секторе Интернета // Бюллетень Сибирского отделения РАМН. Издво Сибирского отделения российской академии наук. – 2004. – Вып. 3. – С. 45–51.

7. Холмогорова А.Б., Герасимова А.А. Психологические факторы проблемного использования Интернета у девушек подросткового и юношеского возраста // Консультативная психология и психотерапия. 2019. Т. 27. № 3. С. 138–155. doi: 10.17759/cpp.2019270309
8. Shi Y., Kong F., Zhu M. How Does Social Media Usage Intensity Influence Adolescents' Social Anxiety: The Chain Mediating Role of Imaginary Audience and Appearance Self-Esteem // *International Journal of Mental Health Promotion*. – 2024. – Vol. 26, № 12. – P. 977–985. – ISSN 1462-3730. – DOI: 10.32604/ijmhp.2024.057596.
9. Puzikova, S.M., Puzikov, M.F., & Kudro, N.M. (2014). Формирование ценностных ориентаций личности школьника в условиях информатизации общества: социально-педагогический аспект. *Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии*, 50(3). извлечено от <https://bulletin-psysoc.kaznu.kz/index.php/1-psy/article/view/408>
10. Kurmashova, A.S. (2021). Психологические аспекты зависимости от социальных сетей лиц среднего возраста. *Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии*, 77(2), 38–47. <https://doi.org/10.26577/JPS.2021.v77.i2.05>
11. Kunanbaeva, M.N., Toksanbaeva, N.K., Mendybaeva, D., Kairanbekova, D., & Tasmuratova, B. (2015). Влияние интернет-зависимости на психологическое здоровье ученической молодежи в современных условиях. Қазіргі жағдайдағы оқушы жастардың гаджет-аддикциясының психологиялық табиғаты. *Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии*, 52(1). извлечено от <https://bulletin-psysoc.kaznu.kz/index.php/1-psy/article/view/224>
12. Николаева А.А., Павлова Т.С. Зависимость молодежи от социальных сетей // Образовательные ресурсы и технологии. 2019. №4 (29). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/zavisimost-molodezhi-ot-sotsialnyh-setey> (дата обращения: 29.03.2025).

ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ КИБЕРБУЛЛИНГ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ

Қалила К.Т., Асылбекова М.П.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан

Мақалада жасөспірімдер арасындағы кибербуллинг және оның түрлері жан-жақты қарастырылады. Зерттеулерге сүйене отырып, кибербуллинг себептері мен алдын алу жолдары, психологиялық шарттары талданады. Сонымен қатар, жасөспірімдер арасындағы кибербуллинктің белгілерін тану әдістері сипатталып, шетелдік тәжіриберелер негізінде кибербуллинспен күресу жолдары көрсетіледі.

Түйін сөздер: кибербуллинг, жасөспірім, психологиялық қолдау, профилактика, қауіпсіз интернет

В статье рассматривается кибербуллинг среди молодежи и его виды. На основе исследований проанализированы причины, методы профилактики и психологические условия кибербуллинга. Кроме того, описаны методы распознавания признаков кибербуллинга среди подростков и показаны способы борьбы с кибербуллингом на основе зарубежного опыта.

Ключевые слова: кибербуллинг, молодежь, психологическая поддержка, профилактика, безопасный интернет

The article comprehensively examines cyberbullying among young people and its types. Based on research, the causes, prevention methods and psychological conditions of cyberbullying are analyzed. In addition, methods for recognizing signs of cyberbullying among teenagers are described and ways to combat cyberbullying based on foreign experience are shown.

Keywords: cyberbullying, youth, psychological support, prevention, safe internet

Бүгінгі цифрлық заманда интернет пен әлеуметтік желілер жасөспірімдер өмірінде үлкен орын алып, қарым-қатынас, өз-өзін көрсету және ақпарат алудың басты құралдарына айналды. Сонымен қатар, ғылыми-техникалық прогресс қоғамдық өмірде жаңа құбылыстардың,

соның ішінде қылмыстық әрекеттердің де жаңа формаларының пайда болуына себепші болуда. Соның бірі ауытқудың ең агрессивті түрі - кибербуллинг.

Бүгінде жастар арасында әлеуметтік желілерде көп уақыт өткізу арқылы жасөспірімдердің киберқылмыстың құрбаны болу қаупі бар. Бұл ретте жасөспірімдер аңғал және манипуляцияға оңай жеңіледі сондай-ақ интернеттегі агрессия, қорқыту және алаяқтық секілді қауіптері туралы жеткілікті ақпараттандырылғандығы себеп болып отыр.

Кибербуллинг – цифрлық технологиялар арқылы қорлау, бопсалау, қудалау және әлеуметтік оқшаулау.

Кибербуллинг - әлемдік мәселе. Статистикалық мәліметтерге сүйенер болсақ, Біріккен Ұлттар Ұйымының деректерінде: әлем бойынша интернетті ең белсенді қолданушылар - 15 пен 24 жас аралығындағы жастар [1].

ЮНЕСКО-ның мәліметтеріне сәйкес, жер шарындағы 30 пайыз оқушы сыныптастарынан зорлық көреді екен. Әрбір оныншы оқушы кибербуллинктің құрбаны болады, бұл көрсеткіш жыл сайын өсуде [2].

Ключевые слова: психологическое здоровье, смысл жизни, ценности, поиск смысла, понимание, значимость, цель.

The article addresses the issue of an individual's psychological health in the context of life meaning and values. Based on the works of V. Frankl, A. Maslow, C. Rogers, S. Schwartz, D. Leontiev, V.E. Chudnovsky, and M. Rokeach, the article describes the role of meaning and values in personal development and psychological well-being. The purpose of the article is to analyze the perspectives of foreign and domestic psychologists on this issue. The practical significance of the

article lies in its contribution to the study of psychological health in the context of values and life meaning, which is especially relevant given the current challenges faced by humanity.

Keywords: *psychological health, meaning in life, values, finding meaning, understanding, significance, purpose.*

Адам өмірі – қоғамдағы ең жоғарғы құндылық болғандықтан, адамның қасиеттері, сапалары мен ішкі жағдайлары тек жеке адамның ғана емес, тұтас қоғамның да құндылығы болып саналады. Дәл осы себепті әрбір адамның денсаулығы қоғамның байлығы болып табылады.

Ежелгі йога ілімінде де: денсаулыққа ұмтылу – бұл эгоистік мақсат емес, қоршаған орта алдындағы міндет деп есептелген. Яғни, адам дені сау болуға тиіс, себебі бұл тек өз пайдасы үшін емес, айналасына да қызмет етеді.

Адамзат әлі күнге дейін материалдық мәдениеттегі жетістіктердің толық бақыт сезімін бере алмайтынын жете түсініп болған жоқ («байлық жинала берген сайын – ауыр жүкке айналады»). Бұл жетістіктер тек бір негіз, фон ғана, ал шынайы бақыт – өзін және басқаларды тану, адамаралық байланысты кеңейтіп, тереңдету, табиғаттың сырын және өмірдің мәңгілік құпияларын түсіну арқылы құрылады [1].

Гиппократтың айтуынша, денсаулық – ағзадағы негізгі төрт бастапқы элементтің (қан, шырын, сары және қара өт) үйлесімді араласуы нәтижесінде мүмкін болады.

Платонның көзқарасы бойынша, денсаулық та, сұлулық та үйлесімділікпен анықталады, олар қарама-қайшылықтардың келісімін талап етеді және адамның жаны мен тәнінің сәйкесті қатынасы арқылы көрініс табады [1].

Қазіргі заман адамы үшін психологиялық денсаулық – өмір сапасының негізгі көрсеткіштерінің бірі. Әлеуметтік, мәдени, рухани өзгерістердің үдерісі адам психикасына тікелей әсер етеді. Психологиялық денсаулық – бұл тек психикалық аурудың жоқтығы емес, ол адамның өзін-өзі тануы, эмоцияларын реттей алуы, стреске қарсы тұруы және өмірлік қиындықтарды еңсере білу қабілеті. Америкалық психолог К. Роджерс психологиялық саулықты адамның «нақты өзін» қабылдауы мен өмірде шынайы болуына негіздейді. Ал А. Маслоу бұл ұғымды өзін-өзі жүзеге асыру және ішкі потенциалды ашу арқылы сипаттайды. Осыған байланысты тұлғаның ішкі үйлесімділігі мен психологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ететін факторлардың бірі – құндылықтар жүйесі мен өмірлік мағына. Қазіргі тез өзгеріп жатқан әлемде жастарға жаңа құндылықтар жүйесін, дүниетаным мен өмірлік бағдарларды қалыптастыру бойынша ерекше талаптар қойылуда. Бұл жүйенің келісімді және қарама-қайшылықсыз болуы тұлғаның әр салада табысты болуына негіз болады. Осы орайда, адамның өмірлік мағынасы мәселесі – экзистенциалды сипаттағы ең өзекті психологиялық проблемалардың бірі.

Психология ғылымында өмірлік мағына адамның дүниетанымдық жүйесінің реттеуші компоненті ретінде қарастырылады. Ол тұлғаның моральдық нормаларын анықтап, оның әрекет бағытын негіздейді. Франклдің логотерапиясында өмірлік мағына – әр адамға тән ішкі қажеттілік, яғни "мағынаға деген ерік". Франкл өмірдің мәнін табуды үш негізгі құндылық арқылы сипаттайды [2]:

- Шығармашылық (еңбек, кәсіп, мақсат);
- Тәжірибелік (сүйіспеншілік, табиғатпен үндестік, өнер);
- Қатынастық (қайғы-қасіретке деген көзқарас, өмірлік сынақтарды қабылдау).

Осы тұста мағынаға анықтама бере кетсек, қазақстандық ғалым Қ. Жарықбаев пен О. Санғылбаевтың «Психология энциклопедиялық сөздігіндегі талдауды келтіруге болады. Мағына – қоршаған ортадағы әртүрлі құбылыстардың өзіндік мәнін тұлғаның түсінуі, мағына оның объективтік шындыққа субъективтік қатынасынан көрініс береді. Л.С. Выготский мен А.Н. Леонтьевтің пайымдауынша, мағына түрткінің мақсатқа қатынасы, яғни, тұлға шынайы реттеп туралай алады, мұнда жетекші рөлді түрткі атқарады да, содан мағына адам санасын қарастыратын басты өлшем бірлігіне айналады [3].

Өмірлік мағынасыздық сезімі экзистенциалды вакуумге, эмоционалдық күйзелістерге алып келуі мүмкін. Ал, мағынаны табу – адамның ішкі тұрақтылығын қамтамасыз етіп, қиындықтарды еңсеруге мүмкіндік береді. Э. Лукас өз еңбектерінде адамның жарақаттары мен өмірлік мәнінің байланысын терең түсіндіреді: егер өмір мәнге толы болса, адам қиындықтардан әлдеқайда жеңіл өтеді.

Өмірлік мағына құрылымы мен өлшемдері соңғы зерттеулерге (Джордж және Парк, 2017; Мартела мен Стегер, 2016) сәйкес, үш компоненттен тұрады [4]:

- Түсіну – өмірлік оқиғаларды ұғыну, қабылдау;
- Маңыздылық – адамның өмірінің мәні бар екенін сезіну;
- Мақсаттылық – адамның құндылықтарына сәйкес мақсаттарға ұмтылуы.

Рекер мен Вонгтың (1988) теориясы өмірлік мағынаның төрт деңгейлік тереңдігін ұсынады. Бұл деңгейлер адамның құндылықтық мотивациясымен байланысты.

Сонымен қатар, О'Коннор мен Чемберлен (1996) мағынаның кеңдігі ұғымын енгізіп, адамның түрлі өмір салаларынан мағына іздеу қабілеті психологиялық әл-ауқатпен тығыз байланысты екенін көрсетті. Мағынаның кеңдігі – мағына көздерінің көптүрлілігі, ал тереңдігі – адамның мағына іздеудегі мотивациялық деңгейлері.

Психолог В.Э. Чудновскийдің зерттеулерінде тұлғаның өмірлік мағынасының дамуына дейінгі дайындық кезеңі ерекше орын алады. Ол бұл кезеңді «тұлғалық іргетастың қалыптасуы» деп атап, оның болашақта өмірлік мағынаның пайда болуы мен дамуына әсер ететін негізгі психологиялық база екенін көрсетеді.

«Тұлғалық іргетас» ұғымы – тұлғаның өмірлік мағына құруына қолайлы ішкі жағдай жасайтын жеке қасиеттердің жиынтығын білдіреді. Бұл іргетастың болуы тұлғаның өзін, қоршаған ортаны және өзінің өмірлік жолын түсінуіне, таңдауына, әрі мақсат қоюына мүмкіндік береді. Чудновскийдің пікірінше, дайындық кезеңі тек мағынаның пайда болу уақыты мен жылдамдығына ғана емес, сонымен қатар өмірлік жолдың мазмұны мен бағытына да әсер етеді. Бұл тұрғыдан алғанда, тұлғаның өмірлік мағынасының қалыптасуы кездейсоқ емес, белгілі бір ішкі және сыртқы алғышарттарға байланысты процесс болып табылады [5].

Тұлғалық іргетастың негізгі компоненттері

В.Э. Чудновский өмірлік мағынаның негізін құрайтын үш басты құрылымды айқындап көрсетеді:

- Моральдық құрамдас бөлік (нравственная составляющая):

Адамның ар-ожданымен, әділдік пен жауапкершілік сезімімен байланысты. Бұл компонент тұлғаның қандай құндылықтарды жетекші етіп қабылдайтынын, қандай мінез-құлықты дұрыс деп санайтынын анықтайды.

- Қабілеттерді дамыту (развитие способностей):

Тұлғаның жеке әлеуетін – шығармашылық, интеллектуалдық, эмоциялық қабілеттерін дамыту мағыналы өмір құрудың алғышарты ретінде қарастырылады. Қабілеттерді дамыту арқылы тұлға өз орнын табуға, өзін-өзі іске асыруға тырысады.

- Өз тағдырына деген дұрыс көзқарас (адекватное отношение к собственной судьбе):

Бұл компонент адамның өмірлік қиындықтар мен жағдайларды қабылдауына, өз болашағы үшін жауапкершілік алуына қатысты. Тұлға тағдырды тек сыртқы күштердің әсері емес, өзінің белсенді таңдауы мен әрекеті арқылы қалыптасатын құбылыс ретінде қабылдауы керек [5].

Құндылықтар – тұлғаның мінез-құлқын бағыттайтын тұрақты ішкі бағдарлар. Олар адамның шешім қабылдауында, мінез-құлық үлгілерінде және өмірлік басымдықтарында көрініс табады. Құндылықтар жүйесінің орнықтылығы психологиялық тұрақтылық пен өзіне сенімділіктің негізін қалайды.

Швейцариялық психолог К. Юнг адамның терең психикасында архетиптер мен рухани ізденіс жатқанын айтады. Бұл тұрғыдан алғанда, құндылықтар – адам санасындағы ұжымдық және жеке тәжірибелердің нәтижесі. Олар арқылы тұлға өмірінің мағынасын табуға тырысады [5].

Шварцтың құндылықтар теориясы (1992) бойынша, адамның мотивациялық бағдарлары он негізгі құндылықтар саласымен сипатталады (мысалы: өзін-өзі жетілдіру, қауіпсіздік, дәстүр, универсализм т.б.). Сонымен қатар Ш. Шварц пен У. Билски де барлық құндылықтарды терминалдық және құралдық деп бөлді. Олар терминалдық құндылықтарды адам қызметінің кейбір соңғы күйлері мен мақсаттары деп атады, олар нағыз достық, байлық, жер бетіндегі «бейбітшілік» көріністерінде және т.б. ашылады. Олар адамның іс-әрекетінің инструменталды қағидаларына, сондай-ақ оның мінез-құлқының модельдері мен әдістеріне сілтеме жасады. Сонымен, атап айтқанда, құндылықтардың бұл түрін, олардың пікірінше, қызмет ету қабілетінде, кешіруге дайын болуда, үлкендерге құрметпен қарауда, өз бетінше мақсат қоя білуде және т.б. ашылатын құндылықтарға жатқызуға болады.

Сонымен бірге Ш. Шварц мәдениетті өлшеуге арналған үш биполярлық осьтерді бөліп көрсетеді, олар қоғам алдында тұрған үш рөлдің әрқайсысының шешімдері болып табылады: Енгізілген – автономия

Иерархия – теңдік

Игеру – үйлесімділік [6].

Бұл құндылықтар тұлғаның өмірлік мағынасы мен өмірге қанағаттану деңгейіне тікелей әсер етеді. Зерттеулер көрсеткендей, құндылық құрылымының үйлесімділігі мен өмірлік мағына арасындағы өзара байланыс тұлғаның психологиялық әл-ауқатын анықтайды.

Э. Фромм өзінің «Бостандықтан қашу» атты еңбегінде құндылықтарды адамның қажеттіліктерімен байланыстырады – оның өмір сүру қажеттілігі мен қауіпсіздіктен өзінөзі дамыту қажеттілігіне дейін, құндылықтар жүйесінің мұқтаждығын бөлек көрсетті. Ол «бізге қоршаған әлемді шарлауға көмектесетін көзқарастар мен құндылықтар жүйесі қажет деп пайымдайды. Құндылықтардың жетіспеушілігі адамның жалғыздықтан және өмірдегі мәнсіздіктен рухани өліміне әкеледі және «кейбір идеялармен, моральдық құндылықтармен немесе ең болмағанда әлеуметтік стандарттармен» байланысы оған қауымдастық пен «тиесілі» сезімін береді (Фромм, 2006:33-34). Құндылық жүйесінің арқасында адам өмір бойы кездесетін көптеген тітіркендіргіштер мен ынталандыруларды ұйымдастыра алады. Э. Фромм, адамда оған сәйкес өмір сүруге тиісті белгілі бір нормалар мен құндылықтарды бөліп көрсету қажеттілігі бар деп санады [7].

Америкалық психолог Г. Олпорт адамның өмірде оның шынымен маңызды екендігіне деген сенімін, адамның өмірдегі тәртіп пен мәнді табуға деген күш-жігерін құндылықтар анықтайды деп түсінеді (Allport, 1961). 1931 жылы ол «Құндылықтарды зерттеу сынағын» құруға белсене қатысты, және де жеке тұлғаның (құндылықтардың) өте күрделі компоненті ретінде эмпирикалық өлшенген элементтерге бөлуге тырысты [8].

Қазақстандық ғылыми ізденушілер Э.Т. Адилова, О.Х. Аймағанбетова, З.Б. Мадалиева еңбектерінде де М. Рокиятің құндылықтар тұжырымдамасы егжей-тегжейлі талданған. Сол талдауларға сүйенсек, құндылықтар тұжырымдамасының дамуына үлкен үлес қосқан америкалық психологтардың бірі М. Рокич, ол өзінің жеке құндылықтық бағдарлар тұжырымдамасын жасады, сонымен қатар 1973 жылы жарық көрген «Адам құндылықтарының табиғаты» кітабында сол жайында сипаттады. М. Рокич құндылықтарды «белгілі бір іс-әрекет тәсілі немесе белгілі бір өмірлік мақсаттар жеке тұлға мен қоғам үшін басқа қызмет түрлерінен немесе басқа да түпкілікті мақсаттардан гөрі ұтымды болатынына деген сенімділік» бар деп санады (Рокич, 1973:20-28). Ол құндылықтар жүйесінің өзін маңыздылық континуумы бойынша құндылықтар рейтингісі негізінде құрылған олардың маңыздылығы дәрежесіне сәйкес иерархиялық ретке келтіру деп түсінді. Ол адамдардың әлеуметтік мінез-құлқын анықтайтын психологиялық факторлар ретінде құндылықтар мен қатынастарды бөліп көрсетеді және олардың қарым-қатынасын зерттей отырып, ол құндылықтардан, көзқарастардан айырмашылығы, абстрактілі болып қана қоймай, адамдардың өміріндегі ең маңыздысы болады деген тұжырымға келеді. Адами құндылықтар саны жағынан салыстырмалы түрде аз және жүйеге ұйымдастырылғандығына сүйене отырып, ол құндылықтардың екі түрін анықтады – терминалды (құндылықтар – мақсаттар) және инструменталды (құндылықтар – құралдар). Ол индивидуалды және әлеуметтік тұрғыдан жеке өмір сүрудің кейбір түпкі мақсаттарына ұмтылуға тұрарлық деген түпкілікті сенімдерге сілтеме жасады. Ол құралдық құндылықтарды келесі топтарға бөлді – этикалық, коммуникациялық құндылықтар, іскерлік құндылықтар; индивидуалистік, конформистік, альтруистік; өзінөзі растау, басқа адамдарды қабылдау және т.б. Сонымен қатар, М. Рокич инструменталды құндылықтарды кез келген жағдайда іс-әрекеттің қандай-да бір тәсілі немесе жеке тұлғаның ерекшеліктері артық болатындығына сену ретінде қарастырды. Терминалды және құралдық құндылықтарды атап өтіп, ол жеке дара құндылықтар адамның балалық шағында әлеуметтену процесінде қалады, сондықтан оларды ересек жаста өзгерту мүмкін емес деп тұжырымдады. Осыған байланысты келесі сұрақ өте маңызды бола түседі, құндылықтар мен әлеуметтік мінезқұлық олардың салыстырмалы тұрақтылығына қарамастан қалай өзгеруі мүмкін? М. Рокичтың айтуы бойынша, иерархиялық позициядағы құндылықтардың түрленуі адам жеке құндылықтар арасындағы объективті бар қарама-қайшылықтарды білген кезде ғана пайда болады, яғни содан кейін, адам өзін «өзін-өзі қарсы қою» жағдайына қалдырғанда пайда болады. Сондай-ақ, М. Рокичтың құндылықтардың өзгеруі адам кейбір құндылықтар арасындағы сәйкессіздікті түсінген кезде пайда болады, бұл оның өзіне деген қанағаттанбаушылық сезімін қалыптастыруға әкеледі деген тұжырымы да маңызды. Керісінше, адам өзіне және оның іс-әрекетіне қанағаттанған кезде құндылық тұрақтанады. М. Рокич ұсынған «құндылық бағдарларын зерттеу әдістемесінің» өзі

терминалдық және құралдық құндылықтарды 18 баллға тікелей рейтингі енгізуге негізделген (Рокич, 1973:20- 28). Қазіргі кезеңде осы әдіснаманы қолдана отырып, көптеген қолданбалы зерттеулер әлі де жүргізілуде, бұл біздің барлық іс-әрекеттеріміз біздің басым құндылықтарымыздың нәтижесі болып табылады деген тұжырымдаманы растайды [8].

Бұл талдауды алуымыздың себебі осы негізде болашақта 3 курс студенттерінің құндылықтарын эмпирикалық талдауды жоспарлаудамыз.

Тұлғаның эмоционалды жағдайы, стресс пен күйзелістерге төзімділігі де осы құндылықтық-мақсаттық жүйемен байланысты. Өмірге қанағаттану, өзін-өзі тану және өмірлік мақсаттардың нақтылығы – психологиялық денсаулықтың негізгі көрсеткіштері.

Қорытындылай келе, өмірлік мағына мен құндылықтар жүйесі тұлғаның психологиялық саулығын қалыптастыруда орталық рөл атқарады. Тұлға өз өмірінің мәнін айқындап, ішкі құндылықтарымен үйлесімді өмір сүре алса, ол кез келген өмірлік қиындықтарды жеңіп шыға алады және толыққанды өмір сүре бастайды. Құндылықтар – тұлғаның ішкі бағдарын айқындаса, өмірлік мағына – сол бағыттағы қозғалыстың мақсаты мен мәнін белгілейді. Қазіргі қоғамда бұл екі ұғымды интеграциялау арқылы жеке тұлғаның ішкі үйлесімділігі мен өмір сапасын арттыруға болады. Психологиялық практикалар мен білім беру жүйесінде құндылықтық бағдар мен мағынаға негізделген тәсілдерді дамыту – өзекті мәселе болып қала береді.

Әдебиеттер

1. Психология здоровья: Учебник для вузов / Под ред. Г.С. Никифорова. – СПб.: Питер, 2006. – с. 50-58
2. Франкл, В. Сказать жизни «Да!»: психолог в концлагере. – Москва: 2021. - С. 41-43
3. Жарықбаев Қ., Саңғылбаев О. Психология энциклопедиялық сөздік Алматы: 2001. – б. 353-354.
4. Лукас, Э. Жизненные травмы и смысл жизни // Экзистенциальная психология и психотерапия, 2012 №2(4), - с. 34–42.
5. Карандашев В.Н. Концепция ценностей Ш. Шварца // Вопросы психологии. – 2009. – 880 с.
6. Фромм Э. Бегство от свободы. Человек для себя: пер. с англ. – М.: АСТ, 2006. – С. 33-34.
7. Allport G.W. (1961) Pattern and growth in personality. New York: Holt, Rinehart & Winston
8. Адилова Э.Т., Аймағанбетова О.Х., Мадалиева З.Б. Құндылық мәселелерін зерттеуге арналған негізгі тәсілдер: шетелдік тәжірибе // Әл Фараби атынд. ҚазҰУ хабаршысы Психология және социология сериясы. №1 (76). 2021. - Б. 59-73.

ҚАЗАҚСТАНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫНА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Нағашыбаева С.К., Гилжанова Ж.Қ

«Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми практикалық институты
Алматы, Қазақстан

Мақалада Қазақстанда туындайтын проблемалардың түрлі себептері қарастырылады. Саналы ұрпақ тәрбиелеу үшін – ата-ананың басты міндеті бала тәрбиесіндегі жауапкершілікті қабылдау мәселесіне ерекше назар аударылады. Балалар мен жеткіншектердегі көптеген проблемалар ата-аналармен эмоционалды жақындықтың болмауынан туындайды. Дүниетаныммен гаджеттер, телефондар мен компьютерлер экрандарына таратылатын нәрселер арқылы қалыптасады. Кейде, бұл түсініспеушіліктерге - отбасындағы қақтығыстарға және қоғамдағы заңға қайшы мінез-қылқ әрекеттерінде себеп болады. Бұл тұрғыда мақалада ата-аналарға педагогикалық көмек көрсету арқылы осы қиындықтарды шешу жолдары қарастырылады.

Түйін сөздер: ата-ана, ата-аналарды қолдау орталығы, алдын алу, бала, отбасы, білім беру орталықтары, тәрбиелі отбасы.

В статье рассматриваются проблемы воспитания подрастающего поколения.. Многие проблемы у детей и подростков возникают из-за отсутствия эмоциональной близости с

родителями. Мировоззрение детей формируется контентом гаджетов, телефонов и компьютеров. Иногда это становится причиной недопонимания – конфликтов в семье и противоправного поведения в обществе. В этом контексте в статье рассматриваются пути решения возникающих трудностей путем оказания педагогической помощи родителям.

Ключевые слова: родители, педагогическая поддержка родителей, профилактика, ребенок, семья, организация воспитания, воспитанная семья.

The article discusses various causes of problems arising in Kazakhstan. Special attention is paid to the problem of accepting responsibility for raising children – the main task of parents-for raising a conscious generation. Many problems in children and adolescents arise due to the lack of emotional closeness with parents. The worldview is formed by what is broadcast on the screens of gadgets, phones and computers. Sometimes this causes misunderstandings - conflicts in the family and illegal behavior in society. In this context, the article discusses ways to solve these difficulties by providing pedagogical assistance to parents.

Keywords: Parents, pedagogical support for parents, prevention, child, family, organization of education, well-mannered family.

Өзектілігі. Кез келген елдегі жағдайдың нақты сынағы – оның өз балаларына – олардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне, материалдық әл-ауқатына, білім алуына және әлеуметтенуіне қаншалықты қамқор болатынында.

Қазіргі уақытта кез келген мемлекеттің даму деңгейінің негізгі көрсеткіші ретінде айқындалған адамның әл-ауқаты республикамыздың және ұлттық білім беру жүйесінің дамуының стратегиялық бағдарына айналды [3]. Суицидке тап болған балалардың психоэмоционалдық жағдайының бұзылуы сияқты өзекті мәселелер; балалар арасындағы қоғамға қарсы қылық әрекеттерінен туындаған қылмыстар, физикалық және психологиялық зорлық-зомбылық (қорқыту, кибербуллинг және т.б.); кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс; электронды кеңістіктің теріс әсері (Интернет, әлеуметтік желілер) [4]. Қоршаған ортаны жайлаған алаңдаушылыққа жауап ретінде қазіргі заманғы балаларға жанашырлық, эмпатия, эмоционалдық интеллект, сана мен зейінділік, зейінді сақтау қабілеті, кез келген стресстік жағдайларда сыни ойлау өте қажет.

Балалардың әл-ауқатының басты факторы – ол отбасы тәрбиесінің әл-ауқаты болғандықтан, әрбір Қазақстандық отбасының өмір сүру сапасын жақсарту үшін қолайлы жағдай жасау мәселесі - бүгінгі күннің күн тәртібінде тұрғаны сөзсіз [2].

Қазақстандық отбасылардың көпшілігінің балаларды толыққанды тәрбиелеу мен дамыту үшін қолайлы жағдай жасауда, олардың заманауи мағынада әл-ауқатын қамтамасыз етуде мүмкіндіктері қандай?

Өкінішке орай, статистика бүгінде қазақстандық қоғамда отбасы институтының жойылуының, ғасырлар бойы қалыптасқан отбасы құндылықтары мен дәстүрлерінің жоғалуының тұрақты үрдісі байқалып отырғанын көрсетеді. Дәстүрлі білім беру тәжірибесі әрқашан қоршаған әлемнің сыртқы келбетін өзгертетін терең сапалы өзгерістерге сәйкес келе бермейді. Отбасы саясаты саласындағы белсенді мемлекеттік қолдауға қарамастан, бірқатар күрделі мәселелер байқалады [7]. Сондай-ақ, отбасындағы эмоционалды және психологиялық жақындықтың жоғалуы (махаббат – 39,5%, сенім, көзқарастар ұқсастығы, өзара түсіністік – 25,4%), балалардың бойына сіңген құндылықтар деңгейінің төмендеуі (қажырлы еңбек: 2020 ж. – 64,1%, 2021 - 620,2%, құрмет 620,2%; ақсақалдар: 2020 – 54,9 %, 2021 – 61,3 %, 2022 – 25,3 % Отанға деген сүйіспеншілік: 2020 – 16,4 %, 2021 – 16,5 %, 2022 – 7,1 %, әділет: 2022 %, 2022ж. – 7,1%).

Отбасында қалыптасқан жағдайдың салдары: қиын өмірлік жағдайдағы балалар санының артуы; жеткіншектер арасында суицид, аутодеструктивті және девианттық мінез-қылық әрекетінің жиілігінің артуы; кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстар санының артуы (соның ішінде қорлау, киберқорлау) [4].

ДДҰ-ның 2022 жылғы деректері бойынша, "Мектеп жасындағы балалардың өз денсаулығына қатысты мінез ерекшеліктері" (HBSC) ұлтаралық зерттеуінің қорытындысы бойынша, Қазақстандағы мектептердегі әрбір төртінші оқушы 11-жастан бастап, әлімжетіктің қандай да бір түріне ұшырайды. Орташа есеппен алғанда, жеткіншектердің 20% - 40%-ға дейін кибербуллингке ұшырайды. Жеткіншектерді құмар ойындарға тарту мәселесі қоғам ушығуда.

Лудоманиядан зардап шегетін жеткіншектердің 15 пен 18 жас аралығындағы жастар санының өсу тенденциясы байқалады.

Отбасылық күйзеліс критерийлері мыналарды қамтиды: қоғамға жат өмір салты мен ата-ана және бала арасындағы қарым-қатынасты бұзу (жанжал, зорлық-зомбылық, тұрмыстық зорлық-зомбылық, иеліктен шығару, немқұрайлылық және т.б.); ата-ана міндеттерін дұрыс орындамау (педагогикалық немқұрайлылық, қалыпты даму үшін негізгі жағдайлардың болмауы, баланың мектепке бармауы және т.б.).

Қазақстандық отбасыларға балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету мәселесінде қалай көмектесуге болады? Мемлекет тарапынан жасалып жатқан даусыз маңызды әлеуметтік-экономикалық шараларды қолға алу қажет. Ата-аналарды, балаларды тәрбиелеу мен оқытуға қатыстыру – отбасы мен мектеп арасындағы қарым-қатынасты жақсарту. Бұл қарым-қатынастар көбінесе ресми немесе қарама-қайшылық болып табылады. Оқу процесінің теориясын еске түсіре отырып, білім беру процесі үш құрамдас бөлікке негізделгені белгілі екенін атап айтар болсақ; оқушы, ата-ана, мұғалім [1]. Барлық қабырғалары тең, оның әрбір шеті *тірек* және *негізгі* болып табылатын алтын *үшбұрыш*. Үшбұрыштың әр қырының өзіндік рөлі бар. Барлық қабырғалары тең болса, оқушы үшбұрыштың жоғарғы жағында болады. Маңызды аспект бойынша айтар болсақ, ата-аналардың біртұтас оқу процесіне назар аударудан тыс қалуы болып табылады. Осы мәселені зерделей келе, біз жоғарыда аталған келеңсіз тенденцияларды еңсеруге Қазақстандық қоғамда позитивті ата-ана тәрбиесінің әдіснамасын дамыту көмектеседі деген қорытындыға келдік [7].

Кері байланыс; ата-ана мен бала қарым-қатынасы қалыптасатын тәрбиенің құндылықтары мен үлгілерін таңдау үшін ата-ананың жауапкершілігі; әрбір балаға физикалық, интеллектуалдық және әлеуметтік-эмоционалдық дамуы үшін қолайлы ортаны қамтамасыз ету міндеттемесі мен ата-аналарды ынтымақтастыққа жүйелі көзқарасты талап етеді, кездейсоқтықты болдырмайды және оқиғалылық жағдайларға жол берілмейді.

2023-2024 оқу жылынан бастап, Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығында ата-аналар қауымының өкілдері, отбасын нығайтуға және отбасы мен халық тәрбиесінің байланысына мүдделі әкімшілік және білім беру қызметкерлері мен әрбір білім беру ұйымы өз жұмысын жүйелеуді бастады.

Мақсаты: Мемлекеттік ұйымдардың тиімді өзара іс-қимылы үшін жағдайларды қамтамасыз ету орта білім беру мекемелері мен ата-аналар балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде. Ата-аналарды педагогикалық тәрбиелеу орталықтарының қызметі; балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде ата-аналардың және балалардың басқа да заңды өкілдерінің құзыреттілігін арттыруға бағытталған.

Тапсырмалары: мемлекеттік органдардың тиімді өзара іс-қимылы үшін жағдайларды қамтамасыз ету орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде;

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарында интерактивті түрде балаларымен оң қарым-қатынас жасаудың нақты дағдыларын қалыптастыра алады және психологиялық, эмоционалдық жағдайын түсінуге үйренеді. Бұл жұмыс басты ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастың және отбасылық тәрбиенің осал жағын қайта жігерлендіруі сияқты қоғамның күрделі мәселелерінің тамырына әсер етуге көмектеседі.

Іске асыру принциптері: ұлттық мәдениетке, құндылықтар мен дәстүрлерге сүйену процесінің гуманистік бағыты бойынша, ата-ана тәрбиесін саралау және даралау қазіргі заманғы ғылым жетістіктерін пайдалану және тәжірибелерді қолдану әлеуметтік әріптестік, білікті сарапшылар мен ресурстарды тартуға ұйымдармен бірлескен іс-шаралар атқаруы қарастырылады. Ата-аналарға білім беруді қолдау бағдарламаларының мазмұны ұлттық құндылықтарға, балалардың әл-ауқатының теориялық негіздеріне негізделеді және олардың дамуының жас ерекшеліктерін ескереді [7].

1-4, 5-9, 10-11 сынып оқушыларының ата-аналарына арналған Бағдарламалар құрастырылған. Әрбір бағдарлама жылына сегіз сессияны қамтиды, олардың екеуі немесе үшеуі мектеп қабырғасындағы оқушылардың әл-ауқатын арттыруы бойынша, тақырыптарға бөлініп оқытылады [7].

Күтілетін нәтижелер.

1. Қазақстандық отбасылардағы ата-ана мен бала қарым-қатынасын жақсарту.
2. Ата-аналар қоғамдастығында психологиялық-педагогикалық білім мен дағдыға сұраныс.

3. Баланың әл-ауқатының көрсеткіштерінің оң динамикасы физикалық, когнитивтік, эмоциналдық және әлеуметтік аспектілері.

4. Қамтамасыз ету мәселелерінде ата-аналар мен мұғалімдер қауымын біріктіру балалардың әл-ауқатын арттыру.

Орталықтың сабақтары әртүрлі ұйымдастыру формаларын пайдалана отырып, кестеге сәйкес ата-аналардың таңдауы негізінде бетпе-бет жүргізіледі. Орталықтың іс-шараларына белсенді ата-аналар мен аға буын өкілдерін тарту жоспарланып, қазіргі таңда іске асырылуда. Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету бағдарламаларының мазмұны баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып дамытыды. Ата-аналар жеке тұлғаның даму ерекшеліктерін (физиологиялық, психикалық және т.б.), жас дағдарыстарындағы тәуекелдермен, қауіптерді түсінуге және олардың алдын алуға, дұрыс әрекет жасауға, әртүрлі өмірлік жағдайларда стандартты емес шешімдер қабылдауға, балаларға қажетті көмек пен қолдау көрсетуге үйренеді.

Ата-анамен жүргізілетін сабақтардың мазмұндық негізі Абайдың «Толық адам» ұғымынан алынған, «рухани кемел адам» деген ұғымды білдіреді, мұнда тәрбиеші «толық адам/кемел тұлға» деген басты сипатты анықтап, оны адамның рухани-адамгершілік дамуымен байланыстырады. Бұл тәсіл халықтың көп ғасырлық тәжірибесінде қалыптасқан адамгершілік тәрбиесінің терең мәнін түсінуге мүмкіндік береді: ұрпақтар тізбегіндегі (шежіре) өз алдына болса, адамгершілік ұғымдардың маңыздылығын, ерлер мен әйелдердің әлеуметтік рөлдерінің мәнін (тарихи тұлғалар мысалында), отбасындағы туыстық қатынастардың ерекшеліктерін түсіну.

Бағдарламаның мазмұны бала тәрбиесіндегі оң көзқарасты дамытуға бағытталған. Позитивті тәрбие мәдениетінің мәні – баланы қажеттіліктерімен өтініштерін, сонымен қатар - мінез ерекшеліктерін терең түсіну, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау [5]. Позитивті ата-ана тәрбиесі - бұл бала мен ересек арасындағы достық қарым-қатынасқа, қолдауға және өзара ынтымақтастыққа негізделген ата-ананың стилі.

Ұлттық құндылықтар ата-ана тәрбиесі барысында ғасырлар бойы жалғасып келген еді. Бірақ, қазіргі кезде жас ұрпақты тәрбиелеу мәселелеріне халықтың көзқарасын айқындайтын тоғысқан құбылыстар ретінде көрсетіледі [7].

Ата-ананы педагогикалық қолдауда ұлттық мәдениет маңызды рөл атқарады. Ата-аналарға арналған сабақтардың мазмұнында ертегілердің, аңыздардың, батырлық эпостардың үзінділері қолданылады; түрлі жанрдағы мақал-мәтелдер, халық әндері; белгілі шешендердің сөзінен үзінді, жыраулар шығармалары; Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсыновтың дана сөздері; халықтық салт-дәстүр үлгілері, т.б [7].

Кесте-1. Ата-аналармен сабақтарға арналған кейбір тақырыптар

Абай Құнанбайұлының “Толық адам” концепциясы	Әл-ауқаттың түрлері	Балалардың ата-аналарына арналған		
		6-7 және 9-11жас	11-12 және 14-15 жас	15-16 және 17-18 жас
НҰРЛЫ АҚЫЛ	Когнитивті	Балада тапқырлық пен эрудицияны қалай дамытуға болады?	Балаңызға жол табу кілтін қалай табуға болады?	Сіздің қалауыңызды табуға қалай көмектесуге болады?
ЫСТЫҚ ҚАЙРАТ	Физикалық және Әлеуметтік	Балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін қалай жеңуге болады?	Бала және әлеуметтік желі: Баланың ортасына жолды қалай табуға болады?	Әлеуметтік желі және интернет ортасы: жоғарғы сынып ортасындағы қауіпсіз орта
ЖЫЛЫ ЖҮРЕК	Эмоционалды	Білім қуанышы: балаға қуанышпен оқуға қалай көмектесуге болады?	Оқытудың жаңа шарттары: баланың бейімделуден қалай өтуі керек	Эмоционалды интеллект - негізгі табысты тұлға

Ойлау процестерінің, интеллектінің дамуында **Когнитивтік әл-ауқатқа салауаттылығы** (генетика, отбасылық орта).

Әлеуметтік әл-ауқат – бұл шындық. Қоршаған ортамен өзара әрекеттесудегі әлеуметтік тұрақтылықты білдіреді.

Эмоционалды әл-ауқат салауаттылығы – қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрінің негізі ретіндегі адамгершілік сезімдердің, басқа адамның жағдайына жанашырлық пен сезімнің көрінісі.

Физикалық әл-ауқат саулық дененің сыртқы жағдайларға бейімделуінде, оның барлық мүшелері мен жүйелерінің үйлесімді жұмысында және күшті иммунитетте жатыр. 1-кестеде ата-аналармен сабақтарға арналған кейбір тақырыптар берілген [6].

«Денсаулығына байланысты мектеп жасы» (HBSC) 2022, Қазақстандағы 11 жастан бастап әрбір төртінші оқушы дерлік қорлаудың бір немесе басқа түріне ұшырайды [9]. Орта есеппен жасөспірімдердің 20%-дан 40%-ға дейін кибербуллингке ұшырайды. Жастардың құмар ойындарға тәуелді болу мәселесі жастардың 51%-ға өсу тенденциясына ие. 18 жыл құмар ойындарға тәуелділіктен зардап шегеді.

Аз қамтылған отбасылардың үлесі өсуде. Отбасы дисфункциясының критерийлеріне мыналар жатады: қоғамға жат өмір салты; ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты бұзу (жанжал, зорлық-зомбылық, иеліктен шығару, немқұрайлылық және т.б.); ата-ана міндеттерін дұрыс орындамау (педагогикалық немқұрайлылық, қалыпты даму үшін негізгі жағдайлардың болмауы, баланың мектепке қабылданбауы және т.б.).

Балалардың амандығын қамтамасыз етуде қазақстандық отбасыларға қалай көмектесуге болады? Бұл қарым-қатынастар көбінесе ресми немесе қарама-қайшылық болып табылады. Оқу процесінің теориясы; оқу-тәрбие процесі үш құрамдас бөлікке негізделгені белгілі. Оқушы, ата-ана, мұғалім, бұл барлық қабырғалары тең, оның әрбір беті жүк көтергіш және негізгі болып табылатын алтын үшбұрыш деп есептесек, үшбұрыштағы әрбір бөлігінің өз рөлі бар екенін еске саламыз. Ата-аналарды оқыту процесінде назар аудару және қатысу аймағынан тыс қалуы өте маңызды. Осы мәселені зерттей келе, біз қазақ қоғамында позитивті ата-ана тәрбиесінің әдіснамасын тәрбиелеу мынадай қорытындыға келдік, ол мыналармен сипатталады: рефлексия; ата-ананың бала мен ата-ана қарым-қатынасы қалыптасатын құндылықтар мен тәрбие үлгілерін таңдауға жауапкершілігі; әрбір баланың физикалық, интеллектуалдық және әлеуметтік-эмоционалды дамуы үшін қолайлы ортамен қамтамасыз етуге ұмтылу. Бұл жазатайым оқиғалар мен оқиғаларды қоспағанда, ата-аналармен ынтымақтастыққа жүйелі көзқарасты талап етеді.

2023-2024 оқу жылынан бастап әрбір білім беру ұйымының базасында Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы (бұдан әрі – Орталық) жұмыс істей бастады. Орталық отбасының нығаюына, отбасы мен қоғамдық тәрбиенің байланысын нығайтуға мүдделі ата-аналар қауымының өкілдерін, әкімшілік және педагогикалық ұжымды біріктірді.

Мақсаты. Балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде орта білім берудің мемлекеттік ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету. Орталықтың қызметі оң ата-ана тәрбиесі мәдениетін арттыру арқылы балалардың қауіпсіздігін, денсаулығын және психологиялық салауаттылығын қамтамасыз етуге көмектесуге арналған және ата-аналардың және балалардың басқа да заңды өкілдерінің балаларды тәрбиелеу мен дамыту мәселелерінде құзыреттерін дамытуға бағытталған [7].

Тапсырмалары: балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету;

Іске асыру принциптері: ұлттық мәдениетке, құндылықтар мен дәстүрлерге сүйену, процестің гуманистік бағыттылығы, ата-ана тәрбиесін саралау және даралау, қазіргі заманғы ғылым жетістіктерін пайдалану және тәжірибелер, кең әлеуметтік әріптестік, білікті сарапшылар мен ресурстық ұйымдарды тарту.

Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету бағдарламаларының мазмұны ұлттық құндылықтарға, балалардың әл-ауқатының теориялық негіздеріне негізделеді және олардың дамуының жас ерекшеліктерін ескереді.

Іс-әрекет формалары мен әдістері Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталығындағы сабақтарда әртүрлі әдістемелер қолданылады сабақтар (дөңгелек үстелдер, дискуссиялар, дебаттар және т.б.). ұйымдастыру формалары: семинар-практикумдар, тренингтер, практикумдар, іскерлік ойындар, пікірталастар Мектеп пен отбасы арасындағы кең әлеуметтік серіктестік әртүрлі нысандарда енгізілуде:

Мектеп пен отбасы арасындағы кең әлеуметтік серіктестік әртүрлі нысандарда енгізілуде: ата-аналар оқулары, ата-аналар конференциялары; ата-аналар форумдары, әкелер, аналар, әжелер, аталар форумдары; бірлескен жобаларды жүзеге асыру; консультациялық жұмыс;

Педагогикалық қолдау орталығының тиімділігінің мониторингі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2014 жылғы 12 қарашадағы № 459 бұйрығы негізінде әзірленді. Мониторингтің мақсаты; ата-аналарды тәрбиелеу және тәрбиелеу үдерістеріне педагогикалық қолдау көрсету орталығының білім беру бағдарламаларына оқушылардың қанағаттануы туралы ақпаратты жинау, қорытындылау, талдау және өңдеу. Білім беру ұйымдарында Мониторингілеу жұмыстарын жүргізу мерзімдері және ата-аналар арасында АПҚО сабақтарына қанағаттанушылық сауалнамасын жүргізу мерзімдері ұсынылды. АПҚО тиімділігін бақылау объектілері:

- ✓ білім алушылардың саны мен сабаққа қатысуы туралы статистикалық деректер;
- ✓ ата-ананың алған біліміне қанағаттануы;
- ✓ ата-аналардың өз балаларының оқу және тәрбие процестеріне қатысуы.

Бүгінгі таңда әрбір отбасының өз әлеуетін жүзеге асыруға көмектесу және ата-ананың алдында тұрған мәселелерді шешуге көмектесу маңызды. Педагогикалық қолдау бағдарламалары: ата-аналардың балаларды тәрбиелеу және дамыту жөніндегі міндеттерін орындауға, ата-аналар мен балалардың өмірде кездесетін мәселелерін шешуге көмектесуге арналған.

Әдебиеттер

1. Бачева в. В. Хрестоматия по родительскому ооразованию: учеono-метооическое пособие, / Е. Бачева; НОУ Академия родительского образования!" - Пермь: Мэджик Стар Студио, 2014. - 104 с. - (Родной дом).
2. Бачева В. В. Родительству стоит учиться / Е. Бачева. - Пермь: Моджик Стар Студио, 2016. -222 с.
3. Лопатина А. Беседы и сказки о семье для детей и взрослых: 33 беседы по семейному воспитанию в школе и дома: практические советы, стихи, сказки, рассказы, диалоги, мнения детей / А. Лопатина, М.Скребцова. - 3-е изд. - М: Амрита-Русь, 2009. - 176 с. - (Семейное воспитание)
4. Максимов А. Как не стать врагом своему ребенку: книга для детей и родителей, которые хотят быть вместе / А. Максимов. - СПб.: Питер, 2013. - 224 с.
5. «Толық адам» тазылымы (egemen.kz) Баланы калай тарбиелеу керек: маманнан 30 кенес (sputnik. kz)
6. Абай. Книга слов 38-слова, 54-с.
7. Абай Университеті «Білім берудегі инновациялар: тәжірибе, мәселелер және перспективалары» атты ғалымдар мен мұғалімдердің III Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының ғылыми мақалалар жинағы 2024ж, 183-б.

ОСНОВНЫЕ ФОРМЫ ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ КОРРЕКЦИИ ДЕВИАНТНОГО ПОВЕДЕНИЯ ПОДРОСТКА

Молбасынова Ж.М.,¹ Токсанбаева Н.К.,¹ Абишева Ж.А.²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби,

²Алматинский гуманитарно-экономический университет
Алматы, Казахстан

Мақалада жасөспірімдердің әлеуметтік емес мінез-құлқының мотивациясын анықтай отырып, қиын жасөспірімдермен жұмысты оңтайландыру, заңсыз мінез-құлықты реттеу стратегиясы мен тактикасын жасау жолдары қарастырылды. Девиантты мінез-құлқы бар жасөспірімдердің жеке басын терең психологиялық және әлеуметтік-психологиялық зерттеу олардың құндылық бағдарларын, қажеттіліктерді орнатуды ішкі мінез-құлық реттеу жүйесінің әр түрлі деформациясымен сипатталатыны көрсетілді.

Түйін сөздер: девиантты мінез-құлық, ішкі мінез-құлық, мотивация, агрессия

В статье рассмотрены пути оптимизации работы с трудными подростками, разработки стратегии и тактики регулирования противоправного поведения с определением мотивации несоциального поведения подростков. Было показано, что глубокое психологическое и социально-психологическое исследование личности подростков с девиантным

поведением характеризуется различными деформациями системы внутренней поведенческой регуляции их ценностных ориентаций, установки потребностей.

Ключевые слова: девиантное поведение, внутреннее поведение, мотивация, агрессия

The article discusses ways to optimize work with difficult adolescents, develop strategies and tactics for regulating illegal behavior, and determine the motivation for unsocial behavior among adolescents. It has been shown that a deep psychological and socio-psychological study of the personality of adolescents with deviant behavior is characterized by various deformations of the system of internal behavioral regulation of their value orientations and attitudes of needs.

Keywords: deviant behavior, internal behavior, motivation, aggression

Переход к новой социально-экономической формации в истории человечества всегда сопровождается различными кризисами в области: экономики, социума, природе, во всех сферах общественного института. Сейчас в системах общеобразовательной школы, в быту, все чаще встречаются различные отклонения в поведении молодежи, в особенности подросткового возраста. Поэтому сегодня актуальна проблема изучения социально-психологических особенностей детей в подростковом возрасте. Проблема нарушения поведения в подростковом возрасте интересует различные области науки: социология, педагогика, юридическая психология, возрастная психология, подростковая психиатрия, различные психологические службы (антиалкогольные, борьба с наркоманией, оказание помощи вичинфицированным и т.д.).

Нас интересует в особенности психологическая сторона асоциального поведения. Почему одни дети: спокойные, уравновешанные, другие активные, менее сдержаны, категоричны, а также есть категория детей импульсивных, нервных, грубых, способных нанести оскорбление, чаще принимающих угрожающую позицию, ярко проявляют способность выражать агрессивное состояние как нападение, избиение, проявление чрезмерной жестокости, подавление слабых, умеют держать окружение в напряженной обстановке. В подростковом возрасте не свойственно контролировать собственное поведение, владеть ситуацией, предвидеть последствия, нести ответственность за свои действия. На основе выше изложенного мы выдвигаем основные положения нашего исследования.

Предметом исследования являются асоциальное поведение в подростковом возрасте.

Цель исследования состоит в выявлении социально-психологических особенностей нарушения в поведении подросткового возраста.

Забота о здоровье детей, сохранение и укрепление его психики должна находить свое отражение учебно-воспитательной работе общеобразовательной школы. Поскольку наряду с понятиями «здоровый ребенок» существуют ряд ярлыков: «нервный ребенок», «проблемный ребенок», «ребенок с проблемами в поведении», «трудный ребенок», «агрессивный ребенок» чаще встречающиеся в подростковом возрасте это проблема которая стоит в центре системы образования, семейного воспитания и специализированных учреждениях для несовершеннолетних. Существуют вопросы конфликтности, упрямства, нерешительности, обидчивости, расторможенности, истеричности, капризности и мы попытаемся рассмотреть это в данном исследовании. Перечисленные выше личностные негативные качества можно назвать одним словом как девиантное поведение подростков.

Девиантное поведение (от лат. *deviatio* отклонение) определяется как отклоняющееся поведение, т.е. как отдельные поступки или система поступков, противоречащих общепринятым в обществе правовым или нравственным нормам [1, 5 с.].

Подростковый возраст один из наиболее сложных периодов развития человека. Несмотря на относительную кратковременность (с 14 до 18 лет), он практически во многом определяет всю дальнейшую жизнь индивидуума. Именно подростковом возрасте преимущественно происходит формирование характера и других основ личности. Эти обстоятельства: переход от опекаемого взрослыми детства к самостоятельности, смена привычного школьного обучения на другие виды социальной деятельности, а также бурная гормональная перестройка организма делают подростка особенно уязвимым и податливым к отрицательным влияниям среды.

На первой стадии подросткового периода (в 10-11 лет) ребёнка характеризует весьма критичное отношение к себе. Около 34% мальчиков и 26% девочек дают себе полностью

отрицательные характеристики, отмечая преобладание отрицательных черт и форм поведения, в том числе грубости, жестокости, агрессивности. При этом у детей этого возраста преобладает физическая агрессивность и менее всего выражена агрессивность косвенная. Вербальная агрессия и негативизм находятся на одной ступени развития. Ситуативно отрицательное отношение к себе сохраняется и на второй стадии подросткового возраста (в 12-13 лет), обуславливаясь, в значительной мере, оценками окружающих, как взрослых, так и сверстников. В этом возрасте наиболее выраженным становится негативизм, отмечается рост физической и вербальной агрессии, тогда как агрессивность косвенная, хоть и даёт сдвиг по сравнению с младшим подростковым возрастом, всё же менее выражена. На третьей стадии подросткового возраста (в 14-15 лет) наблюдается сопоставление подростком своих личностных особенностей, форм поведения с определёнными нормами, принятыми в референтных группах. При этом на первый план у них выходит вербальная агрессивность, что на 20% превышает показатели 12-13 лет и почти на 30% в 10-11 лет. Агрессивность физическая и косвенная повышаются несущественно, также как и уровень негативизма.

В процессе стихийной социализации воспитательная организация как всякая социально-психологическая общность влияет на входящих в нее людей в ходе реальной практики взаимодействия ее членов, которая по своему содержанию, стилю и характеру не идентична, а порой существенно расходится с декларируемыми устремлениями воспитателей.

На процесс самоизменения своих членов воспитательная организация влияет в зависимости от ее быта, содержания и форм организации жизнедеятельности и взаимодействия, которые создают более или менее благоприятные возможности для развития человека, удовлетворения им своих позитивных потребностей, способностей и интересов. В то же время практика реальной жизни организации влияет на вектор самоизменения (просоциальный, асоциальный, антисоциальный).

В других классификациях отклоняющееся поведение связано с неблагоприятными условиями социального развития и характеризуется как устойчивое проявление отклонения от социальных норм, имеющих социально-пассивную, корыстную и агрессивную направленность:

- отклонения социально-пассивного типа. выражающиеся стремлении ухода от активной общественной жизни, в уклонения от своих гражданских обязанностей и долга, нежелании решать как личные, так и социальные проблемы (уклонение от учебы и работы, бродяжничество, побеги из дома, погружение в мир искусственных иллюзий с помощью алкоголя, токсических и наркотических средств, суицид);

- отклонения корыстной направленности, проявляющиеся поступках и правонарушениях, связанных со стремлением получить имущественную выгоду, материальную поддержку (кражи, хищения, спекуляции, мошенничество и др.);

- отклонения агрессивной ориентации, проявляющиеся в действиях, направленных против личности (оскорбления, хулиганства, побои, нанесения телесных повреждений).

Соответственно девиантное (отклоняющееся) поведение подростка может проявляться в нескольких плоскостях:

- 1) как особенности отдельных психических процессов (повышенная подвижность нервных процессов или их заторможенность; их устойчивость или слабость; повышенная ребенка; сосредоточенность или активность, или пассивность рассеянность, болтливость или замкнутость; импульсивность и непредсказуемость, повышенная возбудимость и эффективность и др.);

- 2) как социально обусловленные качества личности и черты характера (неорганизованность, несобранность, лень, невнимательность. недисциплинированность, лживость, драчливость, капризность, упрямство, грубость, озлобленность, агрессивность, жестокость);

- 3) как низкая общая культура, негативное отношение к нравственным нормам и правилам, к окружающим людям (неопрятность, бестактность, равнодушие, безразличие, необязательность, невыполнение заданий, пропуски занятий, прогулы, уход из дома и из школы, бродяжничество, конфликты со сверстниками и взрослыми, копирование образцов асоциального поведения, ориентация на узкогрупповые интересы и ценности);

- 4) как вредные привычки (курение, употребление алкоголя, токсических и наркотических средств, увлечение азартными играми). Все эти качества и свойства личности таких детей, сложности в отношениях с окружающими и поведения ведут к трудностям их обучения и воспитания.

В среднем каждый подросток, обучающийся в школе, в течение недели от случая к случаю вступает в конфликт в 30,5% случаев, учащиеся ППГУ-В 45% случаев, подростки-правонарушители несовершеннолетние преступники соответственно в 60,8 и 76,9% случаев. Причинами конфликта становятся: у школьников непонимание со стороны сверстников (23.1%), у учащихся ПТШ желание выделиться (30,8%), у подростков правонарушителей желание доказать, что я тоже человек» (37,8%). Существенным признаком отклоняющегося поведения является конфликт, противоречие между существующими нормами морали и права и неумением, нежеланием или неспособностью подростка их соответствующим образом выполнять. Почему же возникают эти противоречия, что лежит в основе причин девиантного поведения подростков? С одной стороны, это поступки, обусловленные причинами социально-педагогического характера, наиболее заметные для окружающих.

С другой стороны, это могут быть поступки, в основе которых лежат причины психофизиологического или психобиологического характера, которые возникают в определенный период возрастного развития или проявляются как следствие каких-либо нарушений в физическом или психическом развитии ребенка. А также А.И. Захаров отмечает «Различия между невропатией и резидуальной церебральной органической недостаточностью относятся не столько к качественной, сколько количественной стороне, подчеркивая отсутствие явных, грубых, органических нарушений мозга при невропатии, ее преимущественно функциональный характер. Менее выражена при невропатии возбудимость и особенно агрессивность. Чаще всего эти дети не могут постоять за себя, они беззащитны и склонны скорее затормаживаться, чем возбуждаться. Психомоторные нарушения отличаются меньшей тяжестью и большей степени зависит от возрастных, сезонных и климатических факторов» [2, 10 с.].

Многочисленные исследования российских ученых: Л.И. Божович, Т.В. Драгунова, А.И. Краковский, А.Н. Леонтьев, Д.Б. Эльконин, Д.И. Фельдштейн; а также казахстанские исследователи: Баженов В.Г., Р.Б. Каримова, Кулахметова А.Д. и др. свидетельствуют, что психобиологические факторы, определяющие развитие психики ребенка, связаны индивидуально-психологическими особенностями формирования характера подростка, его эмоционально-волевой и мотивационной сферами. Они, в свою очередь, испытывают влияние со стороны социально-педагогических факторов: семьи, ближайшего окружения школьников. Поэтому девиантное поведение подростков, так же, как и поведение подростков в норме, зависит как от психобиологических, так и от социально-педагогических причин.

Анализ многочисленных источников свидетельствуют, что проблема социально-психологических особенностей подростка особо интересуют современных казахстанских исследователей: Баженов В.Г., Кулахметова А.Д., Кукубаева А.Х., Туякбаева М.Ш. и др.

Как отмечает Кукубаева А.Х., «Стержневой проблемой общественного развития является гармонизация взаимоотношений общества с каждой отдельно взятой личностью, то есть ее социализация. Особенно актуальной для общества является социализация подрастающего поколения. Именно в этот период складываются основные структуры личности, качественные характеристики которой в существенной степени зависят от особенности окружающей среды» [3, 98 с.].

Автор акцентирует внимание, что социализация подрастающих поколений есть сложный непрерывный процесс, при котором, с одной стороны, потребности отдельно взятой личности адаптируются к потребностям социума, но эта адаптация носит не пассивный характер, приводящий к конформизму, а это как указывает исследователь активный творческий процесс присвоения общечеловеческих ценностей, когда индивид проявляет всю мощь своих личностных сил, добровольно выстраивая свою роль в обществе, самоактуализируясь, самовыражаясь. С другой стороны, общество формирует норму морали и поведения, психологически целесообразных форм отношений между людьми в семье, в вузе, в досуговых учреждениях, в иных окружающих человека социальных средах.

В отечественной психолого-педагогической литературе можно выделить несколько подходов в понимании тревожности. Как отмечает исследователь Туякбаева М.Ш. «Проследивается тревожная тенденция ухудшения здоровья детей и учащейся молодежи. За период обучения в школе число здоровых детей снижается. Сегодня каждый третий юноша призывного возраста не может быть призван на военную службу по состоянию здоровья. Особенно удручает тот факт, что нация теряет интеллект подростков, отмечаются психические расстройства, умственная отсталость и психопатия. Пагубное влияние на здоровье

оказывают алкоголь, табак, наркотики. Проблема здоровья в настоящее время становится наиболее актуальной» [4, 102 с.].

Инклюзивті білім беру – бұл жай ғана әдістеме емес, бұл – құндылық. Ол баланы қоғамнан бөлмей, керісінше, оны осы қоғамның маңызды мүшесі ретінде дамытуды көздейді. Бұл бағытта мұғалімдердің рөлі өте жоғары. Себебі олар баламен алғаш тілдесетін, оны түсінетін және қолдайтын тұлға. Ал мұғалім мен оқушы арасындағы психологиялық қатынас – осы үдерістің ең негізгі, ең шешуші факторы.

Инклюзивті білім беру жүйесінде мұғалім мен оқушы арасындағы психологиялық қатынас – ерекше маңызды факторлардың бірі. Себебі, инклюзия жағдайында әр оқушының психологиялық ахуалы, өзін-өзі қабылдауы, ұжымға бейімделуі көбінесе мұғалімнің қарым-қатынас стиліне, эмоционалды қолдауына және адамгершілік ұстанымына тікелей байланысты.

Мұғалім – инклюзивті ортада тек білім беруші емес, сонымен қатар оқушының сенімді тірегі, бағыттаушысы, мотивация көзі болуы тиіс[4, 62 б.]. Әсіресе ерекше қажеттіліктері бар оқушылар мұғалім тарапынан қолдау мен түсіністікке мұқтаж болады. Егер бала мұғалімінен жылы сөз, қолдау, ынта сезінсе, ол өзін қауіпсіз, еркін сезініп, оқу процесіне белсене араласа бастайды. Керісінше жағдайда, яғни мұғалімнің салқын, бейтарап немесе қатыгез қарым-қатынасы балада ішкі қысым, уайым, оқшаулану сезімдерін тудырады.

Психологиялық қатынас – бұл тек сөзбен айтылатын байланыс емес. Бұл – көзқарас, үн, ым-ишара, дене тілі, эмоциялық фон арқылы берілетін ішкі байланыс. Әсіресе дамуында ерекшелігі бар оқушылар үшін мұғалімнің осы психологиялық қолдауы басты рөл атқарады. Кейде бала оқу тапсырмасынан емес, өзіне сенімсіздіктен немесе "мені бәрібір түсінбейді" деген ішкі күмәннен қиналады. Мұндай жағдайда мұғалімнің кішкентай ғана мақтауы, күлімдеуі, иығына қол қоюы – баланың ішкі сенімін арттырып, өзін бағалау деңгейін өсіреді.

Инклюзивті ортада психологиялық қатынасты қалыптастыру үшін мұғалім келесі қасиеттерге ие болуы қажет:

- Эмпатия – яғни оқушының ішкі жағдайын түсіне алу, сезіну.

- Сабырлылық – әр оқушыға уақыт пен шыдамдылықпен қарау.

- Тыңдай білу – оқушыны сөзін бөлмей, шынымен тыңдау және оның айтқанына мән беру.

- Икемділік – түрлі жағдайға бейімделе алу, әр оқушының ерекшелігін ескере отырып жұмыс істеу.

- Қолдау көрсету – оқушының кішкентай да болса жетістігін бағалай білу, қиын сәтте қолдау білдіру.

Психологиялық ғылымда белгілі педагог А.С. Макаренко: «Баламен сөйлескенде әрқашан баланың деңгейіне түсіп сөйлес, бірақ өзіңнің адамгершілік биігіңнен түспе» – деген. Бұл сөз инклюзивті ортада жұмыс істейтін педагогтың ұстанымы болуы тиіс.

Инклюзивті білім беру жағдайында мұғалім оқушының тек танымдық дамуына емес, сонымен қатар оның эмоционалдық-еріктік, әлеуметтік, психологиялық дамуына да жауапты[5, 15 б.]. Себебі бұл балалар көбіне ұялшақ, тұйық, өз мүмкіндігін төмен бағалайтын, өзін басқалардан төмен сезінетін тұлғалар болуы мүмкін. Мұндайда мұғалімнің жүрекпен сезінуі, адал көңілі ғана бала жүрегіне жол табады.

Сондай-ақ, психологиялық қауіпсіздік ұғымы да өте маңызды. Оқушы өзін қорғалған, қысымсыз, сынамайтын, мейірімді ортада сезінуі керек. Бұл – оқу мотивациясын арттырудың басты шарты. Егер мұғалім мен оқушы арасында сенімге негізделген ашық қатынас қалыптасса, баланың тұлғалық дамуы табиғи жолмен жүзеге асады.

Мысал ретінде: егер сыныпта ерекше қажеттілігі бар бала өзін шеттетілген сезінсе, мұғалім оны жұптық, топтық жұмыстарға жүйелі түрде қосып, басқа оқушыларға оны қабылдауға көмектесуі керек. Мұндай әрекет арқылы мұғалім оқушының ұжымда өз орнын табуына, ішкі қорқыныштарын жеңуіне мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім беру жүйесінде мұғалім мен оқушы арасындағы психологиялық қатынасты тиімді ету үшін бірнеше негізгі бағытта жұмыстар жүргізілуі қажет. Бұл жұмыстар, ең алдымен, оқушының эмоционалдық, психологиялық дамуына бағытталаып, оның оқуға деген ынтасын, сенімін арттыруға негізделеді. Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты жақсарту және инклюзивті білім берудің тиімділігін арттыру үшін төмендегі әдістер мен тәсілдер ұсынылады.

1. Психологиялық дайындық пен білім беру

Мұғалімдердің инклюзивті білім беру принциптерін, әдіс-тәсілдерін және балалардың ерекшеліктерін түсінуі өте маңызды. Бұл үшін арнайы курстар мен семинарлар ұйымдастырылып, мұғалімдерге инклюзивті білім беру әдістемесі бойынша жүйелі білім беру қажет. Психологтар мен арнайы педагогтардың да мектептерге тартылуы бұл үрдісті күшейтеді. Мұғалімдер мен мектеп психологтарының бірлескен жұмысы балалардың ерекше қажеттіліктерін түсінуге мүмкіндік береді. Психологиялық дайындық мұғалімдерге әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың дамуын бақылап, оларға дұрыс психологиялық қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

2. Тұлғалық қатынасты қалыптастыру

Мұғалімнің оқушыға деген тұлғалық қатынасы оның жеке басына деген құрметтен, теңдік пен сенімнен тұруы керек. Мұғалім оқушысын тек білім алушы ретінде ғана емес, тұлға ретінде де қабылдауы тиіс. Әр бала өзін бірегей тұлға ретінде сезінгенде, оның оқуға деген ынтасы артады. Бұл үшін мұғалім әр баланың күшті тұстарын көріп, олардың өзіндік ерекшеліктерін бағалауы керек. Мұғалімнің назарын оқушының тек оқу жетістіктеріне емес, оның тұлғалық дамуына, ішкі дүниесіне, эмоционалдық жағдайына да аударуы қажет. Бұл оқушының өз-өзін бағалауының артуына, қоғаммен интеграциялануына ықпал етеді.

3. Эмпатия мен қолдау

Мұғалімдер эмоционалды интеллекті мен эмпатия дағдыларын дамытуы тиіс. Эмпатия – оқушының сезімін, күйін, жағдайын түсіну ғана емес, сонымен қатар оған қолдау көрсету, оны дұрыс бағалау. Бұл әсіресе инклюзивті ортада оқитын балаларға өте маңызды. Эмпатия мұғалім мен оқушы арасындағы психологиялық байланыс орнатуға, оқушының психологиялық жағдайын жеңілдетуге көмектеседі. Эмпатия арқылы мұғалім оқушының дамуындағы қиындықтарды жеңуге көмектеседі, оның өзін-өзі бағалауын көтереді, оқу мотивациясын арттырады. Сонымен қатар, бұл әдіс мұғалім мен оқушы арасындағы сенімді байланыс орнатуға ықпал етеді.

4. Қатынастардың ашықтығы

Мұғалім мен оқушы арасындағы қатынас ашық болуы қажет. Оқушылар өздерінің эмоциялары мен ойларын білдіре алатын, жауаптарын қауіпсіз сезінетін ортада болуы керек. Мұғалім тек сабақ барысындағы білім беруші емес, сонымен қатар оқушының жеке мәселелерін тыңдайтын сенімді тұлға болуға тиіс. Ашық және мейірімді қарым-қатынас оқушының өзін еркін сезінуіне мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде оқу нәтижелеріне әсер етеді.

5. Инклюзивті ортаға арналған әдістемелерді қолдану

Инклюзивті білім беру жағдайында мұғалімнің әдістемелері әр түрлі болуы керек. Мысалы, балаларға жеке тапсырмалар беру, оқу процесін балаға ыңғайлы етіп бейімдеу, топтық жұмысты ұйымдастыру сияқты әдістер өте тиімді. Сонымен қатар, оқу бағдарламасын бейімдеу, арнайы оқу құралдарын қолдану (қосымша көрнекіліктер, білімді бағалаудың әртүрлі әдістері) оқушының жеке қажеттіліктерін ескере отырып жүргізілуі тиіс.

6. Отбасымен бірлескен жұмыс

Мұғалімдер мен ата-аналар арасындағы тығыз байланыс инклюзивті білім берудің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Ата-аналар да баланың дамуын бақылап, оны қолдау көрсетуге дайын болуы керек. Ата-аналарға психологиялық кеңестер, арнайы тренингтер мен семинарлар өткізу балалардың әлеуметтік бейімделуін жақсартады. Бұл жұмыс мұғалімнің мектеп пен ата-ана арасындағы делдал рөлін атқаруына мүмкіндік береді, сонымен қатар оқу ортасын үйлестіреді.

Қорытындылай келе, инклюзивті білім беру жүйесінде мұғалім мен оқушы арасындағы психологиялық қатынас үлкен маңызға ие. Мұғалімдер тек білім беру ғана емес, әр оқушының психологиялық қажеттіліктерін түсініп, оған сәйкес көмек көрсетуі қажет. Эмпатия, сабырлылық, қолдау көрсету сияқты қасиеттер мұғалімдерге ерекше қажеттіліктері бар балалармен тиімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім беру табысты болуы үшін мұғалімдер әр балаға жеке көзқарас танытып, оқу процесін оған ыңғайлы етіп бейімдеуі қажет. Осылайша, психологиялық қолдау мен қатынас баланың оқу мотивациясын, өзін-өзі бағалауын, және әлеуметтік бейімделуін арттырады. Сондықтан инклюзивті білім беруді дамытуда мұғалімдердің психологиялық дайындықтары, тәжірибесі мен шеберлігі негізгі рөл атқарады.

Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың сапасы инклюзивті білім беру үрдісінің табысты болуына әсер ететін ең маңызды факторлардың бірі болып табылады. Оқушылар өздерін толыққанды, қабылданған, бағаланған сезінгенде ғана білім алуға деген ынтасын жоғарылатып, мектеп өміріне толыққанды қатыса алады.

Әдебиеттер

1. Әбдіғалиева, Қ.М. Инклюзивті білім беру негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 136 б.
2. Выготский, Л.С. Мышление и речь. – Москва: Педагогика, 1982. – 287 с.
3. UNESCO. A guide for ensuring inclusion and equity in education. – Paris: UNESCO Publishing, 2017. – 52 p.
4. Лим, А.Т. Психология инклюзивного образования. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. – 224 б.
5. Байтелиева, Г.Ш. Инклюзивті білім беру жағдайындағы мұғалім мен оқушының өзара әрекеттестігі // Қазіргі білім беру: теория мен практика. – Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – 2021. – Б. 112–116.

ОҚУШЫЛАРДЫ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Ботабаев Ғ.Е., Нұрмұхамедқызы Ж.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
Талдықорған, Қазақстан

Оқушылардың ізгілік қарым-қатынас, дағды-әдеттерді қалыптастыру мәселесінің теориялық негізін айқындау «адамгершілік», «ізгілік», «имандылық», «әдептілік», «қарым-қатынас», «іс-әрекет» сияқты азаматтық тегі жақсылыққа бағытталған таным ұғымдарының бірлігі мен ерекшеліктері тұтас тығыз байланыста қарастырылады. Бұл танымдық ұғымдардың мән-мазмұнын талдау мақсатында олардың ғылыми еңбектер мен әдебиеттерге жарияланған жетістіктері арқылы түпкі нәтижелерін анықтауға назар аударылды.

Түйін сөздер. адамгершілік, ізгілік, имандылық, әдептілік, қарым-қатынас, іс-әрекет.

В статье рассматривены единство и особенности гражданско-ориентированных познавательных концептов, таких как «нравственность», «добродетель», «верность», «порядочность», «отношение», «действие» в целостной и тесной взаимосвязи, выявляются теоретические основы формирования нравственных установок и привычек учащихся. Для анализа сущности данных когнитивных концепций внимание уделялось выявлению их конечных результатов через их достижения, опубликованные в научных трудах и литературе.

Ключевые слова: мораль, добродетель, вера, порядочность, общение, действие.

The article examines the unity and features of civic-oriented cognitive concepts such as “morality”, “virtue”, “loyalty”, “decency”, “attitude”, “action” in a holistic and close relationship, and identifies the theoretical foundations for the formation of moral attitudes and habits of students. To analyze the essence of these cognitive concepts, attention was paid to identifying their final results through their achievements published in scientific papers and literature.

Keywords: morality, virtue, faith, integrity, communication, action.

Еліміздегі психология мен педагогика саласындағы ғалымдардың, мамандардың назарын аударып отырған мәселелердің бірі – оқыту процесінде жеке тұлғаның дамуы. Оқушылардың

ізгілік қасиетін, қарым-қатынасын қалыптастырудың психологиялық мәні, педагогикалық маңыздылығы, оның ғылыми-әдістемелік тұрғыдан жеткілікті ашылмауы арнайы зерттелуді қажет етеді. Қазақ халқында ерте кезден келе жатқан адамгершілік қасиеттерінің бастапқы тобына жататын қасиет – ізгілік. Сонымен қатар, ізгілік – барша халық арасында кездесетін категориялық қасиет.

Оқушылардың ізгілік қарым-қатынас, дағды-әдеттерді қалыптастыру мәселесінің теориялық негізін айқындау «адамгершілік», «ізгілік», «имандылық», «әдептілік», «қарым-қатынас», «іс-әрекет» сияқты азаматтық тегі жақсылыққа бағытталған таным ұғымдарының бірлігі мен ерекшеліктері тұтас тығыз байланыста қарастырылады. Бұл танымдық ұғымдардың мән-мазмұнын талдау мақсатында олардың ғылыми еңбектер мен әдебиеттерге жарияланған жетістіктері арқылы түпкі нәтижелерін анықтауға назар аударылды.

Әл-Фараби мұраларында ізгілік идеясына өте үлкен мән берген. Ұлы ғұлама өзінің «Бақытқа жету жолында» деген еңбегінде: «Тәрбие дегеніміз- халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерді дарыту, » деп өзіндік тұрғыдан пайымдаған[1,2].

Ал «Әлеуметтік-этникалық трактаттар» атты шығармасында ізгілікке: «Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші болып екеуі біріккенде – бұлар адамшылық қасиеттері болып табылады, қасиеттер дегенде біз әрбір нәрсенің игілікті жағы, соның өзінің және оның әрекеттерінің абзалдығында және жетілгендігінде деген мағынада айтамыз. Егер осы екеуі (жақсы мінез-құлық пен ақыл-күші) бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттерімізден абзалдық пен жетілгендікті табамыз және осы екеуінің арқасында біз ізгілік қасиеті мол, игілікті және қайырымды адам боламыз», – деп анықтама береді. Біз өмір сүріп отырған қоғамда адамгершілік екінші бір адамға жақсылық жасап, көмек көрсетуден тұрады деген ұғым қалыптасқан, ал Әл-Фараби бабамыз жоғарыда айтылған ойларында адамгершілік адамның өз басынан, өзіне деген өзіндік ізгі көзқарасынан бастау алу керек дейді. Әл-Фарабидің қаланы сол кездің өзінде-ақ «ізгі» деп атауы да тегіннен-тегін емес «...саяси қайраткерлер қала тұрғындарын ізгілікке үйретіп, оларды абзал адамдарға айналдырады» [3].

Жүсіп Баласағұн, шындық пен әділетті суреттейтін көркем шығармасындағы 19-бапта сөздің турашылдығы, қадір-қасиеті, шыншылдығы жайында Еліктің Антоллага сауалы: «Кісіге екі дүниеде пайдалы нәрсе ». Ізгі іс немесе мінезі түзулік. Екіншісі – Ұят, Үшіншісі.- Әділдік. Бұл үшеуі арқылы адам шын бақыт табады[4].

«Ізгілік-қоғамдық игілік үшін пайдалы іс-қимыл жасау дағдылары», -дейді. Ол өз мақсаты, еңбек бағыты бойынша ең маңызды: «қоғамға пайдалы қызмет жасау, әр азаматтың борышы», -деген принципті ұстаған. А.Н. Радищевтің ізгілік қасиеттеріне берген анықтамасы бұл ұғымның қоғамдық мәнін айқындаса, В.Г.Белинскийдің: «ізгі ниеті адамның қай-қайсысы да туған жермен өзінің туыстығын және жан-тәнімен байланысты екенін терең сезінеді», -деген анықтамасынан бұл қасиеттің патриоттық сипаты терең сезіледі. Ал, осы еңбекте ізгілік қатынасы туралы былай дейді: «ізгілік қатынаста этикалық, эстетикалық қатынастар бірлігі көрінеді»

В.Г. Белинский ізгілік қасиетінің анықтамасын патриоттық, туған жерге сүйіспеншілік тұжырымдамасы негізінде қарастырады.

Е. Городецкая ізгілік анықтамасын бұл қасиеттің мағынасына сүйене отырып, оның этикалық, эстетикалық қасиеттермен қатынасы арқылы ашқан. Жоғарыда келтірілген анықтамалар мән-мағына, мазмұнына сүйене отырып айтарымыз, ізгілік қасиетіне берілген анықтамалар негізіне үш тұжырымдама пайдаланғандығын байқалады.

Көрнекті орыс ағартушысы А.С. Макаренко тәрбие мәселесін біріккен күрделі процесс деп түсінген. Ол: «Адамды тек қана санасына әсер етумен тәрбиелеу жеткіліксіз, толық тәрбиені тек сана мен іс-әрекеттің бірлігі арқылы оң нәтиже алуға болады» дейді.

Педагогикалық ой-сананы ізгілендіру тұрғысынан қарағанда, «ізгілікті ой-сана» дегеніміз-ең жоғары ой-сана. Осы ой-сананы педагогикалық ізгілікті ойлауға ұштастыру, студенттерде ізгі қасиеттің қалыптасу сапасын арттыру болашақ өмірдің гүлденуінің, жақсаруының өлшемі. М.С. Каган «Адам мен адамның риясыз қарым-қатынасы табиғатқа қатынасынан да орын алу керек. Сонда рухани байлық ұғымы-адам-табиғат арасындағы бірлікті, тұтастықты қамтамасыз ететін-ізгілікті қатынас деп аталатын біртұтас мағыналық категориямен толығыды, әрі ол қай жағынан болса да ізгілікті болады...» [4].

Ізгілікті-адамгершілік қасиет-адамшылықтың айрықша белгісі, әлеуметтік-қоғамдық ортада қалыптасқан өмір салтының, адамаралық қарым-қатынас, өзара сыйластықтың негізінде салт-дәстүр, әдеп-ғұрып ықпалымен қалыптасады.

Бұл мәселе қоғам, жалпыадамзат қатынасын ізгілендірумен біртұтас ұштасып жатады. Қоғамды ізгілендіру ең алдымен ізгілік, рухани құндылықтарды игеруді керек етеді.

Мәселен, қазақ педагогикалық, энциклопедиялық сөздігінде тұжырымдалған сөздікте: «Ізгілік - адамның әдептілігін, сыпайылығын, өнегелігін, қарапайымдылығын білдіретін қасиет. Ізетті адам жақсы тәрбие алып, оны іс жүзінде қолданған адам», - деп келтірілген. Бұл анықтамада жалпылама түрде бірнеше ғылым саласын қамту деңгейінде, түрлі қатынасқа негізделе отырып, ізгілікті қасиет ұғымы тұжырымдалғандығын көрдік. Анықтамаларда әдептілік, сыпайылық деп әдеп қасиетінің өнегелік, парасаттылық, адамгершілік қасиетінің, қарапайымдылық жақсы тәрбие іргетасы ізгілік қасиетінің компоненттері алынған[5].

Адамзат тіршілігінде өте маңызды орын алатын ізгілік қасиетінің мәні, мағынасы көптеген ғалымдардың зерттеулеріне негіз болған және ізгілік қасиеттердің анықтамасын тұжырымдап, өмір талабына сай бағыттап, бұл қасиеттерді адамгершілік, әдеп, имандылық, жауапкершілік, т.б. адам өмірінде кең таралған қасиеттер мен танымдық байланысы негізінде қарастырады. Зерттеушілер категориялық тұрғыдан талдау жасау барысында «ізгі», «ізгілік», «әдептілік», «адамгершілік», «имандылық» ұғымдарының арасалмағын түрліше түсіндіреді. Ғалымдардың бір тобы адамгершілік ұғымының құрамына ізгілік ұғымы кіреді десе, екінші тобы ізгілік ауқымды ұғым, оның мазмұны адамгершілік, әдеп, имандылық т.б. ұғымдарды қамтиды деген ой айтады[6].

Адамгершілік тәрбиесі дегеніміз – оқушылардың бойында белгілі бір мінез-құлықтардың сипаттарын қалыптастыру, өзіне және өзге де адамдарға, отбасының мүшелеріне, ата-анасына, тума-туысқандарына, туған жеріне, табиғат пен қоғамға, мемлекет пен Отанға деген қатынасын анықтайтын мінез -құлық, тәртіп нормалары мен ережелерін дарыту мақсатын жүзеге асыру бағытындағы ересек адамдардың, тәрбиеші, мұғалімдердің қызметі. Абай: "Адамның адамшылығы, адамгершілігі – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан," – дейді

Адамгершілік тәрбиесі - меңгерген идея, қоғамдық моральдың нормалары мен принциптері, іс-тәжірибелік әрекетке қатысуы негізінде тұрақты моральдық сапаны адамгершілік қажеттілікті, сенімді және сезімді, қасиетті, дағдыны және мінез-құлық әдетін, әдепті қалыптастыру процесі. Жеке адамның үйлесімді дамуының, рухани ізгілік негізінде қалыптасуының жетекші жағы. Адамгершілік – адам жанының қабылдап алған рухани сапасы. Адамның жақсы қасиеті оның табиғатынан тыс болуы мүмкін емес. Табиғат адамға игіліктерді, адамдық қадір-қасиетті, ізгілікті түсінуіне, қабылдауына мүмкіндіктер береді. Бұл мүмкіндіктер бара - бара шын мәніндегі ізгілікке, адам жанының жақсы сапаларының біріне айналады. Ізгілік қасиеттер тектілікке, білімге, мәдениетке, өскен ортасына, тәлім - тәрбиеге байланысты болады

Адамгершілік тәрбиенің теориялық негізін этика, әдеп, әдептілік, инабаттылық, мінез-құлық көркемділігі, парасаттылық құрайды.

Адамгершілік тәрбиесі міндеттерінің негізі - оқушылардың белсенді өмірлік позициясын, саналы көзқарасын, сөзі мен ісінің бірлігін, адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру. Адамгершілік тәрбиесі – адамның санасы, адамгершілік сезімі, ар-ұяты, адамгершілік еркі, қоғамдық «бағалы қасиеттері бір-бірімен байланысты тұтас адамгершілікті тұлғаны қалыптастыру.

- жас ұрпақтың туған жерге, өскен ортасына, ата-анасына, бауырларына, Отанға, қоғамға, еңбекке, адамдарға, өзінің - өзіне деген қатынасын, сезімін дамыту.

- қазіргі өмір талабына сай тұтас адамгершілік, имандылық, ізгілік, әдептілік қасиеттерін тәрбиелеу.

Адамның адамгершілік қасиеттерінің құрылымын психолог-педагогтар төмендегі бөліктерден: сезім, сана, сенім, мінез-құлық дағдысынан құралады деген қорытынды жасайды. Тәрбиелейтін қасиеттеріне қарай бұл бөліктердің тәрбие процесіндегі жетекшілік ролі өзгеріп тұрады. Абайдың пікірінше, адамгершілік мұраты-«Толық адам». Ол адамның үш-ақ қасиеті: «Нұрлы - ақыл, жылы жүрек, ыстық қайрат » иесін қалыптастырудан тұрады. Адамгершілік тәрбиесінің мазмұны-жүйеленген адамгершілік, имандылық, ізгілік қасиеттерді, сапаны, сезімді, ізгілікті сананы қалыптастыру бағытында сан-салалы жұмыс түрлерін жүргізе отырып, жастарды көркем мінез-құлық ережелері, моральдық нормалар туралы біліммен, іскерлікпен, дағдымен қаруландыру. Адамгершілік қасиеттер әлеуметтік, қоғамдық ортаның ықпалымен қалыптасатындықтан отбасы, мектеп, оқу-еңбек орындарының тәрбиелік әсерін орынды, дұрыс ұйымдастыруға баса назар аударған дұрыс. Адамгершілік тәрбиесін қалыптастыру әдіс-тәсіл, құралдары сан алуан. Ықпал ету механизмдері де көп қырлы. Адамгершілік тәрбиесі адамның ізгілікті қасиеттерін дамыту көзі болғандықтан жеке тұлғаны жақсылық жасауға ынталандыратын

педагогикалық, тәрбиелік жағдаяттар туындата отырып, әрбір жеткіншек бойында имандылық, әдептілік қалыптасатындай жағдай жасалады. Өйткені, адам баласына деген мейірім ең жақын адамын: ата- анасын, бауырларын сүюден басталады. Адамды ең биік құндылық ретінде бағалау осы сүйіспеншіліктен бастау алады. Адамгершілік адамзат қоғамының даму тарихының барлық сатысында дамып, қалыптасып, әрбір дәуірдің өзіндік қайшылықтарымен біте қайысып жетіледі. Адамгершілік қасиеттер мен әдеп нормаларын, қарым-қатынас мәдениетін сақтаған жан ғана әлеуметтік-қоғамдық, құқықтық заң ережелері мен заңдылықты үйлесімдікті сақтай отырып өмір сүреді. Ізгілікті қасиет негізінде жалпыланып, жүйеленген түрде адамның көзқарасы, қоғамдық болмысы бейнеленіп, оның нақты тарихи, қоғамдық қарым-қатынас жүйесінен алатын орны айқындалады. Ізгілік арқауы Мұхтар Шаханов сөзімен айтсақ: «Техникалық санаты мен ғылыми өр талғамын, Өз ұлтының сан ғасырлық рухына...» жалғастыра білетін Азамат тәрбиелеуде. Ұлттық сана, ұлттық болмыс негізін қалыптастыру жеткіншектерді жалпы адамзаттық құндылық, бағалық, ұлттық төл мәдениет негізінде дүниенің мән-мағынасын түсініп, игеруіне, өзгеріске толы әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайға бейімделіп, өмірден өз орнын табуына көмектесу- бәрі-бәрі тұлғаның ізгілікті қасиетіне байланысты. Абайдың пікірінше ізгіліктің басты арқауы - «өз халқының төл мәдениеті. Оған ұлттық бағдар тән. Ізгілік қасиет- адамның білімі мен намысы, сенімі, ар-ұжданы, мұраты, мақсаты, әлеуметтік әдет, мінез-құлық, тәртіпті, қатынасты реттеуші негіз ретіндегі дүниетаным діңгегі.

Адамгершілік ұғымы – педагогика, психология, философия ғылымдарының категориясы. Бұл ұғымдарға талдау жасауда оған ықпал ететін, онымен байланысты факторларды анықтау қажет. Алдымен, адамгершілік, әлеуметтік, экономикалық бағыттағы байланысын. Бұл адамгершілік қасиеттерін әлеуметтік сипатын көрсетеді. Діни тұрғыдан адамгершілік ұғымы діни көзқарасқа негізделеді. Таптық қоғамда таптық сипатта қарастырылса, қазіргі кезеңде педагогика ғылымы адамгершілік ұғымын аксиологиялық-құндылықтар теориясы негізінде, рухани-мәдени негізде түсіндіреді». Қорыта келгенде, адамгершілік тәрбиесінің жүйесі: сезім, сана, сенім, адамгершілік әдет-дағды (категориялары) ұғымдарымен анықталады деп тұжырымдалады. Ізгілік қасиеттердің түп-тамыры-адамгершілік. Бұл қасиеттер адамның, жеке тұлғаның өмірге көзқарасына, мінез-құлқына, өскен ортасына, тәрбиеге байланысты. Ізгілік ұғымы көне түркі әлемінде «жәуәнмәрттілік» мағынасында қарастырылған. Ал парсы тілінде «жувонмард» сөзі «жувон» жігіт, жомарттық, қайырымды, кеңпейіл деген ұғым білдіреді, яғни ұнамды қасиеттер жиынтығы деген мағына береді. Ізгілік-адамды ең жоғарғы құндылық деп бағалайтын, оның шығармашылықпен еркін дамуына мүмкіндік беретін әлеуметтік құндылықтардың жиынтығын бейнелейтін жалпы философиялық ұғым. Ізгілік –адамға тілектестік, қайырымдылық қатынас көрсететін, оның беделін құрметтеушілік, қатыгездік пен дөрікілікке келіспеушілік қасиеттері бар жеке тұлғаның бейнесі. «Гуманизм» ұғымын қоғамның идеологиялық негізі тұрғысынан қарастырып, оған адамның материалдық, рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған мораль принципі. Гумандық-адамгершілік-психологиялық ұғым. Ол адамжандылық, оны жоғары құндылық деп саналы бағалау және адамның қоғамға, өзге жандармен қарым-қатынасында көрінетін тұлғалық қасиеттерінің жиынтығы. Гуманизм - адамгершілік, адамға деген сүйіспеншілік идеясын бейнелейтін көзқарас. Гуманизм – адамгершілік, ізгілік, имандылық. Гуманды – адамгершілік, биік парасаттылық. Гуманизм адамды сыйлау, оған қамқорлық жасау, оның күшіне сену рухында, адамның басқалармен, қоғаммен, қарым-қатынасындағы мінезін реттеп отырады. Гуманизм – философия, тарих тұрғысындағы білімдердің, ерекше өнердің жиынтығы ғана емес, сонымен бірге ол адамның ақыл-ойының ерекше бір қасиеті. Гуманизм-адамның қадір-қасиеті мен құқын құрметтеуді, оның жеке тұлға ретіндегі бағасы, адамның игілігіне, оның жан-жақты дамуына жасаған қамқорлықты білдіретін көзқарастардың жиынтығы. Ұлы Абай гуманизм мәселесін «жәуәнмәрттілік» философиялық ұғымы негізінде жан-жақты қарастырған. Отыз сегізінші қара сөзінде: «Белгілі жәуәнмәрттілік үш хислат бірлән болар деген сиддық (шындық), кәрім(ізгілік), ғақыл (даналық)», -дейді.

Гуманизм – адамның беделін құрметтеуді, адамдардың адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеуді түсіндіретін көзқарастар, ой-пікірлер, өнер туындысы Сөйтіп, ғылыми еңбегінде Абайдың идеяларын қортындылай келе, жәуан мәрттілікті мынадай формуламен анықтаған. Жәуан мәрттілік = Нұрлы ақыл + Ыстық қайрат + Жылы жүрек.

Сонымен қорыта келе, гуманистік ойлардың тарихи сабақтастығын ескере келе адам баласының адамдық сипатын анықтауға үш қасиет жеткілікті. Бұл үш қасиет гумандықты толықтырады деп анықтама берген.

Әдебиеттер

- 1 Төлеубекова Р.К. Бала тәрбиесіндегі халықтық педагогика. Әдістемелік құрал. – Алматы: Респ. басп. каб., 1994. – 144 б.
- 2 Калюжный А.А. Методика изучения готовности учителя к нравственному воспитанию школьников. – Алматы, 1996. – 80 с.
- 3 Морозова. О.П. Педагогический практикум. Учебные задания, задачи и вопросы. (Под редакцией В.А. Сластенина). – М.: Академия, 2000. – 230с.
- 4 Антология педагогической мысли Казахстана /Сост. Жарыкбаев К.Б., Калиев С.К. – Алматы: Рауан, 1995. – 512 с.
- 5 Жарықбаев Қ., Табылдиев Ә. Әдеп және жантану. Алматы: Атамұра – Қазақстан, 1994. – Б.5.

IV-СЕКЦИЯ * SECTION IV

КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ МЕН ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ КАДРЛАРЫН САПАЛЫ ДАЯРЛАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫ МЕН ШАРТТАРЫ

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ФАКТОРЫ И УСЛОВИЯ КАЧЕСТВЕННОЙ ПОДГОТОВКИ КАДРОВ РАБОЧИХ ПРОФЕССИЙ И ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

PSYCHOLOGICAL FACTORS AND CONDITIONS FOR HIGH-QUALITY TRAINING OF BLUE-COLLAR WORKERS AND VOCATIONAL EDUCATION

ПРОБЛЕМА ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО СТАНОВЛЕНИЯ ЛИЧНОСТИ ПСИХОЛОГОВ – КАК КРИТЕРИЙ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ ЗРЕЛОСТИ

Мираширова Н.А.

Ташкентский университет прикладных наук
Узбекистан, Ташкент

Мақалада жоғары деңгейдегі психологиялық жетілу критерийі ретінде кәсіби тұрғыдан жауапкершілік сезімі мен кәсіби тұлғалық қасиеттерді зерттеу мәселесі қарастырылады. Кәсіби жетілудің қалыптасу кезеңдері, сонымен қатар кәсіби қызметтің тиімділігіне жеке ресурстардың әсері талданады. Ғылыми психологтардың мәселені зерттеуі мамандық таңдау, әртүрлі типтегі мамандардың психологиялық тұлғасын сипаттау, кәсіби қызметке дайындау, кәсіпке бағдарлау және кәсіби қасиеттерді қалыптастыру мәселесі ретінде қарастырылады.

Түйін сөздер: коммуникативті дағдылар, дифференциацияны арттыру, тұлғаны дамыту, ұлттық өзін-өзі тану, кәсіби бағдар, кәсіби сапа. Психологиялық жетілу, жеке тұлғаның психологиялық жетілуі, өзін-өзі жүзеге асыру, жауапкершілік, кәсіп, тарихи жауапкершілік, жетілу критерийлері, қауіпсіздік, психологиялық сапалар.

В статье рассматривается проблема изучения чувства ответственности и профессиональных личностных качеств в профессиональной перспективе как критерия психологической зрелости более высокого уровня. Анализируются этапы формирования профессиональной зрелости, а также влияние личностных ресурсов на эффективность профессиональной деятельности. Рассматривается изучение проблемы учеными психологами как вопрос выбора профессии, характеристика психологических личностей профессионалов различного типа, подготовки к профессиональной деятельности, ориентации на профессию и на формирования профессиональных качеств.

Ключевые слова: коммуникабельность, возрастающая дифференциация, становления личности, национальное самопознание, профессиональная ориентация, профессиональное качество. Психологическая зрелость, психологическая зрелость личности,

самореализации, ответственность, профессия, историческая ответственность, критерия зрелости, безопасность, психологические качества.

The article examines the problem of studying the sense of responsibility and professional personal qualities in a professional perspective as a criterion for psychological maturity of a higher level. The stages of formation of professional maturity are analyzed, as well as the influence of personal resources on the effectiveness of professional activity. The study of the problem by scientific psychologists is considered as a question of choosing a profession, characterization of psychological personalities of professionals of various types, preparation for professional activity, orientation to the profession and the formation of professional qualities.

Keywords: communication skills, increasing differentiation, personality development, national self-knowledge, professional orientation, professional quality. Psychological maturity, psychological maturity of personality, self-realization, responsibility, profession, historical responsibility, maturity criteria, safety, psychological qualities.

Психологическая зрелость личности – это способность человека к самореализации, базирующаяся на его умении адекватно воспринимать ситуацию, эффективно взаимодействовать с другими людьми. Профессиональная зрелость – это соответствие профессионального развития человека тому уровню, который обычно достигается людьми его возраста. При рассмотрении проблемы становления личности мы основываемся на методологическом положении Б.Г. Ананьева, согласно которому развития личности, с одной стороны, «есть возрастающая по масштабам и уровням интеграция-образование крупных «блоков», систем или структур, синтез которых в определенный момент жизни человека выступает как наиболее общая структура личности. С другой стороны, развитие личности есть и все возрастающая дифференциация ее психофизиологических функций процессов, состояний и личностных свойств, соразмеренная прогрессирующей интеграции» [1].

Профессия (лат. professio; от profiteor – «объявляю своим делом») – род трудовой деятельности человека, обычно его источник существования – это труд, за который человек получает доход [6]. Это исторически возникшие формы трудовой деятельности, для выполнения которых человек должен обладать определенными знаниями и навыками, иметь специальные способности и развитие профессиональные важные качества. Психологическая зрелость личности – это способность человека к самореализации, базирующаяся на его умении адекватно воспринимать ситуацию, эффективно взаимодействовать с другими людьми. Профессиональная зрелость – это соответствие профессионального развития человека тому уровню, который обычно достигается людьми его возраста. Психическая деятельность, несомненно, являться одной из сложнейших систем человеческого бытия. Относительно максимального уровня ее развития в науке используется понятие «психологическая зрелость», в определении которого до сих пор нет общепринятых трактовок, из-за чересчур большого разнообразия классификаций критериев такой зрелости [5].

Профессия психолога связана с поддержкой и работой людей в сложных или нестандартных ситуациях. Поэтому сегодня работают психолог-теоретик, психолог-практик, психолог-исследователь, клинический психолог, юридический психолог, психолог учебного заведения и психологи других видов деятельности. В Узбекистане особое внимание уделяется дальнейшему совершенствованию системы подготовки кадров в области психологии, реализации возможностей науки для развития общества на основе координации деятельности.

Теоретической основой концепции профессионального становления личности стали исследования личности деятельности К.С. Абульхановой-Славской, Б.Г. Ананьева, А.Г. Асмолова, Б.Ф. Ломова, Н.Н. Нечаева, Г.В. Суходольского, В.Д. Шадрикова. Большое влияние на проектирование концепции оказали работы А.А. Бодалева, Ю.М. Забродина, Е.А. Климова, Т.В. Кудрявцева, А.К. Марковой, Л.М. Митиной, Н.С. Пряжниковой, С.Н. Чистяковой. В проекте концепции работы А.А. Бодалева, Ю.М. Забродина, Е.А. Климова, Т.В. Кудрявцевой, А.К. Маковой, Л.М. Митина, Н.С. Пряжниковой С.Н. Чистяковых показала большое влияние.

Были изучены психологические исследования по проблеме развития личности зарубежных ученых (А. Маслоу и Дж. Холланда). Исследователи показали следующие правила профессионального становления:

- Профессиональное формирование личности имеет значение историческое, социальное и культурное.
- Основой профессионального формирования является развитие у личности профессиональных знаний, становление в профессии, непосредственный процесс профессиональной деятельности.
- Профессиональное формирование личности это не пофторимый процесс, но здесь можно выделить качества, особенности и правила
- Профессиональная жизнь даёт возможность человеку показать себя.
- Знать психологические особенности профессионального развития, даёт возможность человеку определить профессиональную жизнь и создаёт свою историю.
- Проект концепции методологической основой определяется личностно-деятельностного подхода и склонность личности показать себя.

Изученность профессионального формирования личности психологом Т.В.Кудрявцевым выделяет следующим образом:

- Формирование и появление профессиональных целей.
- Готовность профессиональным знаниям и профессиональной деятельности.

Найти себя в социальной-среде, активно усвоить профессиональные качества и определится.

- Привлекать себя полностью профессиональному труду.

Из зарубежных психологов Дж.Сьюпер выделил 5 этапов профессиональной зрелости, которым дал названия:

- Рост – интересов и развитие способностей (0-14);
- Исследования – испытать свою силу (14-25);
- Утверждаться – профессиональное знание и найти место в социальной среде (25-44);
- Укрепление – создать профессиональную прочность (45-65);
- Снижение профессиональной деятельности (65 лет и старше).

И так, этапы профессионального формирования личности можно выделить в качестве основы социальное положение и взять уровень основной деятельности. На влияние профессионального формирования личности можно увидеть в факторах вышеуказанными со стороны ученых:

- Начинание этого процесса у детей родственников, преподавателей, сюжетно-ролевые игры, считается интересы профессионального направленности и способности возрождаются с влиянием учебного процесса.

- Начинается формирования профессиональных целей. Он заканчивается осознанной а иногда вынужденной профессиональном профотбором.

Профессиональное мировоззрение студентов-психологов формируется на стыке научно-теоретического и житейски-практического познания психологической природы человека и общества, вследствие чего отличается внутренней противоречивостью, эклектизмом, использованием обыденных схем интерпретации психологической реальности, стереотипизированностью.

Российский психолог С.Л. Рубинштейн, поясняет, что «личность проявляется и формируется в деятельности, поэтому различные стороны поведения способствуют проявлению личности и ее формированию» [6, 18с].

По мнению В.Н. Мясищева, единство и многообразие человека определяется взаимозависимостью и многообразием отношений. Он выбирает приоритетные отношения в структуре личности, описывающие его направленность (его отношение к людям, самому себе, объектам внешнего мира) [6, 26с].

Л. Куликову удалось интерпретировать структуру своего обучения на основе анализа проблем личности в порядке следующих связей. Он выразил общие представления о человеке, строении личности, совершенство личности, динамика личности, положении человека в обществе, внутреннем мире человека и духовном мире человека [6].

Е.А. Климов приводит пять общих характеристик психологических личностей профессионалов различного типа. Профессионализм, по мнению Е.А. Климова, это определенный одно системный строй психики, сознания человека, состоящий из следующих частей, компонентов:

1. Особенности целостной личности (субъект деятельности, личность); взгляд на мир, направленность, отношения к внешнему миру, деятельности, самому себе, особенности самоконтроля, творческий подход, интеллектуальные особенности индивидуальности и другие.

2. Проксизм профессионала (специалиста): моторика, навык, умение двигаться, ориентация на предметную область труда, знания, навыки и движения производства, коммуникативности, социальной чувствительности, самоуправления, организаторские способности.

3. Профессиональный гнозис: принятие информации (внимание, особенности внимания, сознание и чувство, их профессиональные особенности), переработка информации и принятие решений.

4. Память, особенности профессионализма, представление, мышление, воображение.

5. Информативность, знания, опыт, профессиональная культура, область науки теоретических знаний, профессиональные (особенности) знания и другие.

6. Психодинамика сотрудников, психологические трудности, нагрузки данной профессиональной области.

7. Осознание студентами своего возраста, вопросов половой принадлежности, роли физических качеств, профессиональная непригодность, здоровье [4].

Кроме этого, Е.А. Климов выдвинул концепцию индивидуального образа (способа) деятельности. В ней он предлагает следующие формальные признаки индивидуального образа: а) устойчивая система способов и путей деятельности, эта система обусловлена качествами определенной личности; б) эта система отличается средством успешного приспособления к объективному требованию [4]. Как пишет Е.А. Климов, все системы отличительных признаков деятельности человека можно понять под индивидуальным способом, но мы осознанно ограничиваем свои обязанности, рассматривая только особенности образа деятельности, обусловленных одним из типологических особенностей нервной системы.

Бодров В.А. (2001) рассматривает проблему профессионализма в кругу понятия профессиональной пригодности и выделяет два аспекта (подхода). Первый аспект – существование тех или иных профессионально значимых качеств; второй аспект – значение деятельности в формировании профессиональной пригодности. В.А. Бодров фиксирует предрасположенности именно личностных особенностей к изменениям в процессе профессиональной деятельности. В свою очередь, существуют два подхода в кругу типологических подходов, которые состоят, из следующих направлений, первое: объединяются автором с определенными типами профессиональной среды, второе направление: связано с выделением классификации профессий и соответствующего типа профессионалов.

Результаты исследований показывают наличие непрерывной связи между жизнью человека и успехом в профессиональной деятельности. Приведенные мнения показывают, что формирование у психологов профессионально-личностных качеств определяется рядом факторов. Особенно, развитие профессионально-личностных качеств связано с рядом социальных и субъективных факторов. Это имеет особое место в совершенствовании личности в качестве специалиста. Профессиональные консультации, свойства личности, особенности, качества, разработка методов диагностики является одним из центральных задач психологии. В нашей Республике накоплен определенный опыт по созданию данных диагностических методик. Например, методика психологического изучения учащихся (В.А. Токарева, С.Ш. Айтметова), методы изучения личности (под редакцией М.Г. Давлетшина, Б. Кадыров и К. Кадыров), методы диагностики для решения задач – выбора профессии учащихся, созданные под руководством Р.З. Гайнутдинова профессиональные программы для различных профессий.

В Узбекистане проводились ряд конференций, посвященных этой проблеме, в их числе Республиканская научно-практическая конференция «Проблемы усовершенствования профессиональной ориентации молодежи», посвященная вопросам усовершенствования профессиональной ориентации и учебно-воспитательного труда, симпозиум «Психологические аспекты профессионального труда молодежи», посвященный усовершенствованию профессиональной ориентации среди молодежи, и другие научно-практические конференции. Система «человек-профессия-производственная среда» является многоступенчатой многогранной очень сложной системой. В Республике проводятся мероприятия по оказанию благотворительности человеческому фактору. В области подготовки кадров Государственная политика предусматривает воспитание всесторонне развитой личности в системе непрерывного образования. Изучение проблем профессионального формирования человека является одной из актуальных задач фундаментальных и практических исследований. Под руководством Р.З. Гайнутдинова осуществлены ряд исследований, посвященных различным проблемам профессионального восстановления.

В работах Н.С.Сафаева по теме «Психологические особенности национального самопознания студенческой молодежи» рассматривается национальное самосознание в жизни деятельности субъекта проевляется и реализуется посредством эмоционально-оценочного компонента самооценки себя, как субъекта социального процесса...Сфера самосознания субъекта деятельности, включая в себя ценностные ориентации, особенности отношения к себе, к делу и к себе и обществу, определяет качественное содержание направленности личности, а также может выступать как фундамент для оценки уровня социальной зрелости субъекта [8].

В диссертационных исследованиях Д.Н. Арзикулова основное внимание уделяется изучению психологических особенностей периодов профессионального формирования студентов Аграрного университета. В основных выводах, относящихся к другим профессиям указывается статистически значимая связь между выделенными личностными свойствами и профессиональными качествами каждого периода профессионального восстановления. В различных периодах развития преимущества некоторых свойств личности выражают их личностно-профессиональную адаптацию, а также являются показателем идентификации личности с профессией. Также, в дальнейших научных исследованиях для решения практических задач, имеют большое значение выводы, сделанные автором о представлениях студентов о себе в годы обучения, интерпретации личного опыта в практической деятельности, возможности определения значения профессионального восстановления интегрального «Я». В профессиональном восстановлении успех во многом определяется факторами позитивного отношения к самому себе. В исследованиях Ш.Г. Сапарова, посвященных изучению личностно-профессиональных свойств учителей показало, что их формирование и развитие осуществляются при профессиональной деятельности, то есть уровень и качество проявления зависит от возраста и рабочего стажа. Также автором показаны такие факторы, как мотивационная основа пола и профессиональной деятельности.

Проведение анализа проблем профессионального формирования психолога, исходя из освещения взаимосвязи двух аспектов считается значимым: с одной стороны, по мнению исследователей, в формировании личности специалиста большое значение имеет определение соответствия профессиональной деятельности в человеке, потому что профессиональная деятельность свойственна только человеку.

Приводятся мнения авторов на счет процесса формирования личности в качестве специалиста. В отличие от мнений разработанных в прошлом, о зависимости формирования личности в качестве специалиста от возрастных особенностей и трудового стажа, в настоящих исследованиях авторами показано, что профессиональное мастерство личности считается функцией этих параметров, и наоборот, определяется по периоду профессионального формирования индивида. Приводятся представления о специалистах, усвоивших на различном уровне профессиональную деятельность, и наконец, дается характеристика критериев профессионального формирования. Самым значимым качеством психолога является профессиональная компетентность или профессионализм. Это качество объединяет в себе: профессиональные знания, способность, умения и познание. Диапазон профессиональных возможностей определяется профессиональной технологией и способами деятельности.

Психолог должен быть всесторонне подготовленным специалистом. Поэтому, профессиональная эрудиция требует знание не только психологических закономерностей, но и истории, культуроведения, философии, педагогики, социологии, политологии, экономики, права, филологии (языковедение), физическое воспитание, математики и информатики, а также концепции естественных наук. Профессиональное познание деятельности психолога определяет достижение психолога при применении психологической способности и знаний при выполнении обязанностей, принятие конкретного решения и умение использования техники. Чем больше опыта, тем лучше идет процесс усвоения специалистом профессионального умения. В деятельности психолога профессиональные качества личности взаимосвязаны друг с другом. Трудно представить человека в различных не свойственных ему ипостасях в личностной и профессиональной деятельности. Психолог профессионально должен адекватно оценивать свою работу. Важно понимать индивидуально-психологические особенности своей личности, сильные и слабые стороны своего характера, вместе с тем, знать способы компенсации личных недостатков.

Ещё одно значимое качество – развитие осознания самого себя. Ограниченность в познание самого себя считается ограниченностью свободы. Если психолог знает себя глубоко,

то он может глубоко понять и других. Принятие личностной ответственности также считается значимым качеством.

Резюмируя все выше изложенное, можно заключить формирование профессиональных качеств зависит от процесса социального и профессионального развития личности, и определяется степенью усвоения у них социальных и коммуникативных умений, а также профессиональной зрелости. Профессиональные качества могут зависеть от профессионального формирования, положения в профессиональной и социальной среде, а также профессионального осознания личности самого себя. В исследованиях используется понятие психосоциальные качества, и оно разъясняется социальными особенностями профессионального развития, а также профессиональными качествами.

Литература

1. Ананьев Б.Г. О проблемах современного человекознания. М., 1977. С.255-256
2. Бодров В.А. Психология профессиональной пригодности М:ПЭР.СЭ. 2001В.С.
3. Давлетшин М.Г. Современная психология школьного учителя.- Т.,2000
4. Климов Е.А. Образ мира в разнотипных профессиях: учебное пособие. М: издательство МГУ. 1995с 9-10; с 176-181.
5. Климов Е.А. Индивидуальный стиль деятельности. Психология индивидуальных религий. Тексты /по ред. Ю.Б.Гиппенрейтер, В.Я Романова М: издательство МГУ. 1982 с 74-77.
6. Психология личности в трудах отечественных психологов / Составитель Л.В. Куликов. - СПб.: Питер, 2000. – 283 с.
7. Психологическая зрелость личности / Под общ. ред. Л.А. Головей. – СПб.: Скифия-принт, СПбГУ, 2014. – 240 с
8. Сафаев Н.С. Психологические особенности национального самопознания студенческой молодежи (автореферат) Т., 2005.С.7.

ЖЕКЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАРДЫҢ КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАС МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ БЕЙІМДЕЛУІНЕ ӨСЕРІ

Жұбаназарова Н.С.¹, Байгушикова А.Е.¹, Жұмағали А.А.²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
²207 Мектеп -Лицей
Алматы, Қазақстан

Мақалада кәсіби білім беру жүйесінде жұмыс істейтін жас мамандардың кәсіби бейімделу процесіне жеке психологиялық факторлардың әсерін егжей-тегжейлі талдауға арналған. Отандық және шетелдік теориялық тәсілдер мен эмпирикалық зерттеулерді жалпылау негізінде сәтті бейімделудің негізгі факторлары, соның ішінде эмоционалды интеллект, темперамент түрі, мотивациялық көзқарастар және жеңетін мінез-құлық стратегиялары ерекшеленеді. Жас мұғалімдер арасында жүргізілген өзіндік эмпирикалық зерттеудің нәтижелері кәсіби қалыптасуды сүйемелдеу тәжірибесіне сәйкес келетін түсіндірме мен тұжырымдармен бірге ұсынылған.

Кілт сөздер: кәсіби бейімделу, жас мамандар, кәсіптік білім, тұлғалық-психологиялық факторлар, эмоционалды интеллект, күресу стратегиялары, мотивация, стресске төзімділік.

Статья посвящена анализу влияния индивидуально-психологических факторов на процесс профессиональной адаптации молодых специалистов, работающих в системе профессионального образования. На основе обобщения отечественных и зарубежных теоретических подходов и эмпирических исследований выделяются основные факторы успешной адаптации, в том числе эмоциональный интеллект, тип темперамента, мотивационные установки и выигрышные поведенческие стратегии. Результаты собственного эмпирического исследования, проведенного среди молодых педагогов, представлены вместе с объяснениями и выводами, соответствующими практике сопровождения профессионального становления.

Ключевые слова: профессиональная адаптация, молодые специалисты, профессиональное образование, личностно-психологические факторы, эмоциональный интеллект, стратегии выживания, мотивация, стрессоустойчивость.

В зарубежной и отечественной литературе понятие HR-бренда часто рассматривается аналогично бренду в маркетинговой сфере. Под HR-брендом подразумевают репутацию или образ компании-работодателя, прочно закреплённый в сознании её сотрудников и соискателей. Ключевые характеристики сильного HR-бренда – его узнаваемость среди потенциальных работников и уверенная ассоциация с позитивными характеристиками компании в глазах общественности. Важнейшая особенность такого бренда заключается в его эмоционально положительном восприятии как действующими сотрудниками, так и потенциальными кандидатами, что позволяет организации заметно выделяться среди конкурентов на рынке труда [3].

Первое использование понятия HR-бренда принадлежит исследователям Т. Эмблеру и С. Бэрроу, предложившим данный термин в 1996 году в журнале «Journal of Brand Management». Они определили HR-бренд как сочетание эмоциональных, психологических и экономических преимуществ, которые работодатель может предложить сотрудникам и кандидатам, повышая тем самым собственную привлекательность на рынке труда [4].

Впоследствии концепция HR-бренда активно изучалась в разных странах мира. Так, в Великобритании её продолжали исследовать Т. Эмблер и С. Бэрроу, в США этой темой занимались Сартейн и Шуман, а в Австралии – Бретт Минчингтон. В российском контексте интерес к HR-бренду заметно возрос к концу 2000-х годов, когда на рынке труда произошёл переход от преимущественного влияния работодателей к росту влияния работников. Российскими исследователями этой темы активно занимались А. Балашова, А. Бруковская, Д. Кучеров и ряд других специалистов [5].

HR-бренд представляет собой сложный феномен, который включает несколько взаимосвязанных между собой элементов. Эффективность HR-бренда во многом зависит от того, насколько согласована HR-стратегия с общей стратегией развития бизнеса организации. Следует подчеркнуть, что компания одновременно должна ориентироваться на две группы целевой аудитории: внешнюю (потенциальных кандидатов) и внутреннюю (собственных сотрудников). Только обеспечив удовлетворение ожиданий и потребностей действующих сотрудников, организация может успешно привлекать и удерживать перспективных и квалифицированных специалистов.

Персонал компании является одним из ключевых факторов формирования её положительного внешнего имиджа на рынке труда. Если сотрудники удовлетворены условиями работы, корпоративной культурой и управлением, они выступают в роли своеобразных послов бренда организации («амбассадоров»), естественным образом транслируя позитивное восприятие работодателя через личные контакты, рекомендации и публичные отзывы. В то же время потенциальные кандидаты на работу активно используют личные и профессиональные связи с действующими сотрудниками компании для получения информации о работодателе, что значительно влияет на формирование их впечатления о бренде организации.

Особую роль в этом процессе играет внутренний маркетинг. Он представляет собой комплекс мероприятий, направленных на формирование корпоративной идентичности и эмоциональной привязанности сотрудников к компании и её бренду. Благодаря внутреннему маркетингу сотрудники начинают разделять и транслировать ценности организации в своей повседневной работе. Это способствует развитию чувства гордости за принадлежность к компании и мотивирует сотрудников придерживаться корпоративных стандартов и норм поведения не только в рамках своей профессиональной деятельности, но и во внешнем взаимодействии с клиентами, партнёрами и соискателями вакансий [17].

Ценностные характеристики HR-бренда являются важнейшими факторами, обеспечивающими привлекательность компании для сотрудников и кандидатов, а также способствующими её успешной конкурентной позиции на рынке труда.

В современной литературе выделяют четыре основных типа ценностей, составляющих фундамент HR-бренда:

Конкурентные ценности – отражают экономическую стабильность компании, её устойчивое финансовое положение и надёжность в долгосрочной перспективе. Сотрудники высоко ценят такие характеристики, поскольку они обеспечивают уверенность в сохранении и безопасности рабочих мест.

Социальные ценности – характеризуют репутацию организации, её авторитет и общественную ответственность. Компании, обладающие положительным социальным имиджем, привлекательны для специалистов, которые стремятся ассоциировать себя с организациями, имеющими хорошую репутацию среди клиентов, партнёров и широкой общественности.

Ценности развития – представляют собой возможности профессионального и личностного роста сотрудников, включая обучение, тренинги, систему наставничества и карьерного продвижения. Эти ценности существенно повышают уровень мотивации и вовлечённости персонала, способствуя удержанию талантливых работников.

Ценности вознаграждения – включают как материальные, так и нематериальные стимулы, такие как заработная плата, премии, бонусы и различные формы социальных гарантий и льгот. Правильно сформированная система вознаграждений оказывает значительное влияние на удовлетворённость сотрудников и укрепляет HR-бренд компании на внешнем рынке труда.

Формирование эффективной системы ценностей HR-бренда требует комплексного подхода и должно учитывать как общие принципы управления персоналом, так и индивидуальные особенности организации, включая стиль руководства, специфику корпоративной культуры и её стратегические задачи [18].

HR-бренд, выступающий образом компании как работодателя, призван создавать конкретные ассоциации у действующих сотрудников и кандидатов на вакантные позиции. Р.Е. Мансуров определяет HR-бренд как особую систему ассоциативных связей, включающую в себя взаимосвязь названия организации, её продукции, позиции на рынке и других сведений, касающихся её деятельности.

Автор выделяет несколько ключевых ценностей, формирующих основу положительного восприятия компании как работодателя:

- Надёжность – компания сохраняет устойчивость на рынке, заботится о персонале и выполняет данные обязательства.
- Перспективность – организация развивается динамично, открывая сотрудникам возможности для профессионального совершенствования и карьерного роста, а также создания деловых контактов.
- Профессионализм – коллектив состоит из высококвалифицированных специалистов, что делает работу в компании привлекательной, важной и интересной.
- Сплочённость – умение сотрудников объединяться и работать единой командой, эффективно справляясь с задачами организации.
- Престижность – статус компании на рынке труда, который формирует у сотрудников чувство гордости за принадлежность к ней.
- Инновационность – постоянное стремление компании к развитию и обучению сотрудников на всех уровнях, расширению компетенций и приобретению новых навыков.
- Социальность – реализация компанией активной социальной политики, обеспечивающей сотрудников разнообразными социальными гарантиями и льготами.
- Честность – соблюдение компанией всех взятых на себя обязательств и заявленных обещаний по отношению к персоналу, партнёрам и клиентам.
- Законность – строгое выполнение компанией требований трудового законодательства, что гарантирует сотрудникам юридическую защищённость и безопасные условия труда [23].

Также можно выделить ключевые элементы формирования позитивного HR-бренда, существенно влияющие на восприятие организации сотрудниками и потенциальными кандидатами:

- узнаваемость и привлекательность корпоративного бренда, создающего имидж компании как надёжного работодателя;
- корпоративная социальная ответственность, выраженная в заботе компании о сотрудниках и социальной среде, что укрепляет приверженность и лояльность персонала;
- соблюдение баланса между профессиональной деятельностью и личной жизнью сотрудников, что положительно влияет на удовлетворённость условиями труда, снижение стресса и повышение производительности;

эффективная система компенсаций и мотивации персонала, обеспечивающая прозрачность и справедливость вознаграждений, что является мощным фактором привлечения и удержания сотрудников [24].

При изучении структуры и особенностей содержания HR-бренда особое внимание следует уделить такому важному компоненту, как ценностное предложение работодателя (Employee Value Proposition – EVP). EVP отражает комплексное предложение компании своим сотрудникам, включающее условия, преимущества и возможности, которыми располагает персонал организации. Среди ключевых элементов EVP выделяют следующие:

Корпоративная культура организации. Под корпоративной культурой принято понимать систему ценностей, норм, традиций, убеждений, символики и правил поведения, регулирующих взаимодействие внутри коллектива, влияющих на мотивацию и эффективность сотрудников. Корпоративная культура формируется на протяжении всей истории компании, непосредственно связана с её стратегическими целями и миссией, выступая важным фактором конкурентоспособности и успеха организации на рынке.

Развитие и профессиональное обучение сотрудников. Этот элемент EVP включает различные образовательные инициативы компании, направленные на профессиональное развитие, обучение новым навыкам и повышение квалификации работников. Такие мероприятия способствуют не только росту профессионализма сотрудников, но и стимулируют их личностное развитие, повышая удовлетворённость работой и общую мотивацию персонала.

Бенефиты (дополнительные преимущества). Под бенефитами понимают разнообразные дополнительные формы поощрений и компенсаций, которые организация предоставляет сотрудникам помимо заработной платы. К таким формам относятся программы медицинского страхования, корпоративное питание, поощрения за спортивную активность и здоровый образ жизни, бонусные выплаты и иные социальные льготы. Персонализированные пакеты таких преимуществ, учитывающие индивидуальные потребности сотрудников, существенно увеличивают привлекательность компании как работодателя, способствуют привлечению квалифицированных кадров и укрепляют лояльность сотрудников.

Карьерные возможности и профессиональный рост. Наличие ясных перспектив карьерного продвижения и профессионального развития сотрудников является важнейшим условием их высокой мотивации и вовлечённости в работу. Когда сотрудники видят реальные возможности карьерного роста и профессионального развития, их преданность компании и трудовая продуктивность значительно возрастают. Компании, уделяющие внимание созданию систем стажировок, обмену опытом между подразделениями и профессиональному развитию персонала, получают сотрудников, обладающих высокой мотивацией, компетенциями и лояльностью к работодателю.

Условия труда. Условия работы сотрудников играют значимую роль в формировании EVP и напрямую влияют на удовлетворённость и производительность персонала. Создание комфортной рабочей среды, включая современное и удобное рабочее оборудование, эргономику рабочих мест и благоприятную инфраструктуру, способствует повышению привлекательности организации как работодателя и достижению ею стратегических целей.

Таким образом, грамотное формирование и последовательная реализация EVP позволяют организации создать устойчивый HR-бренд, выступающий мощным психологическим ресурсом в решении задач по привлечению и удержанию высококвалифицированных и талантливых специалистов [21].

Несколько другой подход к структуре HR-бренда предлагает исследователь Я. Ю. Чиреева. Она подчёркивает многогранность этого феномена, выделяя в его составе семь тесно связанных компонентов, которые представлены в таблице 1

В условиях современного рынка труда, характеризующегося высокой конкуренцией и нестабильной экономической ситуацией, HR-бренд становится одним из важнейших ресурсов управления персоналом и обеспечения устойчивого развития организации. Исследования показывают, что эффективный HR-бренд – это не просто положительный имидж компании на рынке труда, а сложный, многомерный феномен, формирующийся из системы взаимосвязанных элементов и ценностей, которые делают организацию привлекательной для действующих и потенциальных сотрудников.

Анализ существующих подходов к пониманию HR-бренда позволил выявить, что его значимость заключается в создании эмоциональных, психологических и экономических выгод, позволяющих компании удерживать лучших специалистов и успешно привлекать новые таланты. При этом эффективность HR-бренда напрямую связана с грамотным согласованием HR-стратегии с общей стратегией развития бизнеса компании. Важным условием является одновременная ориентация на внутреннюю аудиторию (сотрудников организации) и внешнюю (потенциальных кандидатов).

Сотрудники организации выступают в роли амбассадоров бренда, транслируя его ценности и позитивный образ через личные контакты и публичные коммуникации. В этом контексте особенно важную роль приобретает внутренний маркетинг, направленный на формирование корпоративной идентичности и эмоциональной приверженности сотрудников.

Реализация мероприятий внутреннего маркетинга способствует не только укреплению корпоративных ценностей и норм поведения, но и повышает лояльность сотрудников, их вовлечённость и гордость за принадлежность к организации.

Таблица 1. Основные составляющие HR-бренда компании (по Я. Ю. Чиреевой) [19].

№	Элемент HR-бренда	Характеристика и описание элемента
1	Ценности компании	Базовые идеи, убеждения и принципы, объединяющие сотрудников и определяющие их поведение. Выражаются в виде фирменной атрибутики, слоганов, мероприятий и других элементов корпоративной идентичности.
2	Традиции компании	Устоявшиеся формы взаимодействия и поведения сотрудников, которые проявляются через корпоративные мероприятия, праздники, неформальные общения, способы разрешения конфликтов и закрепляются в коллективном сознании.
3	Корпоративная культура	Общепринятые образцы поведения и взаимодействия, которые формируются в процессе деятельности компании и разделяются всеми сотрудниками.
4	Внутренний социально-психологический климат	Атмосфера взаимоотношений внутри коллектива, существенно влияющая на поддержку и развитие корпоративной культуры, традиций и ценностей. Отрицательный климат препятствует формированию позитивного HR-бренда, снижая лояльность и мотивацию сотрудников.
5	Стиль управления руководства	Подходы, методы и стратегии, используемые менеджментом организации. Оказывает значительное влияние на мотивацию персонала, его вовлечённость, а также на качество внутреннего климата и эффективность продвижения HR-бренда.
6	Условия труда	Совокупность факторов, обеспечивающих комфорт и высокую продуктивность сотрудников, включающая благоприятную рабочую среду, наличие необходимого оборудования и инфраструктуры, а также эффективную систему адаптации новых работников.
7	Возможности карьерного роста и обучения	Мероприятия и программы профессионального и личностного развития персонала (обучающие курсы, тренинги, международные обмены и стажировки), направленные на повышение квалификации сотрудников и подготовку кадрового резерва организации.

HR-бренд включает несколько ключевых ценностных компонентов, которые создают основу привлекательности работодателя. Среди них: экономическая и социальная стабильность организации, её надёжность, профессионализм сотрудников, перспективы карьерного и личностного развития, инновационность, престижность, честность и законность деятельности компании. Каждая из перечисленных ценностей имеет своё практическое выражение в виде конкретных мер и инициатив организации: это программы профессионального обучения, условия карьерного роста, корпоративная социальная ответственность, сбалансированная политика компенсаций и разнообразные дополнительные льготы и преимущества.

Особую роль в структуре HR-бренда занимает ценностное предложение работодателя (EVP), объединяющее комплекс условий, выгод и возможностей, которые компания предоставляет своим сотрудникам. Ключевыми элементами EVP выступают корпоративная культура, возможности для профессионального роста, бенефиты и условия труда. Грамотное формирование и реализация EVP создают мощный психологический ресурс для привлечения и удержания квалифицированных специалистов, что напрямую влияет на конкурентоспособность организации.

Важность комплексного подхода к формированию HR-бренда подчёркивает Я. Ю. Чиреева, выделяя семь взаимосвязанных элементов, среди которых особое внимание уделяется традициям организации, корпоративной культуре, внутреннему социально-психологическому климату, стилю управления руководства и условиям труда. Подобный подход позволяет учитывать все аспекты внутренней жизни организации и целенаправленно работать над их улучшением для создания максимально привлекательного образа работодателя.

Таким образом, формирование и развитие HR-бренда – это комплексная стратегическая задача, требующая системного подхода и постоянного внимания со стороны руководства

компании. Успешный HR-бренд выступает важнейшим психологическим ресурсом организации, обеспечивающим не только привлечение и удержание талантливых сотрудников, но и повышение их мотивации, вовлечённости и производительности, что в конечном итоге способствует достижению стратегических целей бизнеса и укреплению конкурентной позиции компании на рынке труда.

Литература

1. Мансуров Р.Е. HR-брендинг. Как повысить эффективность персонала / Р.Е. Мансуров. – Санкт-Петербург : БХВ-Петербург, 2017. – 210 с.
2. Рябец, А. В. Анализ понятийного аппарата HR-бренда / А. В. Рябец // Вестник Российского нового университета. Серия: Человек и общество. – 2017. – № 1. – С. 93-96. – EDN ZIVZAZ.
3. Современные технологии управления персоналом : сборник научных трудов. – Симферополь : Общество с ограниченной ответственностью "Аэтерна", 2016. – 380 с. – ISBN 978-5-906925-14-5. – EDN XBBUIV.
4. Асанова, Л. Р. HR-брендинг в системе управления персоналом организации / Л. Р. Асанова, Э. Д. Абдураимова // Крымский вектор - 2019 : Сборник научных трудов Всероссийского экономического форума с международным участием, Евпатория, 07–08 декабря 2018 года. – Евпатория: Общество с ограниченной ответственностью «Издательство Типография «Ариал», 2018. – С. 61-65. – EDN VNKSVC.
5. Полухина, Э. Брендинг для кадров / Э. Полухина // Реальный бизнес. Стратегия и тактика успеха. – 2011. – №4.
6. Резанович, А. Е. Сущность и структура HR-бренда предприятия / А. Е. Резанович // Современные проблемы науки и образования. – 2014. – № 4. – С. 391. – EDN STRQJZ.
7. Зоркова Валерия Александровна, Мичурина Дарья Дмитриевна HR-БРЕНД РАБОТОДАТЕЛЯ НА РЫНКЕ ТРУДА: ФАКТОРЫ ФОРМИРОВАНИЯ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ // Финансовые рынки и банки. 2023. №8.
8. Селиванова Лариса Ивановна Психологический контракт как основа формирования HR-бренда организации // Вестник Костромского государственного университета. Серия: Педагогика. Психология. Социокинетика. 2016. №1.
9. Нефедова П. С., Сафонова М. С. HR-БРЕНД И ЕГО КОМПОНЕНТЫ // Форум молодых ученых. 2020. №7 (47). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/hr-brend-i-ego-komponenty> (дата обращения: 09.04.2025).
10. Чиреева Я. Ю. HR-бренд как инструмент управления человеческими ресурсами // Актуальные вопросы современной экономики. – 2019. – №. 5. – С. 637-641.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ КАДРЛАРЫН САПАЛЫ ДАЯРЛАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫ МЕН КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ

Бектасова С.М.

Қадыр Мырза Әлі атындағы BINOM school мектеп-лицейі
Астана, Қазақстан

Бұл мақалада кәсіби білім беру ұйымдарында жұмысшы мамандықтарына кадрларды тиімді даярлауға әсер ететін негізгі психологиялық жағдайлар қарастырылады. Ішкі және сыртқы мотивациялық факторлар, білім беру ортасы, бейімделу мәселелері мен студенттердің кәсіби өзін-өзі анықтау процестері талданады. Автор тұрақты кәсіби бірегейлікті, эмоционалды тұрақтылықты және оқуға деген ынтаны дамытуға бағытталған психологиялық қолдау моделін ұсынады. Сондай-ақ, орта және техникалық-кәсіптік білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық ортаны жақсарту бойынша ұсыныстар беріледі.

Түйін сөздер: кәсіби білім беру, психологиялық факторлар, мотивация, білім беру ортасы, бейімделу, *soft skills*, кәсіби бірегейлік.

В статье рассматриваются основные психологические условия, влияющие на эффективную подготовку кадров рабочих профессий в учреждениях профессионального образования. Анализируются внутренние и внешние мотивационные факторы, образовательная

среда, проблемы адаптации и процессы профессионального самоопределения студентов. Автор предлагает модель психологической поддержки, направленную на развитие устойчивой профессиональной идентичности, эмоциональной стабильности и учебной мотивации. Также даны рекомендации по улучшению психолого-педагогической среды в учреждениях среднего и технического профессионального образования.

Ключевые слова: профессиональное образование, психологические факторы, мотивация, образовательная среда, адаптация, soft skills, профессиональная идентичность.

This article examines the key psychological conditions that influence the effective training of personnel in vocational education institutions for working professions. It analyzes internal and external motivational factors, the educational environment, adaptation challenges, and the processes of students' professional self-determination. The author proposes a psychological support model aimed at fostering a stable professional identity, emotional resilience, and motivation for learning. Recommendations are also provided for improving the psychological and pedagogical environment in secondary and technical vocational education institutions.

Keywords: vocational education, psychological factors, motivation, educational environment, adaptation, soft skills, professional identity.

Бүгінгі таңда Қазақстанда жұмысшы мамандықтарына деген сұраныс артып келеді. Ел экономикасының индустриалдық-инновациялық дамуы кәсіби-техникалық кадрларға деген қажеттілікті арттырды. Дегенмен, кадрларды сапалы даярлау тек теориялық және практикалық дағдыларды ғана емес, сонымен қатар олардың психологиялық жай-күйін, кәсіби қызығушылығын, әлеуметтік бейімделу деңгейін және тұлғалық мотивациясын есепке алуды талап етеді. Кәсіби білім беру саласындағы оқыту – бұл тек кәсіптік біліктілікке ғана емес, сонымен бірге тұлғаның кәсіби бірегейлігін қалыптастыруға бағытталған күрделі психологиялық процесс. Бұл мақалада жұмысшы мамандықтарына оқыту процесінде маңызды рөл атқаратын психологиялық факторлар мен кәсіби білім беру ортасының ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады.

Педагогикалық психологияның бір саласы ретінде кәсіби білім беру психологиясы кәсіби білім беру жүйесінде оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық механизмдерін зерттейді. "Мамандық" термині – белгілі бір даярлықты талап ететін және адамның тіршілігіне материалдық негіз болатын еңбек қызметінің түрі ретінде түсіндіріледі [1, б. 24].

Мамандық – бұл адамға тән білімдер, дағдылар мен іскерліктер жүйесі.

Кәсіби білім беру тиімділігінің басты негіздерінің бірі – студенттің ішкі мотивациясы. Ол оқу процесінің сапасына, кәсіби даму траекториясына және болашақта жұмыс орнындағы табысына тікелей әсер етеді. Көптеген зерттеулер студенттің оқу мотивациясы мен оқуға қанағаттануы жоғары болған сайын, кәсіби білім сапасы да жоғары болатынын дәлелдеген [1, 43-б].

"Кәсіби білім беру" ұғымы арнайы біліммен теңестіріледі және ол кәсіби-техникалық, орта және жоғары оқу орындарында алынуы мүмкін. Кәсіби білім – бұл белгілі бір мамандық пен мамандық бойынша қажетті білім мен дағдыларды меңгеру процесі.

Кәсіптік білім беру ұйымдарында оқи бастаған алғашқы кезеңдерде студенттер оқуға, жаңа әлеуметтік ортаға, оқу тәртібіне және кәсіби талаптарға бейімделуі қажет. Бұл кезеңде психологиялық қолдау аса маңызды. Оқушының өзін жайлы сезінуі, ұжымға енуі мен өзін-өзі көрсетуіне мүмкіндік беретін орта қалыптасуы қажет.

Сондықтан кәсіби білім беру тұлғаның маман ретінде қалыптасуына бағытталған. Бұл ретте кәсіби даярлық мәселелері: мамандықты таңдау немесе кәсіби өзін-өзі анықтау, кәсіби өзіндік сана, тұлғаның кәсіби даму кезеңдері және оған байланысты психологиялық сүйемелдеу қажеттігі туындайды [2, б. 76].

Кәсіби білім беру келесі қағидаттарға сүйенуі керек:

- Кәсіби білім беруді қазіргі әлемдік арнайы білім беру үрдістерімен сәйкестендіру;
- Кәсіби білім берудің іргелілігі – оның психологиялық таным үдерістерімен байланысы (Е.А. Климов) [1, б. 115], әлем бейнесін қалыптастырумен, жүйелі білімдермен толықтыру мәселелерімен байланысы;
- Кәсіби білім беруді дараландыру – бұл кәсіби маңызды сапаларды қалыптастыру мәселесін зерттеуді қажет етеді.

Осылайша, кәсіби білім беру психологиясы – адамның кәсіби білім, дағды мен іскерліктерді өмір бойы меңгеру процесінде жүзеге асатын психология ғылымының бір саласы (мамандық алу, кәсіби қалыптасу, мансапты жоспарлау, біліктілікті арттыру, кәсіби өсу) [2, б. 61].

Қазіргі әрекет психологиясы бойынша, белгілі бір психологиялық білімді (ұғымды, бейнені) қалыптастыру үшін, ең алдымен, сол ұғым қолданылатын әрекетті айқындау қажет. Тұлғада ұғым тек сол ұғым қызмет көрсететін әрекет барысында қалыптасады [3, б. 89].

Сондықтан педагог-психологтың алғашқы міндеті – бұл ұғымды меңгеру үшін қажетті әрекетті құру. Әрекетті объективті сипаттау барысында оны дұрыс орындауға қажетті білімдер мен шарттарды бөліп көрсетуге болады.

Бұл әрекеттің толық бағдарлық негізін құрайды. Әрекет қайталана келе, оның бағдарлық кезеңі ішкі жоспарға ауысады – жаңа білім, дағды, қабілеттер және психикалық қасиеттер қалыптасады [3, б. 114].

Бұл стратегия **интериоризация стратегиясы** деп аталады – сыртқы әрекеттің ішкі жоспарға көшуі. Бұл процестің теориясын П.Я. Гальперин жан-жақты зерттеген [4, б. 45]. Ол "ойлау әрекеттері, ұғымдар мен бейнелерді басқарылатын түрде қалыптастыру" туралы ілімінде сипатталған.

Әрекеттің қалыптасуы барысында оны үлгі ретінде көрсететін, бірлескен әрекетке итермелейтін, бақылап отыратын адамдар (ата-аналар, мұғалімдер) маңызды рөл атқарады. Кейін бұл бақылау әрекеті адамның өз ішкі бақылауына, яғни **назар** функциясына айналады.

Сыртқы әрекет секілді ішкі психикалық әрекет те құралдық сипатқа ие. Бұл құралдар – **таңбалар жүйесі** (ең алдымен тіл), олар адамға дайын күйде мәдени-тарихи мұра ретінде беріледі және бірлескен іс-әрекет арқылы меңгеріледі.

Осы теорияны нақты оқыту тәжірибесіне қолдану келесі мүмкіндіктерді береді:

1. Әр әрекет үш бөлімнен тұрады:

- **Бағдарлық** (басқарушы);
- **Орындаушылық** (жұмыс жүргізетін);
- **Бақылау-түзетуші** [3, б. 91].

Бақылау бөлімі – бұл нәтижені тексеру, үлгілермен салыстыру және қажет болғанда әрекетті түзету. Бұл бөлім назар функциясымен теңестіріледі. Бұл құрылымдарсыз әрекет бұзылады.

2. Әрекеттің сипаттамалық параметрлері:

○ **Формасы**: материалдық, материалданған, қабылдауға бағытталған, сыртқы сөйлеу, ішкі ойлау;

- **Жалпылау деңгейі**: маңызды белгілерді ажырата білу;
- **Ашықтық дәрежесі**: әрекет сатылап қысқара береді;
- **Өзіндік дәрежесі**: оқушыға көрсетілетін көмек көлемі;
- **Меңгеру деңгейі**: автоматтандыру және орындау жылдамдығы.

Екінші деңгейдегі қасиеттер: **саналылық, ақылға қонымдылық, тұрақтылық, абстракция деңгейі**.

Мұғалімнің міндеті – **негізгі әрекеттер мен проблемалық жағдайларды құру**, рефлексияны ұйымдастыру. Проблемалық жағдайда бұрынғы тәсілдер көмектеспейді, сондықтан **рефлексия** қажет болады.

Рефлексия – қиындықтың себептерін іздеу, құралдарды қайта қарау, жаңа гипотезалар ұсыну, шешімді интуитивті табу, кейін логикалық дәлелдеу [2, б. 83].

Рефлексия мен **саналылық** оқытудың негізгі тетіктері болып табылады. Саналылық – жағдайдың тұтастығын ұғыну, ал рефлексия – сол тұтастықты бөліп, талдау. Саналылық – рефлексия мен ойлаудың негізі.

Осындай оқыту әдісі жаңа білім мен қабілеттерді объективті түрде қалыптастыруға, тұлғаның интеллектуалдық және шығармашылық деңгейін көтеруге мүмкіндік береді.

Оқыту процесінде әрекеттің құрылымдық құрамдас бөліктерін ескеру өте маңызды. Олардың әрқайсысы (бағдарлық, орындаушылық, бақылау) оқыту мен дамудың ажырамас элементтері болып табылады. Егер әрекет осы бөліктердің бірінен айырылса, онда ол толыққанды болмайды және күтілетін нәтиже бермейді.

Оқыту барысында студенттерге әрекеттің **бағдарлық бөлігін** дұрыс құруға көмектесу – педагог-психологтың маңызды міндеті. Себебі дәл осы бөліктің көмегімен білім алушы әрекеттің мәнін түсініп, оны саналы түрде орындай алады.

Бұл әрекетті саналы меңгерудің негізі – **рефлексия**, яғни өз әрекетіне, білім деңгейіне, қиындықтарға талдау жасау.

Рефлексия білім алушының өз біліміне деген көзқарасын өзгертеді, жаңа шешімдер іздеуге итермелейді, әрекетті жақсарту мен дамытуға себеп болады. Рефлексивті ойлау – бұл кәсіби дамудың, тұлғалық өсу мен интеллектуалды кемелденудің кепілі.

Интерииоризация процесі – яғни сыртқы әрекеттің ішкі психикалық әрекетке айналуы – тек білімді жаттап алу емес, оны шынайы түсіну мен қолдануға негізделген. Бұл процесс барысында оқушы біртіндеп әрекетті автоматтандырады, өзіндік бақылау қабілетін дамытады және кәсіби тапсырмаларды өз бетінше орындай алатындай дәрежеге жетеді [3, б. 93].

Әрекет түрлерінің сипаттамалары:

- **Материалдық әрекет** – нақты объектімен жұмыс;
- **Материалданған әрекет** – схема, сызба, модельдермен жұмыс;
- **Сезімдік қабылдауға негізделген әрекет** – көрнекілік арқылы;
- **Сыртқы сөйлеуге негізделген әрекет** – тапсырмаларды дауыс шығарып орындау;
- **Ішкі (ойша) әрекет** – жоғары деңгейдегі когнитивті әрекет, яғни ақылмен сараптау.

Жалпылау деңгейі – әрекетті жаңа жағдайда қолдана білу қабілеті, бұл – кәсіби икем мен бейімделудің негізі. Егер студент әрекетті нақты бір жағдайға байланыстырмай, жалпылап меңгерсе, ол болашақта әртүрлі кәсіби жағдайларда тиімді әрекет ете алады [4, с. 62].

Әрекеттің автоматтандырылуы – кәсіби дағдының пайда болуы. Бұл – жаттығу мен тәжірибе нәтижесі. Автоматтандырылған әрекеттер адамның жұмысында жылдамдық пен сапаны қамтамасыз етеді.

Педагогикалық практикада оқытудың келесі формаларын қолдану тиімді:

- **Мәселелік оқыту** – білім алушыны қиын жағдайға енгізіп, оны шешу жолдарын іздеуге итермелеу;
- **Жобалық әдістер** – нақты өмірмен байланысты тапсырмаларды орындау арқылы білімді тәжірибемен байланыстыру;
- **Ойын технологиялары** – кәсіби жағдаяттарды моделдеу арқылы әрекет дағдыларын қалыптастыру;
- **Рефлексивтік тренингтер** – өзін-өзі талдау мен өзін-өзі дамыту машықтарын жетілдіру.

Осындай әдістер студенттің танымдық белсенділігін арттырып, кәсіби қалыптасуға оң әсер етеді.

Жұмысшы мамандықтары үшін бұл әсіресе маңызды, себебі олардың кәсіби әрекеті нақты және нақты дағдыларды талап етеді. Сондықтан **оқытудың психологиялық негіздерін түсіну** және оларды практикада қолдану кадрларды сапалы даярлаудың шешуші шарты болып табылады [2, б. 105].

Қорыта айтқанда, кәсіби білім берудің психологиялық негіздері мен оқу процесінің тиімділігін арттырудың көптеген әдістері мен принциптері бар. Кәсіби білім беру барысында оқушының жеке тұлғалық, психологиялық дамуы мен кәсіби қалыптасуы негізгі басымдыққа ие болуы керек.

Бұл процесс оқытушы мен студенттің бірлескен іс-әрекетінен туындайды, ол белгілі бір кәсіби дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Психологиялық тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылған оқыту жүйесі оқушының ішкі мотивациясын арттырып, кәсіби дағдылардың қалыптасуына ықпал етеді. Оқытушының негізгі міндеті – студенттердің өз қабілеттерін дұрыс бағалап, кәсіби мақсатқа ұмтылуын қолдау көрсету. Бұған әртүрлі психологиялық әдістер мен құралдар арқылы қол жеткізуге болады.

Кәсіби өзіндік бағалау мен рефлексия сияқты психологиялық механизмдер студенттердің кәсіби дамуының маңызды элементтері болып табылады. Студенттің кәсіби дамуында тұрақты және жүйелі түрде жүргізілген психологиялық қолдау, кәсіби мотивация мен шығармашылық қабілеттерді дамыту процесін жеңілдетеді.

Әсіресе, жұмысшы мамандықтарын меңгеру кезінде мұндай психологиялық аспектілер өте маңызды, себебі бұл мамандықтар үшін арнайы білім мен дағдыларды меңгеру қажеттілігі бар.

Оқытушының кәсіби құзыреттілігі мен психологиялық біліктілігі оқу үрдісінің табысты болуына тікелей әсер етеді.

Сондай-ақ, бүгінгі күні кәсіби білім беру жүйесі **инновациялық технологиялар** мен **құзыреттілік тәсілдерін** пайдалануды талап етеді, бұл дегеніміз студенттердің белгілі бір

дағдыларды меңгеруінен басқа, олардың жұмысқа қабілеттілігін арттыратын дағдылар (soft skills) мен жеке қасиеттерін дамытуға да көңіл бөлінуі керек.

Психологиялық аспектілер оқушылардың өз жұмыстарында кездесетін қиындықтарға дұрыс көзқараспен қарауына, өзінің кәсіби өсу жолын дұрыс бағалауға, жаңа дағдыларды меңгеруге дайын болуына көмектеседі.

Білім беру жүйесіндегі осы факторларды ескере отырып, оның сапасын арттыру және бәсекеге қабілетті жұмысшыларды даярлау мүмкін болады.

Осылайша, психологияның кәсіби білім беру жүйесінде маңызды рөл атқаратындығын атап өту керек.

Психологиялық зерттеулер мен әдістер кәсіби оқыту мен білім беруді жетілдіру үшін негіз бола алады, себебі әрбір студенттің оқу процесінде жеке тұлға ретінде дамуын қамтамасыз ету маңызды. Бұл өз кезегінде оның кәсіби өмірінде жоғары деңгейде жұмыс істей алуына ықпал етеді.

Жұмысшы мамандықтарына кадрларды сапалы даярлау – күрделі әрі кешенді процесс. Бұл тек қана оқу бағдарламасын меңгерумен шектелмейді, ол студенттің тұлғалық қалыптасуы мен кәсіби санасының дамуын қажет етеді. Психологиялық факторларды ескеру – оқыту сапасын арттырудың негізгі шарты. Мотивация, бейімделу, кәсіби өзіндік сана мен рефлексияны дамыту арқылы ғана бәсекеге қабілетті, кәсіби жағынан жетілген мамандарды даярлау мүмкін болады.

Әдебиеттер

1. Психологияның кәсіби қызмет негіздері [Электронды ресурс]: хрестоматия / Ю.Я. Голиков [және басқ.]. – Электронды мәтіндер. – Мәскеу: Пер Сэ, 2007. – 855 б. – 978-5-9292-0165-3. – Қолжетімділік: <http://www.iprbookshop.ru/7465.html>
2. Кәсіби қызметті психологиялық сүйемелдеу [Электронды ресурс]: хрестоматия / . – Электронды мәтіндер. – Мәскеу: Евразийский ашық институт, 2012. – 800 б. – 978-5-374-00573-8. – Қолжетімділік: <http://www.iprbookshop.ru/14646.html>
3. Столяренко А.М. Жоғары жүйке қызметінің физиологиясы психологтар мен педагогтар үшін [Электронды ресурс]: оқулық / А.М. Столяренко. – Электронды мәтіндер. – Мәскеу: ЮНИТИ-ДАНА, 2012. – 463 б. – 978-5-238-01540-8. – Қолжетімділік: <http://www.iprbookshop.ru/15490.html>
4. Зенкова Т.М. Кәсіби білім беру психологиясы [Электронды ресурс]: практикум / Т.М. Зенкова. – Электронды мәтіндер. – Комсомольск-на-Амуре: Амур гуманитарлық-педагогикалық мемлекеттік университеті, 2009. – 120 б. – 5-85094-338-7. – Қолжетімділік: <http://www.iprbookshop.ru/22266.html>

КӘСІБИ ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Жумабаева Д.Ж.¹, Сейдулла Г.Д.², Мусаханова Г.М.¹

¹М.Әуезов атындағы ОҚУ
Шымкент, Қазақстан

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан

Мақалада авторлар кәсіби оқыту жағдайында болашақ мұғалімдердің психологиялық мәдениетін қалыптастырудың ерекшеліктері мен психологиялық-педагогикалық шарттарын ашады. Психологиялық мәдениет, ойлау, құндылықтар мен мағыналар мәдениеті бола отырып, тұлғаның рухани-адамгершілік дамуы қазіргі адамға тұлғааралық және әлеуметтік деңгейлерде сындарлы өзара әрекеттесуге ғана емес, сонымен бірге өзінің белсенділігін, бастамашылығы мен азаматтығын әлеуметтік маңызды ауқымда көрсетуге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: психологиялық мәдениет, психологиялық-педагогикалық жағдайлар.

В статье авторы раскрывают особенности и психолого-педагогические условия формирования психологической культуры будущих учителей в условиях профессиональной подготовки. Будучи психологической культурой, культурой мышления, ценностей и смыслов, духовно-нравственное развитие личности позволяет современному человеку не только вступать в конструктивное взаимодействие на межличностном и социальном уровнях, но и проявлять свою активность, инициативность, гражданскую позицию в общественно значимом масштабе.

Ключевые слова: психологическая культура, психолого-педагогические условия.

In the article, the authors reveal the features and psychological and pedagogical conditions for the formation of the psychological culture of future teachers in the context of professional training. Being a psychological culture, a culture of thinking, values and meanings, the spiritual and moral development of a personality allows a modern person not only to engage in constructive interaction at the interpersonal and social levels, but also to show their activity, initiative, and civic position on a socially significant scale.

Keywords: psychological culture, psychological and pedagogical conditions.

Психологиялық мәдениеттің феномені жалпы тұлға құрылымында және мұғалімнің кәсіби қызметінде маңызды орындардың бірін алады. Мұғалім өз жұмысын сапалы орындап қана қоймай, педагогикалық қызметте жеке және кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруға дайын болуы керек. Бұл мәселе әсіресе қазіргі жағдайда, педагогикалық кәсіптің беделі бұзылған, мұғалімнің имиджі өзгерген және мұғалімнің кәсіби сәйкестігінің дағдарысы болған кезде өткір тұр. Психологиялық мәдениет, ойлау, құндылықтар мен мағыналар мәдениеті бола отырып, тұлғаның рухани-адамгершілік дамуы қазіргі адамға тұлғааралық және әлеуметтік деңгейлерде сындарлы өзара әрекеттесуге ғана емес, сонымен бірге өзінің белсенділігін, бастамашылығы мен азаматтығын әлеуметтік маңызды ауқымда көрсетуге мүмкіндік береді. Психологиялық мәдениетті зерттеуге жүгіну бұл тұжырымдаманың кәсіби тұлғаның құрылымы мен қызметінде жетекші орынға ие болуымен байланысты. Оны зерттеу тек ғылыми ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік жағдайында да маңызды. Психологиялық мәдениетті қалыптастыру проблемасы студент кезінде, әлеуметтік өзін-өзі тану және дүниетаным қалыптасқан кезде, болашақ кәсіби қызметке белсенді дайындық жүріп жатқан кезде ерекше өзектілікке ие болады.

Мұғалім білім беру процесінде психологиялық мәдениеттің негізгі тасымалдаушысы және жетекшісі болып табылады. Психологиялық мәдениеттің қасиеттері мұғалімнің жеке басының құрылымының ажырамас бөлігі болып табылады, оның кәсіби маңызды қасиеттерінің негізін құрайды. Бұл парадигмада олар кәсіби және жеке қасиеттермен үндеседі және бірқатар кәсіби және педагогикалық дағдыларда көрінеді. Мұғалімнің психологиялық мәдениеті оның кәсіби маңызды қасиеттер құрамында орталық орын алатын, гуманизм қағидаты негізінде құрылған кәсіби-педагогикалық қызметтің тиімділігіне кепілдік беретін, әлеуметтік және психологиялық қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін, сондай-ақ өзін-өзі жүзеге асыру үшін толыққанды жағдай жасайтын жеке тұлға және қызмет субъектісі ретінде көп өлшемді интегративті сипаттамасы болып табылады. Мұғалімнің кәсіби дамуы, оның психологиялық мәдениетінің қасиеттерінің эволюциясынсыз мүмкін емес. Психологиялық мәдениеттің ең толық көрінісі мұғалімнің кәсіби дамуының жоғары деңгейі ретінде кәсіби-педагогикалық мәдениет жүйесінде мүмкін.

Болашақ мұғалімдерді өмірлік және кәсіби қиындықтарды өз бетінше жеңу, деструктивті құбылыстарға қарсы тұру үшін психологиялық әдістердің маңызды арсеналымен "қаруландыру" міндеті бірінші кезектегі міндет болып табылады. Мұнда студенттік тұлғаның жас ерекшеліктеріне сүйене отырып, психологиялық білімнің практикалық маңыздылығын көрсету маңызды. Білім беру жүйесіндегі практикалық психологияның маңызды міндеттерінің бірі-оның құрылымына психологиялық мәдениетті енгізу міндеті, оның тұжырымдамасы балаға педагогикалық процестің мақсаты, мәні және негізгі құндылығы ретінде қарауды қамтиды.

Н.Т. Селезневаның айтуынша, «болашақ мұғалімдердің психологиялық мәдениетін қалыптастыру стихиялық және бақыланатын сипатта болуы мүмкін. Екінші жағдай-психологтардың, тәрбиешілердің, кураторлардың және ата-аналардың арнайы ұйымдастырылған психологиялық білім беру арқылы жүргізілетін нәтижелі мақсатты іс-әрекетінің мысалы» [1].

Білім беру іс-әрекетінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін оқушының - болашақ мұғалімнің психологиялық мәдениетінің негізгі критерийлеріне назар аударамыз: олардың ішкі әлемі мен жеке-мінездік қасиеттері мен қасиеттерін қабылдау; эмоционалды тұрақтылық; өзіне және басқа адамдарға құндылық қатынасы; детерминацияның өзіне байланысты оң көзқарастар мен ұмтылыстар; олардың жағымды қасиеттерінің, іс-әрекетінің, қарым-қатынасының рефлексиясы; құндылық-семантикалық саланың үйлесімділігі; коммуникативті мәдениет; өзін-өзі тану мен қарым-қатынастың психологиялық құралдарын білу және оларды психологиялық мәселелерді шешу үшін уақтылы қолдану (Колмогорова Л.С. оқушылардың психологиялық мәдениетін диагностикалау [2]).

Зерттеу әдебиеттеріне шолу көптеген ғалымдардың пікірінше, психологиялық мәдениеттің қалыптасуы бірқатар психологиялық-педагогикалық жағдайларға байланысты екенін көрсетті. Біз оларды былай сипаттаймыз.

1. Оқушылардың бірлескен қызметін ұйымдастыру. Бұл шартты жүзеге асыру альтруизм және коллективизм сияқты студенттердің жеке қасиеттерін жаңарту арқылы мүмкін болады. Бірлескен іс-әрекет қажет болатын жағдайларды модельдеу, ең алдымен, оқушылардың тұлғааралық қатынастарын қалыптастырады; екіншіден, тұлғаның мотивтері мен мақсатты көзқарастарын өзгертудің тиімді әдісі ретінде әрекет етеді, құзыреттілік сезімін береді; үшіншіден, қарастырылып отырған процесс дамудың нақты қозғаушы күші болып табылады. Педагогикалық қарым-қатынас процесінде педагог пен оқушылар ғылыми-зерттеу жобалары бойынша жұмысты, шығармашылық тапсырмаларды және т.б. бірлесіп орындай алады.

2. Оқушылардың жеке өмірлік тәжірибесіне сүйену. Жеке тәжірибенің адамның ішкі әлеміне әсерін Б.Г. Ананьев, К.А. Абульханова-Славская, А. Маслоу, К.М. Романов және т.б. баланың психологиялық тәжірибесі арқылы біз адамның санасында жазылған және ауызша білдіретін өткен өмір туралы естеліктерін түсінеміз.

3. Болашақ мұғалімдердің әлеуметтік өмірін ізгілендіру. Студенттің психологиялық мәдениетін дамытудың қажетті шарты – ата-аналарға, мұғалімдерге және басқа студенттерге қатысты адамгершілік мінез-құлық. Бұл, ең алдымен, шығармашылық ойлау, диалогтық қарым-қатынас жасау қабілеті, «трансформациялық қабілеттер», педагогикалық рефлексия, тұрақты құндылық мотивациясы. Гуманистік тұрғыдан бағдарланған, баланың ерекше тұлғасын мүлдем қабылдайтын мұғалім деп атауға болады. Басқа адамға адамгершілік қатынасты қалыптастыру моральдық тақырыптардағы әңгімелер, мінез-құлық нормалары мен ережелері туралы нұсқаулар, көтермелеу және педагогикалық ықпалдың басқа түрлері арқылы жүзеге асырылады.

4. Педагог пен студенттің диалогтік қарым-қатынасын ұйымдастыру. Мұғалім мен оқушылар арасындағы қарым-қатынасты орнату білім берудің қазіргі құндылықтарының студенттің рухани қажеттіліктерінің объектісіне өтуінің негізгі шарты ретінде әрекет етеді. Диалогтық қарым-қатынас «миға шабуыл» немесе өзара түсіністік, құрмет және бір-біріне төзімділікке негізделген проблемалық пікірталас қағидаты бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

5. Студенттің басқа адамдармен қарым-қатынасын проблемалау. Проблематизация – бұл болашақ мұғалімдер үшін жасанды түрде құрылған, проблемалық сипаттағы және студенттерге қатысты ықтимал қайшылықтар мен қақтығыстарды анықтауға бағытталған жағдай. Проблемалаудың мақсаты – айқын көріністерге күмәндану. Осылайша, келесі психологиялық интроспекциямен проблемалану болашақ мұғалімнің айналасындағыларға деген теріс көзқарасын қайта анықтауға мүмкіндік береді.

6. «Маңызды ересек адамның» (мұғалімнің) өзінің жеке өсуіне, психологиялық мәдениет деңгейін арттыруға деген ұмтылысы.

7. Оқу іс-әрекетінде бірлескен шығармашылық жағдайында оқушылардың тұлғааралық өзара әрекеттесу жағдайларын модельдеу қажет. Шығармашылық даралықты қалыптастыру психологиялық мәдениеттің сапалы жаңа деңгейінің көрсеткіші болып табылады. «Мәдени шығармашылық психологиялық мәдениеттің барлық компоненттерін қамтитын шыңында» [3].

Студенттердің - болашақ мұғалімдердің психологиялық мәдениетін қалыптастыру-бұл өзін-өзі жүзеге асыратын тұлғаға тән құндылық-семантикалық көзқарастарды дамытуға бағытталған, жасанды түрде құрылған және қолдау көрсетілетін психологиялық-педагогикалық жағдайларда мақсатты алдын-алу жұмысы, яғни. тек өзінің ішкі әлеміне және басқа адамның әлеміне бағытталған, өзін-өзі тану, басқа адамдарды қабылдау қабілеті және олардың мінез-құлқының нақты әрекеттерін болжау, іс-әрекеттің тиімді өзін-өзі ұйымдастыруы және диалогтық қарым-

қатынас, психологиялық білім негізінде өзінің мінез-құлқын құру, жеке тұлғаның жағымды көзқарастарын нығайту және оның шығармашылық әлеуетін ашу.

Психологиялық мәдениетті қалыптастыру әдістемесі психологиялық-педагогикалық жағдай жасауды (оқушылардың бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыру; оқушылардың жеке өмірлік тәжірибесіне сүйену; болашақ мұғалімдердің әлеуметтік өмірін ізгілендіру; мұғалім мен студенттің диалогтық қарым-қатынас проблемасы; студенттің басқа адамдармен қарым-қатынасын проблемаландыру; «маңызды ересек адамның» жеке тұлғаны дамытуға, оның психологиялық мәдениетін арттыруға деген қажеттілігі; шығармашылық оқушылардың тұлғааралық қарым-қатынасы).

Бұл процестің негізі келесі әдіснамалық принциптер болып табылады:

- 1) студенттердің жас және жеке ерекшеліктерін есепке алу;
- 2) психологиялық мәдениетті кешенді қалыптастыру;
- 3) психологиялық мәдениеттің (жәрдемнің) құрылымдық құрамдас бөліктеріне және ерте өмір сүру нысандарына сүйену;
- 4) белсенділік;
- 5) тұлғааралық қатынастарды, көзқарастар мен құндылық көзқарастарын практикалық қызметте іске асыру;
- 6) үздіксіздік және сабақтастық;
- 7) психологиялық мәдениетті дамыту әдістері мен тәсілдерін, нысандарын қолданудың вариативтілігі мен серпінділігі;
- 8) әртүрлі интериоризация рәсімдерін қолдану негізінде тұрақты психикалық түзілімдерді қалыптастыруға бағдарланған психологиялық технологияларды сақтау;
- 9) студенттердің ақпаратты қабылдауға мотивациялық дайындығын ескеру;
- 10) студентке шешім қабылдауда, шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруда, өзінің зияткерлік әлеуеті мен даралығын ашуда таңдау еркіндігін беру;
- 11) психологиялық қауіпсіздік.

Әдебиеттер

1. Селезнева Н.Т. ЖОО-да болашақ психологтардың субъективтілігін дамыту // Красноярск мемлекеттік педагогикалық университетінің хабаршысы. В. П. Астафьев 2018. - №4(38). – Б.45-48.
2. Колмогорова Л.С. Оқушылардың психологиялық мәдениетін диагностикалау. - Москва: Владос, 2002. – 260б.
3. Подымова Л.С. Адамның шығармашылық бірегейлігі психологиялық мәдениеттің дамуының көрсеткіші ретінде // Тұлғаның психологиялық мәдениеті. - Белгород: МПГУ, БелГУ, 2017. Б. 58-60.

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДА ЖАСӨСПІРІМНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕТІЛУ ЕРЕКШІЛІГІ

Исакова М. Т.¹, Лимашева Л.А.², Тлеубай А.О.²

¹Ферғана мемлекеттік университеті
Өзбекстан, Ферғана

²Әл- Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Қазақстан, Алматы

Жасөспірім шақ – 13 пен 18 жас аралығын қамтитын ерекше кезең. Өмірдің осы сатысында жасөспірім физиологиялық және морфологиялық өзгерістерді басынан өткереді, мұның психологиялық салдары болады. Жас өскін әр түрлі сыртқы факторларға қалай жауап беру керектігін білмейді. Көптеген жағдайларда жасөспірімдер эмоцияларын игере алмай, қызуқандылық танытып жатады. Жасөспірім кезеңге аяқ басқан шақта олар ересектерден тәуелсіз болуға және дербес шешімдер қабылдауға ұмтылады, себебі «мен – ересек» ұстанымы қалыптаса бастайды. Бұл жерде ересек адам ретінде өзін сезінуі – жасөспірімдік тұлғаның әлеуметтік-психологиялық жаңаруы. Сондықтан жасөспірімнің мамандық таңдау кезіндегі психологиялық және психикалық денсаулығына ерекше назар аудару қажет.

Кілт сөздер: дене саулығы, жан саулығы, психикалық және психологиялық, әлеуметтік саулық.

Подростковый возраст - это особый период, охватывающий от 13 до 18 лет. На этом этапе жизни подросток переживает физиологические и морфологические изменения, которые имеют психологические последствия. Молодой росток не знает, как реагировать на различные внешние факторы. Во многих случаях подростки не могут овладеть эмоциями и проявляют вспыльчивость. В подростковом возрасте они стремятся быть независимыми от взрослых и принимать самостоятельные решения, поскольку начинает формироваться позиция «я – взрослый». Чувствовать себя взрослым – это социально-психологическое обновление подростковой личности. Поэтому особое внимание необходимо уделять психологическому и психическому здоровью подростка при выборе профессии.

Ключевые слова: физическое здоровье, душевное благополучие, психическое и психологическое, социальное благополучие.

